

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94 (510)(043)

Қолжазба құқығында

НАЗАРОВА КУЛАЙША БИМАХАНБЕТОВНА

**Шанхай ынтымақтастық ұйымы: қытайлық тәсіл және
Қытайдың ұйымдағы рөлі**

8D02209 – Шығыстану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Отандық ғылыми кеңесші:
PhD, қауымдастырылған
профессор Д.Б. Дәуен

Шетелдік ғылыми кеңесші:
т.ғ.к., доцент А.С. Бурнасов

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	19
1.1 Аймақтық ұйымдарды зерттеудің теориялық негіздері.....	19
1.2 Қытайдың сыртқы саясатындағы қытайлық тәсіл: идеологиялық және стратегиялық негіздері.....	33
1.3 «Шанхай рухы»: ШЫҰ-ның процессуалдық негізі.....	46
2 ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ: ҚЫТАЙДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ЫҚПАЛ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ	62
2.1 ШЫҰ қауіпсіздік саласында «қытайлық тәсілдің» негізгі принциптері мен механизмдері («консенсус» қағидаты)	62
2.2 Сауда және инвестициялық жобалар мен инфрақұрылымдық бастамалар: өзара тиімді ынтымақтастық	77
2.3 Гуманитарлық және мәдени байланыстар: «өркениеттер үйлесімділігі» қағидаты.....	92
3 АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ӨЛШЕМДЕР: ШЫҰ БОЛАШАҒЫ	106
3.1 Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы аймақтық бірігудің Қазақстан үшін мүмкіндіктері мен тәуекелдері.....	106
3.2 Қытайдың стратегиялық рөлі және аймақтық ықпалын кеңейту бағыттары.....	114
3.3 Аймақтың даму келешегі және Қытайдың жағандық геосаяси үдерістердегі орны.....	128
ҚОРЫТЫНДЫ	143
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	148
ҚОСЫМШАЛАР	168

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертациялық жұмыста келесі құжаттар мен стандарттар пайдаланылды:

ШЫҰ құжаттары:

1. Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы туралы Декларация (2001 ж.);
2. Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы ШЫҰ Конвенциясы (2001 ж.);
3. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Хартиясы (2002 ж.);
4. «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімді ратификациялау туралы» (1996 жыл);
5. Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісім» (1997 жыл);
6. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше- мемлекеттер арасындағы ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім (2007 жылғы 16 тамыз);
7. Мәдени ынтымақтастық туралы келісім (2007 ж.)
8. Терроризмге қарсы ШЫҰ Конвенциясы (2009 ж.);
9. Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы ШЫҰ Конвенциясы (2011 ж.);
10. Халықаралық көлік тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар құру туралы ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің үкіметтері арасында қол қойылған Келісім (2014 ж.);
11. Экстремизмге қарсы әрекет ету бойынша ШЫҰ Конвенциясы (2017 ж.);
12. Шанхай ынтымақтастық ұйымына

мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің Циндао декларациясы» (2018 жылғы 10 маусым);

13. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің Бішкек декларациясы (2019 жылғы 14 маусым);

14. Шанхай ынтымақтастық ұйымының жиырма жылдығына арналған Душанбе декларациясы (2021 жылғы 17 қыркүйек)

15. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің Самарқанд декларациясы (2022 жылғы 16 қыркүйек);

16. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің Астана декларациясы (2024 жылғы 4 шілде);

17. Шанхай ынтымақтастық ұйымын 2035 жылға дейін дамыту стратегиясы (2025 жыл);

18. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің Тяньцзин декларациясы (2025 жыл);

ҚХР құжаттары:

Жалпыұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы (总体国家安全观, 2014 ж., 15 сәуір, ҚХР)

ҚР құжаттары:

Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясатының Концепциясы (2020 жылғы 6 наурыз).

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертациялық жұмыста тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылды:

Адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығы (人类命运共同体)	– барлық елдердің тағдыры өзара тығыз байланысты, бұл ортақ дамуды білдіреді.
Өзара ынтымақтастық (互利合作)	– барлық тараптардың мүдделерін ескеретін, тең құқықты және өзара пайдалы серіктестік.
Өзара сенім (互信)	– ақпарат алмасу, бірлескен жаттығулар, консенсусқа негізделген шешімдер арқылы ШЫҰ-дағы қауіпсіздік «өзара сенімге» құрылады. Бұл қытайлық «гуаньси» және «xinyong» ұғымдарының практикалық көрінісі болып табылады.
Институционалдық	– қоғамдағы немесе белгілі бір саладағы тұрақты әрекет ететін ұйымдар, құрылымдар, нормалар мен механизмдер жиынтығын білдіреді. Бұл ұғым басқару, реттеу, бақылау сияқты үдерістерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың немесе қоғамдық институттардың қызметімен тікелей байланысты.
Қарым-қатынас (关系)	– әлеуметтік, экономикалық, саяси, халықаралық байланыстарды білдіреді. Қытайдың реляциялық философиясындағы негізгі ұғым. Сенім мен тарихи-мәдени контекстке негізделген ұзақмерзімді байланыс.
Моральдік тәртіп (礼治秩序)	– әдепке негізделген басқару жүйесі
Моральдық реализм (道义现实主义)	– мораль мен шынайылықты үйлестірген реализм, немесе этикалық өлшемі бар реализм дегенді білдіреді.
Мәдени әртүрлілікті құрметтеу (尊重文化多样性)	– әртүрлі халықтардың мәдениеттері мен дәстүрлерін сыйлау, олардың ерекшелігін мойындау
Баршаға ортақ қауіпсіздік (Common Security)	– қауіпсіздік мәселелерінде барлық мемлекеттердің мүдделерін тең дәрежеде ескеру
Ортақ даму (共同发展)	– қауіпсіздік пен тұрақтылықты бірігіп қамтамасыз ету және бірігіп дамуды білдіреді. Энергетика,

Тәсіл (方法)	цифрлық қауіпсіздік, экономикалық даму сияқты салалардағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру.
Қысымсыз әрекет (无为)	– бұл ұғым техникалық «әдіс» ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынасқа және жағдайға бейімделу іс-әрекет тәсілі
Кешенді қауіпсіздік (Comprehensive Security)	– қысымсыз, табиғи үйлесімге сай әрекет ету
Тұрақты даму	– дәстүрлі және дәстүрлі емес қатерлерге (терроризм, киберқауіптер, биоқауіпсіздік және т.б.) бірдей назар аудару
Теңдік (平等)	– қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне зиян келтірмейтін даму.
Үйлесімділік диалектикасы (中庸辩证法)	– шешім қабылдау үдерісінде барлық мемлекеттер тең құқықты.
Өзара кеңесу (协商)	– үйлесімді тепе-теңдік диалектикасы
Шанхай рухы (上海精神)	– мәселені «консенсус» арқылы шешу.
Ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздік	– өзара сенім, өзара пайда, теңдік, кеңес алу, мәдени әралуандылықты құрметтеу және ортақ даму қағидаларын құрайтын феномен.
Тұрақты қауіпсіздік	– біржақты әрекеттерге емес, көпжақты әріптестікке сүйену
Жұмсақ күш (soft power)	– ұзақ мерзімді тұрақтылық пен даму үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
Қатты күш (hard power)	– мәдени ықпал тетіктері
	– әскери немесе күш қолдану арқылы бағындыру

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АИИБ	Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі
АҚШ	Америка құрама штаттары
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БББЖ	Бір белдеу, бір жол
ҒҚБ	Ғаламдық қауіпсіздік бастамасы
ДСҰ	Дүнижүзілік сауда ұйымы
ЕО	Еуропалық одақ
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЖЖЭБ	Жібек жолы экономикалық белдеуі
ҚХР	Қытай халық республикасы
ҚДБ	Қытай даму банкі
ӨТҚҚ	Өңірлік терроризмге қарсы құрылым
ОА	Орталық Азия
ҮЕӘ	Үлкен еуразиялық әріптестік
ҰҚШҰ	Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары
ТХКМ	Транскаспий халықаралық көлік маршруты
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ЭЫҰД	Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
КСРО	Кеңес социалистік республикалар одағы
ШТИҚ	Шығыс Түркістан ислам қозғалысы
CNISCO	China National Institute for SCO International Exchange and Judicial Cooperation
SHUPL	Shanghai University of Political Science and Law
GSI	Global Security Initiative (Жахандық қауіпсіздік бастамасы)
CNPC	China National Petroleum Corporation
CNOOC	China National Offshore Oil Corporation
ШЫҰУ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеті

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда ғаламдық серіктестікті жандандыруға бағытталған Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы (бұдан әрі – ШЫҰ) «қытайлық тәсіл» және осы ұйымдағы Қытай Халық Республикасының (бұдан әрі – ҚХР) рөлі ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Зерттеу барысында «қытайлық тәсілдің» идеологиялық және стратегиялық негіздері мен тетіктері талданады. Сондай-ақ, «қытайлық тәсілдің» реляциялық стратегияға негізделуі оның аймақтағы ықпалының қысым көрсету арқылы емес, экономикалық, саяси, мәдени және гуманитарлық байланыстар жүйесін құру арқылы кеңеюін білдіреді. Ұйымдағы «қытайлық тәсілдің» мүмкіндіктері мен тәуекелдері бағаланып, оның ұзақмерзімді өзара тәуелділік пен сенімге бағытталған серіктестік желісін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі әлемдік жүйенің терең дағдарыстарға ұшырауы, геосаяси шиеленістердің артуы және халықаралық институттардың құқықтық нормалары тиімділігінің әлсіреуі халықаралық қатынастарда ынтымақтастық пен серіктестіктің жаңа үлгілерін іздеуді талап етуде. Мемлекеттер арасында сенім мен өзара түсіністік осы дағдарыстарды еңсерудің құралдары ретінде маңыздылығы артуда. Әлем қазір сенім, ашықтық және ортақ жауапкершілікке негізделген жаңа консенсусты қажет етуде [1].

Бұл жаһандық талаптар халықаралық қауымдастықты біріктіру маңыздылығы мен тұрақты дамудың әлемдік күн тәртібінің басты басымдығы ретінде айқындады. Осы орайда, 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ) қабылдаған Тұрақты даму мақсаттары (бұдан әрі - ТДМ) ғаламдық серіктестікті жандандыру мәселелерін кешенді түрде шешуге бағытталған маңызды бастама болып табылады [2]. ТДМ-дің жүзеге асырылуы ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің даму стратегияларымен өзара үйлесіп, ұйымның ұзақмерзімді даму бағыттарын анықтады. Аталған үрдіс ШЫҰ-ны жаңа сын-қатерлерге қарсы тұруға бейімделу қажеттілігін алға тартуда. Осыған орай зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі үш деңгейде сипатталады.

Біріншіден, ШЫҰ аясында тұрақты дамуды экономикалық және саяси тұрғыдан қамтамасыз етумен шектемей, серіктестік пен ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру маңызды. Осы тұрғыда Қытай реляциялық тәсілді белсенді жүргізуде.

Екіншіден, ғаламдық деңгейде геосаяси шиеленістердің тереңдеуі жағдайында Қытай ұсынған «консенсус», «өзара тиімді ынтымақтастық», «үйлесімділік» қағидаттарына негізделген серіктестік үлгісі халықаралық қатынастарда балама парадигма ретінде қарастыру өзекті ғылыми мәселе болып отыр.

Үшіншіден, ғылыми деңгейде «реляциялық тәсіл» ұғымы халықаралық қатынастар теориясында әлі де толық зерттелмеген және оның ШЫҰ шеңберінде институционалдық және тәжірибелік көріністерін талдау зерттеудің әдіснамалық жаңалығын айқындайды.

Сондықтан ұйым шеңберіндегі Қытайдың реляциялық тәсілін зерделеу – қазіргі жаһандық тұрақтылық пен аймақтық өзара тәуелділікті түсінуде өзекті және тәжірибелік тұрғыдан маңызды болып табылады.

2001 жылы ШЫҰ-ның құрылуы Орталық Азиядағы жаңа қауіпсіздік архитектурасын қалыптастыруда маңызды болды [3]. Қытай ұйымның бастамашысы және жетекші мүшесі ретінде өзара сенім, теңдік, өзара ақыл-кеңес, әртүрлі өркениеттерге құрмет және ортақ даму қағидаттарына негізделі отырып, ынтымақтастық орнатудың жаңа тәсілін ұсынды. Осылайша Қытай аймақтық тұрақты даму мен қауіпсіздік мәселелерін «күш көрсету» емес, «консенсус» негізінде шешуді ілгерілетті. Дегенмен, ШЫҰ құрылғаннан кейінгі жиырма бес жылға жуық кезеңде ұйымның қауіпсіздік саласында қолданылған бұл тәсілдің бүгінде үлкен эволюциясын байқауға болады, себебі ол ұйымның әрбір салалары мен бағыттарында кеңінен қолданылуда. Нәтижесінде ұйым сол кездегі келіссөздер алаңынан бүгінде аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың институционалдық кеңістігіне айналды.

Осыған орай, зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі бірқатар негізгі мәселелермен айқындалады. Біріншіден, ШЫҰ шеңберіндегі Қытайдың реляциялық тәсілі қаншалықты бірізді және институционалдық түрде жүзеге асырылуда деген сұрақ туындайды. Екіншіден, аймақ кеңістігінде осы тәсілдің шынайы тәжірибелік нәтижелері қалай жүзеге асырылуда деген мәселелер өзекті болып табылады.

ШЫҰ шеңберінде қытайлық реляциялық дипломатия өзінің «күшпен емес» қағидатына негізделген философиясымен және ұзақмерзімді бейбіт дамуға бағдарымен ерекшеленеді. Бұл ерекшелікті әскери-саяси компоненті бар өзге ұйымдармен салыстырғанда, ШЫҰ-ның әртүрлі бағыттарында жүзеге асырылып жатқан ақпарат алмасу, бірлескен оқу-жаттығулар және өзара кеңес беру сияқты тетіктері мен тәжірибесін байқауға болады.

Осыған байланысты, Қытайдың реляциялық тәсілге негізделген қарым-қатынас орнату стратегиясын терең әрі кешенді зерттеу аймақтық саясатты түсіндіру тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ғаламдық ғылыми қауымдастық үшін де маңызды тәжірибелік мәнге ие.

Зерттеудің мақсаты – Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қытай Халық Республикасының рөлін «қытайлық тәсілдің» теориялық-тұжырымдамалық негіздерін және оның тәжірибелік жүзеге асуын кешенді зерделеу арқылы оның ұйымның даму келешегі және Қазақстан үшін маңыздылығын айқындау.

Аталған мақсатқа жету үшін, келесі **міндеттер** қойылды:

- аймақтық ұйымдарды зерттеудің теориялық негіздерін талдау;
- Қытай сыртқы саясатындағы «қытайлық тәсіл» концепциясының идеологиялық және стратегиялық негіздерін айқындау;
- ШЫҰ қауіпсіздік саласындағы «қытайлық тәсілдің» негізгі принциптері мен ұжымдық механизмдерін қарастыру;
- ШЫҰ аясындағы инвестициялық жобалардың, инфрақұрылымдық бастамалардың тиімділігін бағалап, оның мүше-мемлекеттердің ынтымақтастығы мен серіктестігіне әсерлерін сараптау;

- ШЫҰ кеңістігіндегі гуманитарлық және мәдени алмасулар деңгейін айқындау;
- «қытайлық тәсілдің» мүмкіндіктері мен тәуекелдерін ашу;
- Қытайдың стратегиялық рөлі мен аймақтық ықпалын кеңейту бағыттарын саралап, ШЫҰ-ның даму келешегін болжау.

Зерттеу нысаны – Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қытай рөлі.

Зерттеу пәні – «Қытайлық тәсілдің» теориялық-концептуалдық және тәжірибелік аспектілері.

Зерттеудің дереккөздері екі негізгі топқа жүйеленіп топтастырылды:

1. ШЫҰ құжаттары: декларациялар, конвенциялар, меморандумдар

Бұл топта ШЫҰ-ның қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен негізгі құжаттар, конвенциялар, декларациялар және стратегиялар қарастырылды. Атап айтқанда, «Шанхай рухының» негізгі принциптерін ресми түрде айқындаған Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы декларация (2001 ж.) [4]; аймақтағы «терроризм», «экстремизм», «сепаратизм» қауіп-қатерлерінің алдын алу шараларын реттейтін «Терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күрес туралы» Шанхай конвенциясы (2001 ж.) [5]; аймақтың экономикалық ынтымақтастығының негізгі мақсаттары мен бағыттары және сауда мен инвестиция саласында қолайлы жағдайлар жасау үдерісін іске қосу жөніндегі меморандум (2001 ж.) [6]; ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім (2007 ж.) [7]; бұдан ШЫҰ ресми сайтынан жыл сайынғы ШЫҰ мүше-мемлекеттері басшылары кеңесінің декларациялары мен мәлімдемелері (2001-2025 ж.ж.), сондай-ақ Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) және БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі саммитінің материалдары [8] қарастырылды. Бұл құжаттар ШЫҰ даму тенденцияларын, оның құқықтық негіздерін, мақсаттары мен оны іске асыру механизмдерін сипаттауға мүмкіндік берді.

2. Қытай басшыларының, Сырқы істер министрлігі өкілдерінің халықаралық іс-шаралардағы баяндамалары, мәлімдемелері халықаралық немесе аймақтық мәселелер бойынша ҚХР ресми көзқарастары:

Бұл топқа халықаралық қатынастардағы Қытайдың рөлі және «БББЖ» бастамасы арқылы жаһандық серіктестікті нығайту туралы Си Цзиньпиннің баяндамалары енгізілді. Атап айтқанда, Си Цзиньпиннің 2017 жылғы 19-шы Қытай Коммунистік партиясының Ұлттық съезіндегі баяндамасы [9], 2024 жылы Астана қаласында өткен «ШЫҰ+» саммитіне аймақтық және халықаралық ынтымақтастық, қауіпсіздік пен экономикалық даму мәселелері, сондай-ақ Қытайдың аймақтық және жаһандық дипломатиялық рөлі туралы стратегиялық тұжырымдары (2024 ж.) [10]; ҚХР-дың «Жалпыұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы» (2014 ж.) [11]. Сондай-ақ, ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сяо сұхбаты [12], Xinhua агенттігінің ақпараттары [13] пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі: Қытайтану ғылымында Қытайдың дипломатиялық тәсілдері мен өркениеттік көзқарасы – саясаттану, халықаралық қатынастар, қытайтану, тарих, аймақтану, мәдениеттану сияқты әртүрлі

әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар шеңберінде зерттелетін өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде соңғы онжылда «қытайлық тәсіл» ұғымы кеңінен қолданылып, оның теориялық мазмұны реляциялық тәсіл (relational approach) ретінде айқындалуда. Қытайлық зерттеуші Цинь Яциннің (Qin Yaqing) теориялық тұжырымдамасына сәйкес, реляциялық тәсіл қытай дүниетанымының өзегін бейнелейді, онда басты назар «өзара байланыс» пен «үйлесімге» аударылады. Бұл парадигмада халықаралық қатынастар жеке акторлардың билік пен ықпал үшін күресі емес, өзара тәуелді байланыстардың күрделі желісі ретінде түсіндіріледі. Ол халықаралық қатынастарды оқшау субъектілердің өзара іс-қимылы емес, байланыстар мен қатынастар желісі ретінде түсіндіреді [14]. Э. Кавальскидің еңбектері Қытайдың халықаралық қатынастардағы қытайлық тәсілін реляциялық және нормативтік дипломатия тұрғысынан түсіндірген. Ол 2009 жылы жарық көрген «Do as I do» еңбегінде Қытайдың аймақтық саясаттағы үлгі көрсетуге негізделген стратегиясына талдау жүргізген. Ол «Қытай серіктестерін өзінің тәжірибесін мойындап, соған бейімделуге икемдеуде, бұл реляциялық өзара әрекеттестіктің айқын мысалы болып табылады» деп тұжырымдайды [15]. Цао Дэцзюнь (Cao Dejun) реляциялық тәсілді конфуцийшіл «адамгершілік» (жэнь) және «үйлесім» (хэ) категорияларымен байланыстыра отырып, оның моральдық-нормативтік сипатын айқындайды [16]. Ал Х. Ван (Huiyun Wang) бұл тәсілді әлемді танудың қытайлық эпистемологиясының көрінісі ретінде сипаттап, әлемді байланыстар арқылы түсіну идеясын көрсетеді [17].

Макао университетінің профессоры Вэйцин Сунның еңбегінде ШЫҰ эволюциясына, Қытайдың рөлі мен оның аймақтық стратегиялық мүдделеріне баса назар аударылған. Автор ШЫҰ-ны ең алдымен Қытайдың сыртқы саяси және экономикалық ықпал ету тетігі ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда ұйым Қытайдың ұлттық басымдықтарына сәйкес аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен өз бастамаларын ілгерілету құралы ретінде сипатталады. Зерттеу прагматикалық және институционалдық тәсілдер шеңберінде жүргізіліп, Қытайдың аймақтық көшбасшылық стратегиясы мен оның сыртқы саяси мінез-құлқының логикасын ашуға мүмкіндік береді. Сун Қытайдың ШЫҰ-дағы қызметін белсенді және прагматикалық сипаттағы саясат ретінде сипаттайды және ұйымды жаңа дипломатиялық нормаларды қалыптастыру алаңы емес, нақты сыртқы саяси мақсаттарды жүзеге асыру құралы ретінде түсіндіреді [18].

Бұл еңбек Қытай дипломатиясының еуразиялық кеңістіктегі саяси және институционалдық қырларын зерттеу үшін маңызды дереккөз болып табылады және реляциялық тәсіл аясындағы зерттеулермен салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді.

ШЫҰ-ның институционалдық құрылымы, мүше-мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық механизмдері, аймақтық қауіпсіздік пен геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етудегі мүше елдердің рөлі Р. Алимов [19], А.В. Лукин [20], С. Лузянин [21], А.Клименко [22], Ю. Кулинцев [23] қатысты еңбектеріне зерттелінген.

А.В. Лукин ШЫҰ кеңістігінде саяси жүйелері мен мәдениеттері әртүрлі мемлекеттердің ортақ қауіптер мен мүдделер негізінде бірігуі арқылы батыстық емес халықаралық қауымдастықтың қалыптасу үдерісі жүріп жатқанын атап өтеді. Ал С.Г. Лузянин мен А.Ф. Клименко бұл қауымдастықты 21-ғасырдың басында Қытай мен Ресейдің бастамасымен құрылған ШЫҰ, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) сияқты құрылымдардың ықпалдасуы негізінде қалыптасып келе жатқан феномен ретінде сипаттайды.

ШЫҰ-ның қауіпсіздік саласына қатысты Джеймс МакХаффи өзінің «The Shanghai Cooperation Organization and Conflict De-escalation: Trust Building and Interstate Rivalries» еңбегінде мемлекеттер арасындағы шиеленістерде ұйымның «бәсеңдету» (немесе деэскалация) рөліне мән бергені айқындалды. Ол «мемлекеттер арасындағы шиеленістер көбіне сыртқы факторлардың немесе «ішкі дағдарыстардың» әсерінен емес, керісінше, ұйым аясында өзара сенімнің біртіндеп нығаюы, тұрақты форматтағы кездесулер мен ынтымақтастық орнату арқылы бәсеңдейді» деп тұжырымдайды. Автордың пікірінше, ұйымда келісімге келу қадамдары (confidence-building measures), бірлескен әскери оқу-жаттығулары мен мемлекет басшыларының тұрақты кездесулері және басқа да дипломатиялық іс-шаралар сияқты институционалдық механизмдер елдер арасындағы өзара сенімді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады [24].

Азиялық тынықмұхит аймағы мен Үлкен Шығыс Азиядағы аймақшылдықтың қытайлық моделінің ерекшеліктерін ескере отырып, ШЫҰ-дағы Қытайдың рөлін, мүдделері мен стратегияларын ресейлік А. Голобоков [25], К.Евтюшин [26], И. Фролова [27] және батыстық зерттеушілер Р. Кеохейн [28], А.Амитав [29], П.Катзенштейн [30] қарастырған. Бірқатар еңбектерде зерттеушілер Қытайдың Еуропаға бағытталған сауда дәліздерін Орталық Азия арқылы дамытуын стратегиялық мақсат ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, Қытайдың бұл стратегиясы Оңтүстік-Қытай теңізі мен Маллак бұғазы арқылы өтетін дәстүрлі сауда жолдарына тәуелділіктен босатуға бағытталғандығын қарастырды.

Қытайдың ШЫҰ-дағы рөлін зерттеушілер қатарында қытайлық зерттеушілер Пань Гуан [31], Чжао Хуашэн [32], Цю Сяофэнь [33], Ли Цзыго [34] және т.б. ғалымдар мен сарапшылардың еңбектеріне талдау жасалынды. Қытайлық зерттеушілер Қытайдың ШЫҰ шеңберінде Орталық Азия елдерімен байланыс орнатудағы стратегиялық аспектілерін, сондай-ақ Қытайды ұйымның басты қозғаушы күшіне айналдырған факторларды жан-жақты қарастырған. Чжао Хуашэн ШЫҰ-ның ішкі құрылымындағы өзара байланыстың философиялық-дипломатиялық ерекшеліктерін сипаттайды, ал Ли Цзыго ШЫҰ-ны Қытайдың жаһандық даму мен қауіпсіздікке қосар үлесінің құралы ретінде қарастырады.

ШЫҰ-дағы Қытайдың рөліне арналған ғылыми еңбектерді талдау оның ынтымақтастық орнатудағы дипломатиялық ерекшелігі дәстүрлі батыстық халықаралық қатынастар үлгілерінен ерекшеленетін өзіндік концептуалдық логикаға негізделгенін көрсетеді. Бұл ерекшелікті түсіну үшін Қытай

дипломатиясының теориялық және әдіснамалық іргетасын айқындау маңызды болып табылады.

Қазақстандық авторлардың еңбектері диссертациялық зерттеу тақырыбының терең ашылуына және Қытайдың сыртқы саясатындағы дипломатиялық тәсілдер мен оның өркениеттік негіздерін саралауға үлкен үлес қосты.

Қытай дипломатиясының тарихи-философиялық және мәдени-өркениеттік бастауларын зерделеуде К. Хафизованың еңбектері ерекше орын алады. Зерттеуші Қытай сыртқы саясатының моральдық және идеологиялық негіздерін ашып, оның конфуцийшілдік ілімімен тығыз байланысын көрсетеді. Ғалым Цинь дәуірінен бастау алатын дипломатиялық дәстүрдің конфуцийшілдік қағидаттарға сүйенетінін дәлелдей отырып, Қытайдың сыртқы қатынастарының этикалық және құндылықтық өлшемдерін негіздейді. Сонымен қатар, К. Хафизова Қытай мен Орталық Азия халықтары, соның ішінде қазақ хандары арасындағы дипломатиялық байланыстардың этикалық және өркениеттік мазмұнын талдайды. Оның пікірінше, конфуцийшілдік құндылықтар - ізгілік (жэнь), әділдік (и), ритуал (ли) және үйлесім (хэ) - Қытайдың сыртқы саяси идеологиясының өзегін құрап, дипломатиялық тәжірибесінің рухани негізін айқындайды [35].

Қытай сыртқы саясатының эволюциясы мен теориялық қалыптасуы мәселесіне Н. Мұқаметханұлының зерттеулері маңызды үлес қосады. Ғалым Қытайдың қазіргі сыртқы саяси бағытын оның тарихи сабақтастығы тұрғысынан қарастыра отырып, ҚХР-дың сыртқы саясатының бастауларын Мао Цзэдунның идеологиялық бағытымен, Дэн Сяопиннің реформалар дәуіріндегі халықаралық стратегиясымен, Цзян Цзэминнің прагматикалық дипломатиясымен және Ху Цзиньтаоның «бейбіт даму» тұжырымдамасымен байланыстырады. Зерттеу барысында автор Қытайдың көрші елдермен қарым-қатынасында мәдени және өркениеттік принциптердің үздіксіз сақталып келе жатқанын атап өтеді. Бұл тұжырым Қытайдың сыртқы саясатының дәстүр мен жаңашылдық арасындағы сабақтастығын айқындайды [36].

Н. Алдабектің еңбектері Қытайдың халықаралық ұйымдардағы орны мен стратегиялық мүдделерін қарастырған. Зерттеуші Қытайдың халықаралық ұйымдарға белсенді қатысуын оның стратегиялық аймақтық мүдделерімен, сондай-ақ жаһандық тұрақтылық орнатуға ұмтылған ұзақмерзімді даму стратегиясымен байланыстырады. Ол Қытайдың сыртқы саяси бағытын тек экономикалық немесе геосаяси факторлармен ғана емес, оның мәні өзара тәуелділік пен ортақ даму қағидаттарына негізделгенін атап көрсетеді [37]. Осылайша, ғалымның көзқарасы Қытайдың халықаралық ұйымдардағы рөлін стратегиялық мақсаттар мен үйлесімді халықаралық тәртіп орнатуға бағытталған бастамалар арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Қытай сыртқы саясатының трансформациясы К. Сыроежкиннің зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Автор Қытайдың «бейбіт даму» тұжырымдамасынан 2005–2007 жылдары Ху Цзиньтао ұсынған «үйлесімді әлем» идеясына көшу үдерісін ерекше атап өтеді [38]. Бұл тұжырымдамалық өзгеріс Қытайдың сыртқы әлемге

ашықтығын арттырумен қатар, оның аймақтық және жаһандық деңгейде өз ықпалын күшейтуге бағытталған жаңа дипломатиялық кезеңнің басталғанын көрсетеді.

Осылайша, аталған ғалымдардың еңбектері Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық стратегияларын түсінуге теориялық және әдіснамалық негіз қалыптастырады. Бұл зерттеулер Қытайдың халықаралық ұйымдардағы белсенді рөлін, соның ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы сыртқы саяси ұстанымдарын талдауда маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Сонымен қатар отандық қытайтанушылардың, Қытайдың ішкі дамуы, сыртқы қатынастарына қатысты Д. Дәуеннің [39], М. Омарованың [40], Г. Биримкулованың [41], Д. Жекеновтің [42], О. Бейсенбаевтың [43] еңбектері диссертациялық жұмыстың мақсатына қол жеткізуге ықпалын тигізді.

ШЫҰ шеңберінде қауіпсіздік, сауда-экономика, инфрақұрылым, логистиканы дамытудағы байланыстар мен өзара әрекеттесу үдерісінің жәй-күйі мен даму заңдылықтарына қатысты көптеген іргелі еңбектер диссертациялық зерттеудің тәжірибелік жақтарын ашуға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығын зерттеу тақырыбына қатысты Н.А. Алдабек пен В.Т. Сарсембековтің [44], С. Кушқумбаевтың [45], А. Каукуновтің [46], А. Серікқалиеваның [47], А. Амребаевтің [48] және басқа да зерттеушілердің еңбектері талданды.

Зерттеудің теориялық негізі реляциялық дипломатия және Қытайлық дипломатиялық философия тұжырымдамаларына сүйенеді.

Алдымен реляциялық тәсілдер шеңберінде іргелі теориялар қарастырылды. Атап айтқанда, Қытайлық реляциялық теория (Confucian relationality) мемлекеттердің өзара әрекеті өзара сенім, өзара құрмет және ұзақмерзімді байланыстар арқылы жүзеге асатынын көрсетеді, бұл ШЫҰ аясындағы Қытайдың дипломатиялық тәжірибесіне тікелей қатысты. Әлеуметтік реляциялық теория (Social relational theory) мемлекеттердің мәнін олардың өзара әрекеттесуі анықтайтынын, келісімдер реляциялық тұрғыдан талдануын қарастырады. Сондай-ақ, желілік реляциялық теория (Network theory) халықаралық қатынастарды түйіндер мен байланыстар желісі ретінде сипаттайды, ал байланыстардың тығыздығы мен сенімділігі тұрақтылық пен ықпалдылықтың өлшемі болады. Конструктивистік реляциялық тәсіл (Constructivist relational theory) әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы қалыптасатын нормалар мен мәдениетті, ал сыни реляциялық тәсіл (Critical / Postcolonial relational approaches) билік, үстемдік пен тәуелділіктің реляциялық сипатын зерттейді.

Зерттеуде бұл теориялық бағыттар Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі дипломатиялық тәжірибесін талдауға қолданылды. Әсіресе, Қытайдың аймақтағы ықпалын қысым көрсету арқылы емес, экономикалық, саяси, мәдени және гуманитарлық байланыстар жүйесін нығайту арқылы жүзеге асыруы реляциялық теориялардың тәжірибелік көрсеткіші ретінде қарастырылды. Осы теориялық негіздер ШЫҰ шеңберіндегі Қытайлық реляциялық дипломатияның ерекшеліктерін жүйелі түрде зерттеуге, оның ұзақмерзімді өзара тәуелділік пен

сенімге сүйенетін серіктестік желісін қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін жүйелілік, дәйектілік және объективтілік қағидаттарына негізделген *теориялық және эмпирикалық әдістер* кешені қолданылды.

Теориялық әдістер қатарына мыналар кіреді:

- *Жүйелік-талдамалық әдіс* – зерттеу объектісін тұтас құрылым ретінде қарастырып, оның ішкі байланыстары мен қызмет ету механизмдерін анықтауға мүмкіндік берді (ШЫҰ-ның құрылымы, Қытайдың рөлі, оның тәсілдер арасындағы өзара байланысы). Аталған әдіс авторлық интерпретация жасауға және зерттеудің тұжырымдамалық қорытындыларын шығаруға мүмкіндік берді.

- *Салыстырмалы-тарихи әдіс* – Қытайдың сыртқы саяси эволюциясын дәстүрлі кезеңдермен салыстырып, оның қазіргі дипломатиялық тәсілдермен сабақтастығын ашуға көмектесті.

- *Тарихи-генетикалық әдіс* арқылы гуаньси (guanxi) және фаньфа (fangfa) ұғымдарының шығу тегі талданды.

- *Контент-талдау* – зерттеу шеңберінде ҚХР үкіметі, ШЫҰ, Қазақстан үкіметі, халықаралық ұйымдардың ресми құжаттары мен баяндамалары мазмұндық жағынан талданып, негізгі ұстанымдар мен үрдістер анықталды. Бұл әдіс зерттелетін жүйелердің теориялық, құқықтық және институционалдық негіздерін ашуға мүмкіндік берді.

- *Нормативтік-құқықтық талдау* – ШЫҰ-ның жарғылық құжаттары, халықаралық келісімдер сараланып, олардың мазмұны мен тәжірибелік ықпалы айқындалды.

- *Дереккөздерге талдау* (source critique) арқылы шетелдік, қытайлық және отандық ғылыми әдебиеттер мен ресми құжаттардың сенімділігі, мазмұны, мақсаттылығы тұрғысынан сарапталды.

- *Интерпретациялық әдіс* – философиялық және мәдени ұғымдарды қазіргі дипломатиялық тәжірибемен байланыстыру арқылы «қытайлық тәсілдің» мәнін ашуға бағытталды.

Эмпирикалық әдістер қатарына мыналар жатады:

- *Сараптамалық сұхбат әдісі* – «қытайлық тәсіл» және оның жүзеге асу механизмдері жөнінде сарапшылар мен тәжірибелі мамандардан сапалық деректер алу мақсатында жүргізілді. Бұл әдіс теориялық тұжырымдарды практикалық көзқараспен толықтырып, зерттелетін мәселенің нақты қиындықтары мен мүмкіндіктерін айқындауға мүмкіндік берді.

- *SWOT-талдау әдісі* (strengths – weaknesses – opportunities – threats) – «қытайлық тәсіл» мен ШЫҰ кеңістігіндегі оның қолдану деңгейін салыстыра талдау үшін қолданылды. Бұл әдіс оның басым (strengths) және әлсіз (weaknesses) тұстарын, мүмкіндіктері (opportunities) мен қауіп-қатерлерін (threats) айқындауға мүмкіндік берді. Талдау нәтижесінде «қытайлық тәсілдің» аймақтың тұрақты дамуына қалай әсер етуі анықталды.

Осылайша, теориялық және эмпирикалық әдістер кешенін кешенді түрде қолдану зерттеудің тереңдігін, жан-жақтылығын және ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, қойылған міндеттерді тиімді орындауға ықпал етті.

Зерттеу жұмысының негізгі гипотезасы:

Қазіргі әлемдік саясаттағы және халықаралық қатынастар жүйесіндегі дағдарыстар олардың теориялық және тәжірибелік негіздерін толықтыру мен жаңғыртуды қажет етеді. Осындай жағдайда өзара сенім, теңдік және ортақ даму қағидаттарына сүйенетін Қытайдың қарым-қатынастық (реляциялық) тәсілі Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің ынтымақтастығын тереңдетіп, аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосуда деген ғылыми болжам жасалынады.

Осыған сәйкес, ШЫҰ шеңберінде Қытай үкіметі өз ықпалын қысым көрсету немесе мәжбүрлеу тетіктері арқылы емес, байланыстар мен өзара тәуелділіктер жүйесін нығайту арқылы кеңейтуде. Мұндай тәсіл ұзақ мерзімді, институционалданған және өзара тиімді серіктестікке негізделген қатынастар жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі алғаш рет кешенді ғылыми-теориялық талдау аясында қарастырылып, оның мүше-мемлекеттер арасындағы реляциялық және психологиялық өзара түсіністік аспектілері зерттелді;

- Отандық ғылымда тұңғыш рет халықаралық қатынастардағы өзара сенім, тиімді ынтымақтастық және үйлесімділік ұғымдарына сүйенген жаңа реляциялық тәсіл ұсынылып, оның мемлекеттер арасын тұрақтандырудың теориялық және тәжірибелік әлеуеті айқындалды;

- Қытайдың экономикалық, саяси, мәдени және гуманитарлық байланыстар арқылы ықпал етуі ШЫҰ аясында ұзақмерзімді, институционалданған және өзара тәуелді серіктестік желісін қалыптастыруға бағытталғанын жүйелі түрде көрсету арқылы, ұйымдағы халықаралық қатынастардың бұрынғы тәжірибеден өзгеше, жаңа моделін анықтау мүмкіндігі алғаш рет көрсетілді;

- Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы «қытайлық тәсілге» кешенді SWOT-талдау жүргізіліп, оның күшті және әлсіз жақтары, сондай-ақ аймақтық деңгейдегі мүмкіндіктері мен қауіптері айқындалды. Бұл талдау нәтижесінде Қытайдың реляциялық дипломатиясының ШЫҰ кеңістігіндегі стратегиялық әлеуеті мен институционалдық ықпалы алғаш рет ғылыми түрде негізделді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелері мен қорытындыларын ғаламдық серіктестікті жандандыру мен ынтымақтастықты нығайту барысында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. «Қытайлық тәсіл» тәжірибесін зерттеу нәтижесінде аймақтық және ғаламдық серіктестікті жандандыру бастамалары және олардың қауіпсіздік, экономикалық және мәдени-гуманитарлық тетіктері анықталды. Аталған зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының құзіретті мемлекеттік органдары мен жергілікті атқарушы құрылымдары үшін

Зерттеу нәтижелері сыртқы саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметінде, сондай-ақ ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамытумен айналысатын бизнес орталары мен сараптамалық қауымдастықтар үшін бағдар бола алады.

Сонымен қатар аталған нәтижелер жоғары оқу орындарында шығыстану, аймақтану, халықаралық қатынастар бойынша мамандар даярлауда оқу үдерісі мен бұл тақырыпқа қызығушылық танытқан зерттеушілерге қолдануға жарамды.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:

1. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтық ұйымдар ғаламдық серіктестікті жандандыруға және тұрақты дамуға ықпал етуші акторлар ретінде қарастырылды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы саяси және экономикалық құрылым ғана емес, сонымен қатар мәдени және өркениеттік үйлесім мен серіктестік алаңы ретінде ғылыми түрде негізделді;

2. «Қытайлық тәсіл» жаһандық серіктестікті жандандыруда философиялық, мәдени, әдіснамалық факторлардың ықпалымен қалыптасқан жүйелі институционалдық тәсіл ретінде зерделеніп, оның онтологиялық-идеологиялық және стратегиялық негіздері сараланды;

3. Аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде «қытайлық тәсілдің» қауіпсіздік, экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда жүзеге асырылуына сараптамалық талдау жүргізіліп, оның мүше-мемлекеттердің ынтымақтастығы мен серіктестігіне әсер етудегі негізгі принциптері мен механизмдері айқындалды. Бұл тұрғыда «Шанхай рухы» ұйымның процессуалдық және институционалдық дамуын қамтамасыз ететін реляциялық және үйлесімді өзара әрекеттесудің тұжырымдамалық негізі ретінде сараланды.

4. Қытайдың аймақтағы ықпалын қысым көрсету тәсілдері арқылы емес, экономикалық, саяси, мәдени және гуманитарлық байланыстар жүйесін нығайту арқылы жүзеге асыруы реляциялық теориялардың тәжірибелік көрінісі ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл ШЫҰ шеңберіндегі Қытайдың реляциялық дипломатиясының ерекшеліктерін жүйелі зерттеуге және ұзақмерзімді өзара тәуелділік пен сенімге негізделген серіктестік желісін қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік берді;

5. Жүргізілген SWOT-талдау Қытайдың аймақтағы реляциялық дипломатиясының нақты тетіктерін анықтап, оның ШЫҰ шеңберіндегі өзара сенім мен серіктестік мәдениетін қалыптастырудағы рөлін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: Зерттеу нәтижелері Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Қытайтану кафедрасының кезекті және кеңейтілген отырыстарында (04.11.2025 ж. №6 хаттама) қарастырылып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес Scopus дерекқорына кіретін (Q2, Asian journal of political science, процентиль – 65) шетелдік ғылыми журналда 1 мақала, отандық журналдарда 4 мақала жарияланды. Атап айтқанда:

1. Nazarova K., Dauen D., Apakhaev N., Khushkeldiyeva S. The new geopolitical reality in the SCO space // Asian journal of political science. – 2025. – Vol. 33. – № 2. – Pages 307-325. <https://doi.org/10.1080/02185377.2024.2447995>.

2. Nazarova K., Wen Ц., Sagindykova Ж. Comparative analysis of the approaches of Russia and China to the development of the Shanghai Cooperation Organization // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. – 2023. – Vol. 144. – № 3. – 71–79. <https://bulpolit.enu.kz/index.php/main/article/view/89>.

3. Nazarova K., Dauen D. Prospects and trends in the development of the Shanghai Cooperation Organization (Chinese approach and China's role in this organization) // Journal of Oriental Studies. – 2024. – Vol. 109. – № 2. – 98-108. <https://doi.org/10.26577/JOS.2024.v109.i2.010>.

4. Nazarova K., Dauen D. China's role in the development of the Shanghai Cooperation Organization and its strategic interests // Kazakhstan Oriental studies. – 2025. – Vol. 13, No. 1. – 175-184. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.175>.

5. Nazarova K., Dauen D. Prospects for interaction between the shanghai cooperation organization and the collective security treaty organization // Вестник ВИСВ при Министерстве обороны РК. – 2024. – № 2 (58). – Р. 85–91. <https://doi.org/10.56132/2791-3368.2024.2-49-07>.

Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылған 3 мақала аясында кең көлемде апробациядан өтті. Бұл жарияланымдарда «қытайлық тәсіл» негіздері мен Қытайдың ұйымдағы рөлі жан-жақты талданып, диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы ғылыми ортада қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы: Жұмыс нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан тұратын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиет тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Аймақтық ұйымдарды зерттеудің теориялық негіздері

XX ғасырдың екінші жартысынан бері аймақтық ұйымдар халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орын алып келеді. Батыстық ғылымда аймақтық ұйымдардың мәні мен мағынасы, міндеттері мен қызметтері неореализм, неолиберализм, конструктивизм және басқа теориялар арқылы түсіндіріледі. Аталған теориялық тәсілдер аймақтық ұйымдарды мемлекеттер арасындағы ережелер, күштік тепе-теңдік және экономикалық өзара тиімділік тұрғысынан түсіндіреді.

Неореализм өкілдері аймақтық ұйымдарды мемлекеттер арасындағы күштік тепе-теңдікті сақтаудың құралы ретінде қарастырады. Сондай-ақ аймақтық ұйымдар қатысушы мемлекеттердің ұлттық мүдделерін қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған институционалдық объект ретінде де қарастырылады. Неореализмнің негізін қалаушы Kenneth Waltz халықаралық жүйенің басты құрылымдық сипаты – анархия жағдайында әр мемлекет өз қауіпсіздігі мен ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуге мәжбүр болады, ал аймақтық ұйымдар осы мақсатты жүзеге асырудың құралы ретінде қызмет атқарады деп тұжырымдайды. Алайда Kenneth Waltz мұндай ұйымдардың халықаралық жүйенің құрылымын түбегейлі өзгерту мүмкіндігі шектеулі екенін атап көрсетеді [49]. John J. Mearsheimer бұл тұжырымды қолдай отырып, аймақтық ұйымдарды ірі мемлекеттердің өз ықпалын күшейту құралы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, халықаралық ұйымдар мемлекеттердің ынтымақтастық орнатуына мүмкіндік береді, дегенмен, ұйымдар мемлекеттердің өзара күштік тепе-теңдігі мен қарым-қатынастарын орнататын алаң болып табылады [50]. Бұл жағдайда ұйымдар аясында ірі мемлекеттер өз ықпалын да кеңейте алады. Ал Marcus Fredholm аймақтық ұйымдарды нақты мәселелерді шешуге бағытталған құрылымдар ретінде бағалайды. Ол ірі мемлекеттердің мұндай ұйымдардың құрылымын өз мүддесіне бейімдеп, мазмұны мен міндеттерін өзгертуі мүмкін екенін атап өтеді. Осы тұрғыда ол ШЫҰ-ны құрушы және бастамашы мемлекеттердің оның құрылымына өзгерістер ендіру арқылы өз мүдделерін іске асыруға ұмтылатынын көрсетеді [51].

Осылайша, неореализм өкілдерінің тұжырымдамаларына сәйкес, аймақтық ұйымдар халықаралық жүйеде мемлекеттердің стратегиялық және ұлттық мүдделерін жүзеге асыратын құрал, алаң немесе құрылым болып табылады. Мұндай ұйымдар жеке халықаралық субъект ретінде емес, мемлекеттердің өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ықпалын арттыру және нақты мәселелерді шешу мақсатында пайдаланылатын тетіктер ретінде қарастырылады. Батыстық теоретиктер ШЫҰ-ны аймақтағы қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету құралы ретінде саралайды.

Аталған теориялық көзқарастар аймақтық ұйымдар аясында мемлекеттер өзара бәсекелестік пен ұлттық мүдде шеңберінде әрекет ететінін сипаттайды, алайда олардың рөлі мен маңызын әртүрлі түсіндіреді. Kenneth Waltz – оларды анархия жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралы ретінде, John J. Mearsheimer – ірі мемлекеттердің ықпалын жүргізетін алаң ретінде, ал Фредхольм – нақты мәселелерді шешуге бағытталған, бірақ қандайда да бір мемлекеттердің мүдделеріне бейімделетін құрылым ретінде сипаттайды.

Кесте 1 – Аймақтық ұйымдар туралы батыстық теориялық көзқарастар

Авторлар	Аймақтық ұйымдарға көзқарасы	Рөлі мен маңызы
Kenneth Waltz	Анархия жағдайында мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігі	Ұйымдар жеке субъект емес, олар мемлекеттердің қауіпсіздігін күшейту және күш тепе-теңдігін қамтамасыз етуге арналған құрал ретінде қолданылады
John J. Mearsheimer	Ірі державалардың ықпалын арттыру құралы	Ұйымдар мемлекетаралық ықпал қатынастарын көрсететін алаң; Ірі державалар өз мүддесін іске асыру үшін ұйым құрады және оны басқарады
Marcus Fredholm	Нақты мәселелерді шешуге бағытталған құрылым	Ұйымдар бастамашы мемлекеттердің мүдделеріне қарай бейімделетін құрылым
Ескерту: әдебиетті талдау негізінде автормен құрастырылған.		

Аталған ғалымдардың көзқарастары әртүрлі болғанымен, барлығы да - аймақтық ұйымдар халықаралық жүйенің анархиялық жағдайында мемлекеттердің ұлттық және стратегиялық мүдделерін іске асыратынын атап өтеді. Дегенмен, талдау барысында аталған зерттеушілердің аймақтық ұйымдарды өзіндік ерекшеліктерін келесідей бөлгені айқындалды. Kenneth Waltz аймақтық ұйымдарды - қауіпсіздік құралы, John J. Mearsheimer - ықпал ету алаңы, Marcus Fredholm - нақты мәселелерді шешуге бейімделетін құрылым ретінде қарастырған.

Неолиберализм өкілдері аймақтық ұйымдарды халықаралық ынтымақтастықты институционалдық негізде қамтамасыз ететін тиімді механизм ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда ұйымдар аясында қабылданатын тәртіптер мен ережелер қатысушы мемлекеттер арасындағы аймақтық мәселелерді шешуге бағытталады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, экономикалық өзара әрекеттесу, ортақ жобалар және көпжақты келісімдер аймақтық тұрақтылық пен бейбіт дамудың маңызды факторлары болып саналады.

Robert Keohane аймақтық және халықаралық ұйымдарды мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттыратын институционалдық механизмдер

ретінде қарастырады. Ол халықаралық қатынастарда мемлекеттер өзара келісімге келе алады деп есептейді. Аймақтық ұйымдар шеңберінде ақпарат алмасу үдерісі жолға қойылып, өзара сенім қалыптасады. Нәтижесінде ұйымдар тұрақты ережелер мен нормаларға сүйене отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасын үйлестіреді. Осы тұжырымдамасы негізінде Кеохэйн халықаралық ұйымдардың міндеттерін төмендегідей айқындады:

- халықаралық үдерістерге форумдар ұйымдастыру арқылы ықпал ету;
- келіссөздер жүргізу арқылы мүдделерді ымыраластыру;
- ақпарат алмасу және құжаттар қабылдау;
- принциптер қалыптастыру және солар арқылы мемлекеттердің болашақ бағытын анықтау [52].

Robert Owen Keohane «Power and Interdependence: World Politics in Transition» еңбегінде «кешенді өзара тәуелділік» ұғымын енгізді. Олар мемлекеттер арасындағы қатынастар енді тек әскери немесе саяси күшке негізделмей, экономикалық, әлеуметтік, институционалдық құрылымдардың күрделі үдерісі ретінде көрсетеді [53].

Кесте 2 – Өзара тәуелділіктің үш негізгі сипаттамасы

№	Өзара тәуелділік негіздері
1	Көпсалалы өзара байланыстар – мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттесу тек бір салада ғана емес, бірнеше салада (экономика, қауіпсіздік, мәдениет және т.б.) жүреді.
2	Әскери одақтастық рөлі төмендеп, экономикалық, саяси және мәдени салаларда ынтымақтастық үдерісінің механизмдері басым болуда.
3	Салалар арасындағы өзара тәуелділік – бір саладағы келісімдер басқа салалардағы нәтижелерге тікелей ықпал етеді.
	Ескерту: әдебиетті талдау негізінде автормен құрастырылған.

Осы тұрғыда аймақтық ұйымдар – кешенді өзара тәуелділіктің құрылымдық көрінісі. Олар мемлекеттердің ынтымақтастығын институционалдық негізде нығайтып, өзара тиімділікті арттырушы механизмге айналады.

Австриялық зерттеуші Kai He пікірінше, ұйымның ұзақ мерзімді жұмыс істеуі, ең алдымен, оның ішкі құрылымы мен жаңа жағдайларға бейімделу қабілетіне, сондай-ақ мүше-мемлекеттердің өз міндеттемелерін толық орындауына тікелей байланысты болады [54]. Егер ұйым жаңадан қалыптасқан жағдайларға икемделе алмаса, онда ұйым ішінде қайшылықтар туындап, оның даму қарқыны бәсеңдейді немесе мүлдем тоқтайды. Осыған байланысты Kai He Қытайдың «Бір жол, бір белдеу» (БЖББ) бастамасы мен Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкін (АИИБ) ШЫҰ-ны толықтыратын институционалдық құрылымдар ретінде қарастырады. Зерттеушінің бағалауынша, бұл тетіктер ұйымның институционалдық әлеуетін арттырып, оның аймақтық және жаһандық деңгейдегі рөлін күшейтеді [55].

Аймақтық ұйымдардың құрылуы мен дамуын түсіндіруде Andrew Moravcsikтің либералдық үкіметаралық теориясы да маңызды орын алады. Оның тұжырымына сәйкес, әсіресе Еуропалық одақ үлгісінде, аймақтық ықпалдасу ішкі саяси мүдделер мен мемлекеттер аралық келісімдердің нәтижесі болып табылады. Ықпалдасу – мемлекеттердің саналы келісімдер мен келіссөздер арқылы ортақ институттар мен ережелерді қалыптастыру үдерісі ретінде қарастырылады [56].

Сонымен қатар, аймақтық ұйымдар аясында ықпалдасуды түсінуде Н. Bull «халықаралық қоғам» тұжырымдамасына назар аударсақ, оның пайымдауынша, мемлекеттер ортақ мүдделер мен құндылықтар негізінде бірлесіп әрекет етеді және өзара келісілген ережелер арқылы біртұтас халықаралық тәртіпті қалыптастырады. Яғни халықаралық қоғам – бұл тек мемлекеттер жиынтығы ғана емес, сонымен бірге олардың арасындағы тұрақты ережелер мен институттарға негізделген тәртіп жүйесі [57].

Кесте 3 – Аймақтық ұйымдарды түсіндіру теориялары

Автор / теория	Негізгі идеясы	Аймақтық ұйымдарға көзқарасы	Негізгі механизмдер	Мақсаты
Andrew Moravcsik – Либералдық үкіметаралық теория	Аймақтық ықпалдасу – ішкі саяси мүдделер мен мемлекетаралық келісімдердің нәтижесі	Ұйымдар – мемлекеттердің саналы келісім арқылы қалыптастырған институттар	Ұлттық мүдделерді келісу, келіссөздер, келісімшарттар	Экономикалық және саяси тиімділікті арттыру, ұлттық мүдделерді қорғау
Н. Bull – Халықаралық қоғам тұжырымдамасы	Мемлекеттер ортақ мүдделер мен құндылықтар негізінде өзара байланысады	Ұйымдар – мемлекеттердің ортақ ережелер мен институттарға сүйенетін тәртіп жүйесінің бөлігі	Ортақ нормалар, ережелер, институттар	Халықаралық тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ету
Ескерту: әдебиетті талдау негізінде автормен құрастырылған.				

Andrew Moravcsik ықпалдасуды мемлекетаралық келісімдер негізінде қалыптасатын прагматикалық үдеріс ретінде түсіндірсе, Булл оны ортақ құндылықтар мен нормаларға негізделген тәртіп жүйесінің бөлігі ретінде сипаттайды. Біріншісі саяси және экономикалық тиімділікке, екіншісі тұрақтылық пен тәртіпті сақтауға басымдық береді.

ШЫҰ-ның құрылуын Қытай немесе Ресей тарапынан мақсатты түрде жасалған эксклюзивті институционалдық тепе-теңдік ретінде бағаланғанымен де, құрылу кезеңінде бұл елдер үшін негізгі міндет терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы әрекет болды. Алайда уақыт өте келе ұйымның рөлі кеңейіп, Бейжің мен Мәскеудің оны Орталық Азиядағы Батыс ықпалын шектеу құралы ретінде пайдалану әрекетін де сарапшылар жоққа шығармайды. Бұл

әрекеттер ШЫҰ аясында жасалынған бірқатар бірлескен мәлімдемелерінде де көрініс табады. Атап айтқанда, халықаралық тәртіптің жаңа үлгісін қалыптастыру қажеттілігі, мемлекеттердің саяси-экономикалық жүйесін қалыптастыруда сыртқы араласуға жол бермеу құқығы, аймақшылдық экономикалық және энергетикалық ынтымақтастықты дамыту, даму үшін қаржылық тетіктерді қалыптастыру, сондай-ақ терроризмге қарсы күрес, әскери жаттығулар мен құқық қорғау органдары арасындағы үйлесімділікті арттыру сияқты тұжырымдамалық ұстанымдар осыны білдіреді.

Мемлекеттің институционалдық тепе-теңдік стратегиясын таңдауы бірнеше факторға тәуелді. Ең алдымен, бұл таңдау пайда мен шығынның арақатынасын есептеуге, яғни белгілі бір әрекеттің мемлекет үшін қандай нақты нәтижелер әкелетініне байланысты. Екіншіден, шешім қабылдау процесінде мәселенің стратегиялық мәні мен маңызы айқындаушы рөл атқарады: егер мәселе мемлекет үшін өмірлік маңызды салаларға (қауіпсіздік, егемендік, экономикалық тұрақтылық) қатысты болса, онда стратегияның сипаты да соған сәйкес анықталады. Үшіншіден, таңдау экзистенциалды деңгейдегі маңыздылыққа байланысты болады, яғни мәселе мемлекеттің халықаралық аренадағы орны мен заңдылығына, сондай-ақ ұзақ мерзімді ұлттық мүдделеріне әсер ете ме деген сұраққа жауап береді.

Егер мемлекет халықаралық деңгейде кең қолдауға ұмтылса, бірақ өзі үшін маңызды салаларда жеткілікті қуаты мен ықпалы болмаса, онда ол инклюзивті тепе-теңдік стратегиясын таңдауға бейім болады. Бұл жағдайда мемлекет сыртқы серіктестіктер мен институционалдық ынтымақтастыққа сүйене отырып, өз ұстанымын нығайтуға және халықаралық аренада орнықты позиция қалыптастыруға ұмтылады.

Қытайдың аймақтық ынтымақтастыққа көзқарасын прагматикалық тұрғыдан қарастыру Қытай Шығыс Азиядағы аймақтық көпжақтылықты қолдаса да, оны өзінің ұлттық мүдделеріне сәйкес қалыптастыруға ұмтылатыны айқындайды. Қытайдың ынталандырушы факторлары – экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, аймақтық қауіпсіздікті нығайту және бейбіт дамушы держава бейнесін құру. Алайда Бейжің тым институционалданған ережелерден абайлап, икемді және консенсусқа негізделген тәсілдерді артық көреді. Бұл стратегия бір жағынан серіктестік пен ашықтықты жария етсе, екінші жағынан Қытайға өзінің егемендігі мен саяси дербестігін сақтауға мүмкіндік береді. Осылайша, Қытайдың аймақтық көпжақтылықтағы ұстанымы «ашық, бірақ сақтықпен шектелген көпжақтылық» сипатында көрінеді [58].

Осылайша, неолибералдық көзқарас бойынша, аймақтық ұйымдар - ынтымақтастық пен өзара ықпалдасуды қамтамасыз ететін институттар болып саналады. Халықаралық жүйенің анархиялық сипатына қарамастан, олар ортақ тәртіптер мен ережелер негізінде сенім мен әріптестік орнатып, ақпарат алмасу мен келіссөздер жүргізуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік конструктивизм парадигмасы аймақтық ұйымдарды тек стратегиялық мүдделерге негізделген құрылым ретінде ғана емес, сонымен қатар ортақ әлеуметтік ережелер мен бірегейлікті қалыптастыратын институттар ретінде қарастырады. Бұл тұрғыдан алғанда, ШЫҰ аясында

калыптасқан «Шанхай рухы» – өзара сенім, өзара пайда, теңдік, өзара ақыл-кеңес, өркениеттік алуандылыққа құрмет және ортақ даму принциптері – ұйымның ішкі сәйкестігін нығайтып, ұжымдық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік конструктивизм мемлекеттердің ұлттық мүдделері мен өзара сәйкестіктері олардың өзара әрекеттесу процесі барысында қалыптасады деп есептейді. Халықаралық және аймақтық ұйымдар тек материалдық ресурстарды үйлестіретін тетіктер емес, сонымен қатар ортақ нормалар мен ережелер қалыптастырушы әлеуметтік кеңістіктер ретінде қарастырылады.

Alexander Wendt пікірінше, халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекеттердің өзара әрекеттесуі – бірлесіп құрылған әлеуметтік құрылымның нәтижесі. Мемлекеттердің мүдделері олардың тарихи тәжірибесімен, мәдени ерекшеліктерімен және нормативтік құндылықтарымен айқындалады. Осы тұрғыда аймақтық ұйымдар мемлекеттер арасындағы тұрақты әлеуметтік байланыстарды қалыптастыру арқылы жаңа ережелер мен ортақ сәйкестіктерді қалыптастырады [59].

Martha Finnemore халықаралық қатынастарда нормалар мен тәртіптердің қалыптасуын халықаралық ұйымдардың институционалдық рөлімен тікелей байланыстырады. Оның пікірінше, аймақтық немесе жаһандық ұйымдар мемлекеттерге «тиісті мінез-құлық» үлгілерін ұсынып қана қоймай, олардың әрекеттерін нормативтік тұрғыдан шектейді және белгілі бір бағытқа бағдарлайды. Зерттеуші халықаралық жүйеде идеялар мен әлеуметтік мәндердің маңызын ерекше атап өтеді. Ол халықаралық ұйымдарды әлеуметтік құрылымның ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, олардың мемлекеттердің артықшылықтары мен ұлттық мүдделерін өзгертуге қалай ықпал ететінін талдайды. Финнемор бұл тұжырымын төмендегі үш мысал арқылы нақтылайды:

ЮНЕСКО – ғылымды халықаралық деңгейде ұйымдастыру арқылы мемлекеттік құрылымдарды қалыптастырады;

Женева конвенциясы – қауіпсіздік саласында нормаларды бекіту және оларды мемлекеттердің іс-әрекетінде қолданады;

Дүниежүзілік банкі – дамушы елдердегі экономикалық дамуды түсіндіру мен бағалау тәсілдерін өзгертеді [60].

Осылайша халықаралық ұйымдар мемлекеттерді жаңа саяси мақсаттарды және ортақ әлеуметтік құндылықтарды қабылдауға социализациялайды, нәтижесінде олардың мінез-құлқына ұзақ мерзімді және тұрақты ықпал етеді.

Peter J. Katzenstein аймақтық ұйымдардың қалыптасуы мен эволюциясын олардың мәдени ерекшеліктері мен тарихи тәжірибелерімен тікелей байланыстырады. Зерттеушінің пікірінше, мұндай ұйымдар тек мемлекеттердің саяси немесе экономикалық мүдделерін үйлестіретін институционалдық тетік қана емес, сонымен қатар ортақ сәйкестікті қалыптастырып, ұжымдық бірегейлікті нығайтатын әлеуметтік кеңістік рөлін атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда, аймақтық ұйымдар – қатысушы мемлекеттердің тарихи жадын, мәдени құндылықтарын және ортақ тәжірибесін біріктіретін алаң. Мұндай бірегейлік ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның қатысушылары арасында ұзақ мерзімді сенім мен ынтымақтастық орнатуға негіз қалайды [61].

Ted Norf конструктивистік әдістің гуманитарлық тұрғысынан халықаралық қатынастарды түсіндіруде тарихи-мәдени контекстті ескеру мен болашақты бірлесіп құру принципінің маңыздылығын айқындайды. Оның пікірінше, аймақтық ұйымдарды тек саяси немесе экономикалық мақсаттарға жетудің құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге мемлекеттер арасындағы тәжірибе алмасу, өзара үйрену және ортақ мүдделерді іске асыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік өзара әрекеттесу алаңы ретінде қарастыру қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, конструктивистік тәсіл аймақтық ұйымдардың ұжымдық бірегейлікті қалыптастырудағы, өзара сенім тудырудағы және ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін тереңірек түсінуге жол ашады. Мұндай көзқарас аймақтық құрылымдардың тек институционалдық шеңберін ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтік-нормативтік негіздерін де ашып көрсетеді, яғни ұйымдарды тарихи тәжірибелер мен мәдени өзара ықпалдастық арқылы біртұтас қауымдастық қалыптастыратын субъектілер ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [62].

Әлеуметтік конструктивизм парадигмасы аймақтық ұйымдарды тек стратегиялық мүдделерге негізделген құрылымдар емес, сонымен қатар ортақ әлеуметтік ережелер мен бірегейлікті қалыптастыратын институттар ретінде түсіндіреді. Бұл теория тұрғысынан ШЫҰ аясында қалыптасқан «Шанхай рухы» (өзара сенім, өзара пайда, теңдік, өзара ақыл-кеңес, өркениеттік алуандылыққа құрмет, ортақ даму) ұйымның ішкі сәйкестігін нығайтып, ұжымдық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Осылайша Alexander Wendt халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекеттердің өзара әрекеттесуін бірлесіп құрылған әлеуметтік құрылым ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, мемлекеттердің мүдделері тарихи, мәдени және нормативтік тәжірибелерге сүйене отырып қалыптасады, ал аймақтық ұйымдар – бұл жаңа ережелер мен сәйкестік қалыптастыруға мүмкіндік беретін тұрақты әлеуметтік байланыс орнату алаңы. Марта Финнемор халықаралық қатынастардағы нормалар мен тәртіптердің қалыптасуын халықаралық ұйымдардың қызметімен тікелей байланыстырады. Оның пікірінше, аймақтық немесе жаһандық институттар мемлекеттерге «тиісті мінез-құлық» үлгілерін ұсынып, олардың әрекет ету аясын нормативтік тұрғыдан шектейді және бағыттайды. Бұл ретте халықаралық ұйымдар мемлекеттердің саяси мақсаттары мен әлеуметтік құндылықтарын өзгертуге ықпал ететін социализация құралына айналады.

Peter J. Katzenstein аймақтық ұйымдардың қалыптасуы мен дамуын олардың мәдени ерекшеліктері мен тарихи тәжірибесімен байланыстырады. Оның көзқарасы бойынша, аймақтық ұйымдар тек мемлекеттердің мүдделерін үйлестіру құралы ғана емес, сондай-ақ ортақ сәйкестік пен ұжымдық бірегейлікті қалыптастыратын әлеуметтік кеңістік болып табылады. Тед Хопф конструктивистік тәсілдің гуманитарлық қырын айқындап, тарихи-мәдени контексті ескерудің және болашақты бірлесіп құру қағидатының маңызын атап көрсетеді. Бұл тұрғыда аймақтық ұйымдар мемлекеттер арасындағы тәжірибе алмасу, өзара үйрену және ортақ мүдделерге қол жеткізу үшін маңызды әлеуметтік өзара әрекет алаңы ретінде бағаланады.

Осылайша, әлеуметтік конструктивизм өкілдері аймақтық ұйымдарды жаңа ережелерді қалыптастыратын, мемлекеттердің сәйкестігі мен ұжымдық бірегейлігін айқындайтын, сондай-ақ ортақ мүдделерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін әлеуметтік өзара әрекет алаңы ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда аймақтық ұйымдар тек тиімді өзара әрекеттесу тетігі ғана емес, сонымен бірге халықаралық тәртіптің әлеуметтік құрылымының ажырамас бөлігі болып табылады.

Ағылшын мектебінің теориясы тұрғысынан (Hedley Bull, Adam Watson) халықаралық институттар мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, ортақ нормаларды қалыптастыру мен қолдауға ықпал етіп, уақыт өте келе халықаралық қоғамдастықтың құрылымдық элементтерін қалыптастырады. Hedley Bull мен Adam Watson анықтамасы бойынша, халықаралық қоғамдастық – бұл «мемлекеттер тобы (немесе тәуелсіз саяси қауымдастықтар), олар тек халықаралық жүйенің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар ортақ ережелер мен институттарды қалыптастырып, олардың сақталуына ортақ мүдделілік танытатын қауымдастық». Hedley Bull осы ұғым арқылы мемлекеттер белгілі бір ортақ мүдделер мен құндылықтарды мойындаған жағдайда, ортақ ережелер жиынтығын ұстануға және ортақ институттар жұмысына қатысуға келісетінін атап көрсетеді. Еуропалық Одақ (ЕО) халықаралық қоғамдастықтың үлгісі ретінде аталады, өйткені онда егемен мемлекеттер ортақ құндылықтар мен нормалардың, сондай-ақ институционалдық шеңберлердің жоғары деңгейін сақтайды [63].

Осылайша жоғарыда талданған негізгі теориялық тәсілдер арқылы аймақтық ұйымдардың мәні мен мағынасы ашылды. Неореализм аймақтық ұйымдарды мемлекеттердің қауіпсіздік пен күш тепе-теңдігін сақтау құралы ретінде түсіндіріп, олардың бәсекелестікті шектеу және тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін көрсетсе, неолиберализм аймақтық ұйымдар мемлекеттердің өзара тәуелділігінің және көпжақты институттардың тиімділігінің артуына ықпал ететінін, өзара ынтымақтастықтың пайдалылығын айқындады. Консервативтік көзқарас аймақтық ұйымдардың тарихи дәстүрлерді, мәдени байланыстарды және саяси тұрақтылықты сақтаудағы маңызын ерекше атап өтті.

Соңғы жылдары Ресей мен Қытай ШЫҰ, ҰҚШҰ, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы және ЕАЭО арасындағы байланысқа ерекше назар сала отырып, «Үлкен Еуразиялық қауымдастық» құруға ұмтылуда. Бұл бастама ағылшын мектебінің теориясына сәйкес «халықаралық қоғам», бірақ батыстық сипаттағы құрылым ретінде қарастырылмайды [64]. Мәскеу мен Бейжің өңірдің табиғи ресурстары мен экономикалық әлеуетін пайдалану арқылы өз ықпалын арттыруды және көпполярлы әлем тәртібіне көшуге үлес қосуды көздейді.

ШЫҰ-ның институционалдық дамуы және Қытайдың осы ұйымға салған ұзақ мерзімді инвестициялары уақыт өте келе ортақ қауіпсіздік құндылықтарына негізделген өңірлік қоғамдастық қалыптастыруға ықпал етеді. Бұны «Шанхай рухында» көрініс тапқан құндылықтардан көруге болады.

Бұл құндылықтар ШЫҰ-ны жай ғана формалды қауіпсіздік ұйымы емес, сонымен бірге әлеуметтік сипаттағы институт ретінде қалыптастырады.

Осы тұрғыда, ШЫҰ өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде ғана емес, сондай-ақ халықаралық қоғамдастық ұғымының элементтерін Еуразия кеңістігінде қалыптастыруда да маңызды рөл атқара алады.

Аймақтық ұйымдарды зерттеудің теориялық негіздерінде ықпалдасу үдерістерінің әркелкілігі ерекше мәнге ие. Батыс ғылымында ықпалдасуды түсіндірудің классикалық үлгілері (Béla Balassa, Robert Owen Keohane) көбінесе институттар мен нормалардың дамуына негізделеді. Алайда посткеңестік кеңістіктегі зерттеушілер бұл модельдің әмбебаптығына күмән келтіріп, аймақтық жобалардағы теңгерімсіздікті ерекше атап өтеді. Мәселен, А. Бурнасов ХХІ ғасырдағы интеграциялық бастамаларда асимметрия құбылысы тұрақты сипатқа ие екенін және оны түсінбей аймақтық ұйымдардың тиімділігін толық бағалау мүмкін еместігін көрсетеді [65]. Бұл ШЫҰ үлгісін талдауда да өзекті, өйткені ұйым құрамындағы мемлекеттердің экономикалық әлеуеті мен саяси салмағы тең емес, соған қарамастан консенсус пен өзара тәуелділік қағидасына негізделген ынтымақтастық іске асып отыр.

Постбатыстық теориялар аймақтық ұйымдарды халықаралық қатынастардағы Батыс үстемдігіне балама ретінде қарастырады. Бұл бағыттағы зерттеушілер ШЫҰ сияқты құрылымдарды бұрынғы отарланған мемлекеттердің өзіндік даму жолын қалыптастыруға, өркениеттік плюрализмді нығайтуға және әртүрлі өркениеттер арасындағы тең сұқбатты ілгерілетуге бағытталған институционалдық алаң ретінде бағалайды.

Олар мұндай ұйымдардың балама тәртіп үлгілерін ұсыну арқылы халықаралық қатынастардағы гегемониялық дискурстарға қарсы тұра алатынын атап өтеді. Нәтижесінде, аймақтық ұйымдар қазіргі халықаралық тәртіптің трансформациясы жағдайында маңызды рөл атқаратын институционалдық орталыққа айналуға. Бұл ұйымдар жаһандық басқарудың жаңа архитектурасын қалыптастыруға, аймақтық деңгейдегі қауіпсіздік пен экономикалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ халықаралық құқық пен нормаларды жетілдіруге елеулі үлес қосады.

Amitav Acharya аймақтық ұйымдардың эволюциясын зерттей отырып, оларды халықаралық жүйені түбегейлі өзгертетін фактор емес, бірегейлік пен өзара тәуелділікке негізделген табиғи эволюциялық үдеріс ретінде сипаттайды. Ол бұл ықпалдасуды төрт өлшеммен түсіндіреді: қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық, ашық аймақшылдық, жұмсақ аймақшылдық және өзара әрекеттесу [66].

Аймақтық ұйымдардың экономикалық өлшемін түсіндіруде экономикалық ықпалдасу теориясы маңызды орын алады. Бұл теория аймақтық бірлестіктердің тек саяси ынтымақтастық алаңы ғана емес, сонымен бірге экономикалық өзара тәуелділік пен ортақ мүдделерге негізделген институционалдық құрылым екенін көрсетеді.

Friedrich List «The National System of Political Economy» еңбегінде ұсынылған «үлкен нарық кеңістігі» тұжырымдамасы аймақтық ұйымдардың экономикалық теориясымен тығыз байланысты. Friedrich List пікірінше, дамушы мемлекеттер өнеркәсіптік әлеуетін қалыптастырмай тұрып, толық еркін саудаға көшуі олардың экономикалық тәуелділігін күшейтеді. Сондықтан

бастапқы кезеңде мемлекеттер ұлттық нарықты нығайтуға, өндірістік қуатты дамытуға және ішкі байланыстарды күшейтуге ұмтылуы тиіс. Бұл идея аймақтық интеграция теориясындағы функционализм және неофункционализм қағидаларымен үндеседі. Аймақтық ұйымдар – еркін сауда аймағы, кедендік одақ немесе ортақ нарық құру арқылы – мемлекеттер арасындағы экономикалық өзара тәуелділікті арттырып, біртіндеп саяси және институционалдық жақындасуға ықпал етеді. Friedrich List ірі нарықтық кеңістік қалыптастыру тек экономикалық тиімділікке ғана емес, сондай-ақ аймақтық бірегейлік пен ішкі тұрақтылықты күшейтуге қызмет етеді. Ол сауда, капитал және еңбек күшінің еркін қозғалысы экономикалық дамуды жеделдететінін атап көрсетеді [67].

Бұл қағидаттар қазіргі Еуропалық Одақ (ЕО), АСЕАН, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) аясындағы экономикалық бағдарламаларда көрініс табады. Олар Friedrich List сипаттаған «үлкен нарық» қағидатының қазіргі заманғы көріністері болып табылады. Мұндай бірлестіктер жаһандық бәсекелестікте аймақтың тұтастай ұстанымын күшейтіп, ішкі экономикалық кеңістікті біртұтас жүйеге айналдырады.

Karl-Hermann Schmidt «үлкен геокеңістіктер» теориясы аймақтық ұйымдардың табиғатын түсіндіруде маңызды орын алады. Зерттеушінің пайымдауынша, жаһандану жағдайында ұлттық мемлекеттердің экономикалық және саяси әлеуеті шектеулі болып, олар халықаралық бәсекеде жеке дара әрекет ету мүмкіндігінен айырылады. Мұндай шектеулерді еңсерудің тиімді жолы – ауқымды аймақтық бірлестіктер құру, өйткені олар ресурстарды біріктіріп, нарық ауқымын кеңейтіп, стратегиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Karl-Hermann Schmidt мұндай бірлестіктердің басты белгілері ретінде бірыңғай қаржылық және құқықтық жүйені, сондай-ақ үйлестірілген экономикалық саясатты атайды [68].

Осылайша, «үлкен геокеңістіктер» теориясы аймақтық ұйымдарды ұлттық деңгейден жоғары тұрған, бірақ жаһандық деңгейден төмен орналасқан интеграциялық құрылымдар ретінде қарастырады және олардың институционалдық күрделенуін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бұл сипаттамалар жоғары деңгейдегі экономикалық ықпалдасуға ұмтылатын аймақтық ұйымдарға тән: мысалы, Еуропалық Одақта ортақ нарық, бірыңғай валюталық саясат және үйлестірілген заңнамалық база бар. Еуразиялық экономикалық одақта кедендік одақ пен ортақ экономикалық кеңістік қалыптасқан.

Béla Balassa экономикалық ықпалдасу теориясы аймақтық ұйымдардың даму логикасын түсіндіреді [69]. Ол ықпалдасуды еркін сауда аймағынан бастап, кедендік одақ, ортақ нарық, экономикалық және валюталық одаққа дейінгі көпдеңгейлі процесс ретінде қарастырады. Мұндай эволюциялық модель аймақтық ұйымдардың тиімділігін арттыру үшін институционалдық тереңдеудің қажеттілігін және экономикалық байланыстардың біртіндеп күрделенуін көрсетеді. Бұл тұрғыда Еуропалық Одақ Баласа ұсынған үлгінің нақты мысалы бола алады. ЕО алдымен еркін сауда аймағы ретінде басталып,

біртіндеп бірыңғай нарық пен экономикалық одаққа айналды. Осылайша Béla Balassa экономикалық ықпалдасуды еркін сауда аймағынан бастап кедендік одақ, ортақ нарық және экономикалық одаққа дейінгі көпдеңгейлі және кезеңдік процесс ретінде түсіндіреді. Ол ықпалдасудың негізгі мақсаты тауарлар мен қызметтердің қозғалысын жеңілдету арқылы экономикалық тиімділікті арттыру екенін атап өтеді.

Ю.В. Шишков экономикалық ықпалдасуды сауда, капитал, жұмыс күші және қызмет көрсету нарықтарының біртұтас жүйеге айналуы ретінде сипаттайды. Ол «аймақ» ұғымын тек географиялық шекаралармен ғана емес, тарихи, этномәдени және экономикалық байланыстармен де айқындайды. Мұндай факторлар аймақтық ұйымдардың өміршеңдігі мен ұзақ мерзімді тұрақтылығына ықпал етеді [70].

Осылайша экономикалық ықпалдасу теориясы аймақтық ұйымдарды түсіндіруде ерекше орын алады. Friedrich List пікірінше, ірі нарықтық аймақтарды қалыптастыру сауда, капитал және еңбек күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етіп, экономикалық дамуға серпін береді. Ол мұндай кеңістіктерді құру үшін мемлекеттердің экономикалық саясатты үйлестіруі және инфрақұрылымдық байланыстарды нығайтуы қажет деп санайды. Бұл көзқарас аймақтық ұйымдардың экономикалық ықпалдасудағы стратегиялық рөлін айқындайды.

Karl-Hermann Schmidt «үлкен геокеңістіктер» теориясы Friedrich Listтің идеяларын кеңейте отырып, ұлттық мемлекеттердің шектеулі мүмкіндіктерін толықтыру үшін ауқымды аймақтық бірлестіктердің қажеттілігін негіздейді. Мұндай бірлестіктер бірыңғай қаржылық және құқықтық жүйемен, үйлестірілген экономикалық саясатпен сипатталуы тиіс. Бұл сипаттамалар жоғары деңгейдегі ықпалдасуға ұмтылатын аймақтық ұйымдардың институционалдық дамуын түсіндіреді. Béla Balassa ықпалдастықты еркін сауда аймағынан бастап ортақ нарық пен экономикалық одаққа дейінгі көпдеңгейлі процесс ретінде түсіндіреді. Ол әр кезеңде сауда кедергілерін жоюдан бастап экономикалық және валюталық саясатты үйлестіруге дейінгі институционалдық тереңдеудің қажеттілігін атап өтеді. Бұл модель аймақтық ұйымдардың экономикалық тиімділігін арттыру үшін біртіндеп дамуы қажет екенін көрсетеді. Ю.В. Шишков экономикалық ықпалдасуды сауда, капитал, жұмыс күші және қызмет көрсету нарықтарының біртұтас жүйеге айналуы ретінде сипаттайды. Ол «аймақ» ұғымын тек географиялық шекаралармен ғана емес, тарихи, этномәдени және экономикалық байланыстармен де айқындайды. Мұндай факторлар аймақтық ұйымдардың өміршеңдігі мен ұзақ мерзімді тұрақтылығына ықпал етеді.

Экономикалық ықпалдасу теориясы постбатыстық тәсілдермен де үйлеседі. Постбатыстық зерттеушілер аймақтық ұйымдарды батыстық үлгілердің жай ғана көшірмесі емес, әрбір өңірдің тарихи-мәдени контексіне негізделген, өзіндік даму жолын қалыптастыратын бірегей құрылым ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, экономикалық интеграция аймақтың ішкі ерекшеліктерін ескеріп, балама аймақтық тәртіп үлгілерін ұсыну әлеуетіне ие.

Әлеуметтік конструктивизм болса, экономикалық ықпалдасудың тек материалдық артықшылықтармен шектелмейтінін, оның мемлекеттер арасында ортақ нормалар мен ережелерді қалыптастыру, сәйкестік пен өзара сенімді нығайту үдерістерін қамтитынын көрсетеді. Бұл тұрғыда аймақтық ұйымдар тек нарықтық механизмдерді үйлестіретін құрал ғана емес, сонымен бірге мемлекеттер арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттестікті институционалдандыратын маңызды алаң болып табылады.

Осылайша, Friedrich List «үлкен нарық кеңістігі» тұжырымдамасы, Karl-Hermann Schmidtтің «ірі геокеңістіктер» теориясы, Béla Balassаның ықпалдастықтың кезеңдік моделі және Ю. Шишковтың тарихи-мәдени көзқарасы – ШЫҰ-ның экономикалық құрылымын түсінуде маңызды әдіснамалық негіздер ретінде қолданылды. Сонымен қатар олардың экономикалық ықпалдасуға қатысты идеялары аймақтық ұйымдардың экономикалық негізін түсіндіруге мүмкіндік береді, ал постбатыстық және әлеуметтік конструктивистік көзқарастар олардың бірегейлік қалыптастыру, нормалар мен құндылықтарды орнықтырудағы рөлін айқындайды. Мұндай кешенді талдау аймақтық ұйымдарды қазіргі халықаралық тәртіптің маңызды әрі көпқырлы элементі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Институционализм аймақтық ұйымдар аясындағы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды нығайту механизмі ретінде қарастырды. Кеохейн мен Найдның өзара тәуелділік және ынтымақтастық теориясы мемлекеттер арасындағы көпсалалы байланыстар мен өзара әрекеттестіктер аймақтық ұйымдардың өміршеңдігіне ықпал ететінін дәлелдеді. Ал постбатыстық және әлеуметтік конструктивистік тәсілдер аймақтық ұйымдарды әр өңірдің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне негізделген бірегей құрылымдар ретінде сипаттап, олардың ортақ нормалар мен сәйкестікті қалыптастырудағы рөлін ашты.

Аймақтық ұйым ретінде ШЫҰ-ның дамуы осы жоғарыда аталған теориялық пайымдаулармен тікелей байланысты. Ұйым әлі толық ықпалдастырылған құрылым болмағанымен, оның Жарғысы мен құжаттарында экономикалық ынтымақтастық пен бірлескен даму принциптері көрініс тапқан. «Шанхай бестігі» шеңберінде басталған ынтымақтастық шекаралық өзара сенім шараларынан басталған бұл үдеріс бүгінде халықаралық көлік-логистика, энергетика, қаржы және мәдениет салаларында терең байланыс орнатуға мүмкіндік беріп отыр.

Осылайша аймақтық ұйымдар теориялық тұрғыдан алғанда тек экономикалық және саяси тетіктермен шектелмейді, олар өркениеттік, мәдени және әлеуметтік факторлардың өзара байланысы негізінде дамиды. Бұл тұрғыдан ШЫҰ қалыптасу және даму траекториясы әртүрлі ғылыми көзқарастарды ұштастырады.

ШЫҰ бүгінгі таңда күрделі және көпқырлы сын-тегеуріндермен бетпе-бет келіп отыр. COVID-19 індетінің әлеуметтік-экономикалық салдары, Ауғанстандағы тұрақсыздық, Украинадағы қарулы қақтығыс және Орталық Азиядағы шиеленісті жағдайлар аймақтық тұрақтылыққа айтарлықтай қауіп төндіруде. Сонымен бірге, геосаяси қақтығыстардың ушығуы Еуразия

кеңістігіндегі ірі державалар арасындағы шиеленісті жаңа деңгейге жеткізді. Ресей мен АҚШ арасындағы ашық конфронтацияның күшеюі, сондай-ақ Ресей – Еуропа қатынастарындағы қайшылықтар өңірге «жаңа қауіп-қатерлер» әкелуде.

Осы күрделі жағдайда ШЫҰ – Еуразиядағы ең ірі аймақтық ұйым ретінде тұрақтандырушы рөлін толыққанды атқаруға әлеуеті бар. Ұйым өзінің негізгі принциптері – өзара сенім, ынтымақтастық, ашықтық және өзара тиімділік аясында мүше-мемлекеттер арасындағы кең ауқымды консенсусты қамтамасыз етуге, қақтығыстан бас тартуға және әділетті, ұтымды жаңа тәртіп қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағытта ШЫҰ ашықтыққа, инклюзивтілікке және өзара пайдалы нәтижелерге негізделген басқару парадигмасын енгізу арқылы аймақтық басқаруды жаңа сапалық деңгейге көтеруді көздеуде.

Жоғарыда қарастырылған аймақтық ұйымдар теориялары (неореализм, неолиберализм, экономикалық ықпалдасу және т.б.) ШЫҰ даму логикасын түсіндіруде де өзекті. Неореализм тұрғысынан ШЫҰ аймақ мемлекеттерінің қауіпсіздік мүдделерін үйлестіру алаңы ретінде әрекет етеді, ал неолиберализм оны өзара тәуелділікті арттыратын институционалдық ынтымақтастық моделі ретінде сипаттайды. Экономикалық ықпалдасу теориялары тұрғысынан ұйымның құжаттарында көрініс тапқан бірлескен даму, сауда-экономикалық ықпалдасу және инфрақұрылымдық байланыстарды нығайту мақсаттары аймақтық ықпалдасудың бастапқы кезеңдеріне тән сипаттарды көрсетеді.

Осы теориялық пайымдауларды ШЫҰ-ға қатысты көптеген зерттеулер де растайды.

Ш. Еникеев пен А. Лукин ұйымның басқа аймақтық құрылымдармен ықпалдасуын Еуразиялық қауымдастық құруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегияның бөлігі ретінде қарастырады, бұл аймақтың экономикалық әлеуетін нығайтуға және көпполярлы тәртіпке көшуге мүмкіндік береді [71].

Р. Алимов ШЫҰ-ны мүше-мемлекеттердің даму стратегиялары мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасын үйлестіруге арналған экономикалық ынтымақтастық алаңы ретінде сипаттайды [72].

Б. Нұрғалиев ұйымды өркениеттер мен мәдениеттер тоғысқан, Еуразиядағы экономикалық дамуға ықпал ететін көпжақты сұхбат алаңы ретінде бағалайды [73].

Stephen Aris ШЫҰ-ны дәстүрлі емес қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған аймақтық механизм ретінде сипаттайды [74].

Т. Naarayarvi [75] және J. MacHaffie [76] ұйымның аймақ елдері арасында сенім қалыптастырудағы және ынтымақтастықты кеңейтудегі рөлін атап өтеді. Anjali Choudhari Anadi ШЫҰ кеңістігіндегі географиялық, мәдени және тарихи факторлардың жаңа аймақшылдық қағидалары мен ережелерін қалыптастырудағы маңызын көрсетеді [77].

Халықаралық ұйымдардың мәнін түсіндіруде зерттеушілер арасында әртүрлі теориялық ұстанымдар қалыптасқан. Дәстүрлі түрде батыстық зерттеушілер халықаралық ұйымдарды белгілі бір топ елдердің немесе саяси-экономикалық элиталардың мүддесіне қызмет ететін, алдын ала белгіленген ережелерді бекітіп, сол негізде шешім қабылдауға әсер ететін құрылымдар

ретінде қарастырады. Мысалы, бірқатар ресейлік зерттеушілер халықаралық ұйымдардың қызметін көбіне саяси және экономикалық мақсаттары бар топтардың шешімімен жүзеге асатын үдеріс ретінде сипаттайды. Ал басқалары халықаралық ұйымдарды жарғылық құжаттарға сәйкес ортақ мақсаттарды жүзеге асыру үшін үш немесе одан да көп мемлекеттің бірігуімен құрылған құрылым деп түсіндіреді.

Осылайша батыстық ғылыми дәстүрдегі теориялар халықаралық ұйымдардың мәнін рационалистік шеңберде – мүдде, ереже және шешім қабылдау үдерісімен байланыстырады. Алайда мұндай көзқарастар көбіне әмбебап сипатқа ие болмай, нақты өркениеттік контекст пен аймақтық ерекшеліктерді ескерусіз қалдырады. Бұл теориялық шектеулер әсіресе Орталық Азия мен Шығыс Азиядағы аймақтық ұйымдардың, соның ішінде ШЫҰ-ның дамуын түсіндіруде айқын сезіледі. Осыған байланысты қытайлық зерттеушілердің еңбектерінде халықаралық ұйымдардың мәнін, мақсаты мен қызметін реляциялық және мәдени тұрғыдан түсіну қажеттілігі туындаған.

Тұжырым

Жалпы алғанда, аталған теориялар аймақтық ұйымдардың көпқырлы табиғатын және олардың қазіргі халықаралық қатынастардағы орны мен маңызын көрсетеді. Алайда, бұл тәсілдер көбіне батыстық ғылымға сүйеніп, ұйымдарды мемлекеттердің саяси мүдделері, нарықтық ықпалдасу немесе институционалдық тетіктері тұрғысынан ғана түсіндіреді. Олар ұйым аясындағы мемлекеттердің әлеуметтік-мәдени байланыстарын, өзара сенім мен келісім рөлін ескере бермейді.

Осыған байланысты, ШЫҰ-ны түсіндіруде аталған батыстық теорияларды толықтыратын қытайлық тәсілді теориялық тұрғыдан негіздеу қажеттілігі туындайды. Бұл тәсіл халықаралық қатынастарда бейбіт өмір сүру, өзара сенім және ортақ мүдделерге негізделген серіктестік принциптеріне сүйенеді. Бұған қоса бұл тәсіл Қытайдың ШЫҰ аясындағы аймақтық және жаһандық рөлін жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді. Қытай ШЫҰ-ны тек аймақтық ұйым ретінде ғана емес, көпполярлы әлемге өтуді жеделдететін, аймақтық келісім мен үйлесімді дамытуды қамтамасыз ететін алаң ретінде қарастырады.

«Қытай сыртқы саясатындағы қытайлық тәсіл концепциясы: идеологиялық және стратегиялық негіздері» бөлімінде осы қытайлық тәсілдің теориялық бастаулары мен ШЫҰ шеңберіндегі іске асу ерекшеліктері жан-жақты талданады.

Аймақтық ұйымдар қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің негізгі элементтерінің бірі ретінде тек саяси немесе экономикалық феномен ғана емес, сонымен қатар халықаралық тәртіптің тұрақтылығы мен дамуына ықпал ететін күрделі құрылымдар болып табылады. ШЫҰ тәжірибесін әртүрлі теориялық тәсілдер тұрғысынан талдау бұл ұйымды геосаяси және экономикалық өлшемдермен шектемей, мәдени және өркениеттік өзара әрекеттестік алаңы ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, ШЫҰ экономикалық, саяси және мәдени факторларды үйлестіре отырып, өркениеттік

әртүрлілікті сақтайтын және өзара тәуелділікті арттыратын, көпполярлы халықаралық тәртіптің маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағаланады.

1.2 Қытай сыртқы саясатындағы қытайлық тәсіл концепциясы: идеологиялық және стратегиялық негіздері

Қытайдың ШЫҰ аясында мемлекеттермен қарым-қатынас орнату тәсілдерін түсінуде және зерттеуде реляциялық эпистемологияға (relation – қарым-қатынас, episteme – ілім) сүйену маңызды болып табылады.

Қытайдың сыртқы әлемге көзқарасының реляциялық сипатын алғаш рет 1934 жылы француз қытайтанушысы Марсель Гране зерттеген. Ол жүйелі түрде қытай қоғамы мен санасының ерекшелігін әлеуметтік және мәдени антропология тұрғысынан қарастырған. Ол «қытайлықтар әлемді жеке объектілер жиынтығы түрінде емес, өзара байланысқан құбылыстардың біріккен алаңы деп қабылдайды» деп тұжырымдады [78].

Ал батыс ғылымы каузалдық эпистемологияға сүйене отырып, субъектілір арасындағы қатынастарды - оның жеке мәнді бірлік ретінде бағалайды [79]. Жүйе ішіндегі әрбір элемент пен оның байланыстары жеке әлеуметтік құрылым сипатында қарастырылады [80].

Осылайша Қытай мен Батыстың әлемдік жүйеге қатысты көзқарастары реляциялық тұрғыдан бір бірінен ерекшеленеді.

Қытайдың дүниетанымының реляциялық сипатын терең зерттеген ғалымдардың қатарында Я. Роскер [81], Ч. Дунсунь [82] атап өтуге болады. Я. Роскер қытайлық эпистемологияны – қытайлық реляциялық таным жүйесі ретінде зерттеген. Ал Чжан Дунсунь қытайлық сананда эпистемология мен онтологияны бөлмей қарастырып, болмыс – бұл жеке заттардың жиынтығы емес, өзара тәуелді қатынастардың динамикалық жүйесі деп тұжырымдаған.

Осы аталған тұжырымдамалардың негізінде Қытайдың заманауи зерттеушісі Цин Яцин халықаралық жүйедегі акторлардың мәні - олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың маңыздылығымен және олардың даму қарқындылығымен айқындалады және осыған байланысты әлеуметтік немесе халықаралық саяси болмыстар тұрақты құрылым емес, керісінше үнемі қарқынды дамып, өзгеріп отыратын үдеріс ретінде қарастыруда [83].

Сонымен қатар бұл үдерісте мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық тек формалды ережелерге ғана емес, ең алдымен өзара сенімге, өзара тәуелділікке және қарым-қатынасқа негізделеді. Бұл тұрғыда ол Қытай философиясындағы «үйлесімділік диалектикасы» («Zhongyong Bianzhengfa») ұғымын халықаралық қатынастарды түсіндіруде маңызды әдіснамалық негіздердің бірі ретінде қарастырады [84].

Осыған орай оның мәні – мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды қақтығыс арқылы емес, «тепе-теңдік» пен «ортақ үйлесімділік» арқылы шешу екендігі айқындалады.

Цинь Яцинның осы тәсілді халықаралық қатынастар жүйесін өзара байланыстардың мазмұны мен сапасына негізделген үдеріс ретінде қарастыруы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды онтологиялық деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді. Қарым-қатынастардың тұрақтылығы мен

сенімділігі үйлесімділік диалектикасына сүйеніп дамиды, ал бұл өз кезегінде ынтымақтастық пен келісімге негізделген баламалы басқару үлгілерін қалыптастыратыны анықталады.

Осылайша, Цин Яцин биліктің қалыптасу тетіктерін, ықпалдасу үлгілерін және ғаламдық басқару жолдарын жаңа тұрғыдан қарастырады. Оның бұл теориясы қатынастық басқару моделіне де келеді және оның мазмұны мен мәні қытайлық мәдени-этикалық негіздерге сүйенеді. Мысалы, «ли басқару тәртібі» («Lizhi Zhixu») немесе «иерархиялық қатынастар үлгісі» («Chaxu Geju») [85]. Негізінен бұл тәсіл халықаралық қатынастар ережелерін мүлдем жоққа шығармайды, керісінше олардың мазмұнын толықтырады. Осы арқылы Цинь Яцин халықаралық қатынастарды тек батыстық теориялармен ғана емес, қытай өркениетінің философиялық негіздерімен де түсіндіруге болатынын жеткізуде. Сондай-ақ бұл тәсіл халықаралық қатынастарды зерттеуге шығыстық тәсілді енгізіп, мәдени сұхбатты дамытуға мүмкіндік беретінін де жоққа шығара алмаймыз.

Цинь Яцин мемлекеттердің мүдделері олардың ішкі тұрақты сипаттарынан емес, өзара байланыстардың дамуы мен трансформациясынан туындайды. Осыған сәйкес аймақтық ұйымдарды мемлекеттер арасындағы күш тепе-теңдігі мен бәсекелестігіне емес, өзара байланыстарға, сенімге және үйлесімділікке негізделген құрылым ретінде қарастырады. Қытайлық зерттеуші халықаралық қатынастарды акторлардың жеке әрекеттерінің жиынтығы ретінде емес, олардың арасындағы үздіксіз өзгеріп отыратын байланыстар үдерісі деп түсіндіреді. Бұл тәсіл әлеуметтік-қоғамдық үдерістерді халықаралық жүйенің маңызды элементі ретінде қарастырып, халықаралық қатынастарды түсіндірудің жаңа парадигмасын қалыптастыруда. Сонымен қатар бұл ШЫҰ-дағы консенсус тәжірибесін түсіндіруге және әлеуметтік-қоғамдық процестерді халықаралық жүйенің негізі ретінде қарастырды.

Цин Яцин «қарым-қатынас онтологиясына» сүйенсе, Чжао Тиньян әлемдік тәртіпті және халықаралық жүйені Г. Лейбництің «compossibility» ұғымы мен И Цзин іліміндегі «үйлесімділік онтологиясы» негізінде өркениеттік «үйлесім» мен «тұтастыққа» негізделген философиялық тұрғыда тұжырымдайды. Бұл концепция негізін келесі үш қағида құрайды.

Бірінші қағида – әлемнің тұтастығы, яғни ешқандай сыртқы дүниесіз («Wuwai») тұтас әлемдік жүйе қалыптастыру.

Екіншісі – өзара қатынастық қағидасы мемлекеттер арасында қақтығыстарды азайтуға немесе мүлдем жоюға бағытталуы керек.

Үшінші қағида – «confucian improvement», бұл халықаралық жүйені үздіксіз моральдық тұрғыдан жетілдіру және үйлесімді дамыту болып табылады.

Чжао Тиньянның пікірінше, егер саясат жауласуды азайта алмаса, ол саясат болудан қалады да, соғысқа айналады. Сондықтан «соғыс – саясаттың жалғасы» деген тұжырымдаманы жоққа шығарып, керісінше соғысты саясаттың сәтсіздігі ретінде бағалайды [86].

Осылайша Чжао Тиньян тұжырымдамасы саяси-философиялық тұрғыда қақтығысқа емес, өзара келісімге негізделген «әлемдік тұтастықты» ұсынады [87].

Бұл тұжырымдама «әлемнің бірігуі» арқылы сыртқы қатынастарды әрбір мемлекет пен қоғамның ішкі құндылықтары ретінде қабылдауды ұсынады. Бұған қоса, өркениеттер арасындағы үйлесімділікті басты шарт ретінде қарастырып, осының бәрін жаһандық басқарудың іргетасы етіп қалыптастырады. Қытайлық ғалымның бұл концепциясы ШЫҰ аясында «егемендікті құрметтеу және «мәдени әртүрлілікті қолдау» принциптерімен де үйлесім табады.

Алайда W. Callahan «Тянься жүйесі» шын мәнінде «жасырын мәдени гегемония» түрін қамтуы мүмкін деп тұжырымдайды. Себебі Чжао Тиньян «ерекшеліктерді бірегейлеу» идеясын алға тартады, яғни әртүрлі мәдениеттер ортақ нормативтік парадигмаға сәйкестендіріледі. Каллахан мұны белгілі бір дүниетанымды әмбебап етуге бағытталған үстемдік ұмтылыспен салыстырады. W. Callahan Чжао Тиньянның идеясын «шын мәнінде мәдени көптүрлілікті мойындай ма, әлде оны қытайшылдық мәдени біркелкілікке айналдырып, қытай мәдениетін әмбебап стандарт ретінде ендіре ме» деген мәселені алға тартады [88].

Осылайша ол «Тянься жүйесінің» іс жүзінде жаңа гегемониялық формаға айналу қаупін жоққа шығармайды. Мұндай жағдайда әлемдік иерархиялық тәртіп орнығып, «басқалардың» қосылуы бағынышты сипатта жүзеге асады. W. Callahan «Тянься ежелгі қытайлық империялық басқару үлгісінің жаңартылған нұсқасын қайта өндіреді, онда иерархия мен жоғары мәдениеттің орталық рөлі үстем болып қала береді» деп тұжырым жасайды. Бұл Чжао Тиньян моделінің басқа ұлттар мен жеке тұлғалардың мәдениетін құрметтеу тұрғысынан тиімділігіне күмән келтіреді.

Янь Сюэун халықаралық қатынастардағы ірі мемлекеттердің рөлін тек қана материалдық күшпен емес, сондай-ақ «моральдық беделмен» анықтайды. Бұл «моральдық реализм» («Daoyi Xianshizhuyi») - халықаралық әскери немесе экономикалық үстемдік арқылы емес, ортақ игілікке қызмет ету, әділеттілік пен өркениеттік көптүрлілікті құрметтеуді білдіреді [89]. Янь Сюэун «бедел-заңдылығы» («Xinyudu - Nefa xing») арқылы халықаралық тәртіпті қалыптастырудың жаңа моделін ұсынады. Бұл модельге сәйкес, тәртіп тек материалдық күшке емес, сонымен қатар мемлекеттердің моральдық беделі мен халықаралық құқықтық нормаларды қамтамасыз ету қабілетіне сүйенеді. Қытай осыны негізге ала отырып, өзін дәстүрлі гегемон ретінде емес, ортақ игілікті ұсынатын көшбасшы мемлекет ретінде таныстыруға ұмтылады. Мұндай көзқарас халықаралық қатынастарда өзара сенім мен өзара тәуелділікті күшейтіп, аймақтық және жаһандық деңгейде тұрақты тәртіп орнатуға бағытталады [90].

Осы тұрғыда Қытайдың «ортақ тағдыр қауымдастығы» («Renlei Mingyun Gongtongti») идеясын ілгерілетуі оның моральдық беделін көтеруді көрсетеді. Мұндай тәсіл қытайлық сыртқы саясаттың ерекшелігін айқындап, ШЫҰ сияқты аймақтық құрылымдардағы көпжақты ынтымақтастықтың құндылықтық негізін

күшейтеді. Янь Сяотунның концепциясы «қытайлық тәсілдің» мәнін материалдық күш пен моральдық беделдің үйлесімділігін теориялық деңгейде негіздейді [91].

Қытайлық тәсілді тек Қытайға ғана тән құбылыс емес, жалпы Азия аймағындағы мәдени-нормативтік ерекшеліктер ретінде де қарастырылады. Бұл идеяны алғашқылардың бірі болып Л. Руе негіздейді. Оның пікірінше, Азиядағы саяси дамуды билік пен өкілеттілікке қатысты мәдени түсініктер арқылы ғана түсіндіруге болады. Л. Руе Азиядағы саяси дамуды билік пен өкілеттілік туралы мәдени түсініктер арқылы қарастырады. Саяси институттар мен билік қатынастары тек құрылымдық-функционалдық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге мәдени-өркениеттік негізде де айқындалады. Сондықтан Азия қоғамдарындағы саяси тәжірибені Батыстың теориялық өлшемдерімен толық түсіндіру мүмкін емес [92].

Л. Руе ең алдымен биліктің мәдени негіздеріне назар аударады. Батыс қоғамдары саяси дамуды құқық үстемдігі және «рационалды бюрократия» қағидалары арқылы сипаттаса, Азия халықтары үшін топтық «үйлесім», «әлеуметтік иерархия» және «беделге құрмет» шешуші мәнге ие. Бұл ерекшелік Азиядағы саяси жүйелердің легитимдігін түсінуде негізгі өлшемге айналады.

Осының негізінде Л. Руе Азиядағы саяси дамуды Батыспен салыстырады. Ол рационалды-құқықтық бюрократияға негізделген батыстық модернизация үлгілері Азияға толық сәйкес келмейтінін көрсетеді. Азия қоғамдары әлеуметтік «үйлесімді» және «мәдени дәстүрді» сақтай отырып, өзіндік балама «заманауи модельдерді» құра алады.

Оның пікірінше, Азиядағы өзгерістер Батыстан өзгеше жаңа қоғам үлгісін қалыптастырады. Бұл азиялық модел Батыс өркениетінен ерекшеленгенімен, яғни әлеуметтік жіктелуден арылтады, бірақ сонымен қатар билікке шамадан тыс тәуелділікті тудыруы ықтимал.

Осылайша, Л. Руе еңбегі Азиядағы билік пен саясатты зерттеудің мәдени-нормативтік өлшемін ашып көрсетіп, оны халықаралық қатынастар мен саяси теорияға енгізудің маңыздылығын дәлелдейді. Оның пайымдауынша, батыс қоғамында саяси институттар құқықтық қағидаларға негізделсе, Азия қоғамдары топтық бірлікке, әлеуметтік иерархияға және үйлесімге көбірек мән береді. Гуаньси осы онтологияның мәдени-нормативтік көрінісі ретінде «сенім», «бедел» және «ұзақмерзімді міндеттемелерді» реттейтін құндылықтар жүйесін айқындайды [93].

Л. Руе бұл тұжырымдары қытайлық тәсілдің мәдени және реляциялық табиғатын түсіндіруге теориялық негіз қалыптастырады. Қытайдың халықаралық қатынастарға реляциялық тұрғыдан қарауы Азия мәдениетінің «қарым-қатынастық» және «беделге» негізделген ерекшеліктерімен тікелей байланысты.

Қытайлық тәсілдің реляциялық негізін түсіндіруде В. Latour «қандай да бір актордың мәні өзге акторлармен байланыс орнату және өзара әрекеттесу арқылы ашылады» деп тұжырымдайды [94].

Бұл көзқарас та «қытайлық тәсілдің» қатынас арқылы мәнінің ашылуын растайды.

Сонымен қатар, В. Latour мен М. Callon акторлардың материалдық және әлеуметтік байланыстары ірі құрылымдардың қалыптасу логикасын түсіндіруге мүмкіндік беретінін атап өтеді. Сонымен қатар материалдық және әлеуметтік байланыстарды қатар қарастыру да әлеуметтік ұйымдар мен құрылымдардың даму эволюциясы – олардың өзара әрекеттесу қарқыны мен сипатын айқындайды [95].

Бұл тұжырым аймақтық ұйымдардың, соның ішінде ШЫҰ-ның эволюциялық сипаты мен қарқынын түсіндіруге де мүмкіндік береді. Яғни ұйым ішіндегі мемлекеттер, нормалар өзара байланыс арқылы ғана мәнге ие болып, ортақ тәртіп қалыптастырады. Осылайша, қытайлық тәсілдің реляциялық онтологиясы халықаралық қатынастардағы постбатыстық теориялық ізденістермен үйлесім табады.

Дегенмен Қытай халықаралық қатынастар жүйесінде басқа елдермен ынтымақтастық орнатуды өз мүддесіне бейімдеуге ұмтылатыны да байқалады.

Сонымен қатар Қытайдың ықпал ету әрекеті нормативтік сипатқа ие, себебі ол ынтымақтастықтың болмысын өз нормаларына сәйкес құруға тырысады.

Осы аталған теориялық тұжырымдамалар батыстық теорияларға сәйкес ШЫҰ-ны тек күштік немесе институционалдық тепе-теңдік логикасы тұрғысынан ғана бағалап қоймай, оның әлеуметтік байланыстары тұрғысынан саралауға мүмкіндік берді.

Батыстық теориялар халықаралық қатынастарды көбіне мүдделер тепе-теңдігі және билік балансы арқылы түсіндірсе, қытайлық көзқараста реляциялық тәсілге мән береді, яғни Қытай үшін субъектілер немесе акторлар маңызды емес, олармен өзара әрекеттесу үдерістері, өзара тәуелділік қалыптастыру және қарым-қатынастың сапасын арттыру маңызды. Бұл Қытай үшін «қарым-қатынастың» мәні мен Қытайдың әлемді өзара байланысқан желі ретінде қабылдайтынын растайды. Бұл ШЫҰ аясында айқын көрініс табуда.

Осылайша жоғарыда сипатталған зерттеушілердің тұжырымдамалары негізінде «қытайлық тәсіл» онтология мен эпистемология негізінде реляциялық теорияға сүйенеді.

Реляциялық онтология/эпистемология – бұл әлеуметтік және саяси құбылыстарды тану мен олардың болмысын өзара байланыстар арқылы анықтайтын философиялық тәсіл.

Бұл батыстық негізгі парадигмаларға (неореализм, неолиберализм, конструктивизм) балама тәсіл болып табылады. Мысалы, Уолтцтың күш балансы және Кеохэйннің институттар арқылы ынтымақтастық логикасы қатынастардың маңыздылығын білдірсе, қытайлық реляциялық теория «қарым-қатынас» өзіндік «онтологиялық бірлікке» айналады, яғни мемлекеттердің болмыстық мәні – олардың өзара байланыстарының сапасы мен қарқынына тәуелді. Бұл келісім мен сенімді біртіндеп жинақтау, эскалацияға жол бермеу немесе бейімдеу, сұхбат жүргізуді тоқтатпау арқылы нәтижеге жетеді.

Гуаньси – қарым-қатынас желісі

Қытай қоғамындағы өзара тәуелділік пен иерархиялық өзара байланыстардың негізі – ол гуаньси. Гуаньси өзара қарым-қатынастағы немесе

байланыстағы этикалық нормаларды талап ететін және оларды реттейтін жүйе. Әрбір болмыс осы күрделі құрылымданған және этикалық нормалармен реттелетін «гуаньси» желісінің ажырамас бөлігі болып саналады.

Гуаньси (guanxi) - сенім, бедел (miànzī), өзара міндет (yìwù) және ұзақмерзімді байланыс әрекеттеріне сүйенетін әлеуметтік-нормативтік құбылыс. Ол қытай қоғамында күнделікті жеке адамдар деңгейінен бастап мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік қатынастарда көрінеді. Гуаньси - қарым-қатынасты құндылық деп таниды, яғни бұл серіктесті «жәй субъект» емес, «әлеуметтік рөлдер контекстіндегі» әріптес ретінде қарастырады. Гуаньсидің құндылықтық негіздері конфуцийшілдік этикамен сабақтас, яғни ізгілік (gén), моральдық борыш (yì), рәсім/әдеп (lǐ) – қарым-қатынас мәдениетінің тіректері. Гуаньсидің желілік табиғаты «беделді» статикалық мәртебе емес, процессуалдық ретінде түсіндіреді, яғни қарым-қатынаста сенімді ақтау, уәдені орындау, келісімге беріктік арқылы уақытпен сыналады және жинақталады [96].

Цин Яцин реляциялық онтология мен «гуаньси» ұғымдары арасындағы логикалық байланысты қарастыра отырып, гуаньси - реляциялық онтологияның мазмұны болса, ал реляциялық онтология - гуаньси феноменін түсіндіруге мүмкіндік беретін философиялық негіз деп ұсынылады. Ол әртүрлі (мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси) деңгейде қарым-қатынастар жүйесін құрады, өзара тәуелділікті арттырады деп тұжырымдайды [97].

Гуаньсиді үш деңгейде қарастырады: онтология (болмыс туралы ілім), феноменология (қатынасты түсіндіру тәсілі) және аксиология (құндылықтар жүйесі). Осы үш деңгей гуаньсидің «неге маңызды?», «қалай көрінеді?» және «қандай құндылықтарға сүйенеді?» деген сұрақтарға жүйелі жауап береді.

Л. Руе гуаньсиді «қытайлықтардың саяси мінез-құлқының ең іргелі қасиеттерінің бірі» деп сипаттайды. Бұл ұзақ мерзімді қарым-қатынастың нәтижесінде болмыстың немесе құбылыстың қасиеті, мәні мен мағынасы ашылады дегенді білдіреді [98].

Конфуций іліміндегі тұлға болмысы басқалармен үздіксіз қарым-қатынас пен байланыс арқылы айқындалады, яғни «екі адам болмаса – адам да болмайды» деген тұжырым осы реляциялық онтология мен гуаньсидің өзегін білдіреді. Демек, тұлғаның қасиеті де, өзге адамның қасиеті де тек үздіксіз өзара әрекет барысында ашылады.

Осы көзқарастан туындайтын гуаньси жеке мақсатқа жетудің құралы ғана емес, тұлғалық қатынастарды құндылық деп танитын модель. Мұнда тараптар бір-бірін оқшау субъект ретінде емес, әлеуметтік рөлдер контекстінде қабылдайды. Сондықтан гуаньсидегі «рөлдер» сырттан бекітілген тұрақты категориялар емес, өзара әрекет жағдайына қарай үнемі өзгеріп, икемделетін құрылымдар. Осы икемділік қатынастарды ұзақ мерзімге орнықтырып, сенім мен міндеттемені жинақтауға мүмкіндік береді.

Гуаньси екі иероглифтен тұрады: «guan» - «өтпе, өткел, байланысты жабу/ашу, ал «xi» - «байланыс, қатынас». Бұдан гуаньси тек біржақты ғана емес, кейде «екі қырлы» құбылыс екендігін көруге болады (Егер есік ашылса, онда қарым-қатынас бар, егер есік ашылмаса, онда байланыс болмайды).

Алайда ШЫҰ контекстінде бұл «ашықтықты» білдіреді, яғни қатысуға ашық күн тәртібі және көпдеңгейлі серіктестік алаң арқылы қалыптасады.

Осылайша гуаньси тұлғаларды немесе акторларды өзара байланыстыратын бейресми әлеуметтік институт ретінде көрінеді. Ол қытай қоғамының барлық деңгейлерінде бизнесте де, саясатта да әрекет ететін әлеуметтік жүйе. Гуаньсидің философиялық негізі конфуциандық этикет: қарым-қатынас пен рөл шеңберінде «дұрыс әрекет» жасауға ерекше мән беріледі. Гуаньси тәжірибелері конфуциандық ізгіліктерден (адамгершілік, әділдік, әдептілік, даналық) бастау алып, бес негізгі реляциялық үлгі (басқарушы-атқарушы, әке-бала, аға-іні, дос-бауыр) арқылы іске асады. Әрбір үлгінің өзара міндеттер мен тәртіп ережелері бар. Мұндай принциптерді ұстану еркіндікті шектеу емес, керісінше тұлғаның өз еркімен қатынастардағы үйлесімділікті сақтау ниетін білдіреді. Тұлға әлеуметтік рөлін орындау арқылы тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етуді көздейді.

Осы тұрғыда гуаньси жүйесіндегі тіпті «тік» байланыстар (мысалы, үлкен мен кішінің арақатынасы) да мәжбүрлеу емес, өзара тиімділікке сүйенеді. Әр тарап өз рөліне сай әрекет етеді және ұзақ мерзімді сыйластық пен міндеттемелерге негізделген қатынастарды құрайды. Батыс мәдениетіндегі іскерлік қатынастар көбіне келісім-шарт шеңберінде қысқа циклды транзакцияларға құрылса, гуаньси үлгісінде сенім біртіндеп қалыптасады және қатынас уақытпен дамиды, үдеріс ретінде қарастырылады. Тараптар пайдадан ғана емес, болашақтағы ынтымақтастықты жалғастыру мақсатына жетуді көздейді. Қытайлықтар серіктесін өзінің ұзақ мерзімді мүдделерінің бір бөлігі ретінде қабылдайды. Бұл стратегиялық ұстаным уақыт сынына төтеп беретін берік байланыстарды қалыптастырады.

Осы орайда халықаралық қатынастар тек байланыс орнататын құрал немесе мемлекетаралық мәселелерді шешу механизмі ғана емес, сонымен бірге үздіксіз өзара әрекеттесуге дайын реляциялық үдеріс ретінде тұжырымдалады.

Сондықтан гуаньси халықаралық қатынастарда тек «өзара әрекеттесу үлгісі» ғана емес, «сенім», «бедел» және «этикалық міндеттемелерге» негізделеді. Оның негізінде құқықтық шарттардан гөрі моральдық жауапкершілік пен бейресми келісімдер жатыр. Мұндай байланыстар ерікті түрде қалыптасады және ұзақ мерзімді мақсаттарды көздейді.

Е. Kavalski 2010 жылғы «Shanghaied into Cooperation» мақаласында Қытайдың Орталық Азиямен әлеуметтік байланыс тәжірибесін зерттеген. Ол Қытайдың аймаққа ықпалын экономикалық мүдделермен шектелмей, әлеуметтік нормалар мен саяси тәжірибелерді ендіру арқылы да жүзеге асатынын көрсеткен [99].

Халықаралық қатынастарда гуаньси – «қатынасты басқару» тетігі болып табылады. Қатынастарды басқару тетігінің маңызды элементтерінің бірі – ол «алдын ала қатысу» принципі. Бұл принцип жаңа әріптеспен қатынас формалды келісімге дейінгі кезеңде сенім қалыптастыруға, тұрақты сұхбатқа және күдік пен қайшылықты алдын ала азайтуға бағытталады. Оның мазмұнын төмендегідей реттілікпен жүзеге асырылады:

алдын ала араласу - жағдай шиеленіспей тұрып дипломатиялық/экономикалық қатынас орнату;

тәуекелдерді азайту - ықтимал қауіптерді ерте кезеңде бақылауда ұстау;

диалог пен сенім құру - қарсыластықтың орнына жүйелі байланыс арқылы сенім жинақтау;

шектелген/бақыланатын қатысу - қауіпсіздік және моральдық талаптарды сақтау [100].

Осылайша гуаньси реляциялық дипломатияға қажетті «сенім кеңістігін» құрады.

Осы ұстанымдар Қытайдың ШЫҰ кеңістігіндегі сыртқы саяси тәжірибесінде реляциялық дипломатия ретінде консенсус, теңдік және ішкі істерге араласпау принциптерімен ұштасады. Мысалы, Си Цзиньпин дәуіріндегі Қытайдың сыртқы саясаты «алдын ала қатысу» (precautionary engagement) принципіне сүйенеді. Болашақ серіктестіктен туындауы мүмкін қатерлерді азайту үшін формалды келісімге дейін тұрақты сұхбат пен сенімді алдын ала қалыптастырады.

Жалпы Қытай дипломатиясында «алдымен байланыс орнатып, келіссөздер арқылы сенім орнату» тәсілі жиі қолданылады. Мұндағы «precautionary engagement» ешбір тарапты оқшауламай, моральдық, мәдени және тарихи контексті ескере отырып, сенімді біртіндеп құруға бағытталған амал. Бұл дәл гуаньси логикасына сәйкес ынтымақтастықты асықпай, кезеңдеп тереңдету, қатысушыларды жеке қысқа мерзімді мақсаттардан гөрі өзара тәуелділік пен моральдық міндеттемелерге бағдарлау.

Гуаньси жүйесіндегі негізгі реляциялық құндылықтың тағы бірі – ол «бедел» (reputation). Қытайдың реляциялық онтологиясында «бедел» - жеке тұлға/актордың абстрактілі қасиеті емес, әлеуметтік кеңістікте қатынастар арқылы қалыптасатын әлеуеті. «Бедел» статикалық мәртебе емес, процессуалдық және контекстік құбылыс, ол өзара сенім, келісімге беріктік және моральдық жауапкершілік нәтижесінде уақыт өте жинақталып отырады. Демек, бедел тұлғаның «ішкі қасиеттерінен» гөрі оның өзара әрекетке қалай жауап беретініне және қандай қатынас үлгілерін орнататынына тәуелді.

Осыдан келіп, гуаньси саяси және экономикалық ресурстарға тікелей қол жеткізудің құралы ретінде емес, әлеуметтік байланыстарды орнатып, оларды тұрақты қолдау мен дамытуға арналған механизм ретінде түсіндіріледі. Мұндай қатынастар ерікті түрде қалыптасады, ұзақ мерзімді мақсаттарды көздейді және сенім, адалдық, міндеттемеге беріктік сияқты өлшемдерге сүйенеді.

Гуаньси логикасы акторды тек өз мүддесіне емес, қарсы тараптың мүдделері мен екі арадағы байланыс құрылымына назар аударуға итермелейді. Осы тұрғыдан «бедел» уәдені орындау мен келісімдерді сақтау қабілетіне тәуелді реляциялық әлеует, ол нақты тәжірибе арқылы қалыптасып, уақыт өте нығаяды.

Қытай сыртқы саясатында «бедел» қалыптастырудың маңызды тетіктерінің бірі - қарсы тарапты құрметтеу, оның ерекшелігін мойындау арқылы өз беделін нығайту. Бұл тәсіл көне қытай ойшылдарының идеяларына сүйенетін және қазіргі дискурста кең қолданылатын ұстаным. Қытай өз

мәртебесін көтеруді өзге елдердің автономиясын құрметтеу, олардың ұстанымдарына мән беру арқылы іске асырады.

Мұндай көзқарас «алдын ала қатысу» (precautionary engagement) принципімен ұштасады, формалды келісімге дейін-ақ тұрақты сұхбат пен сенімді алдын ала қалыптастыру арқылы ықтимал қатерлерді азайту және өзара пайдалы серіктестікке жол ашу.

Гуаньси ұғымы бейімділік пен икемділік логикасын білдіреді, ал икемділік - қатынасты сақтап қалудың әрі тереңдетудің стратегиялық құралы. Реляциялық онтология тұрғысынан алғанда, Қытай әлемді түсінуде материалдық-құрылымдық өлшемдерден гөрі қатынастардың өзіне басымдық береді, демек, саясаттың өзегі - байланыстардың сапасы мен үдерісі.

Қатынастардың әлеуеті кемінде екі деңгейде көрінеді. Біріншіден, өзара байланыстар мен өзара әрекеттесу желілері субъектінің мүмкіндіктерін ашады. Екіншіден, сол қатынастар болашақтағы қадамдарға бағыт береді және шешім қабылдауға негіз қалыптастырады. Реляциялық логикаға сай, қандай жағдай туындаса да, тараптар сенімге сүйеніп, қатынасты жалғастыруға ұмтылуы тиіс.

Осы тұрғыдан бедел статикалық мәртебе емес, процессуалдық және контекстік құбылыс: ол уәделерді орындау, келісімдерді сақтау, моральдық жауапкершілік пен адалдық сияқты өлшемдер бойынша уақыт өте жинақталады. Басқаша айтқанда, гуаньси жүйесінде бедел тұлғаның «ішкі қасиетінен» гөрі оның өзара әрекетке қалай жауап беретініне және қандай қатынас үлгісін орнататынына тәуелді. Сондықтан гуаньси саяси немесе экономикалық ресурстарға тікелей қол жеткізудің құралы емес, әлеуметтік байланыстарды орнатып, оларды тұрақты қолдау мен дамытудың механизмі ретінде қарастырылады.

Гуаньси моделі тұлғаның жеке мәртебесіне немесе оқшау агенттікке емес, үнемі өзгеріп отыратын қатынас желісіне және оның үдерістік сипатына басымдық береді. Бұл модельдегі стратегиялық мақсат – болашақтағы өзара әрекет мүмкіндіктерін кеңейту, дегенмен бұл жақындасу емес, керісінше контекске бейімделуге дайындық пен реляциялық тәжірибеге адалдықты талап етеді. Гуаньси жүйесінде ереже мен міндеттемелер сырттан таңылмайды - олар тараптардың өзара әрекетінде табиғи түрде қалыптасады. Осы себепті Қытайдың сыртқы саяси практикасында қатаң құқықтық нормалардан гөрі бейформалды әрі процесуалдық қатынас басым. Бұл модель қатаң шарт қоюдан гөрі икемділік пен серіктестікке көңіл бөледі.

Көпмәдениетті әлемде гуаньси қайталанатын өзара әрекет арқылы ортақ мүдделердің пайда болуына ықпал етіп, «үшінші мәдениет» (third culture) деп атауға болатын жаңа тәжірибе кеңістігін туғызады, әртүрлі өркениеттік элементтер синтезделіп, тараптар арасындағы сұхбат пен түсіністік тереңдейді. ШЫҰ-ның эволюциясы мен «Бір белдеу – бір жол» бастамасының ұштасуы — осы реляциялық логиканың нақты көріністері: ұзақ мерзімді, сенімге негізделген және бейформалды келісімдер арқылы әрекет ететін қытайлық дипломатиялық модельді бейнелейді.

Жалпы алғанда, гуаньси - Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының тек мәдени феномені емес, тұжырымдамалық әрі практикалық іргетасы. Бұл үлгі

халықаралық қатынастарды формалды нормалар жиынтығы ретінде емес, ұзақ мерзімді және тұрақты міндеттемелерге сүйенген реляциялық процесс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Гуаньси - сенімге, міндеттеме мен үздіксіз алмасуға құрылған бейімделгіш әлеуметтік желілерді құру және қолдау үдерісі. Ағылшын тіліндегі «relationship» терминімен салыстырғанда, гуаньси Қытай мәдениетінде терең философиялық және этикалық мазмұнмен ерекшеленеді, ол қарым-қатынасты тек техникалық деңгейде емес, мәндік деңгейде ұғынуды талап етеді.

«Қытайлық тәсіл» - сөз тіркесіндегі «тәсіл» ұғымы

Қазақ ғылыми тілінде «тәсіл» сөзі көбіне «әдіс/амал» мағынасында қолданылады [101] және келіссөз жүргізу не мәселе шешу жолдарын білдіру үшін кеңінен пайдаланылады [102]. Ол қолданылатын әдістер жиынтығы мен қарым-қатынас тәсілін де қамтиды [103].

Орыс тілінде «тәсіл» ұғымы «подход» деген сөзбен қолданылады [104].

Ағылшын тіліндегі «approach» халықаралық қатынастар теориясында парадигмаларды сипаттайтын базалық категория:

Realist approach – күш, ұлттық мүдде, анархия;

Liberal approach – ынтымақтастық, институттар, өзара тәуелділік;

Constructivist approach – нормалар, идеялар, сәйкестік;

English School approach – халықаралық қоғам мен тәртіп [105].

«Тәсіл» сөзі қытай тілінде «фаньфа» деп аударылады. Ол – тұрмыстық та, академиялық та қолданыста орныққан термин. Негізгі мағынасы – нақты әрекеттің қолданбалы жолы, шешімге бағытталған амалдар жүйесі [106].

Фаньфа екі иероглифтен тұратын ұғым.

«Фань» иероглифі - кеңістіктік бағдарды (төрт тарап), сонымен қатар белгілі бір аймақ/бағытты білдіреді. Моральдық-философиялық деңгейде «дұрыс бағыт», «қалыпты жол» деген ұғымдармен сабақтасып, жүйелілік пен тәртіпке бағынатын әрекеттің негізін сипаттайды. Конфуций дәстүрінде бұл қоғамдық тәртіп пен мінез-құлықтың үйлесімділігін сақтауға бағытталған қағидат ретінде түсіндіріледі.

«Фа» – «заң», «ереже», «өлшем» мағыналарын білдіреді және батыстық «law» түсінігімен жақын, бірақ одан кеңірек ұғым. Даосизм мен конфуцийшілдік мәтіндерде ол тек сырттан тағайындалған норма емес, онтологиялық-этикалық өлшем ретінде де қарастырылады. Дао іліміндегі «Дао табиғилықты қағида тұтады» (dào fǎ zì rán) деген сөз тіркесіндегі «фа» сөзі табиғи заңдылыққа, сырттан таңылмайтын ішкі үйлесімге негізделген әрекет моделін білдіреді.

Осылайша екі иероглиф: «фань» мен «фа» бірлігі – фаньфа «ішкі үйлесіммен дұрыс бағытты ұстауды» білдіреді.

Жалпы «фаньфа» ұғымын қытайлық тәсілдің реляциялық болмыс пен «гуаньсидің» тәжірибелік жалғасы ретінде қарастырамыз. Егер реляциялық онтология болмысты өзара қатынастар арқылы түсіндірсе, ал гуаньси сол қатынастардың мәдени-әлеуметтік мазмұнын береді, фаньфа – осы қатынастар негізінде әрекет етуге бейімделу болып табылады. Яғни фаньфа - икемді, бейресми, келісім мен үйлесімге бағдарланған процессуалдық тәсіл.

Қытай сыртқы саясатында фаньфа «әртүрлілік бірлігі», «қақтығыстан аулақ болу» сияқты принциптермен тығыз байланысты көрініс табады. ШЫҰ-да бұл принциптер «ақыл-кеңес, сұхбат және консенсусқа негізделген басқару моделінде байқалады.

Фаньфа этикалық және реляциялық өлшемді де қамтиды, «дұрыс жолмен әрекет ету» (héshi) мен «жағдайға қарай әрекет ету» (shìyìng) ұғымдары фаньфаның элементтері болып табылады. Яғни әрдайым қатынастың сипатына, контекстке, тараптар арасындағы бедел мен сенім деңгейіне сай келуді талап етіледі.

Бұл ұғым техникалық «әдіс» ғана емес, сонымен бірге контекстке, қарым-қатынасқа және жағдайға бейімделу үлгісі. Әмбебап қатаң алгоритмдерге емес, нақты жағдайдың ерекшелігіне арқа сүйейді. Халықаралық қатынастарда бұл – сұхбатқа шақыру, эскалацияны жұмсарту, сенім орнату секілді реляциялық қадамдардың басымдығын білдіреді. Мұндай түсінік қытайлық реляциялық онтологияның тәжірибелік жалғасы ретінде ШЫҰ аясындағы қарым-қатынас дипломатиясының әдіснамалық негізін құрайды. Қытайлық дипломатиялық ойлауды толық түсіну үшін онтологиялық және мәдени негіздермен қатар, әрекет ету логикасын – яғни процессуалдық стратегиясын – ашып көрсету маңызды. Осы тұрғыда «фаньфа» ұғымы, нақты жағдайға, контекст пен қатынасқа сүйенетін икемді амалдар жүйесін білдіреді, қатаң алгоритмдерге емес, мәнмәтінге бейімделуді басшылыққа алады.

Даосизмде «фаньфа» – табиғи заңдылықпен үндес, күш қолданбай әрекет ету тәсілі. Мұнда мақсатқа үйлесім арқылы жету, сырттан таңылған ережеден гөрі ішкі табиғи («ziran») амал жасау. Бұл фаньфаның «қатаң емес, бейімделгіш» сипатын күшейтеді.

Фаньфа әдісі ШЫҰ-дағы «Шанхай рухынан» айқын байқалады. Өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік, кеңесу, өркениеттердің алуан түрлілігіне құрмет және ортақ даму принциптері ұйымның ішкі және сыртқы саясатын айқындап, бейформалды, консенсуалдық сипат береді.

Сондай-ақ, «тәсіл» ұғымы әр тілде «әрекет ету» мағынасын білдіретінімен, оның семантикалық реңкі мен қолданылу аясы едәуір өзгеше болуы мүмкін. Қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдеріндегі баламаларды салыстыру «қытайлық тәсілді» ғылыми дәлдікпен түсіндіруге және оның мәдени-теориялық негіздерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «тәсіл» ұғымының халықаралық қатынастар саласына арналған арнайы отандық терминологиялық сипаттамасы ресми бекітілмесе де, ғылыми әдебиетте оның мазмұны біртіндеп нақтыланып келеді. Педагогика, әдіснама және философия салаларындағы түсіндірмелерге сүйену бұл ұғымды теориялық әрі қолданбалы деңгейде негіздеуге мүмкіндік берді. Болашақта арнайы қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктер мен ұғымдық базалар жасалғанда, «тәсілдің» ғылыми-қолданбалы сипатын толық әрі дәл айқындауға кең жол ашылады. Дегенмен қазіргі қолданыста бұл ұғымды диссертациялық зерттеудің теориялық-методологиялық аппаратында пайдалануға жеткілікті негіз бар.

Кесте 4 – Гуаньси мен фаньфаның байланысы

Құбылыс	Рөл	Икемділік пен бейімділіктің мағынасы
Гуаньси	Қарым-қатынас құрылымы	Қарым-қатынасты бұзбай бейімделу, моральдық және стратегиялық үйлесім
Фаньфа	Іс-әрекет тәсілі, әдіснама	Әрекет контекстке сай жасалуы (жағдайға қарай әрекет ету), стандарттық емес шешімдер қабылдау
Ескерту: әдебиетті талдау негізінде автормен құрастырылған.		

ШЫҰ аясында гуаньси мен фаньфа бірін-бірі толықтырып, ұйымның ішкі дипломатиялық логикасын құрайды. Фаньфа – мүше-елдердің нақты контекстке сай әрекет ету стратегиясы, ал гуаньси - сол әрекеттің мазмұнын толықтырады («сенім мен өзара құрмет» және т.б. принциптері негізінде).

Осы тұрғыдан ШЫҰ-ны Қытайдың реляциялық дипломатиясын жүргізу алаңы ретінде қарастыруға болады.

Реляциялық дипломатия.


Егер реляциялық онтология «ол не?» (қытайлық ойлау қандай логикаға сүйенеді?) деген сұраққа жауап берсе, реляциялық дипломатия «ол қалай жұмыс істейді?» деген сұраққа жауап береді. Реляциялық дипломатия келесідей құрылымнан тұрады:

- процессуалдық және контекстуалдық тәсілдер;
- жеке және институционалдық байланыстар (*guanxi*);
- сенімді (*xinyuòng*) жүйелі қалыптастыру;
- жұмсақ үйлестіру және эскалацияны жұмсарту.

Осылайша реляциялық дипломатия халықаралық қатынастардағы қытайлық тәсілдің тәжірибеде жүзеге асыру түрі.

Теориялық деңгейде қытайлық және постбатыстық зерттеушілер бұл ұстанымды баламалы тәртіп моделі ретінде түсіндіреді. Цинь Яцин халықаралық тәртіпті қатынастар арқылы өзара қалыптасатын үдеріс, ал мемлекеттерді байланыстар нәтижесінде айқындалатын акторлар деп пайымдайды. Чжао Тиньян үйлесім мен өзара тәуелділікке негізделген кеңістікті ұсынады. Amitav Acharya Азиядағы аймақшылдықты бейресми, контекстуалды және консенсуалдық сипатта түсіндіреді [107].

Қорытқанда, гуаньси, фаньфа, реляциялық дипломатия ұғымдары ШЫҰ-дағы көпжақты өзара әрекеттесудің сенім-процесс-консенсус логикасымен сәйкес келеді.



Сурет 1 – Сызықтық қытайлық тәсіл моделі

Қытайдың сыртқы саясатының өзіндік ерекшелігін түсіну үшін оның философиялық, мәдени және стратегиялық қырларын біртұтас жүйе ретінде қарастырдық. Талданған реляциялық эпистемология/онтология, гуаньси және фаньфа ұғымдары қытайлық тәсіл концепциясының өзара байланысқан элементтері болып табылады. Оларға төмендегідей анықтама берілді:

1) Реляциялық онтология – қытайлық тәсіл концепциясының философиялық негізі. Ол халықаралық қатынастарды жеке дара субъектілердің жиынтығы ғана емес, қатынастар арқылы қалыптасатын әлеуметтік жүйе ретінде түсіндіреді.

2) Гуаньси - осы онтологияның мәдени көрінісі. Әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесі сенімге, моральдық беделге және ұзақмерзімді міндеттемелер мен жауапкершілікке сүйенген иерархиялық-үйлесімді әлеуметтік желіні білдіреді. Бұл тек дипломатиялық құрал ғана емес, саяси мәдениеттің өзегі болып табылатын қарым-қатынастарды басқарудың тұрақты нормаларының жиынтығы.

3) Фаньфа - онтология мен дипломатия арасындағы әдіс. Ол жағдай мен моральға сай, келісім мен икемділікке негізделген әрекет етуді білдіреді. Нақты жағдайға бейімделуге, эскалацияны жұмсартуға және өзара сенім орнатуға бағдарлайды.

4) Осы үш ұғым реляциялық дипломатияны қалыптастырады, яғни қытайлық тәсілдің сыртқы саясаттағы стратегиялық көрінісі. Оның өзегі ынтымақтастық, өзара сенім және бейресми келісімдер.

Мұның нақты көрінісін ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық механизмдерінен байқауға болады, шешімдер кеңесу мен консенсусқа, ал ықпалдасу - үстемдіксіз үйлесімге сүйенеді.

Амитав Ачарья Азия-Тынық мұхиты аймағындағы интеграциялық үдерістерді зерттей отырып, аймақтық ұйымдардың дамуын халықаралық жүйені түбегейлі өзгертетін фактор ретінде емес, керісінше бірегейлік пен өзара тәуелділікке негізделген табиғи эволюциялық құбылыс ретінде сипаттайды. Ол бұл ықпалдасуды төрт негізгі өлшем арқылы түсіндіреді: қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық, ашық аймақшылдық, жұмсақ аймақшылдық және өзара әрекеттесу. Бұл тұжырымдар Қытайдың реляциялық және үйлесімділікке негізделген тәсілімен сәйкес келеді.

Қытай аймақтық ықпалдасуды жоғарыдан төменге бағытталған саяси қысым арқылы емес, керісінше төменнен жоғарыға – сенім мен ортақ мүддеге сүйенген өзара бейімделу үдерісі ретінде түсіндіреді. Мұндай көзқарасқа сәйкес аймақтық ынтымақтастық мәжбүрлеу емес, келісім мен үйлесімділік негізінде қалыптасады. Осы тұрғыда ШЫҰ – қытайлық тәсілдің нақты іске асу алаңы болып табылады. Қытай бұл ұйымды сыртқы үстемдік құралы емес, ортақ құндылықтар мен өзара сенімге негізделген әріптестік құрылым ретінде сипаттайды.

Бұл идеялар Béla Balassa мен Friedrich List экономикалық одақтар құру және ынтымақтастық арқылы күшті құрылым қалыптастыру тұжырымдарымен сәйкес келеді. Ал ШЫҰ-ның институционалдық құрылымы мен серіктестік

негізінде дамуы Янь Сюэтуңның иерархиялық, бірақ бейбіт мақсаттағы халықаралық тәртіп тұжырымдамасымен мағыналас үдеріс болып табылады. Осылайша, қытайлық мәдени-өркениеттік тәсіл халықаралық ұйымдарды зерттеуде балама негіз ұсынып қана қоймай, аймақтық ынтымақтастықтың тәжірибелік деңгейде іске асуына да үлес қосып отыр.

Дегенмен, бұл теориялардың әлсіз жақтары да бар. Біріншіден, олардың практикалық іске асырылуы нақты халықаралық жағдайларда айқындалмаған. Қытайдың «үйлесім логикасын» геосаяси қақтығыстармен және мүдделер қайшылығымен үйлестіру жолдары күмән тудырады. Екіншіден, Каллаханның сынына сәйкес, «Тянься» моделі жаңа гегемониялық иерархияға әкелуі мүмкін деген қауіп бар. Үшіншіден, реляциялық дипломатияның өткір дағдарыстарды шешудегі тиімділігі әлі дәлелденбеген.

Тұжырым

Қытайлық тәсіл – философиялық негізді (онтология/эпистемология), мәдени-өркениеттік тәжірибені (гуаньси), әдіснамалық амалдарды (фаньфа) және сыртқы саяси дипломатиялық форманы (реляциялық дипломатия) біріктіретін тұтас жүйе.

Оның негізі қарым-қатынастарды «үйлесім», «консенсус» және «ортақ даму» принциптеріне сүйенеді. Қытайдың сыртқы саяси тәжірибесінде бұл «егемендікті құрметтеу», «ішкі істерге араласпау», «көпжақты диалог» пен «ақыл-кеңес», қауіпсіздік саласындағы ортақ шараларды іске асыру және өзара тиімді ынтымақтастық принциптерімен бекітіледі. Мұндай тәсіл аймақтық тұрақтылықты сақтауға, біржақты үстемдікке жол бермеуге және сенімді әріптестік орнатуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қытайлық теориялар халықаралық қатынастардағы бейбітшілікті түсінудің баламалы парадигмасын қалыптастырып, ғылыми дискурсты кеңейтеді. Алайда олардың толыққанды артықшылықтарын іске асыру үшін теориялық қағидаттарды нақты саяси тәжірибемен ұштастыру және әмбебап қолдануға бейімдеу қажет. Бұл мәселе алдағы зерттеулер үшін өзекті бағыт болып қала береді.

1.3 «Шанхай рухы» – ШЫҰ-ның процессуалдық негізі

ШЫҰ құрылғалы бері 25 жылға жуық уақыт өтсе де ұйым аясында ынтымақтастық орнатудың ережесі ретінде қолданылатын «Шанхай рухы» - әлемдік ғылыми зерттеушілер үшін әлі де толық ашылмаған құбылыс болып табылады.

«Шанхай рухы» дегеніміз не, ол қалай пайда болды, не үшін пайда болды деген сұрақтар туындайды?

Біз алдыңғы бөлімде қарастырған қытайлық тәсілдің, яғни Қытайдың реляциялық (қарым-қатынастық) тәсілінің тәжірибелік көрінісі ретінде талдауға тырысамыз.

Сыртқы саясатта Қытай басқа елдермен қарым-қатынасты не үшін және қалай орнатуда?

Кеңес одағы ыдыраған кезеңнен бастап Қытай Орталық Азия елдерімен тығыз ынтымақтастық орнатуды бастады. Оның басты себебі Қытай үшін – шекаралық мәселелерді шешу болды. 1992 жылы алғашқы рет Қытай Қазақстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен және Ресеймен шекаралық мәселелер бойынша кездесу өткізді. 1996 жылғы 26 сәуірде Шанхай қаласында аталған елдер арасында аймақтық ынтымақтастық мәселелері бойынша, сонымен қатар әскери саладағы өзара сенім шараларын нығайту бойынша бірыңғай ұстаным қалыптастырды. Осы кездесудің нәтижесінде ортақ шекаралар аумағында өзара сенім шаралары туралы келісімге қол қойылды [108].

Бұл келісім БҰҰ-ның ережелеріне сәйкес сенім мен бейбітшілік принциптеріне негізделіп, бес мемлекет арасындағы қарым-қатынастың институционалдық негізі - «Шанхай бестігі» бірлестігі құрылды.

1997 жылғы 24 сәуірде Мәскеу қаласында өткен екінші кездесу барысында «Шанхай бестігі» бірлестігінің басшылары ортақ шекаралар аумағында қарулы күштер мен қару-жарақты өзара қысқарту туралы бес жақты келісімге қол қойды. Осы құжат негізінде шекара аумақтарында әскер санын өсірмеу бойынша міндеттерді орындауға бақылау жасау тетігі қалыптасты. 1996-1997 жылдары алғаш рет қол қойылған бұл құжаттар бес ел арасындағы «ынтымақтастықты, өзара әрекеттесуді мен өзара түсіністікті» нығайтуға оң әсерін тигізді [109].

1998 жылдың шілде айында Алматы қаласында өткен «Шанхай бестігінің» үшінші кездесуінде Қытай аумақтық қауіпсіздік пен сауда-экономикалық салаларында ынтымақтастықты кеңейтуді ұсынды [110]. Кездесу барысында бес елдің сыртқы істер министрлері біріккен бес жақты мәлімдемеге қол қойды. Аталған құжатта бес мемлекеттің арасында «тату көршілік принципін» ұстану және қауіпсіздік мәселелері бойынша «ақыл-кеңес жүргізу туралы келісімдер принципі» нақтыланды. 1999 жылдың 24-25 тамыз аралығында Бішкек қаласында өткен «Шанхай бестігінің» төртінші кездесуі барысында бес мемлекет басшылары сауда-экономикалық салада көпжақты ынтымақтастықты кеңейтудің нақты бағыттарын айқындады. 2000 жылдың 6 шілдесінде Душанбе қаласында бесінші кездесу нәтижесі халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы күресте бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру болды.

2001 жылы Шанхай қаласында ШЫҰ құру туралы декларация қабылданды. Дәл осы кезеңде ұйымның басты ережелері мен тәртібі ретінде Қытай төрағасы Цзян Цзэминь алғашқы рет «өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік, өзара ақыл-кеңес, әр елдің мәдениеті мен өркениетіне құрмет көрсету, ортақ даму» принциптерінен тұратын «Шанхай рухын» ұсынды [111].

«Шанхай рухы» ұйымда барлық елдердің «теңдігін», яғни әрбір елдің пікірі формалды түрде емес, ортақ келісім арқылы ескерілуін және ортақ шешімге қол жеткізілуін талап ететін тәртіпті қалыптастыруға мүмкіндік береді [112].

Бірқатар қытайлық авторлар өз зерттеулерінде «шанхай рухын» халықаралық қатынастардағы батыстық ережелерге балама институционалдық

үлгі ретінде сипаттайды. Олардың пікірінше, ШЫҰ-ның қалыптасуы мен эволюциясы - бұл тек аймақтық ұйым құру үдерісі емес, сонымен қатар ол «ортақ дамуға», «өркениеттердің өзара түсіністігі мен үйлесімділігін» қалыптастыруға мүмкіндік береді [113].

«Шанхай рухының» процессуалдық негізін айқындайтын басты ерекшеліктердің бірі – «консенсус». Ұйымдағы «консенсус» принципі жоғарыда сипатталған 1996 және 1997 жылдардағы сенім шаралары мен қарулы күштерді қысқарту туралы келісімдерден кейін қалыптасты.

«Консенсустың» «компромисстен» айырмашылығы – сыртқы қысымға немесе уақытша келісімге емес, ішкі сенім мен ортақ ұстанымға сүйенетін, берік әрі тұтас сипатқа ие келісім түрі. Сондықтан «консенсус» ұйымның барлық деңгейлерінде, яғни мемлекет басшыларының кездесулерінен бастап сарапшылар алаңына дейін қолданылатын үдеріс. Бұл тұрғыдан «консенсус» ұйымға мүше-мемлекеттер арасындағы барлық шынайылықтар мен ерекшеліктерді ескере отырып, оларды «шиеленіске» жеткізбеудің тиімді механизмі ретінде қызмет атқарады.

Ұйымның «консенсуска» негізделген шешім қабылдау үрдісі – «Шанхай рухын» халықаралық қатынастар жүйесінде жауапты құндылықтық үлгі ретінде танытты. Бұған қоса мұндай тәсіл «қақтығыстар» жағдайында жаңа көпжақты парадигма ретінде халықаралық қатынастар теориясы мен тәжірибесіне маңызды үлес қосуда.

«Шанхай рухының» институционалдық-процессуалдық мәдениетінің тағы бір қыры – оның «теңдікке», «ашықтыққа» және «өркениеттерді тоғыстырушы» рөліне негізделуі. Ұйымға мүше-мемлекеттердің мүдделерін «тең» түрде қарастыру және оларды тоғыстыру - «Шанхай рухының» басты артықшылығы болып табылады. «Ашықтық» принципі ұйымға бақылаушы елдерді шақыруда ерекше мәнге ие. Бұл барлық өркениеттер мен мәдениеттерді байланыстырушы жаңа көпжақты алаңға айналдыруға мүмкіндік береді.

Осы жоғарыда сипатталған ақпараттар негізінде «Шанхай бестігі» аясында қабылданған құжаттарды олардың мазмұнына орай «Шанхай рухы» принциптермен сәйкестендірілді.

Кесте 5 – 1996–2001 жж. «Шанхай бестігі» негізгі құжаттары және процессуалдық принциптері

Жылы	Саммит/құжат	Негізгі мазмұн	Процесуалдық принциптер
1996	Шекаралық өңірлердегі өзара сенім шаралары туралы келісімге қол қою кездесу	Шекара маңында «өзара сенім» шаралары	Өзара сенім
1997	Қарулы күштер мен қару-жарақты өзара қысқарту туралы келісімге қол қою	Әскери әлеуетті шектеу, бақылау тетіктерін енгізу	Ынтымақтастық, өзара әрекет мен өзара түсіністік

	келісімі		
1998	Алматы кездесуі	Қауіпсіздік және сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту	Тату көршілік, бірлескен ақыл-кеңес
1999	Бішкек кездесуі	Көпжақты экономикалық ынтымақтастық бағыттарын айқындау	Бірге құру, бірге игілігін көру
2000	Душанбе кездесуі	Терроризм мен экстремизмге қарсы бірлескен тәсіл	Ортақ даму, жауапкершілік, үйлестіру
2001	ШЫҰ құрылуы, «Шанхай рухы» принциптерінің жариялануы	ШЫҰ Хартиясы бекітілді, «Консенсус» негізінде шешім қабылдау принципі қалыптасты	Өзара сенім, теңдік, өзара ақыл-кеңес, тиімді ынтымақтастық, әр елдің мәдениеті мен өркениетіне құрмет көрсету, ортақ даму
Ескерту: әдебиетті талдау негізінде автормен құрастырылған.			

Бұған қоса «Шанхай рухын» «аймақ елдерінің ынтымақтастығының баға жетпес игілігі» деп бағалайды [114].

Хонрада Габриэль Джоэл Пастор «Шанхай рухы» мен «АСЕАН жолын» салыстыра отырып, олардың ортақ қасиеттерін ашып, сипаттайды. Екі ұйым да аймақтық дипломатияда «ашықтықты», «консенсусқа» негізделген шешім қабылдауды және «мәдени әртүрлілікті құрметтеуді» қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл мемлекеттік егемендікті сақтай отырып, көпполярлық әлем жағдайында жаңа «ашық аймақшылдықтың» үлгісін қалыптастырады [115].

Пан Гуан «Шанхай рухы» ұғымын Қытай ұсынған жаңа халықаралық тәртіптің үлгісі ретінде сипаттайды. Атап айтқанда, ол келесідей пікір білдіреді:

«өзгермелі көпполярлы әлемде мемлекеттер арасындағы «өзара сенімділік, өзара тиімділік, мәдени әртүрлілікке құрмет, өзара ақыл-кеңес беру және теңдік» негізінде құрылған серіктестік - тұтастық сипатқа ие»;

«Шанхай рухы» Орталық Азиядағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде – шекаралық дауларды шешуде, терроризмге қарсы өзара әрекеттесу шараларын күшейтуде – прагматикалық рөл атқарғанын көрсетеді» [116].

Бұл Пан Гуанның «Шанхай рухы» ұғымын жаңа халықаралық тәртіптің идеологиялық негізі және үйлесімді аймақтық институционалдық құрылымы ретінде қарастыратынын көрсетеді.

В. Перская Қытайдың ШЫҰ аясындағы рөлін сипаттай отырып, ұйымның «Шанхай рухын» - Қытайдың аймақтағы дипломатиялық тәсілінің негізін құрайтынын, сонымен қатар «консенсус» және «өзара сенімге» сүйенетін көпжақты ынтымақтастықтың негізі ретінде қарастырады [117].

«Шанхай рухы» Қытай үшін сепаратизмге, терроризмге және экстремизмге қарсы күресте аймақтық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз етуге де өз үлесін қосуда.

Қытай зерттеушісі Цзян Сыюань «Шанхай рухының» «егемендік пен аумақтық тұрақтылықты өзара құрметтеу» принципін - мүше-мемлекеттердің

өзара сенім мен қарым-қатынастарын нығайтуға көзделгендігін айтады. Өзара сенім бар жерде елдер арасында теңдік, ашықтық және өзара тиімді ынтымақтастық пен өзара әрекеттесудің сапасы мен деңгейі артады. ШЫҰ Хартиясы бойынша әрбір елдің егемендігін сыйлау принципі ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің сыртқы саяси қызметінің негізі болып табылады.

Бұл аталған принциптің негізгі мазмұны, біріншіден, «барлық ШЫҰ мемлекеттері тең және тең құқыққа ие, яғни барлығының мәртебесі бір деңгейде, яғни халықаралық ынтымақтастық туралы тиісті келісімшарттар тең түрде жасалынады. Келісімшарт жасаушылар келісімді тең құқықта және өз еркімен жасайды, сонымен қатар бір елдің екінші елден артықшылығы болмауы тиіс, бір ел екінші елдің мүддесі есебінен өз мүддесіне орай әрекет жасамау керек, олар өз міндеттерін бірге орындап, пайданы бірге көру қажет» дегенді білдіреді [118].

«Бірлесіп кеңес жүргізу, бірлесіп құру және бірлесіп қолдану» принциптері «БББЖ» бастамасын жүзеге асыру барысында қолданылатын басты принциптердің бірі болып табылады. «БББЖ» шеңберінде Қытай мен 149 ел, 32 халықаралық ұйымдар арасында қол қойылған 200 жуық құжаттарда осы принциптерге басымдық жасалынған [119].

«Бірлескен ақыл-кеңес» – ШЫҰ шеңберінде құрылып жатқан әртүрлі форумдар барысында барлық мәселенің шешімдерін бірлесіп талқылау үдерістерінде де көрініс табады [120].

«Бірлесіп құру» – әр тараптың артықшылықтары мен әлеуетін толық ашу болып табылады. Бұл принцип ШЫҰ елдеріне төнетін ортақ қауіптерге қарсы әрекет жасауда қолданылады. Біріншіден, ШЫҰ-ға ортақ мәселе тек бір тараптың күшімен шешілуі мүмкін емес, сондықтан бірлесіп әрекет ету маңызды болып табылады. Екіншіден, ШЫҰ елдері ортақ мәселені шешуде тығыз ынтымақтастықты орнатуды қажет етеді. Себебі әр елдің өзінің тарихи дәстүрлері, ұлттық мәдениеттері, мемлекеттік, саяси және құқықтық жүйелері бар. Бір мәселе әр елде әртүрлі негізде, әртүрлі деңгейде және әртүрлі нәтижені береді [121].

«Ортақ қолдану» принципі – өзара ынтымақтастықтан және өзара әрекеттесуден ортақ нәтиже алу дегенді білдіреді. Ортақ ақыл-кеңес, ортақ құру және ортақ қолдану бір бірімен өзара байланысты принциптер. Аталған принциптер ортақ дамуға ықпалын тигізуді, яғни ШЫҰ әрбір қатысушы елінің мүддесі, ұлттық қажеттіліктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, барлық тарапқа тиімді болатын шешімдер қабылданылуын талап етеді. Барлық тараптардың бірлескен әрекетінің нәтижесі әрбір елге пайда бере алу керек.

«Ішкі істерге араласпау» принципі жаңа халықаралық тәртіпті орнатудың негізі болып табылады. 2013 жылы билікке келген Си Цзиньпин де аталған принципті Қытай сыртқы саясатында берік ұстануда. Әсіресе Гонконг, Шыңжаң, Тибет, Тайвань аумақтарының егемендігіне қатысты мәселеде бұл бес принцип Бейжіңнің сыртқы саясаты үшін аса маңызды болып табылады. Бұған қоса Қытай халықаралық қарым-қатынаста басқа елдің ішкі ісіне араласпау маңызды шарттардың бірі деп санайды.

«Өзара тиімді ынтымақтастық» принципі 2013 жылы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар университетінде Си Цзиньпин алғаш рет өзара тиімді ынтымақтастыққа бағытталған халықаралық қатынастардың жаңа түрін құруды ұсынды. Бұдан кейін Бейжің өзінің халықаралық қатынастарға қатысты қытайлық тәсіліне сүйене отырып, «өзара тиімді ынтымақтастық» принципін ресми мәлімдемелерде, меморандумдарда жиі қолданатын болды. 2015 жылы Си Цзиньпин Боао азиялық форумында жасаған бағдарламалық баяндамасында «өзара тиімді ынтымақтастық» сөзін сегіз рет қайталады және бұл принцип «әрбір елдің мүдделері ескерілуін талап етеді және ортақ дамуға жетелейді» деп түсіндірді.

Қытай дипломаты Ду Цивэнь «өзара тиімді ынтымақтастық» принципінің ресми мәлімдемелерде жиі қолданылуын Қытайдың халықаралық алаңдағы рөлімен байланыстырады [122].

Осы принципті қолдану арқылы Қытай халықаралық жүйеде бейбіт дамуды қолдайтынын жеткізеді. Си Цзиньпин «барлық ірі елдерді кіші елдерді өздерімен тең ұстауға» және «адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығын» құруға, бірігіп өзара тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізуге шақырады. Сонымен қатар ол «БЖББ» бастамасы БҰҰ мақсаттарына және бейбіт өмірдің бес принципін толық сәйкес деп мәлімдеді [123].

2019 жылы «БББЖ» бастамасына арналған кездесуде жасаған бағдарламалық баяндамасында Қытай басшысы бұл бастаманың мақсаты елдер арасындағы «өзара тиімді ынтымақтастықты» дамыту және халықаралық сауда үшін жаңа алаң құру болып табылады деп мәлімдеме жасады. Яғни Қытай осы принцип негізінде бірлескен жобалар арқылы экономикалық ықпалдасуды алға жылжытады. Сонымен қатар сауда, инвестиция және инфрақұрылымдар байланыстарын дамыту жолдарын талқылау, барлық қатысушы елдерге пайда алып келетін бірлескен бастамаларды дамыту болып табылады.

Осылайша Си Цзиньпиннің 2013-2019 жылдар аралығында жасаған осы мәлімдемелерінен «өзара тиімді ынтымақтастық» принципін «жаңа халықаралық қатынастарды», «адамзаттың ортақ тағдырын құру», «ортақ даму», «халықаралық сауданың жаңа алаңын» құру сияқты бастамаларды жүзеге асырудың негізгі ретінде қарастыратыны айқындалады.

Дегенмен де батыс ғалымдары «өзара тиімді ынтымақтастық» принципіне қатысты зерттеулерінде, атап айтқанда, Дорсидің пікірінше, бұл принцип Қытай үшін екі есе тиімді болса, ал Қытайдан несие алушы елдер үшін тіпті де тиімді емес деп пікір білдіреді [124].

«Егемендік пен аумақтық тұрақтылықты өзара сыйлау», «өзара жауласпау» - бейбіт өмір сүрудің бес принципінің жалғасы болса, «өзара тиімді ынтымақтастық» принципі - экономикалық қарым-қатынастарды басқаруға бағытталған. «Өзара сенім», «теңдік», «барлық өркениеттерге құрмет» принциптері әмбебап барлық салаларда қолданыла береді [125]. «Барлық өркениетке құрмет» принципі ерекшеліктерді сақтай отырып ортақ мүдделерді іздеуге баса назар аудару, сондай-ақ теңдік пен өзара сенімді үнемі нығайту – ШЫҰ кеңістігіндегі мемлекеттердің бірлесіп ілгерілеуінің негізгі іргетасы болып табылады» [126].

«Әр түрлі тарихи тәжірибеге, мәдениетке, әлеуметтік жүйеге және даму деңгейіне ие мемлекеттер өркениеттік ерекшеліктерді құрметтей отырып, өзара сенімді нығайтып, консенсусқа қол жеткізеді және әрқайсысы өз әлеуетін дамытуға үлес қосады.

ШЫҰ бас хатшысы Н. Ермекбаев «өркениеттер мен мәдениеттердің көптүрлілігін құрметтеу – ұйымның негізгі қағидаларының бірі». Ерекшеліктерді ескере отырып, ортақ ұстанымдарды іздеу және прогресс жолында бірлесіп әрекет ету – ШЫҰ-ның айрықша ерекшелігі болып табылады» деп мәлімдеді [127].

Осылайша аталған принциптер Қытайдың ұйымды ұйымдастыруына, ұйымға қатысушылардың қарым-қатынасын реттеуге және олардың ынтымақтастығын алға жылжытуға қатысты тәсілінің негіздері ретінде сипатталды. Сонымен қатар әрбір принцип ұйымның әрбір бағытының процессуалдық негізі ретінде қарастырылды.

«Шанхай рухының» бастамашысы ретінде Қытай басқа елдерді осы принциптер негізінде «халықаралық қатынастардың жаңа түрін құруды», «бірігіп дамуды», «адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығын құруды» ұсынуда.

Қытай үшін ШЫҰ халықаралық қатынастардың жаңа түрін құрудың тәжірибелік алаңы болып табылады. ШЫҰ шеңберінде Қытай үш түрлі қарым-қатынастар деңгейінде әрекет етеді: ірі мемлекеттермен қарым-қатынастар, көршілес елдермен қарым-қатынастар және дамушы елдермен қарым-қатынастар. Ірі мемлекеттер қатарында Ресей мен Үндістан болса, ұйымның басқа 6 мүшесі Қытаймен шекаралас елдер, ұйым елдерінің көпшілігі дамушы елдер болып табылады [128].

«Өзара құрмет пен өзара ынтымақтастық» принциптері негізінде қалыптасқан Қытай мен Ресей арасындағы қарым-қатынас қарқынды және тұрақты дамуда. «Шанхай рухының» мақсаты болып табылатын халықаралық қатынастардың жаңа түрін қалыптастырудың негізгі діңгегі осы екі ел. Қытай және ұйымның төрт мүшесі – Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан «Шанхай рухы» басшылығымен бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы шекаралық мәселелерді шешіп, аумақты ынтымақтастық алаңына айналдырды.

Қытай 20 жылдан астам уақыт бойы «Шанхай рухының» сенімді қолдаушысы әрі қорғаушысы болып келеді. Бұл ретте Қытай билігі ШЫҰ-ның дамуы мен кеңеюіне үнемі күш салып, ұйымдағы өзінің жауапкершілігін арттыруда. Қытай ШЫҰ-ның ғаламдық деңгейде дамуына және жаһандық басқаруға қатысуына мүдделі екенін ашық білдіріп отыр. Мұны Қытайдың «үйлесімді аумақ» және «адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығы» сияқты бастамаларды ШЫҰ шеңберінде белсенді бейімдеуі айқындайды.

Қытайдың ШЫҰ мүше-мемлекеттері арасында ұзақ мерзімді тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюы - осы бастамашылық рөлінің нақты көрінісі болып табылады. Бұл құжат ұйымның қағидаттық негізін күшейтіп қана қоймай, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты жүйелеуге мүмкіндік берді [129].

Осы контекстте «Қытай-Орталық Азия рухы» тұжырымдамасы қалыптасты. Ол «өзара сенім», «құрмет» және «өзара көмек» қағидаттарына сүйене отырып, Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайтудың маңызды элементі ретінде қарастырылуда. Бұл ынтымақтастық ұзақмерзімді достық және ынтымақтастық туралы шартпен бекітіліп, аймақ мемлекеттерінің терроризм мен есірткі трафигі сияқты трансұлттық қатерлерге қарсы бірлескен күш-жігерін үйлестіруге жағдай жасауда [130].

Аталған тұжырымдама өзінің мазмұны жағынан «Шанхай рухымен» үйлеседі, өйткені екі бастама да өзара сенім, теңдік, кеңес алу, мәдени әртүрлілікті құрметтеу және ортақ даму принциптеріне негізделген. Сондықтан «Қытай-Орталық Азия рухын» «Шанхай рухының» аймақтық деңгейде нақтыланған жалғасы деп қарастыруға болады. Егер «Шанхай рухы» ШЫҰ шеңберіндегі көпжақты ынтымақтастықтың жалпы философиялық іргетасы болса, онда «Қытай-Орталық Азия рухы» оның практикалық мазмұнын аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласында жүзеге асыру тетігі ретінде қызмет етеді.

Қытай «Шанхай рухын» өзінің сыртқы саясат философиясына енгізіп, оны қытай спецификасы бар ірі державалық дипломатияның маңызды құрамдас бөлігіне айналдырды. Бұл дипломатиялық модель Қытайдың адамзаттың бейбіт дамуына және әділетті халықаралық тәртіп орнатуға ұсынған өзіндік шешімдерінің жиынтығы болып табылады.

Ең алдымен, «Шанхай рухындағы» өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік және ақылдасу қағидалары мемлекетаралық қатынастарды басқарудың негізгі принциптері ретінде қарастырылады. Олар өзінің мазмұны жағынан «бейбіт өмір сүрудің бес принципімен» үндеседі. Дегенмен, қытайлық дипломатия бұл қағидаларды одан әрі дамытып, жаңа типтегі халықаралық қатынастарды құру идеясымен толықтырады. Мұнда басты назар өзара құрметке, әділдікке және прагматикалық ынтымақтастыққа аударылады.

Сонымен қатар, өркениеттердің әралуандығын құрметтеу – «Шанхай рухының» басты негіздерінің бірі. Қытай ерекшелігі бар ірі державалық дипломатия бұл қағиданы өркениеттер арасындағы алмасу мен өзара үйрену арқылы мәдени шеттету мен қақтығыстарды еңсеру, өркениеттердің тең құқылы қатар өмір сүруін қамтамасыз ету негізі болып табылады.

Сонымен қатар аймақтағы «ортақ даму» принципі Қытайды жаһандық деңгейге көтеріп, «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығын құру» тұжырымдамасымен байланыстыруда. «Шанхай рухының» өзегін құрайтын өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік, кеңесу, өркениеттерге құрмет және ортақ даму қағидалары «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығын құру» концепциясымен жаңа мазмұнмен толықтырылды.

Осылайша, «Шанхай рухы» мен «Қытай–Орталық Азия рухын» бірге қарастыру Қытайдың аймақтықтан жаһандық деңгейге көтерілген дипломатиялық философиясының эволюциясын көрсетеді. Егер «Қытай-Орталық Азия рухы» Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған практикалық тетік болса, «Шанхай рухы» институционалдық және өркениеттік негіз болып табылады.

«Шанхай рухы» негізінде ШЫҰ барлық мемлекеттердің, үлкені де, кішісі де тең екенін мойындап, өзара құрметке, тату көршілікке және өзара тиімділікке сүйенген серіктестік қатынастар орнатты. Ұйым сыртқы саясатта бейтараптықты, қақтығыстан қашуды және үшінші тараптарға қарсы бағытталмауды ұстанады. Сонымен қатар халықаралық қауымдастықпен достыққа негізделген және өзара пайдалы ынтымақтастықты жан-жақты дамытуды көздейді.

Осы ұстанымдар нәтижесінде ШЫҰ «қауіпсіздік үшін сенім, даму үшін ынтымақтастық» формуласына негізделген жаңа жолды қалыптастырып, мемлекетаралық қатынастардың жаңа үлгісін көрсетті. Құрылғаннан бері ұйым ішіндегі саяси сенім нығайып, өңірлік қауіпсіздік тұрақтанды, экономикалық, сауда және инвестициялық ынтымақтастық дамыды, халықтар арасындағы байланыстар тереңдеді. Осылайша «ШЫҰ отбасы» мен ортақ тағдыр қауымдастығы ұғымдары қалыптаса бастады.

Мүше болуға өтініш білдірген мемлекеттердің көбеюі «Шанхай рухының» халықаралық тартымдылығын айқындайды. Бұл өзара құрметке, әділеттілікке және өзара тиімділікке негізделген жаңа халықаралық қатынастар үлгісінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

1.2-бөлімде қарастырылғандай, қытайлық тәсіл реляциялық онтологияға, гуаньси (қарым-қатынас этикасы), фаньфа (процессуалдық әдіс), консенсус пен үйлесімділікке негізделген дипломатияға сүйенеді. Бұл теориялық ұстанымдар Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында «Шанхай рухы» принциптері арқылы институционалдық деңгейде жүзеге асып отыр. Яғни, «Шанхай рухы» қытайлық тәсілдің тек идеялық-теориялық емес, сонымен бірге практикалық-процессуалдық іске асырылу формасы ретінде көрініс табады.

Қытайлық тәсілдегі «гуаньси» ұғымы – өзара сенімге құрылған қарым-қатынас мәдениеті – ШЫҰ-дағы «өзара сенім» принципінде нақты бейнеленген. «Фаньфа» процессуалдық әдісі – шешім қабылдау кезінде «кеңесу және теңдік» принциптеріне сәйкес келеді. Ал мәдени әртүрлілікті құрметтеу қағидаты қытайлық конфуциандық «үйлесімділік диалектикасының» халықаралық деңгейдегі көрінісі.

Конфуциандық «жэнь» (адамгершілік) және «хэ» (үйлесім) қағидалары – ШЫҰ аясындағы «ортақ даму» принципінде жүзеге асады. Даосизмнің «жұмсақ үйлестіру» философиясы консенсусқа сүйеніп, жанжалдан қашу тәжірибесінде көрініс табады.

Сонымен бірге, «Шанхай рухы» ШЫҰ-ның сыртқы саясатын қалыптастыруда маңызды рөлін жалғастыруда. Оның принциптері – ішкі істерге араласпау, көпполярлы әлемдік тәртіпті ілгерілету, үстемдіксіз теңгерімді жаһандану – халықаралық қатынастарда ұйымның өзіндік нарративін орнықтырды.

«Шанхай рухы» – қытайлық тәсілдің практикалық институционалдық бейнесі. Теориялық деңгейде реляциялық онтология мен үйлесім қағидаттарына негізделген қытайлық тәсіл, ШЫҰ аясында нақты құндылықтар жүйесі ретінде іске асуда. Бұл тәсіл ұйымға тек аймақтық қауіптерді азайтуға ғана емес, сонымен бірге көпполярлы әлемде өз орнын табуға мүмкіндік береді.

«Шанхай рухы» қытайлық тәсілдің толық көшірмесі емес, бірақ оның философиялық, мәдени және әдіснамалық элементтерін ШЫҰ шеңберінде институционалдық-процессуалдық модельге айналдырған көрінісі болып табылады. Бұл ұйымға халықаралық қатынастардағы өзіндік нарративті ұсынуға және аймақтық тұрақтылық пен ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді.

«Шанхай рухы» қағидаттары – өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік, кеңесу, өркениеттердің әралуандығын құрметтеу және ортақ дамуға ұмтылыс – Қытайдың сыртқы саясат философиясымен және реляциялық тәсілге негізделген дипломатиясымен де өзара үйлеседі. Бұл принциптер ұйым шеңберінде консенсусқа негізделген шешім қабылдау, ішкі іске араласпау және серіктестікке құрылған қатынас формаларын қалыптастырды. Соның нәтижесінде ШЫҰ тек аймақтық қауіпсіздік ұйымы ғана емес, сонымен бірге халықаралық қатынастарда тұрақты, бейбіт және тиімді ынтымақтастықтың үлгісі ретінде танылуда.

«Шанхай рухы» мемлекеттер арасындағы дүниетанымдық, саяси және өркениеттік ерекшеліктерді халықаралық қатынастар мен аймақтық ынтымақтастықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл ұстаным ШЫҰ-ның бейімделгіш және бейбіт өмір сүруге бағытталған философиялық бағытын білдіреді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Шанхай рухы» – ұйымдағы қытайлық тәсілдің негізгі нарративтік-құндылықтық және процессуалдық негізі, яғни ұйымның ішкі тәртібі мен халықаралық беделін қамтамасыз ететін тұжырымдамалық жүйе болып табылады. Ол әртүрлі өркениеттік жүйелерді тоғыстыра отырып, қазіргі заманғы бейбіт әрі прагматикалық аймақтық ынтымақтастықтың үлгісін ұсынады.

Бұл тұрғыда ШЫҰ үлгісіндегі жаңа аймақшылдық – мәдени, саяси және идеологиялық әртүрлілікті мойындай отырып, бейбіт қатар өмір сүруді мақсат тұтатын құрылым ретінде қалыптасуда. Оның түпкі мақсаты – тұрақты бейбітшілік пен ортақ өркендеуге қол жеткізу. Сондықтан да ШЫҰ өзінің өміршеңдігін сақтап қана қоймай, ықпалды аймақтық халықаралық ұйымға айналып отыр.

Зерттеушілер атап өткендей, «Шанхай рухы» тек дипломатиялық риторика ғана емес, сонымен бірге халықаралық тәртіптің балама үлгісін ұсынатын, әртүрлілікке құрметпен қарайтын, егемендік пен прагматизмді үйлестіретін институционалдық тәсіл ретінде қарастырылады. Оның философиялық негізі өркениеттер диалогына, мәдени алмасуға және өзара үйренуге сүйенеді.

Зерттеушілердің пікірінше, «Шанхай рухы» – ШЫҰ-ның идеологиялық іргетасы ғана емес, сонымен қатар мемлекетаралық қатынастарды дамытуда, жаһандық қауіптер мен сын-қатерлерге қарсы тұруда және халықаралық қайшылықтарды шешуде маңызды рөл атқаратын концептуалдық жүйе болып табылады.

Шанхай рухы – бұл ШЫҰ қызметін айқындайтын негізгі құндылықтар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар Қытайдың халықаралық қатынастардағы

«қытайлық тәсілдің» ажырамас элементі болып табылады. Бұл ұғым қытайлық дипломатиялық мәдениеттің, реляциялық онтология мен гуаньси моделінің институционалдық көрінісін бейнелейді.

2023 жылғы 4 шілдеде ҚХР төрағасы Си Цзиньпин ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының жиырма үшінші саммитінде (бейнебайланыс арқылы) сөйлеген сөзінде ұйымның бастау алған негізгі миссиясын еске сала отырып, оны Қытай сыртқы саясатының стратегиялық бағыты саналатын «ортақ тағдыр қауымдастығы» тұжырымдамасымен сабақтастырды.

Бұл тұжырымдама соңғы онжылдықта қалыптасқан көптарапты ынтымақтастық, өркениеттік және әділетке негізделген жаһандық басқару қағидаттарының нақты жалғасы ретінде бағаланды.

Си Цзиньпин өз мәлімдемесінде **«шанхай рухының»** мазмұнын бес өлшем аясында жіктеп көрсетті: *өзара көмек пен бірлік дәстүрін сақтау; ортақ, жан-жақты және тұрақты қауіпсіздік қағидатын ұстану; инновациялық, үйлестірілген, жасыл әрі ашық даму моделін ілгерілету; көршілестік пен достық рухын жалғастыру; халықаралық әділеттілікті қорғап, гегемония мен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру.*

Бұл «шанхай рухының» тек нормативтік тұжырымы емес, институционалдық эволюцияның ішкі құраушысы ретінде қалыптасқанын білдіреді.

Аталған саммит шеңберінде Иран ШЫҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде қабылданды. Бұл жағдайлар ұйымның инклюзивтілік, бейтараптылық және блоктық конфронтациядан ада даму моделін ұстанатынын көрсетті.

Сонымен қатар, Қытай тарапы бірнеше нақты бастамаларды ұсынды, соның ішінде: *ШЫҰ Даму банкін құру үдерісін жеделдету; ұйым аясында жергілікті валютамен есеп айырысу үлесін арттыру; гуманитарлық байланыстарды тереңдету; жазғы тілдік лагерьлер, халықаралық стипендиялар, жастар алмасуы бағдарламалары; ауылдық аймақтарды жаңғырту және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша ынтымақтас жобаларды іске қосу.*

Бұған қоса, Си Цзиньпин Қытай ұсынған үш жаһандық бастаманың (қауіпсіздік, даму және өркениет бастамалары) ШЫҰ аясында іске асу мүмкіндігіне назар аударды. Бұл бастамалар шанхай рухын практикалық саясатқа айналдыруға бағытталған институционалдық қадамдар ретінде түсіндіріледі.

Жалпы алғанда, Си Цзиньпиннің 2023 жылғы бұл жолғы бағдарламалық мәлімдемесі ШЫҰ-ның постбатыстық көптарапты ынтымақтастықтың балама үлгісі ретінде орнығуын бекемдеді. Сонымен қатар, ұйымның даму бағыты ортақ тағдыр қауымдастығының өңірлік деңгейдегі тәжірибелік іске асу нұсқасы ретінде пайымдалды.

Кесте 6 – Шанхай рухы принциптерінің «қытайлық тәсілдің» компоненттерімен байланысы

Принциптер	Сипаттамасы	Қытайлық тәсілмен байланысы
Өзара сенім	Ұзақ мерзімді қарым-қатынасты сенім арқылы құру	Гуаньси логикасына негізделген
Өзара пайда	Барлық тараптардың мүдделерін ескеру	Екі тараптың өзара келісімінің тиімділігі
Теңдік	Ірі/кіші елдер арасындағы симметрияны сақтау	Күшке емес, келісімге негізделген жүйе
Ақылдасу	Консенсус	Реляциялық дипломатия формасы
Өркениеттік әртүрлілікке құрмет	Әр халықтың мәдени ерекшеліктерін құрметтеу	Конфуциандық «үйлесім ішіндегі әртүрлілік» принципі
Ортақ даму	Бірге даму, қауіпсіздік пен даму арасындағы бірлік	Қытайдың «қауіпсіздік арқылы даму» стратегиясы

1. Өзара сенім (hùxìn) - ақпарат алмасу, бірлескен жаттығулар, консенсусқа негізделген шешімдер арқылы ШЫҰ-дағы қауіпсіздік «өзара сенімге» құрылады. Бұл қытайлық «гуаньси» және «xinyong» ұғымдарының практикалық көрінісі болып табылады.

2. Өзара тиімділік (hùlì) - қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық тараптардың ортақ мүдделеріне негізделеді. Шекаралық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік сияқты салаларда бірлескен «өзара тиімділік» принципі сақталады. Бұл қытайлық реляциялық онтологиядағы өзара тәуелділік логикасына да сай келеді.

3. Теңдік (píngděng) - шешім қабылдау үдерісінде барлық мемлекеттер тең құқықты. Бұл ШЫҰ-ның бірегей ерекшелігі, өйткені ұйымда үстемдік элементі қолданбайды. Қытай осы принципті ұстана отырып, кіші мемлекеттермен тең деңгейде әрекет етеді.

4. Өзара кеңесу (xiéshāng) - қауіпсіздік мәселелері «консенсус» арқылы шешіледі. ӨТҚҚ шеңберіндегі құқықтық механизмдер, бірлескен жаттығулар мен стратегиялар алдын ала келіссөздер мен өзара ақыл-кеңестер арқылы ұйымдастырылады. Бұл – реляциялық дипломатияның көрінісі.

5. Мәдени әртүрлілікті құрметтеу (wénhuà duōyàngxìng) - қауіпсіздік саясаты ұлттық, діни және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі. Бұл экстремизммен күресте біржақты парадигманы емес, балама тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Конфуциандық үйлесімділік қағидасының көрінісі.

6. Ортақ даму (gòngtóng fāzhan) - қауіпсіздік пен дамуды өзара байланыстыра қарайды. Энергетика, цифрлық қауіпсіздік, экономикалық даму сияқты салалардағы жобалар қауіпсіздік пен даму ұғымдарының қолдану нәтижесі.

Бұл принциптер 2025 жылғы 30 мамырда Астанада өткен Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы Мемлекеттік басқару жөніндегі симпозиум мен гуманитарлық алмасу сұқбатында көрініс тапты. ШЫҰ Бас хатшысының орынбасары Пяо Янфань «ұйым қызметінің негізі - дәл осы «Шанхай рухы» екенін атап өтті.

Бұл принциптер БҰҰ шеңберіндегі халықаралық құқық пен көпжақты дипломатия ережелерімен қатар, Қытай философиясынан бастау алады.

Атап айтқанда, ШЫҰ - «консенсус» негізінде әріптестік пен ынтымақтастық орнатауды көздейді. Бұл конфуцийлік «алуан түрліліктегі үйлесім» принципі әрбір ұлтты құрметтеу тиіс екенін көрсетеді. Ал даосизмдегі «у-вэй» принципі – «қысымсыз әрекет» – ШЫҰ аясында ұстанатын «елдің ішкі ісіне араласпау», «егемендікті құрметтеу» принциптеріне сәйкес келеді.

Иерархиялық құрылымдардан айырмашылығы, ШЫҰ консенсус пен тең құқықты қатысу принциптеріне сүйенеді. Бұл модельде әр қатысушы мемлекеттің шешім қабылдау үдерісіне ықпал ету құқығы сақталады. Қытайдың мұндай тәсілі конфуциандық «келісім» мен «өзара тиімділік» тәжірибесіне сүйене отырып, қақтығыстарды болдырмаудың негізін құруға мүмкіндік береді.

Қытайдың Орталық Азияны ШЫҰ-ның «орталық аймағы» ретінде қарастыруының себебі – ол бұл аймақты кеңістік, геоэкономикалық әлеует және саяси тепе-теңдік нүктесін тарихи байланыстырушы ретінде қабылдайды.

Дегенмен де Қытай үшін ШЫҰ сыртқы саясатының нысаны емес, аймақтық тәртіптің субъектісі ретінде танылады. Бұны ұйымның келесі моделі растайды:

ішкі шеңбер – ШЫҰ саяси күн тәртібінің акторлары - Орталық Азия елдері;

сыртқы шеңбер – ШЫҰ-ға бақылаушы мемлекеттер, сұхбаттық серіктестер мен басқа халықаралық ұйымдар.

Бұл модель аймақ ықпалдастығын тереңдете отырып, ұйымның стратегиялық бейімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша Қытай осы модель арқылы «жұмсақ көшбасшылық» қалыптастырып, ШЫҰ-ның халықаралық жүйедегі рөлін «өзара сенімге», «теңдікке», «өзара ақыл-кеңеске» және «өзара тиімді ынтымақтастыққа» негізделген басқару принциптерін ілгерілетуде.

Аталған принциптер Қытайдың дәстүрлі философиялық негіздерінен бастау алады. Мысалы, конфуциандықтағы «алуан түрліліктегі үйлесім» (hé ér bù tóng) принципі - мәдени және саяси әртүрлілікті тануды білдірсе, даосизмнің «у-вэй» (wúwéi) – «әрекетсіз әрекет», яғни күш көрсетпей басқару принципі мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау ұстанымымен сәйкес келеді.

Осылайша «Шанхай рухы» – Қытайдың сыртқы саясатындағы реляциялық онтология мен «гуаньси» моделін институционалдық деңгейде жүзеге асыратын құрал ретінде қызмет ететіні анықталды.

«Өзара сенім», «теңдік», «өзара ақыл-кеңес», «өркениеттік әртүрлілікке құрмет» және «ортақ дамуға», «тиімді ынтымақтастыққа» негізделген өзара әрекеттесудің реляциялық түрін білдіреді.

Осылайша, «Шанхай рухы» қытайлық тәсілдің мазмұнын ғана емес, оның дипломатиялық мәдениетін, әрекет ету логикасын және нормативтік бағдарын білдіреді. ШЫҰ аясында «Шанхай рухы» принциптері мүше-мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимыл мен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты реттейді. ынтымақтастықты қандай мазмұнда және қалай жүргізу керек екендігіне бағыт-бағдар беріп, нормалық ережелер түрінде қызмет етеді.

Шанхай рухы – бұл қытайлық тәсілдің құндылықтық және идеологиялық негізі болып табылатын нормативтік тұжырымдама. Ол Қытайдың сыртқы саясатындағы реляциялық онтология мен гуаньси моделін институционалдық деңгейде жүзеге асыратын құрал ретінде қызмет етеді. ШЫҰ шеңберінде бұл рух өзара сенім, теңдік, ақылдасу, өркениеттік әртүрлілікке құрмет және ортақ дамуға негізделген өзара әрекеттестіктің реляциялық форматын орнықтырады. Осылайша, Шанхай рухы қытайлық тәсілдің мазмұнын ғана емес, оның дипломатиялық мәдениетін, әрекет ету логикасын және нормативтік бағдарын білдіреді.

2025 жылғы Тяньцзинь саммитінде қабылданған Декларация мен 2026 - 2035 жылдарға арналған Стратегия ШЫҰ-ның даму бағытын жаңа онжылдыққа белгілеп берді. Саммит «шанхай рухының» бейбіт қатар өмір сүру, өркениетаралық теңдік пен ортақ дамуға негізделген қағидаларын қайта бекітіп, ұйымның институционалдық серпінін күшейтті.

Осылайша «Шанхай рухы» қағидалары – өзара сенім, теңдік, мәдени көптүрлілікті құрметтеу және ортақ даму – Қытайдың халықаралық қатынастардағы өзіндік тәсілін бейнелейді.

Сонымен қатар бұл принциптер Қытайдың нормативтік дипломатиясымен өзара байланысты, яғни өз ықпалын қалыптастырудың басты құралдарының бірі болып табылады. Яғни Қытайдың «do-as-I-do» парадигмасы тәжірибеге негізделген нормативтік дипломатияны білдіреді. Қытай өз нормаларын серіктес елдерге мәжбүрлеу арқылы емес, үгіттеу, білім беру және үлгі көрсету жолымен таратуға тырысады. Бұл тәсіл «Шанхай рухының» өзегі болып табылатын ынтымақтастық пен инклюзивтілікке сәйкес келеді. Нормаларды тарату төрт негізгі үдеріс арқылы жүзеге асады: мәжбүрлеу, үгіттеу, білім беру және еліктеу. Қытай білім беру мен еліктеу тәсілдеріне сүйенеді, ал мәжбүрлеу тек ерекше жағдайларда ғана қолданылады. Алайда бұл «жұмсақ күштен» өзгеше, яғни ол мәдени тартымдылыққа емес, серіктестердің нормаларды тиімді және пайдалы деп қабылдауына негізделеді.

Осылайша, Шанхай рухы тек саяси-дипломатиялық ұран ғана емес, сонымен қатар Қытайдың нормативтік билікке ұмтылысын жүзеге асыратын практикалық механизм ретінде де қызмет етеді. Ол халықаралық ынтымақтастықты Қытайдың өз нормаларына сәйкес қайта құруды көздейді, бірақ соны «серіктестік» және «инклюзивтілік» ұғымдарымен үйлестіре отырып іске асырады.

ШЫҰ ерекшелігі – оның ашықтық пен консенсусқа негізделген институционалдық мәдениеті. Ұйым құжаттарының жария етілуі мен пікірталастардың ашық өтуі ШЫҰ-ны халықаралық тәжірибеде сирек кездесетін үлгіге айналдырады. Мұндай қағидаттар «Шанхай рухының» құндылықтық негізімен тығыз байланысты: тең құқықтылық, өзара құрмет және өркениеттердің көптүрлілігін мойындау.

Өркениеттік тұрғыдан алғанда, ШЫҰ аймағы ежелгі мәдениеттердің тоғысқан кеңістігі болып табылады. Болат Нұрғалиев атап өткендей, бұл өңірде ғасырлар бойы түрлі өркениеттер бір-бірімен байланысып, өзара ықпалдасудың дәстүрін қалыптастырды. Нұрғалиевтің пікірінше, мүше мемлекеттердің тарихи

тәжірибесі «жақын көрші – алыс туыстан артық» қағидасына сүйенген өзара сыйластық пен төзімділікке негізделген, бұл дәстүр қазіргі таңда ұйымның өркениетаралық диалогының берік іргетасына айналған [131].

ШЫҰ-ның бірегейлігі – айырмашылықтарды қайшылық ретінде емес, қайта өміршендіктің көзі ретінде қабылдауында. Гуманитарлық және мәдени ынтымақтастық ұйымның үшінші тірегіне айналып, қауіпсіздік пен экономикадан бөлек жаңа серпін беріп отыр. Осылайша, ШЫҰ халықаралық қатынастарда әртүрлілікті үйлестіре отырып, тұрақтылық пен даму жолын іздейтін бірегей модель ретінде айқындалады.

Аталған зерттеулер «Шанхай рухының» ерекшелігі – әртүрлі мәдени-өркениетке құрметпен қарау, басқа елдердің ішкі істеріне араласпау және әрбір мемлекеттің өзінің ішкі тұрақтылығын мойындауды білдіреді.

Бұған қоса, «Шанхай рухы» халықаралық дағдарыстарды шешуде конструктивті сұхбатты, шиеленістің ушығуын болдырмауды және халықаралық құқық негізінде тұрақтылықты қалпына келтіруді көздейді.

Ұйымға мүше мемлекеттер бір-біріне қажетті қолдау көрсетіп, өзара сенімге негізделген ынтымақтастықты қамтамасыз етеді, ал бұл сенім ортақ әлеуметтік нормалар мен моральдық принциптерді түсіну арқылы қалыптасады.

Осы тұрғыдан «Шанхай рухы» Қытай мен ұйымның басқа мүшелері арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етуде.

Тұжырым

Осылайша «Шанхай рухының» принциптері – «өзара сенім», «өзара тиімді ынтымақтастық», «теңдік», «ақыл-кеңес», «өркениеттік және мәдени әртүрлілікке құрмет», «ортақ даму» ШЫҰ мүшелері арасындағы стратегиялық сенімді нығайтуға, ішкі және сыртқы теріс факторлардан туындаған түсініспеушіліктерді жеңілдетуге немесе шешуге, ұйымды одан әрі біріктіруге, сондай-ақ ШЫҰ-ның аймақтық және халықаралық мәселелердегі рөлін арттыруға ықпал етеді.

Қытай үшін аталған принциптер «қытайлық тәсіл» негізінде ШЫҰ-дағы жетекші рөлін атқаруына мүмкіндік береді. Бұған қоса «қытайлық тәсіл» ұйымның процессуалдық қызметінің негізін құрайды, бұл оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді және мүше-мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттесу үшін теңгерімді нормалар мен рәсімдер жүйесін қалыптастырады. «Қытайлық тәсіл» күш-жігерді үйлестіруге және шешім қабылдауда тең құқықтылыққа бағытталған.

Осылайша «Шанхай рухы» Қытайдың сыртқы саяси философиясына негізделген «қытайлық тәсілдің» институционалдық-процессуалдық көрінісі деп қарастыруға болады. Егер қытайлық тәсіл теориялық деңгейде реляциялық онтологияға, гуаньси этикасына, фаньфа әдістемесіне және үйлесім қағидатына сүйенсе, ШЫҰ шеңберіндегі «Шанхай рухы» осы ұстанымдарды нақты құндылықтарға айналдырады. Өзара сенім, теңдік, ақыл-кеңес, мәдени әртүрлілікті құрметтеу және ортақ даму принциптері қытайлық тәсілдің философиялық негізін халықаралық ұйым аясында іске асырып, оны аймақтық ынтымақтастықтың өзіндік үлгісіне айналдырады. Осы тұрғыда «Шанхай

рухы» тек ШЫҰ-ның ғана емес, Қытайдың халықаралық қатынастардағы баламалы әдіснамалық ұстанымының да көрінісі болып табылады.

Дегенмен ШЫҰ қызметінің даму барысы ұйым алдында бірқатар ішкі және сыртқы сын-қатерлердің бар екенін көрсетеді. Мүше-мемлекеттердің саяси жүйелері мен экономикалық даму деңгейлерінің әркелкілігі, қауіпсіздікке төнетін қатерлердің (терроризм, экстремизм, сепаратизм) күшеюі, мүше елдердің экономикаларының үйлесімсіздігі, шекаралық шиеленістер және сыртқы акторлардың қысымы ұйымның тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар болып табылады.

2 ШАНХАЙ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ЫҚПАЛ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

2.1 ШЫҰ қауіпсіздік саласында «қытайлық тәсілдің» негізгі принциптері мен механизмдері («консенсус» қағидаты)

ШЫҰ аясында аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласы - ұйымның негізгі басымды бағыттарының бірі болып табылады.

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан басшылары шекаралық мәселелерді шешуді басты назарға ала отырып, аймақтағы әскери-саяси шиеленістердің алдын алу шараларын қолға алды. 1996 жылы Шанхай қаласында аталған елдердің басшылары шекара аймақтарында әскери сенімді нығайту (Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара маңындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы Келісімді ратификациялау жөнінде» (1996 ж.), ал 1997 жылы Мәскеуде шекара аймақтарындағы қарулы күштерді қысқарту туралы келісімдерге қол қойды [132].

Осылайша Қытай мен бұрынғы КСРО арасындағы тарихи, одан кейінгі Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан арасында шекаралық шиеленісті реттеу механизмі 3000 шақырымдық шекара учаскесі бойынша мәселені толықтай шешті.

Бұл механизм халықаралық қатынастар тарихындағы ерекше жетістік болып табылады. Аталған келісімдердің іске асуын қадағалау үшін 1997 жылы Бірлескен бақылау тобы құрылып, әскери және дипломатиялық сарапшылар деңгейінде тексерулер жүргізілді. ШЫҰ аясында 2000-2018 жылдар аралығында аталған топ тұрақты түрде 38 рет бас қосып шекаралық аймақтарды өзара тексеру тәжірибесін жолға қойып, өзара сенімді қалыптастырды.

Аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қытайдың өзінің ішкі тұрақтылығы үшін де ерекше маңызды болды. Себебі кеңес одағының ыдырауы мен 1989 жылғы Тяньаньмэнь оқиғасынан кейін Бейжің Тибет пен Шыңжаңдағы тұрақсыздықтың бүкіл елге тарап кетпеуін алдын ала қамтамасыз етуге мүдделі болды. КСРО ыдырағаннан кейін 90-шы жылдары сепаратизм, экстремизм және терроризм күштері Орталық Азия елдерінде, Қытайдың Шыңжаң аймағында белсенділік таныта бастады. Әсіресе «Шығыс Түркістан ислам қозғалысы» Қытай үшін басты қауіп болды [133].

Сонымен қатар, 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейін ШЫҰ шеңберінде терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күресті күшейту қажеттілігі туындады. Осы мақсатта ұйымға мүше мемлекеттер ынтымақтастық механизмін іске қосу туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде өңірлік терроризмге қарсы құрылым құрылып, өзара әрекеттесуді реттейтін бірқатар құқықтық құжаттарға қол қойылды, сондай-ақ бірлескен әскери оқу-жаттығулар ұйымдастырылды. Аталған шаралар қауіпсіздік саласындағы

бірлескен іс-қимылдардың барлық негізгі бағыттарын жүйелеп, сенімді құқықтық негізді қамтамасыз етті [134].

Ұйымға мүше барлық мемлекеттер терроризм, сепаратизм және экстремизмді халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы достық қатынастарға тікелей қауіп төндіретін құбылыстар деп бірауыздан таныды. Сонымен бірге, бұл қауіптер мүше мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен ішкі тұрақтылығына да елеулі қатер төндіреді деп бағаланды.

Осы қауіптерге қарсы тұру мақсатында «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі Шанхай конвенциясына» қол қойылды. Конвенция аталған ұғымдарға алғаш рет заңдық анықтама беріп қана қоймай, мүше мемлекеттердің құқық қорғау органдары арасындағы ақпарат алмасу, ынтымақтастықты нығайту және шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттарын нақтылады.

Бұл құжат ШЫҰ-ның нормативтік-құқықтық негізін күшейтіп, ұйымды тек саяси декларациялар деңгейінен құқықтық міндеттемелерге сүйенетін аймақтық қауіпсіздік құрылымына айналдыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, «үш зұлымға» қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында ШЫҰ аясында бірқатар құқықтық құжаттар қабылданды. Оларға мыналар жатады: «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық концепциясы», «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің аумағына террористік, сепаратистік және экстремистік әрекеттерге қатысы бар адамдардың кіру арналары мен жолдарын анықтау және жабу саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» (2006 ж.), «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің аумақтарында бірлескен терроризмге қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісім» (2006 ж.), «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының терроризмге қарсы конвенциясы» (2009 ж.), «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің терроризмге қарсы құрылымдары үшін кадрлар даярлау туралы келісім» (2009 ж.) және басқа да құжаттар. Бұл шаралар ұйым мүшелері арасындағы құқықтық өзара әрекеттесуді нығайтып, терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы бірлескен іс-қимылдарды жүйелеуге мүмкіндік берді.

Ұйымға мүше барлық мемлекеттер терроризм, сепаратизм және экстремизмді халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарға тікелей қауіп төндіреді деп бірауыздан мәлімдеді. Сонымен бірге, бұл құбылыстар мүше-мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен ішкі тұрақтылығына да елеулі қатер төндіреді деп бағалады.

Осы қауіптерге қарсы тұру мақсатында «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі Шанхай конвенциясына» қол қойылды. Конвенция аталған ұғымдарға алғаш рет заңдық анықтама беріп қана қоймай, мүше-мемлекеттердің құқық қорғау органдары арасындағы ақпарат алмасу, ынтымақтастықты нығайту және шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында нақты бағыттарды айқындады.

Бұл құжат ШЫҰ-ның нормативтік-құқықтық негізін күшейтіп, ұйымды жәй ғана саяси декларациялар деңгейінен нақты құқықтық міндеттемелерге сүйенетін аймақтық қауіпсіздік құрылымына айналдыруға ықпал етті.

«Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясына» 2017 жылғы 9 шілдеде Астанада өткен ШЫҰ-ның 17-саммитінде қол қойылды. Бұл құжат қатысушы мемлекеттердің экстремизм идеологиясына қарсы өзара әрекеттесуін және тиімді ынтымақтастығын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттер үшін «экстремизм», «экстремизмді қаржыландыру» және «экстремистік ұйым» ұғымдарына бірыңғай құқықтық түсініктеме берілді, сондай-ақ бірыңғай экстремистік ұйымдар тізімі жасалды. Осылайша, конвенцияның қабылдануы экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында құқықтық біртектілікті қамтамасыз етті.

Бұл тұрғыдан қытай сарапшылары «аталған «экстремизм» ұғымы халықаралық деңгейде қолданылмаса да, ШЫҰ кеңістігінде енгізу маңызды, себебі бұл ұғым терроризм, экстремизм, сепаратизмге қарсы әрекетте маңызды рөл атқарады» деп санайды.

ШЫҰ Хартиясы, терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі Шанхай конвенциясы және экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы ШЫҰ Конвенциясы ұйым аясында «үш зұлым күшке» тиімді қарсы тұру үшін кең құқықтық базаны қалыптастыруда.

Бұл құжаттар Ұйымның құқық қорғау органдарының, арнайы қызметтерінің және ведомстволарының өзара әрекеттесуіне және олардың күштерін біріктіруге ерекше ықпал етуге, ғаламдық және аумақтық қауіп-қатерлерге тиімді қарсы тұруда бірізді және жүйелі жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Құқықтық тетіктерден бөлек, «үш зұлым күшке» қарсы бірлескен іс-қимыл үшін ШЫҰ шеңберінде ұйымдастырушылық ынтымақтастық механизмі де қалыптастырылды. Осы тұрғыда, 2004 жылдан бастап мүше мемлекеттердің қауіпсіздік кеңестері хатшыларының тұрақты кездесулері тиімді өзара әрекеттесу форматына айналды. Сонымен қатар, 2002 жылғы 7 маусымда ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органы – Өңірлік терроризмге қарсы құрылым (ӨТҚК) құрылды. Бұл құрылым мүше мемлекеттердің құзырлы органдарының терроризмге қарсы іс-қимылдарын үйлестіру мен өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді.

2005–2018 жылдар аралығында ұйымға мүше мемлекеттердің қатысуымен «Мирная миссия» атауымен терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығулар тұрақты түрде өткізілді [135].

Бұл оқу-жаттығулар аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде терроризмге қарсы дайындықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу ғана емес, жалпы «Шанхай рухының» өзара сенім, тиімді ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуді жандандыру болып табылады. Бұл «қытайлық тәсілдің» тәжірибелік көрінісі.

Кесте 7 – «Мирная миссия» атауымен терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығулар

Оқу-жаттығу атауы	Өткізу уақыты	Өткізу орны
«Мирная миссия – 2005»	2005 ж. 18–25 тамыз	Владивосток (Ресей), Шаньдун (Қытай)
«Мирная миссия – 2007»	2007 ж. 9–17 тамыз	Үрімші (ШҰАА ҚХР), Челябин облысы (Ресей)
«Мирная миссия – 2010»	2010 ж. 9–25 қыркүйек	Полигон Матыбұлақ, Жамбыл облысы (Қазақстан)
«Мирная миссия – 2012»	2012 ж. 8–14 маусым	Полигон Чорух-Дайрон, Согды облысы (Тәжікстан)
«Мирная миссия – 2013»	2013 ж. 27 шілде – 15 тамыз	Челябі облысы (Ресей)
«Мирная миссия – 2014»	2014 ж. 24–29 тамыз	Полигон Чжужихэ (Үшкі Моңғолия, Қытай)
«Мирная миссия – 2016»	2016 ж. 15–21 қыркүйек	Балыкчы (Қырғызстан)
«Мирная миссия – 2018»	2018 ж. 22–29 тамыз	Челябі облысы (Ресей)

Fan, X. (2021). Existing Mechanisms of the Shanghai Cooperation Organization and Their Problems Dealing With Non traditional Security Challenges. International Organisations Research Journal, 16(1). <https://doi.org/10.17323/1996-7845-2021-01-05> <https://iorj.hse.ru/en/2021-16-1/458538992.html>

Ұйым шеңберінде **есірткіге қарсы ынтымақтастық** саласында да бірқатар құжаттарға қол қойылды (2004 жылғы есірткі құралдарының заңсыз айналымымен, психотроптық заттармен және олардың прекурсорларымен күресте ШЫҰ мүше-мемлекеттері арасында ынтымақтастық туралы Келісім; ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің Есірткіге қарсы әрекет ету стратегиясы; 2018 жылы Циндао қаласында өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттері басшыларының саммитінде қабылданған Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қолдануға қарсы профилактика бойынша ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің Концепциясы).

Бұл құжаттарда есірткі құралдарының заңсыз айналымымен тиімді көпжақты және кешенді жүйені қалыптастыру үшін міндеттер мен шаралар сипатталған. Сондай-ақ, бұл жүйе халық арасында заңсыз есірткі тарату көлемін азайту және оларды қабылдауды жоюға бағытталда. Құжатта өзара байланысты, әртүрлі категориядағы азаматтардың, мысалы, балалар, жастар, ересек адамдардың есірткі қабылдау факторлары есепке алынған. Ауғанстан аумағынан келетін есірткі қауіптеріне және есірткі құралдарының жаңа түрлерін таратуға қарсы тұруда ерекше маңызға ие болды [136].

Сонымен қатар, 2008 жылы заңсыз қару-жарақ, оқ-дәрі және жарғыш заттармен күрес саласында, 2009 жылы халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында, ал 2010 жылы қылмыспен күрес саласында ШЫҰ мүше мемлекеттері үкіметтері арасында ынтымақтастық жөніндегі келісімдерге қол қойылды.

Бұл құжаттар аймақтың қауіпсіздік саласындағы өзара әресеттесу мен іс-қимылдың барлығын үйлестіріп, реттеп, құқықтық негізін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Дегенмен де бүгінде ғасырда болмаған ауқымды өзгерістер аясында көне қақтығыстар күшейіп, шиеленісуде. Дәстүрлі және дәстүрлі емес қауіпсіздік

мәселелері аймақтың тұрақты дамуына кері әсерін тигізуде. Әсіресе, тарихтан қалған аймақтық және этникалық мәселелер жаңа қақтығыстардың тұтануына себеп болуда. Әсіресе, Украинадағы дағдарыстың жалғасуы аймақта тұрақсыздықты туғызып қана қоймай, аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық дамуды да тежеуде.

Осындай жағдайда террористік және экстремистік элементтердің ШЫҰ кеңістігіне ену ықтималдылығы артуда. Бұл ШЫҰ мүше-мемлекеттері үшін қауіпсіздік саласында әлі де өзара әрекеттесу тетігін жетілдірудің маңыздылығы мен қажеттілігін білдіреді.

ШЫҰ аясында қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты күшейтудің бірқатар жаңа факторларын сипаттауға болады.

Біріншіден, Еуразия аумағына ислам экстремистерінен төнген қауіпке, сонымен қатар Орталық Азия елдеріндегі билік күштерінің ауысуы жағдайы үдерісінде туындаған сыртқы факторлардың әсерінен болатын «түрлі түсті төңкерістер» қозғалысына қарсы тұруға дайын болу қажеттілігі.

Екіншіден, соңғы кезде барлық Еуразия аумағында, дәлірек айтқанда Кавказдан (Армян-әзірбайжан қақтығысы, 2021 ж.) бастап Орталық Азия (Қазақстандағы «қаңтар оқиғасы», 2022 ж.) мен Ауғанстанға (ауған билігіне талибтердің келуі, 2021 ж.) дейінгі аумақтағы ахуалдың өзгерістерге ұшырауы мүше-мемлекеттердің қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өзара әрекеттесу механизмдерін нығайту мен ортақ ұстаным құруын талап етуде.

2020 жылы COVID-19 пандемиясының басталуынан кейін аумақта бірінен соң бірі тарихи және этникалық мәселелер туындады. Мысалы, 2021 жылы Әзербайжан мен Армения арасында көп жылдан бері болмаған қақтығыс басталды, 2022 жылы Тәжікстан мен Қырғызстан шекарасында қақтығыстар орын алды, ал 2024 жылы Молдова мен Украинамен шектесетін Приднестровье аймағында шиеленістер күшейді.

Сонымен қатар түрлі факторлардың әсерінен аумақ елдеріндегі кейбір жүйелік мәселелер одан әрі шиеленісті. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, өмір сапасының төмендеуі және экономикалық өнімділіктің төмендігі сияқты мәселелер өңір елдеріндегі әлеуметтік басқарудың тиімді еместігінен байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты күшейтіп, саяси және этникалық қақтығыстарды ушықтырды.

Осы жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз етуді нығайтуда, экономикалық дамуды қолдауда және қақтығыстарды шешуде ШЫҰ-ның рөлі артуда. Алайда, бұл үшін ұйымның институционалдық негізін одан әрі дамыту, мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты күшейту және өңірдің тұрақтылығы мен өркендеуіне үлес қосуға дайын жаңа қатысушыларды тарту қажеттілігі туындауда.

Осындай жағдайда Қытай өзінің экономикалық әлеуетімен ШЫҰ мәселелері мен қауіптерін шешуге ықпал етуде. Қытай басшылығы тиімді ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу үдерістерін күшейту, қауіпсіздіктің көпжақты стандарттарын қолдау, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты кеңейту, сонымен қатар ұйымның ғаламдық мәртебесін арттыру сияқты бастамаларды ұсынуда.

2013 жылы Си Цзиньпиннің билікке келуімен Қытай тарапы қауіпсіздік мәселесіне қатысты жаңа көзқараспен қарай бастады. 2014 жылы ресми түрде жарияланған **«жан-жақты ұлттық қауіпсіздік»** (ағылшынша - «holistic national security») концепциясы оның ішкі және сыртқы қауіпсіздік стратегиясын жаңадан қалыптастыруға мүмкіндік туғызды. Аталған концепция 2015 жылы Ұлттық қауіпсіздік комиссиясының құрылуымен институционалдық сипатқа ие болды. Оның мазмұны дәстүрлі әскери бағыттармен ғана шектелмей, саяси, экономикалық, экологиялық, энергетикалық, ақпараттық, ғылыми-технологиялық және әлеуметтік тұрақтылық сияқты 16 негізгі бағытты қамтыды. Сонымен қатар концепцияда қауіпсіздік ұғымы дәстүрлі және дәстүрлі емес деп екі түрге бөлінді: біріншісі әскери және саяси қатерлерді жоюға бағытталса, екіншісі экономика, экология, энергетика және т.б. әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды [137].

Қытай үкіметінің бұл концепциясы ШЫҰ-ның даму келешегіне де елеулі ықпал етті. Осы концепция негізінде Си Цзиньпин ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттермен институционалдық және құқықтық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Мысалы, 2014 жылы Душанбеде және 2015 жылы Уфада өткен саммиттерде Си Цзиньпин құқық қорғау кадрларын даярлау мен тәжірибе алмасудың маңыздылығын атап өтті. 2014 жылғы 20 мамырда осы бастамасы негізінде Шанхай саяси-құқық университетінің (SHUPL) базасында «China National Institute for SCO International Exchange and Judicial Cooperation» (CNISCO) орталығы ресми түрде ашылды. Оның басты мақсаты – аймақ елдерінің құқық қорғау органдары арасында білім мен тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету болды. Ал 2015 жылы Қытайда Орталық Азия елдерінің құқық қорғау органдарына арнап терроризмге қарсы іс-қимылды жетілдіру жөнінде бірқатар семинарлар ұйымдастырылды [138].

Бұл ШЫҰ мүше-мемлекеттердің құқық қорғау органдарының мамандарын дайындау шарасы ғана емес, аймақтық қауіп-қатерлерге қарсы ынтымақтастықта осы елдердің құзіретті органдарын өзара үйлестіру, ақпарат алмасу және өзара әрекеттесу шараларын ұйымдастыруға бағытталғанын білдіреді.

ШЫҰ-ның барлық саммиттерінде Қытай қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. Си Цзиньпин қауіпсіздік мәселесіне басымдық беруді «ұйым дамуының берік негізі» деп бағалайды. Қытай ШЫҰ-ны Азиядағы қауіпсіздік пен экономикалық дамуды қамтамасыз ететін үлгілі көпжақты тетік ретінде қалыптастыруды мақсат етеді. Осы тұрғыда Бейжің ШЫҰ-ның Ауғанстандағы жағдайды реттеудегі қауіпсіздік құралдарының тиімсіздігіне алаңдаушылық білдірді. 2016 жылдың тамызында Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Үрімші қаласында Ауғанстан, Қытай, Пәкістан және Тәжікстанның Бас штаб бастықтарының кездесуі өтті. Нәтижесінде «Ауғанстан – Қытай – Пәкістан – Тәжікстан» қарулы күштерінің ынтымақтастық жөніндегі үйлестіру механизмі құрылды. Бұл механизм Қытай қарулы күштері мен көршілес елдердің қарулы күштері арасындағы алғашқы көпжақты қауіпсіздік тетігі болып саналады [139].

Осы орайда қытай сарапшылары «терроризмге қарсы ынтымақтастықты нығайту бұл қауіптің көлемін азайтуға ықпалын тигізеді, себебі бұл бір ғана мемлекеттің ғана күшімен емес, барлық мемлекеттердің бірігіп әрекет етуін талап етеді» деп тұжырымдайды [140]. Сондай ақ, Пань Гуан «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» бастамасын терроризмге қарсы бірлесіп өзара әрекеттесудің маңызды негіздерінің бірі ретінде қарастырады. Себебі әлемдегі террористік актілердің жиілеуі, экстремистік ұйымдардың жаңа әдістер мен құралдарды қолдануы жағдайында халықаралық ынтымақтастық механизмдерін жетілдіру өзекті мәселе болып табылады деп бағалайды. Пань Гуан ШЫҰ аясындағы «Шанхай рухының» принциптері аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тиімді механизмі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан ол Қытай мен Пәкістан тараптарының біріккен күш-қимылдың арқасында 2003 жылы «Пәкістан-Ауғанстан» шекарасында «Шығыс Түркістан ислам қозғалысының» жетекшілерінің іс-әрекеттеріне тосқауыл қойылғанын атап көрсетеді. Осыған орай Пань Гуан «Қытай мен Пәкістан ынтымақтастығы ШЫҰ аясында «үш зұлыммен» күресуде маңызды рөл атқаруда» деп тұжырымдайды [141].

Аталған бастамалар ШЫҰ қауіпсіздік архитектурасына ережелер мен нормаларға негізделген институционалдық, көпдеңгейлі сипат беруде. Қытай қауіпсіздік мәселелерін келісім мен ортақ мүдделерді ұжымдық механизмдер мен реляциялық дипломатиялық тәсіл арқылы шешуді ұсынуда.

Қытайдың бұл тәсілі «Шанхай рухының» принциптері – өзара сенім, теңдік, өзара ақыл-кеңес, ортақ даму негізінде жүзеге асып, ұйымды дәстүрлі емес қатерлерге бейімделген толыққанды аймақтық қауіпсіздік платформасына айналдыруға бағытталған. Бұған қоса бұл тәсіл Қытайдың «бір жерге шоғырландырылған» қауіпсіздік моделін қалыптастырады.

Сонымен қатар Қытай қауіпсіздік салаларында (*оның ішінде, ақпараттық, қаржылық, энергетикалық қауіпсіздік*) аймақтық ынтымақтастықты нығайтуға қатысты бастамалар ұсынды. 2014 жылы ШЫҰ саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин төрт жаңа ұсыныс жасаған болатын:

Аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауды қолдау;

Ортақ даму мен өркендеуді іске асыру;

Ынтымақтастықты қозғаушы күш ретінде қолдау және кеңейту» [142].

Осының негізінде бүгінде қауіпсіздікті бірлесіп қамтамасыз ету механизмдері жетілдіріліп, киберқауіпсіздік кеңістігінде де бірлескен жаттығулар ұйымдастырылуда. Қытайлық зерттеушілер қауіпсіздік ұғымын кешенді әрі көп деңгейлі құбылыс ретінде қарастыра отырып, ШЫҰ-ның қауіпсіздік саласындағы күн тәртібін кеңейтуге ықпал етуде. Ұйымның міндеттері тек терроризм, экстремизм және сепаратизмге қарсы іс-қимылмен шектемей, сонымен бірге киберқауіпсіздікке, экономикалық, экологиялық, ақпараттық және өзге де дәстүрлі емес қатерлердің алдын алуды қамти бастады.

Соңғы жылдары аймақта дәстүрлі емес қауіп-қатерлерінің күшеюі аймақтың тұрақтылығына елеулі ықпал етіп отыр. Орталық Азия елдері үшін бұл қауіптер тек экономикалық немесе экологиялық емес, сондай-ақ технологиялық және биологиялық сипатқа ие болуда. Олар бір-бірімен өзара

байланысты болғандықтан, оларды еңсеру үшін жүйелі және кешенді тәсілді қолдануды қажет етеді.

Атап айтқанда, **климаттық және су қауіпсіздігі**. Климаттың өзгеруі аумақтың ішкі бөлігінде, әсіресе Орталық Азияда, елеулі экологиялық және әлеуметтік қатерлер тудырып отыр. Аймақтағы орташа температура жаһандық деңгейден жоғары қарқынмен өсуде, су ресурстарының сарқылуына және ауыл шаруашылығының құлдырауына алып келуі мүмкін. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, 2050 жылға қарай Сырдария мен Өмудария өзендерінің су көлемі 10–15%-ға дейін азаюы ықтимал. Бұл жағдай аймақ елдерінің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің бағалауы бойынша, климаттық өзгерістердің салдарынан 2050 жылға дейін аймақта шамамен 5 млн. адам климаттық көші-қонға мәжбүр болуы мүмкін.

Орталық Азия елдерінің энергетикалық жүйесі қазіргі таңда «қатты теңгерім» жағдайында, яғни энергетикалық сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдік тұрақсыз болуынан энергетикалық тәуелділікті туындатуда. Мысалы, 2023 жылы Өзбекстан алғаш рет табиғи газды импорттаушы елге айналды, бұл ресурстық тәуелділіктің артуына айқын дәлел. Сонымен қатар, демографиялық болжамдарға сәйкес, 2050 жылға дейін аймақ халқы 75 миллионнан 100 миллионға дейін ұлғаяды, бұл энергияға деген сұраныстың күрт артуына себеп болады. Осы жағдай тұрақты экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында елеулі кедергіге айналуы мүмкін.

Цифрлық технологиялардың кеңінен таралуы аймақ елдеріне жаңа мүмкіндіктермен қатар, киберқауіпсіздік мәселелерін де туындатуда. Аймақтағы мемлекеттердің бұл саладағы техникалық және институционалдық мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, олар хакерлік шабуылдарға жиі ұшырап, мемлекеттік инфрақұрылым мен стратегиялық салалар үшін елеулі қатер тудырады. Бұл, өз кезегінде, цифрлық экономикаға деген сенімсіздікке және даму қарқынының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

COVID-19 пандемиясы биологиялық қауіпсіздіктің жаһандық деңгейде өзектілігін айқындап берді. Бұл тұрғыда аймақ елдері эпидемияларға қарсы әрекет ету, мониторинг жүргізу және денсаулық сақтау жүйесін нығайту бағытында бірлескен шараларды іске асыруы қажет. Сонымен қатар, ғарыш кеңістігіндегі қауіпсіздік те маңызды болуда. Спутниктік технологиялардың қарқынды дамуы және ғарыштық инфрақұрылымға тәуелділіктің артуы аймақтық қауіпсіздік күн тәртібіне жаңа сын-қатерлерді енгізуде.

Орталық Азия елдерінің экономикалық жүйелері шикізаттық бағытқа тәуелді, ал олардың халықаралық нарықтарға қолжетімділігі шектеулі болып отыр. Қаржы секторлары жеткілікті дамымаған, инвестициялық климаттың әлсіздігі де аймақтың дамуына кері әсерін тигізуде. Сонымен қатар, Ресейге қарсы бағытталған Батыс санкциялары осы мемлекеттермен тығыз экономикалық байланыстағы аймақ елдеріне де жанама экономикалық қысым тудыруда, әсіресе қаржы, сауда және туризм салаларында.

Осы аталған қатерлерді тиімді басқару және еңсеру мақсатында ШЫҰ рөлі ерекше маңызға ие болуда. Ұйым аясында климаттық бейімделу,

энергетикалық қауіпсіздік, цифрландыру және экономикалық ықпалдасу бағыттарында мүше-мемлекеттердің үйлестірілген саясатын қалыптастыруды қажет етуде. Қытай тарапы «тек көпжақты ынтымақтастық негізінде ғана аймақ тұрақты және қауіпсіз даму жолына түсе алады» деп санайды. Осыған байланысты ШЫҰ кеңістігіндегі аймақтық қауіпсіздікті, жаңа қауіп-қатерлерге қарсы күресті, экономикалық дамуды, тату көршілік пен өзара сенімді қарым-қатынастарды нығайтуды қамтамасыз ету ұйымның басты мақсаттарының бірі ретінде қарастырады.

Осындай қауіп-қатерлерді алдын алу мақсатында 2022 жылы Си Цзиньпин халықаралық қатынастарда тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты орнатуға бағытталған **«Жаһандық қауіпсіздік»** (*Global Security Initiative – GSI*) бастамасын ұсынды. Аталған бастама алты негізгі принципке негізделген:

Баршаға ортақ қауіпсіздік (Common Security): қауіпсіздік мәселелерінде барлық мемлекеттердің мүдделерін тең дәрежеде ескеру.

Кешенді қауіпсіздік (Comprehensive Security): дәстүрлі және дәстүрлі емес қатерлерге (терроризм, киберқауіптер, биоқауіпсіздік және т.б.) бірдей назар аудару.

Ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздік (Cooperative Security): біржақты әрекеттерге емес, көпжақты әріптестікке сүйену.

Тұрақты қауіпсіздік (Sustainable Security): ұзақ мерзімді тұрақтылық пен даму үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қауіпсіздік дағдарыстарын бейбіт жолмен шешу: сұқбат пен келіссөздер арқылы қақтығыстарды реттеу.

Халықаралық құқыққа сәйкестік: БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына негізделу [143].

Бұл концепция ШЫҰ шеңберіндегі ұжымдық қауіпсіздік механизмдерінің мазмұнын кеңейтуге елеулі ықпал етіп, Қытайдың аймақтық саясатымен үйлесім табуда. «Шанхай рухы» принциптері мен GSI принциптерін өзара салыстыру арқылы олардың ортақ құндылықтары мен үйлескен қауіпсіздік ұстанымдары айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде «Шанхай рухы» мен Қытайдың 2022 жылы жариялаған «Жаһандық қауіпсіздік бастамасы» арасында мазмұндық және әдіснамалық сабақтастық көрінеді. Кестелік салыстырудан «GSI»-дің ШЫҰ аясында қалыптасқан «Шанхай рухының» жаһандық деңгейде кеңейтілген әрі жүйелендірілген түрі ретінде көрініс табады. Екі бастамада да мемлекеттердің егемен теңдігін мойындауға, қауіпсіздік мәселелерін консенсус пен сұхбат негізінде шешуге және барлық тараптардың мүдделерін ескеруге басымдық береді. Мұндай ұқсастықтар олардың ортақ философиялық негізімен – қытайлық реляциялық онтологиямен түсіндіріледі. Бұл онтологияда халықаралық қатынастар субъектілерінің болмысы өзара байланыстар мен контекстуалды әрекет арқылы айқындалады.

Кесте 8 «Шанхай рухы» және Жаһандық қауіпсіздік бастамасының (GSI) байланысы

Шанхай рухының принциптері	GSI қағидасымен сәйкестігі
Өзара сенім	Ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздік (Cooperative Security) – сұхбат арқылы сенім қалыптастыру
Өзара пайда	Баршаға ортақ қауіпсіздік (Common Security) - тек өзара тиімділік арқылы ортақ қауіпсіздікке қол жеткізуге болады.
Теңдік	Егемендікке құрмет және халықаралық құқық (UN Charter) - барлық мемлекеттердің тең құқықты болуы.
Өзара ақыл-кеңес	Консенсус және сұхбат - біржақты әрекеттен бас тарту және кеңесу арқылы шешім қабылдау.
Әртүрлі өркениетке құрмет көрсету	Кешенді қауіпсіздік (Comprehensive Security) - әртүрлілікке негізделген ұлттық ерекшеліктерді ескеру.
Ортақ даму	Тұрақты қауіпсіздік (Sustainable Security) - бейбіт даму арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

«Шанхай рухы» мен «GSI» принциптері Қытайдың ШЫҰ аясындағы қауіпсіздікке қатысты көзқарасының іргелі құрылымын қалыптастырады.

Олар тек теориялық деңгейде ғана емес, нақты институционалдық механизмдер арқылы жүзеге асырылуда. Бұған жоғарыда аталған Өңірлік терроризмге қарсы құрылым (ӨТҚК), бірлескен әскери жаттығулар, киберқауіпсіздік саласындағы өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу механизмдері жатады.

Сонымен қатар, Бейжің жаңа қауіпсіздік шараларын жетілдіру бойынша бастамаларды көтеруде. 2024 жылғы 2-6 шілде аралығында Астанада өткен ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттер басшыларының саммитінде Си Цзиньпиннің бастамасымен «Әділетті, әрі үйлесімді әлем құру жөніндегі бастама» құжаты қабылданды. Құжатта қауіпсіздік саласында «үш зұлым күшке» қарсы шешуші іс-шаралар белгіленіп, ШЫҰ-ның жедел әрекет ету тетіктерін жаңарту қажеттілігі атап өтілді [144].

2025 жылғы маусымда Астанада өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының кездесуінде ҚХР вице-президенті Хань Чжэн Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге дайын екенін растай отырып, «ШЫҰ аясында тиімді қауіпсіздік архитектурасын қалыптастыру үшін мүше-мемлекеттердің өзара үйлесімділігі мен ортақ жауапкершілігі қажет» екендігін жеткізді [145]. Ол «соңғы жылдары ШЫҰ шеңберінде жүзеге асырылған қауіпсіздік шаралары нәтижесінде аймақтағы қауіп-қатерлер азайып, транзиттік дәліздерде, әсіресе «Бір белдеу, бір жол» жобалары бағыттарында жағдайдың тұрақты дамуы байқалады» деп атап өтті.

Бұдан басқа ШЫҰ қауіпсіздік ынтымақтастығын кеңейту мақсатында 2025 жылы өткен «Қытай – Орталық Азия» саммитінде «қытайлық–орталықазиялық рух» концепциясы қабылданды. Бұл бастама «Шанхай

рухының» негізгі принциптеріне – өзара сенім, өзара құрмет және өзара көмекке сүйене отырып, Орталық Азияның бес мемлекетімен терроризм, экстремизм және есірткі трафигі сияқты трансұлттық қатерлерге қарсы бірлескен күшті нығайтуды көздейді. Қытай бұл ынтымақтастықты ұзақ мерзімді достық пен тату көршілік туралы келісімдер арқылы институционалдық тұрғыда бекітті.

Бұл бастамалар Қытайдың қазіргі заманғы қауіпсіздікке қатысты көзқарасының прагматикалық әрі бейбіт сипатын бейнелеп, ұйымның институционалдық әлеуетін кеңейтуге бағытталған қадамы ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыда Қытай киберқауіптерге, трансшекаралық қылмысқа, заңсыз қаржы ағындарына, кибертерроризм мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күресті басымды бағыт ретінде қарастыруда. Қытайлық зерттеушілер киберкеңістіктегі қақтығыстардың эволюциясын бірнеше кезең арқылы сипаттайды: біріншісі – радиоэлектрондық күрес (электрондық кедергілер және өзге тәсілдер), екіншісі – электрондық күрес (заңсыз ақпарат алу, желілік барлау, хакерлік шабуылдар, басқару жүйелерін істен шығару), үшіншісі – инфрақұрылымды қирату (талшықты-оптикалық желілерді бүлдіру, спутниктік байланыстарды тоқтату). Ал Интернет желілерін қорғау төрт негізгі категорияға жіктеледі:

физикалық қауіпсіздік – техникалық жабдықтарды қорғау;

ақпараттық қауіпсіздік – мәліметтердің құпиялығы мен тұтастығын қамтамасыз ету;

білімді жетілдіру – желіні тану және жаңа білім алу арқылы қорғаныс әлеуетін күшейту;

әлеуметтік технологиялар – әлеуметтік желілердегі ақпараттық ықпал ету, оның ішінде қоғамдық сана мен мемлекеттік тұрақтылыққа әсер ету.

Бұл Қытайдың Орталық Азиядағы қауіпсіздікке қатысты көзқарасының бейімделгіш әрі прагматикалық сипатын көрсетеді.

2025 жылғы Тяньцзинь саммиті ШЫҰ-ның қауіпсіздік архитектурасын институционалдық тұрғыдан жаңғыртуға бағытталған маңызды кезең болды. Саммит қорытындысы бойынша ұйымның дәстүрлі емес қатерлерге қарсы тұрудағы әлеуетін кеңейтуге бағытталған бірнеше шешімдер қабылданды.

Саммит аясында екі жаңа тұрақты орган құру туралы келісімге қол қойылды. Оның бірі – Душанбе қаласында Есірткіге қарсы орталығы, екіншісі – Ташкент қаласында ӨТҚҚ базасында құрылатын Әмбебап қауіпсіздік орталығы. Сонымен қатар Бішкек қаласында Ақпараттық қауіпсіздік орталығы мен Халықаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы орталығы біріктіріледі [146].

ШЫҰ аясындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі бұл өзгерістер қауіпсіздікті әскери немесе шекаралық тұрғыдан қорғау ғана емес, аймақты трансұлттық қылмыс, есірткі саудасы мен киберқауіптері бойынша жүргізілетін өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты нығайтуға барынша мүмкіндік береді.

Душанбедегі Есірткіге қарсы орталықтың құрылу мақсаты – ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің құзырлы органдарының заңсыз есірткі айналымына

қарсы күрес саласындағы бірлескен күші мен қызметін үлестіру болса, а оның негізгі міндеттері төмендегідей болмақ:

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құзырлы органдарының заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес жөніндегі қызметін үйлестіру;

мүше-мемлекеттердің құзырлы органдарына халықаралық ауқымдағы қылмыстық есірткі құрылымдарының қызметін анықтау және жолын кесу мақсатында жедел-алдын алу іс-шараларын жоспарлау мен өткізуге жәрдемдесу;

трансұлттық топтардың әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа қарсы бағытталған әрекеттеріне тосқауыл қоюға жәрдемдесу, атап айтқанда:

а) ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттер ішіндегі белгілі бір мүдделі топтармен есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың транзитін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты байланыстар орнатуына жол бермеу;

ә) наркобизнестің құқық қорғау органдарымен және өзге мемлекеттік құрылымдармен сыбайласуына жол бермеу;

мүше-мемлекеттердің құзырлы органдарына есірткі айналымынан түскен қаражатты жуу мен заңдастыруға қарсы келісілген шаралар қабылдауға жәрдемдесу, соның ішінде ұлттық және халықаралық қаржы институттары арқылы;

ШЫҰ кеңістігінде есірткіге қарсы іс-қимыл нәтижелері туралы ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ бақылау шаралары жөнінде мәліметтерді жүйелеу;

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы, оларға қатысы бар деректер мен тұлғалар жөнінде электрондық дерекқор қалыптастыру және жүргізу;

ШЫҰ елдеріндегі есірткі ахуалына мониторинг жүргізу, ықтимал өзгерістерді болжау және алдын алу шараларын уақытылы қабылдау;

мүше-мемлекеттердің есірткіге қарсы ведомстволары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес мәселелерін қамтитын халықаралық-құқықтық құжаттар мен ұлттық бағдарламаларды әзірлеуге жәрдемдесу;

тәжірибе алмасуға бағытталған ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, сондай-ақ ШЫҰ мүше мемлекеттерінің құзырлы органдарының қатысуымен антинаркотикалық жедел-тактикалық жаттығулар өткізу.

Сонымен қатар Тяньцзин саммиті аясында экстремистік идеологияға қарсы күрес жөніндегі 2026-2030 жылдарға арналған бағдарлама қабылданды. Бұл құжат мүше-мемлекеттердің бірлескен идеологиялық және ақпараттық қауіпсіздік саясатын қалыптастыруға жол ашып, ұйымның дәстүрлі емес қатерлерге институционалдық тұрғыдан жауап беру қабілетін күшейтеді.

Осылайша ШЫҰ жүйелі және кешенді қауіпсіздік платформасына айналу әлеуетін қалыптастыруда.

Тяньцзин саммитінде көтерілген бастамалар Бейжіңнің қауіпсіздік саласында институционалдық басқаруды стратегиялық құрал ретінде

пайдалануға бағытталған ұзақ мерзімді ұстанымын нақты көрсетеді. Атап айтқанда, киберқауіпсіздік пен кибертерроризмге қарсы іс-қимыл саласында Қытай ақпарат алмасуды жетілдіруді, цифрлық технологияларды дамытуды және құқықтық реттеу құралдарын енгізуді ұсынды. Сондай-ақ, трансшекаралық қылмыстарға қарсы әрекет ету мақсатында заңсыз қаржы айналымына тосқауыл қою, ақшаны жылыстатуға қарсы халықаралық стандарттарды енгізу және қаржылық барлау саласындағы ынтымақтастықты күшейту мәселелері көтерілді.

Осылайша, Қытайдың қауіпсіздікке қатысты бастамалары мен ұсыныстары ШЫҰ-ның институционалдық әлеуетін нығайтып қана қоймай, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бейбіт әрі үйлестірілген моделін қалыптастыруға жағдайлар жасауда.

Қытайдың бұл тәсілі консенсус пен нормаларға негізделген, сонымен қатар технологиялық даму мүмкіндіктерге сүйенетін тұтас қауіпсіздік жүйесін жетілдіруді көздейді.

Бұдан басқа Қытайдың көпжақты қауіпсіздік парадигмасы Орталық Азиядағы геосаяси шиеленістерді бәсеңдетіп, сенімге негізделген әріптестік механизмдерінің қалыптасуына да ықпал етуде.

Бұл тәсіл мүше-мемлекеттер арасында сенім қалыптастыруға, қауіпсіздік саласындағы өзекті мәселелерді үйлесімді түрде шешуге және ұжымдық әрекетті күшейтуге септігін тигізеді.

Осылайша, Қытайдың бастамалары ШЫҰ-ны дәстүрлі емес қатерлерге бейімделген әрі көпдеңгейлі қауіпсіздік архитектурасы бар толыққанды аймақтық ұйым ретінде дамытуға мүмкіндік беруде. ШЫҰ қауіпсіздік архитектурасы күш қолдануға емес, алдын алу және бейбіт түрде реттеу құралдарын пайдалануға басымдық беруде. Мәселен, қауіп-қатерлерге қатысты ақпараттармен алмасу, алдын ала келіссөздер жүргізу және консенсус арқылы шешім қабылдау болып табылады.

Киберқауіпсіздік саласында Қытай мониторинг пен ақпараттық қатерлерді алдын ала болжау жүйелерін ұсыну арқылы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосуда. Бұл тәжірибе Орталық Азия мемлекеттері тарапынан белсенді қолдау тапты. «ШЫҰ стандарты» бойынша деректер ағынын қорғау жөніндегі бірлескен жобалар қабылданды, сондай-ақ биоқауіптер мен экологиялық дағдарыстарға қарсы зертханалар мен тұрақты мониторинг тетіктері құрылды.

Бұл шаралар қаржылық қолдау арқылы да жүзеге асырылуда. Қытай ШЫҰ аясындағы бірқатар құрылымдық механизмдерді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етіп, үйлестіруші рөл атқаруда.

Осылайша, Қытайдың ШЫҰ қауіпсіздік жүйесіне ресурстық және институционалдық қолдау көрсетуі бұл модельдің тұрақтылығын күшейтіп, ұйымның аймақтық қауіпсіздік архитектурасындағы рөлін арттыруда.

Бұл механизмдер қытайлық тәсілдің бейбіт және процессуалдық сипатын тәжірибе жүзінде жүзеге асыру құралы болып табылады. Қытай ШЫҰ арқылы геосаяси үстемдік емес, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін балама парадигманы ұсынады.

Сонымен қатар ШЫҰ нақты механизмдері Қытайдың ШЫҰ аясындағы рөлін стратегиялық және институционалдық тұрғыдан нығайтады.

Бұл тәсіл халықаралық қауіпсіздік саласында Қытайдың балама көзқарасын ұсына отырып, аймақтық тұрақтылықтың жаңа үлгісін қалыптастыруға жол ашады.

ШЫҰ шеңберінде Қытай киберқауіпсіздік саласында бірқатар бастамалар ұсынып, мүше-мемлекеттердің заманауи қатерлерге бірлесіп жауап беру қабілетін арттыруға күш салып отыр. Басты бағыттардың бірі – киберқауіптерді алдын ала анықтау және мониторинг жүйесін құру. Мұндай жүйе ұйымға мүше-мемлекеттерге цифрлық шабуылдарға дер кезінде әрекет етуге және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қытай мемлекеттер арасындағы ақпарат алмасуды жетілдіру және кибершабуылдарға қарсы бірлескен қорғаныс шараларын әзірлеу мақсатында өзінің технологиялық шешімдерін ұсынып отыр.

Бұл бастамалар Орталық Азия елдері үшін үлкен маңызға ие, себебі олар Қытайдың озық цифрлық технологияларына қол жеткізе отырып, аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға үлес қоса алады.

Қытай қауіпсіздік мәселелерін қысымсыз және күштік әдістерді қолданбай шешу үшін институционалдық алаң қалыптастыруда. Бұл ұстаным Бейжіңнің геосаяси шиеленістерді азайтуға және аймақтық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін көпқырлы механизмдерді жетілдіруге бағытталған белсенді қызметінде көрініс табады.

2025 жылғы Тяньцзинь саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин осы үрдісті институционалдық деңгейге көтеріп, ШЫҰ аясында үш негізгі платформа – энергетика, жасыл өнеркәсіп және сандық экономика салаларында, сондай-ақ ғылыми-техникалық инновациялар мен цифрлық даму бойынша орталықтарды құруды ұсынды. Мұндай құрылымдар заманауи цифрлық қатерлерге ұжымдық жауап берумен қатар, жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және киберқауіпсіздік инфрақұрылымын үйлестірілген негізде қалыптастыруға мүмкіндік береді [147].

Қытайдың ұстанымы мұнда айқын байқалады: қауіпсіздікті тек дәстүрлі әскери өлшемдер арқылы емес, кешенді, цифрлық кеңістікті де қамтитын көпқырлы тәсіл арқылы қамтамасыз ету. Бұл қытайлық тәсілдің ерекшелігі – аймақтық серіктестерге дайын технологиялық шешімдерді ұсынумен қатар, оларды ортақ институционалдық тетіктерге енгізуге ұмтылуында. Нәтижесінде ШЫҰ-ның цифрлық күн тәртібі қытайлық бастамалардың ықпалымен қалыптасып, ұйымды тек дәстүрлі қауіпсіздік ынтымақтастығының алаңы ғана емес, сонымен бірге Еуразиядағы цифрлық және технологиялық қауіпсіздіктің хабы ретінде орнықтыруға бағытталған ұзақмерзімді стратегия айқындалды.

Осы тұрғыда маңызды қадамдардың бірі – «Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі үкіметаралық келісімнің» қабылдануы болды. Бұл келісім ШЫҰ аясында киберқауіпсіздік бағытын жаңа институционалдық арнаға шығарды. Құжат аясында мүше мемлекеттер арасында киберқауіптер туралы жедел ақпарат алмасу, нормативтік-құқықтық

базаны бірлесіп әзірлеу және маңызды ақпараттық инфрақұрылымды қорғау бойынша оқу-жаттығулар өткізу шаралары жүзеге асырылуда.

Аталған қадамдар ШЫҰ-ның қауіпсіздік архитектурасының кешенді, көпдеңгейлі және бейімделгіш сипатын айқындайды. Қытай бұл құрылым арқылы қауіпсіздік мәселелерін біржақты күш қолдану арқылы емес, ұжымдық келісім мен ортақ мүдделерді үйлестіру арқылы шешуді көздейді. Осыған орай, Қытайдың ШЫҰ аясындағы киберқауіпсіздік саласындағы белсенділігі ұйымның заманауи стратегияларға бейімделу қабілетінің нақты көрсеткіші болып, оның тұрақты даму мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тиімділігін арттыруға ықпал етіп отыр.

ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің шешім қабылдау және үйлестіру механизмдерінің негізін Қауіпсіздік Кеңесі хатшылары деңгейіндегі кездесулер құрайды. Бұл құрылым шартты түрде «тоқсан сайынғы консультациялар» және «жыл сайынғы бағалау» жүйесі бойынша ұйымдастырылған. Мәселен, 2023 жылы өткен он үшінші кездесу барысында мүше-мемлекеттер «Душанбе консенсусы» негізінде ортақ тұжырымға келіп, кибертерроризмге қарсы іс-қимыл, трансшекаралық қаржы ағындарын бақылау, биологиялық-химиялық қатерлерге қарсы жоспарларды жаңарту мәселелерін қамтыды. Бұл механизм аясында әзірленген 130-дан астам ұсыныстың шамамен 85 %-ы нақты жобалар арқылы іске асырылды.

ШЫҰ-дағы бірлескен жаттығулар жүйесі кәсіби және тұрақты форматқа айналып отыр. Құқық қорғау органдары екі жылда бір өткізілетін «Бейбіт миссия» көпұлтты жаттығуларымен қатар, «Тяньшань» шекаралық жаттығуларды және киберқауіпсіздікке арналған оқу курстарын тұрақты түрде ұйымдастыруда. Соңғы бес жылдағы деректерге сәйкес, арнайы күштердің үйлестіру жылдамдығы 40 %-ға артқан, ал шекаралық міндеттерді шешу деңгейі 92 %-ға жеткен.

2023 жылы алғаш рет өткізілген «Океандық қалқан» атты оқу-жаттығу Үнді мұхитында ШЫҰ елдерінің теңіз полиция күштерінің бірлескен рейді ретінде жүзеге асырылып, ашық теңізде құқық қорғау органдарының үйлестірілген тәжірибесін бекітті. Бұл – *фаньфа* мен *гуаньси* қағидаттарына негізделген реляциялық қауіпсіздік моделінің нақты іске асқан мысалы ретінде қарастыруға болады.

Мұндай тәсіл ұйымды дәстүрлі әскери қауіпсіздік аясымен шектемей, ақпараттық кеңістіктегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағыттайды. Қытай бұл құрылым арқылы өзінің «қытайлық тәсілін» айқын көрсетіп отыр. Ол қауіпсіздік мәселелерін біржақты күш қолдану арқылы емес, ұжымдық келісімдер мен ортақ мүдделерді үйлестіру арқылы шешуді ұсынады. Бұл ұстаным «Шанхай рухының» негізгі қағидаттарына – өзара сенімге, теңдікке және көпжақты ынтымақтастыққа толық сәйкес келеді. Осылайша ШЫҰ құрылғаннан бері де қауіпсіздікті қамтамасыз ету салалары келесі бағыттарда жүзеге асырылуда:

- шекара аймақтарында сенімді нығайту;
- бірлескен терроризмге қарсы әскери оқу-жаттығулар ұйымдастыру және өткізу;

- трансұлттық қылмыспен күрес;
- терроризммен күрес бойынша барлау мәліметтерімен алмасу;
- ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық орнату болды.

Тұжырым

Шанхай үдерісі Қытайдың бастамасымен аймақтағы қауіпсіздік саласында жаңа үлгідегі ынтымақтастықты қалыптастырудың негізі болып табылады. Ол Қытай мен КСРО арасындағы тарихи шекаралық мәселелерді шешу тәжірибесін ұсынып қана қоймай, Қытай-Үндістан шекарасы, Оңтүстік Қытай теңізіндегі шиеленістер және қытай-жапон қатынастары сияқты даулы мәселелерді реттеуде үлгі бола алатын тәжірибені көрсетті. ШЫҰ-ның қалыптасуы мен дамуы аймақтағы халықаралық тәртіптің трансформациясына ықпал етіп, ұйым жиырма бес жылға жуық уақытта аймақтық ынтымақтастықтың ауқымды тәжірибесін жинақтады. Қазіргі кезеңде оның ықпалы кеңейіп, жаңа аймақтық тәртіптің қалыптасу процесінде маңызды факторға айналды. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қытайлық тәсілдің тәжірибелік көрінісі болып табылатын «Шанхай рухы» аймақтық қауіпсіздік саласында нормативтік ережелер мен үйлестіру механизмдерін құруда. Сонымен бірге, Қытайдың рөлі «үш зұлым күшке» қарсы шараларды үйлестіруде айқын көрініс тапты. Қытай бастамасымен қабылданған бірқатар құқықтық құжаттар мен Өңірлік терроризмге қарсы құрылым аймақтағы терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрестің тірегіне айналды.

Бұл тәжірибе Қытайдың кең ауқымды жаңа қауіпсіздік стратегияларымен де үйлесім табуда. «Жан-жақты ұлттық қауіпсіздік» (ағылшынша - «holistic national security») концепциясы мен 2022 жылғы «Жаһандық қауіпсіздік бастамасы» (GSI) ШЫҰ аясында қолданылып, ғаламдық деңгейде көпжақты ынтымақтастыққа негізделген жаңа халықаралық тәртіпті қалыптастыруға бағытталуда. Сонымен қатар, Қытай дәстүрлі емес қауіпсіздік саласында да белсенді рөл атқаруда. Экономикалық, энергетикалық, экологиялық, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадамдары Қытайдың қауіпсіздікке кешенді көзқарасын көрсетеді. Бұл бағыт Қытайдың аймақтық қана емес, жаһандық қауіпсіздік архитектурасында жетекші рөлге ұмтылысын бекіте түсуде.

2.2 Сауда және инвестициялық жобалар мен инфрақұрылымдық бастамалар: өзара тиімді ынтымақтастықты іске асыру

Қазіргі жаһандық геосаяси тұрақсыздықтар мен экономикалық дағдарыстар ШЫҰ мүше-мемлекеттердің ұлттық экономикаларына тікелей ықпал етіп отыр. Сонымен қатар мүше-мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі, өнеркәсіптік құрылымы, капитал нарығы мен сауда жүйесінің институционалдық негіздері біркелкі еместігі де қосымша кедергілер келтіруде. Кейбір елдерде қаржы жүйесі әлсіз, бақылау механизмдері жеткіліксіз, инвестиция тарту арналары шектеулі. Сонымен қатар, логистикалық инфрақұрылымның – порттар, теміржолдар, автокөлік жолдары, кедендік рәсімдер, қоймада сақтау және экспедиторлық қызметтердің жеткіліксіз дамуы аймақтық сауда мен инвестицияның өсу қарқынын тежеуде.

Бұл жағдай ұйым кеңістігінде сауда, инвестиция, өндіріс және логистика салаларындағы көпжақты ықпалдастықты күшейту қажеттілігін айқындап, экономика саласын ШЫҰ дамуының стратегиялық бағыты ретінде қарастыруды талап етуде. Осыған байланысты мүше-мемлекеттер басшылары ұйымның институционалдық дамуында экономикалық ынтымақтастықты негізгі басымдық ретінде айқындап отыр [148].

Қытайдың экономикалық саясаты ШЫҰ-дағы жобалардың дамуына айтарлықтай ықпал етуде. Қаржыландыру, инвестициялар, инфрақұрылымдық құрылыс, энергетикалық қауіпсіздік пен цифрлық экономика Қытайдың Орталық және Оңтүстік Азиядағы стратегиялық мүдделерін ілгерілетудің негізгі салалары болып отыр.

2022 жылы Өзбекстанның Самарқан қаласында өткен ШЫҰ саммитінде Си Цзиньпин ұйымға мүше мемлекеттерді сауда, инвестиция және инфрақұрылым салаларында қабылданған құжаттарды тезірек іске асыруға шақырды. Сонымен қатар, ол «Бір белдеу, бір жол» (БББЖ) бастамасын ұйымға мүше-мемлекеттердің ұлттық даму стратегияларымен және аймақтық ықпалдасу үдерістерімен ұштастыруды ұсынды [149].

Бұған қоса қытай зерттеушілері де ұйымға мүше-мемлекеттердің экономика саласындағы өзара әрекеттесу үдерісін ШЫҰ дамуының негізгі факторы ретінде және көпжақты ынтымақтастықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады [150].

Ұйымға мүше-мемлекеттердің өзара сауда көлемінің артуы аймақтық саясат пен қауіпсіздік саласында ғана емес, сонымен бірге сауда, инвестиция және өндірістік байланыстарды кеңейту арқылы экономикалық серіктестік платформасына айналғанын айқын көрсетеді. Мұндай нәтижелер Қытайдың прагматикалық бастамалары мен «Шанхай рухының» «ортақ даму» принципіне негізделген қытайлық тәсілдің тиімділігін көрсетеді. Экономикалық ынтымақтастық қарқынының өсуі ШЫҰ-ны ықпалдасу бірлестігіне айналдырып, жаңа мүше-мемлекеттер үшін тартымды ете түсуде [151].

Қытай алдымен екіжақты инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар арқылы өзара сенім мен өзара әрекеттестікті нығайтып, содан кейін бұл қатынастарды институционалдандыруды көздеді. Мұндай тәсілді қарым-қатынасқа, бейімделуге және тиімді ынтымақтастыққа бағдарланған жүйелік құрылым ретінде саралауға болады.

ШЫҰ-ның көпжақты экономикалық әлеуеті толық жүзеге асырылмағанына қарамастан, Қытайдың икемді тәсілі бұл үдерісті ілгерілетуде шешуші рөл атқаруда. Осы үдерістің нәтижесінде ШЫҰ жаңа аймақтық алаң ретінде дамуда.

Р. Алимов «ШЫҰ - Еуразиялық экономикалық дамудың жаңа шынайылығы жағдайында мүше-мемлекеттердің ұлттық даму стратегияларын жүзеге асыруға, ықпалдасу үдерістерін үйлестіруге, сондай-ақ Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасын іске асыруға кең ауқымды экономикалық ынтымақтастыққа арналған институционалдық платформа бола алады» деп тұжырымдайды [152].

Қазақстандық зерттеушілердің пікірінше, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы Қытай мен Қазақстан арасындағы қатынастардың жаңа конфигурациясын айқындап, соңғы онжылдықтағы екіжақты байланыстардың құрылымдық өзгерістеріне шешуші ықпал етті [153].

Мұндай үрдіс ШЫҰ кеңістігінде экономикалық ықпалдастықтың институционалдық негізін нығайтып қана қоймай, ұйымның Еуразиядағы экономикалық даму орталығы ретіндегі әлеуетін күшейтеді.

Бұл пікірлерді ШЫҰ аясындағы экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және жетілдіруге Қытай ең алдымен «БББЖ» бастамасы арқылы ықпал етуі де растайды. Сонымен қатар Қытай өзінің валюталық резервтерін және Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АБИИ), «Жібек жолы қоры» сияқты қаржы институттары арқылы мүше-мемлекеттерді несиелем және инвестициямен қамтамасыз етуде.

Қытай ұйымға мүше-мемлекеттері арасында сауда және инвестициялық ынтымақтастық ауқымы мен көлемін кеңейтуге және өзара әрекеттесу деңгейін арттыруға ықпал етуде.

Біріншіден, Қытай Орталық Азияның бес елі арасында **инфрақұрылым құрылысына** белсене ат салысып, көлік және темір жолдар, әуе және желілердің толық үйлесімділік жүйесін құруда. Қазіргі уақытта Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан автожолы, Қытай-Тәжікстан автожолы, Қытай-Орталық Азия газ құбыры, Қытай-Қазақстан мұнай құбыры және басқа жобалар іске қосылған.

Ұйым шеңберінде онжылдан астам уақыт бойы әртүрлі деңгейде талқыланып, алайда осы уақытқа дейін жүзеге асырылмай келе жатқан жобалар да орнынан қозғала бастады.

Солардың бірі Қырғызстан аумағы арқылы Қытайдан Өзбекстанға баратын теміржол құрылысы болып табылады. Бұл жоба алғашқы рет 1996 жылы талқыланып болатын. 90-шы жылдардың аяғында мүдделі тараптар «Қашқар - Ош - Әндіжан» жолдары құрылысы бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын, ал 2002 жылы Қытай билігі Қырғызстанға зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 20 млн. юань көлемінде техникалық грант бөлді. Алғашқы кезде белсенділік танытқанымен, жобаның жүзеге асуы екі онжылдыққа тоқтап қалды. 2022 жылы бұл жобаға қайта оралып, Самарқандта өткен ШЫҰ саммитінде осы теміржол құрылысы бойынша ұштарапты келісімге қол қойылды [154].

Құжат бойынша теміржол бағыты «Торугарт - Арпа - Макмал - Джалал-Абад» маршруты бойынша өтеді. Аталған теміржол жобасының «қайта жандануына» бірнеше факторлар ықпал етті. Біріншіден, бұл Орталық Азияда аймақтық ынтымақтастықтың белсенділігі. Екіншіден, Украина мен Ресей арасындағы шиеленіс жағдайы Орталық Азиядағы балама маршруттардың жетіспеушілігін туындатты. Қырғызстан премьер-министрі Ақылбек Жапаров Жапонияда сапары кезінде «теңізге тікелей шығатын мүмкіндігі жоқ біздің еліміз үшін автокөлік және теміржол инфрақұрылымдарын дамыту қажет. Бізді басқа елдермен байланыстыратын және біздің экономикамызды ғаламдық

жеткізу тізбегіне ықпалдастыруға мүмкіндік беретін жаңа теміржол маршруттары керек» деп мәлімдеді [155].

«Қытай - Қырғызстан - Өзбекстан» жолы құрылысының басталуына қаржыландыру мәселесі де өз әсерін тигізуде. Қырғызстанның Көлік және байланыс министрінің бұрынғы орынбасары Улан Уезбаевтың бағалауынша жоба бағасы үнемі өзгерістерге ұшырап отырған. Алғашқы кезеңде темір жол құрылысы 1,5 млрд. АҚШ долларына бағаланған, соңынан бұл 4,5 млрд. долларға өсті, бүгінгі күнде қаржыландыру 6 млрд. АҚШ доллары көлемі төңірегінде талқылануда [156]. Бұған қоса ҚХР билігі теңдей қаржыландыруды ұсынуда, әрбір мемлекет бірдей қаржыны салады немесе жалпы қаржыландыру көлемінің 30%-ын салады. Шығынның өсуі көбіне Қырғызстандағы қиын таулы рельефтермен байланысты, яғни қосымша туннель, көпір құрылыстарын жүргізуді талап етеді. Сонымен қатар аталған жол теңіз деңгейімен 3 шақырым биіктікте өтетін болады. Сондықтан мүдделі елдер бірінші кезеңде Қырғызстан жалпы қаржының 20%-ын, ал екінші кезеңде – 10%-ын, ал 30% - Өзбекстан қаржыландырады деп келіскен болатын. Үшінші кезеңде Қытай - 30%, ал төртінші кезеңде – әрбір тарап қалған үлесті енгізеді. Осындай сызбада да Қырғызстан әлсіз звено болып тұр. Қаржыландыру көлемі оның экономикасының жартысын құрайтын болады. Сондықтан Қырғызстан билігі жол салу үшін жер телімін құрылысқа кететін шығынды төлеу есебінен беруді ұсынуда.

Аталған темір жолдың Қырғызстан арқылы өту қабылеті жылына 7-13 млн. тоннаны құрайды. Қырғызстанның бұрынғы премьер-министрі Темир Сариевтің айтуынша, аталған теміржолдың Қырғызстан мен Өзбекстан үшін артықшылығы - оның жылдамдығы мен «теңізге және Азия нарығына» шығуы болып табылады. Жүк тасымалы Ресей арқылы Еуропаға 20-25 тәулікті құраса, ал Қазақстан арқылы 15-17 тәулікте жетеді. Ал егер де жол Қырғызстан арқылы салынатын болса, онда 9-10 тәулікті құрайды [157]. Сонымен қатар «Торугарт - Арпа - Макмал - Джалал-Абад» бағыты және әрі қарай Өзбекстанға шығатын темір жол құрылысы Қырғызстан үшін үлкен мәнге ие, себебі Қытайдан транзиттік жүктерді және кері бағытта ғана емес, сонымен қатар елдің әртүрлі аумақтарының өзара байланысын тудыратын ішкі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Бұдан «ЖЖЭБ» жобасының республика мен аймақтың басқа мемлекеттеріне де тигізетін мультипликативті әсерін көруге болады.

2024 жылдың наурыз айының басында Қытай, Қырғызстан және Өзбекстан өкілдерінің үшжақты кездесуінде теміржол құрылысы жобасы қайта талқыланды. Аталған жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп, мақұлданғаны хабарланды. Қырғызстан президенті Садыр Жапаров Қытайдың БББЖ бастамасын толық қолдайтынын атап өтті, бұл бастама елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың дамуына ықпал ететініне сенім білдірді. Бұл жобаның маңызы әсіресе статистикаға назар аударғанда айқын көрінеді, себебі Қырғызстандағы жүк тасымалдарының 80%-ы автомобиль көлігімен, ал тек 18%-ы теміржол көлігімен жүзеге асырылады [158].

Мұндай дәліздің болуы Орталық Азия елдерінің экспорттық табысын айтарлықтай арттырар еді, өйткені көптеген елдер көршілес мемлекеттерге экспорт жасайды. Мысалы, Қырғызстан 2023 жылы 3,3 миллиард долларлық экспортпен және 15,6 миллиард долларлық жалпы сыртқы сауда айналымымен негізінен Швейцария, Қазақстан, Түркия, Өзбекстан және Біріккен Араб Әмірліктеріне бағдарланған. Сонымен қатар, Еуропа елдерімен сыртқы сауда көлемі 2 миллиард доллардан сәл асып түсті [159].

Екіншіден, Қытай «Жібек жолы экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ) бастамасын Орталық Азия елдерінің даму стратегияларымен үйлестіруді күшейтіп, экономикалық және сауда ынтымақтастығы үшін кешенді үйлестіру механизмін құрды.

Үшіншіден, Қытай мен Орталық Азияның бес елі арасындағы сауда көлемі 1992 жылы 460 млн. АҚШ доллары болса, 2022 жылы 69,9 млрд. долларға дейін өскен, яғни 130 есе артты. 2023 жылы Қытай мен Орталық Азияның бес елі арасындағы сауда көлемі 89,4 млрд. долларға жетіп, 2022 жылмен салыстырғанда 27 пайызға артқан.

Төртіншіден, Орталық Азияның бес еліне Қытайдың тікелей инвестициясының көлемі 14 млрд. АҚШ долларынан асты.

Қытайдың ұйым елдерінің экономикаларын дамытуға негізделген саясатына қатысты бірқатар зерттеушілер әртүрлі пікірлер білдіреді. Мысалы, K.Wong [160] мен X. Yuan [161] еңбектерінде «қытайлық тәсіл экономикалық даму мен күш қолданбау шараларына негізделген, алайда ол адам құқықтары мен әлеуметтік қақтығыстар себептері аспектілерді ескермейді» деп сипатталады. Сонымен қатар, Қытайдың Африка мен Мьянмадағы іс-әрекеттерін эмпирикалық тұрғыда талдай отырып, M.Adhikari [162] пен L. Benabdallah [163] «Қытайдың экономикалық даму бағдарламаларына басымдық беретінін атап өтеді. Дегенмен, мұндай тәсіл тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін, өйткені ол экономикалық элиталарды күшейтіп, жергілікті қажеттіліктерге жеткілікті көңіл бөлмейді» деп тұжырымдайды.

Дегенмен Қытай инвестициялары, несиелері мен инфрақұрылымдық жобалары оның тек экономикалық қана емес, саяси ықпалын арттыруының негізгі құралдары болып табылады [164]. Ал ШЫҰ – Қытайдың ықпал ету механизмі ретінде қарастырылады [165]. Алайда Қытайдың ықпалын арттыруға бағытталған негізгі күш-жігер ШЫҰ құрылуымен басталған жоқ. Оның сыртқы ықпалға ұмтылысы Мао Цзэдун дәуірінен бастау алады. Ол кезеңде Қытай Африка мемлекеттерімен ынтымақтастықты теміржол, жол және өзге де инфрақұрылымдар салу арқылы нығайтуға талпынды [166]. Кейін бұл бағыт 1990-жылдардың соңында Цзян Цзэминь бастамашы болған «сыртқа шығу» (going out) стратегиясымен жалғасын тапқан [167].

2013 жылы жарияланған «БББЖ» бастамасы Қытайдың жаһандық Оңтүстіктегі ықпалын күшейту әрекетінің жаңа кезеңін айқындады. Мұнда инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін берілетін несиелер негізгі құралға айналды [168].

ШЫҰ шеңберіндегі көпжақты экономикалық ықпалдасудағы маңызды жобалардың бірі – ол «Қытай – Орталық Азия газ құбыры» (China-Central Asia

Gas Pipeline). Бұл жоба 2009 жылы іске қосылып, «Түрікменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» бағыты бойынша іске қосылған [169]. Аталған құбыр арқылы Қытайға жыл сайын 55 млрд. текше метрге дейін газ жеткізіледі. Жобаға «CNPC» компаниясы жетекшілік етіп, оны жүзеге асыруда Қытайдың инфрақұрылымға инвестиция жасау және ұзақмерзімді серіктестік орнату принципі маңызды рөл атқаруда [170].

Осылайша бұл бағытта Қытай мен Орталық Азия арасындағы энергетикалық инфрақұрылымның біртіндеп бірігуі үрдіс алды. Мұнай және газ құбырларының кезең-кезеңімен пайдалануға берілуі нәтижесінде энергетикалық салада ынтымақтастық едәуір жанданды.

Бұған қоса Қытайдың жалпы ішкі өнімінің тұрақты өсімі мен Адам даму индексінің (HDI) жоғары деңгейі оның ұзақ мерзімді энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген қажеттілігін айқындайды. Осы мақсатта Қытай Каспий бассейнінде де өзінің энергетикалық дипломатиясын белсенді түрде дамытуда. Қытайдың энергетикалық стратегиясы ШЫҰ аясындағы аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы шеңберінде энергетикалық инфрақұрылым мен транзиттік дәліздерді кеңейтуге негізделеді.

Каспий аймағы Еуропалық Одақ үшін де, Қытай үшін де энергия жеткізілімін әртараптандырудың стратегиялық кеңістігіне айналғанымен, қазіргі үрдістер мемлекеттердің біртіндеп Қытайға қарай бейімделіп келе жатқанын көрсетеді. Мұндай бетбұрыс Еуропалық Одақтың энергия қауіпсіздігіне ықпал етіп, аймақтық ресурстардың белгілі бір бөлігінің Қытай бағытына қайта бағдарлануына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, Каспий аймағындағы қақтығыстар Батыста геосаяси мүдделермен байланысты болса, Шығыста олар көбіне ішкі себептерге негізделеді. Бұл жағдай Қытайдың «жұмсақ күшке» сүйенген стратегиясының тиімділігін арттырып, оның энергетикалық дипломатиясын аймақтағы басым үрдіске айналдырады.

Бұл сала қазіргі геосаяси жағдайда, әсіресе жаһандық энергетикалық нарықтағы тұрақсыздық кезеңінде, ұйым үшін стратегиялық мәнге ие болып отыр. Батыс елдері, атап айтқанда «Үлкен жетілік» (G7) мемлекеттері тарапынан Ресей мұнайына және мұнай өнімдеріне қарсы енгізілген баға шектеулері, эмбарго және басқа да санкциялық шектеулер өңірлік энергетикалық қауіпсіздікке тікелей әсер етуде.

Бүгінде *энергетикалық ынтымақтастық* ШЫҰ қызметінің басым бағыттарының біріне айналуда, себебі бұл салада өзара тәуелділік принципі жоғары деңгейде жүргізілді. Энергетикалық өзара ынтымақтастық – бұл тек сауда емес, сонымен қатар көлік, инфрақұрылым, технология алмасу және бірлескен өңдеу жобаларын қамтитын көпқырлы үдеріс үлгісі. Осы орайда, ШЫҰ аясында «Энергетикалық клуб» бастамасын қайта жандандыру ұйымның экономикалық трегін институционалдық тұрғыдан нығайтуға бағытталған нақты қадам бола алады.

Энергетикалық ынтымақтастық саласында Қытай мен Орталық Азия елдері өзара әрекеттесудің үш өлшемді жүйесін қалыптастырды.

Қытай-Түрікменстан газ құбырының (D желісі) құрылысы мен Қытай-Қазақстан мұнай құбырының екінші кезеңінің іске қосылуы - жылдық өткізу қабілеті 65 млрд. текше метр газ және 20 млн. тонна мұнай- энергетикалық артериясын құрады. Бұл тек Қытайдың ұлттық энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар Орталық Азия елдерінің энергетика саласын жаңғыртуға және терең ықпалдасуға ықпал етуде.

2022 жылға қарай Қытай халқының саны 1,4 млрд. адамға жетті, оның қарқынды дамып жатқан экономикасы елді әлемдегі энергияның ең ірі тұтынушысы ретінде көрсетеді. Деректерге сәйкес, 2021 жылы Қытай әлемдік энергия тұтынудың 26,5%-ын құраған. Қытайдың мұнай мен табиғи газ өндірісі мен тұтынуы арасындағы алшақтыққа байланысты, ел шетелден энергия ресурстарын іздеуге мәжбүр болды. Қытай экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін энергия қажет, яғни Қытай бұл ресурстардың жетіспейтін бөлігін шетелден импорттауға мәжбүр болды [171].

Себебі сенімді энергия көздеріне қол жеткізу Қытайды әлемдегі ең ірі экономикаға айналуына кепілдік береді. Осы себептен, Қытай мұнай мен сұйытылған табиғи газды импорттау кезінде түрлі қиындықтарға тап болды. Қытай энергияны Малака бұғазысы арқылы - тасымалдайды. Алайда бұл су жолы Қытай үшін сенімді емес. Себебі АҚШ кез келген қақтығыс кезінде Қытайды Малака бұғазы су жолынан оқшаулауы мүмкін. Сондықтан Қытай бүгінде балама жолдарды қарастыруда. Қытай Каспий аумағында өзінің энергетикалық тәсілін ШЫҰ аясында «БББЖ» арқылы өзара ынтымақтастық негізінде жүргізуде. Оның үстіне Каспий елдері ШЫҰ аясында бір бірімен тығыз қарым қатынас орната бастады. Олардың қатарында Иран, Ресей, Өзбекстан және Қазақстан ұйымның тұрақты мүшелері болса, Әзербайжан сұхбат серіктесі, ал Түркменстан ұйымның тұрақты «қонағы» болып табылады. Сондықтан да ШЫҰ Қытайдың Каспийдегі дипломатиясы үшін ерекше мәнге ие [172].

Қытай Қазақстанның энергетикалық секторына үлкен инвестициялар салуда. «Sinopec», «China National Petroleum Corporation» (CNPC) және «China National Offshore Oil Corporation» (CNOOC) сияқты бірнеше қытайлық компаниялар Қазақстанның мұнай-газ саласына 20 млрд. АҚШ доллары көлемінен астам қаржы салды. 2019 жылы қытайлық компаниялар Қазақстанға жалпы сомасы 27,6 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды.

Қытайдың энергетикалық компанияларының бірі «CNPC» Қазақстандағы жергілікті энергетикалық компанияларда үлестері бар және инфрақұрылымдық жобаларға қатысады. 1997 жылы ұлттық энергетикалық компания «ҚазМұнайГаз» (ҚМГ) еншілес ұйымы «Ақтобе мұнай газ» компаниясының 60%-ын «CNPC» сатып алған. Сонымен қатар, Қазақстан мен Қытай бірлесіп жылына 12,5 млн. тонна қуаттылықпен «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырының құрылысын жүзеге асырды. «CNPC»-ге тиесілі Қашаған теңіз жобасы 2013 жылы 8,33%-ға сатып алынған [173].

2023 жылдың 14 наурызында Энергетика министрлері кеңесінде ШЫҰ мүше-мемлекеттері арасында жаңа отын түрлері мен энергетикалық сектордағы модельдеу мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы Бірлескен мәлімдеме

қабылданды. Қытай мен Қазақстан энергетикалық сектордағы ынтымақтастықты нығайтуда жетекші рөл атқаруда. Қазақстанның мұнай мен газ саласындағы әлеуеті Қытай үшін стратегиялық маңызға ие болса, Қытай инвестициялары Қазақстан экономикасын әртараптандыруға ықпал етеді.

ШЫҰ шеңберіндегі энергетикалық жобалар негізінен екіжақты келісімдер арқылы іске асырылуда, ал Қытай қаржылық ресурстар мен технологияларды ұсыну арқылы басты инвестор ретінде танылуда.

Өткен отыз жылдықты қорытындылай келе, оны үш кезеңге бөліп көрсетеді. Бірінші кезеңде Қытай Қазақстанның энергетикасы саласында ықпалын кеңейтті. Дегенмен, бұл кезеңде нақты шешімдер қабылданбады.

Келесі кезеңде ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен экономикалық Жібек жолын жаңғырту бастамасы қолға алынып, ол кейіннен «БББЖ» жаһандық бастамасына ұласты. Дәл осы кезеңде Қазақстан Қытаймен қарым-қатынастарын негізінен энергетика саласында дамытып, шикізат экспорттауға бағытталған тенденцияны өзгертті. 2015 жылы инвестициялық бағдарлама іске асырыла бастады, нәтижесінде Қазақстан аумағында жаңа зауыттар, фабрикалар, өндірістік қуаттар, инфрақұрылымдық және логистикалық нысандар ашылды.

«CNPC» 2007-2009 жылдар аралығында Түрікменстанның Батиярлық ауданында қуаты 5 млрд. текше метр болатын өңдеу зауытын салған, ал 2011-2014 жылдары тағы да қуаты 9 млрд. текше метр болатын зауытты іске қосқан. 2013 жылы «Туркменгаз» және CNPC бірлесіп, Оңтүстік Йолтан ауданында қуаты 30 млрд. текше метр болатын зауыт салған [174].

2013 жылы «Туркменгаз» және «CNPC» Оңтүстік Йолтан ауданында қуаты 30 миллиард текше метр тұратын зауыт салу туралы келісімге қол қойды.

2022 жылы Қытай мен Түркіменстан арасында табиғи газ кен орындарына инвестициялар тарту туралы жаңа келісім жасалды. Бұл келісім Қытайға энергетикалық ресурстар көздерін әртараптандыруға ықпал етті.

Қытай мен Өзбекстан арасындағы экономикалық қарым-қатынастар 2004–2005 жылдары Қытай Президенті Ху Цзиньтаодың Ташкентке жасаған сапарының нәтижесінде қарқын ала бастады. 2018 жылдан бастап Қытайдың Өзбекстанға салған инвестицияларының жалпы көлемі тұрақты түрде өсті. 2021 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 9 млрд. АҚШ долларына жетті.

2016 жылы «CNPC» мен «SOCAR» газды қайта өңдеу және мұнайхимия кешені (GPC) жобасы бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Жоба Бакудің оңтүстігіндегі Гарадаг ауданында жүзеге асырылып, мұнайхимия және газды қайта өңдеу зауыттарын салуға бағытталған. GPC жобасының мақсаты – мұнай-газ өнеркәсібіндегі қосылған құн тізбегін дамыту (өндіру, қайта өңдеу және мұнай өңдеу). 2017 жылы «БББЖ» халықаралық ынтымақтастық форумы аясында «CNPC», «Қытай Даму Банкі» және «SOCAR» сияқты қытайлық және әзербайжандық компаниялар GPC жобасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұл жобаға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 4 миллиард АҚШ долларынан асады.

Иран мен Қытай энергетика саласындағы ынтымақтастық қытайлық фирмалар мен Иранның «Ұлттық мұнай компаниясы» арасында қол қойылған

әртүрлі келісімдер аясында жүзеге асуда. Келісімдерге мұнай блоктарын пайдалану, мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту және мұнай мен табиғи газ кен орындарын игеру кіреді. Алайда кейбір жобалар екі тарап арасындағы келіспеушіліктерге байланысты іске қосылмады. Мысалы, 2001 жылы «Sinopet» пен Иранның «Ұлттық мұнай компаниясы Заварех-Кашан» мұнай блогын игеру және екі мұнай өңдеу зауытын жаңғырту туралы келісімге қол қойды.

2007 жылы «Sinopet» пен Иранның Мұнай министрлігі Ядавара мұнай кен орнын дамыту бойынша ең ірі келісімге қол қойды, бірақ ол келіспеушіліктерге байланысты әлі басталған жоқ. Сонымен қатар, 2009 жылы Қытай мен Иран арасында жасалған тағы бір келісім Солтүстік Азадеган мұнай кен орнын және Оңтүстік Парс табиғи газ кен орнын игеруге бағытталған. Сонымен қатар, 2021 жылдың 27 наурызында Қытай мен Иранның сыртқы істер министрлері Иран мен Қытай арасындағы 25 жылдық ынтымақтастық бағдарламасына қол қойды. Бұл бағдарлама алдағы 25 жыл ішінде Иран мен Қытай арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға ықпал етеді [175].

Қытай мен Ресей арасында бірнеше маңызды энергетикалық жобалар іске қосылған. 2006 жылы Қытай мен Ресейде мұнай барлау және өндіруге бағытталған бірлескен кәсіпорындары жұмыс істейді. Бұл Қытай мен Ресей арасындағы бірнеше бірлескен жобалардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, инвестицияларды ынталандыру, ресейлік машина жасау және техникалық өнімдерді экспорттауды ілгерілету, сондай-ақ мұнай компаниялары арасындағы ынтымақтастықты нығайту бойынша көптеген келісімдерге қол қойылған. Азия-Тынық мұхиты нарығына мұнай экспорттау үшін «Шығыс Сібір — Тынық мұхиты» мұнай құбыры салынды. «Газпром» басқаратын «Сібір күші» газ құбыры табиғи газды Якутиядан Приморье өлкесі мен Қытайға тасымалдайды, субарктикалық аймақта ұзындығы 4000 км болатын табиғи газ тасымалдау жүйесін басқарады.

«Ямал СПГ» жобасы табиғи газды өндіру, сұйылту және тасымалдауды қамтиды. «Оңтүстік-Тамбей» кен орнының жылына шамамен 16,5 млн тонна өндірістік қуаттылығы бар. Жобаның шамамен 30% акциясына CNPC (20%) және Қытайдың Жібек жолы қоры (9,9%) иелік етеді.

Осылайша Қытай үшін энергетикалық дипломатия өзінің тұрақты даму мақсаттарына жету үшін маңызды құрал болып табылады.

Батыс елдерінің энергетикалық стратегиясы ресми түрде Ресейдің экспорттық кірістерін шектеуге бағытталғанымен, іс жүзінде ол балама энергетикалық дәліздер мен серіктестік құрылымдарын құру қажеттілігін жеделдетіп отыр. Мұндай жағдайда Қытайдың прагматикалық, мүдделер балансын сақтауға ұмтылатын тәсілі ШЫҰ кеңістігінде энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты құралына айналуы мүмкін.

ШЫҰ аясындағы энергетикалық әріптестік бір ғана ұйымдық үйлестірумен шектелмейді. Оның сыртқы серіктестермен диалогты нығайту, жаһандық энергетикалық басқару жүйесіне балама модель қалыптастыру және жасыл энергетикаға көшу жөніндегі әділетті жолдарды ұсыну сияқты кең

ауқымды міндеттері бар. Осы міндеттерді жүзеге асыруда жаңа механизмдердің өзара толықтырылуы мен үйлесімділігі шешуші рөл атқарады.

Бүгінде ШЫҰ аясында Қытай **«Цифрлық Жібек жолы»** бастамасы арқылы цифрлық экономиканы дамытуға белсенді атсалысуда. Бұл цифрлық инфрақұрылым құруды, электрондық сауданы дамытуды қамтиды.

Трансшекаралық сауда жүйесін оңтайландыру бағытында Қытай жаңа **цифрлық сауда экосистемасын** қалыптастыруға баса назар аударып отыр.

Цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру нәтижесінде Қытай мен ШЫҰ елдері бірлесіп кедендік ресімдеудің интеллектуалды жүйесі мен цифрлық логистикалық желісін құруда. Бұл электрондық құжат айналымын 87%-ға жеткізуге, трансшекаралық төлемдер мен есеп айырысу тиімділігін 40%-ға арттыруға, сондай-ақ сауда тосқауылдарын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

ШЫҰ елдерінің цифрлық экономика саласындағы ынтымақтастығы қытайлық тәсілдің тағы бір маңызды көрінісі.

Бұл бағытта Қытай цифрлық өзара әрекеттесуге арналған институционалдық алаңдар құру арқылы аймақтық синергияны күшейтуде. 2024 жылғы 23 тамызда Қытайдың Шаньси провинциясындағы Тайюань қаласында «Цифрлық жетістіктермен алмасу және ортақ цифрлық болашақты қалыптастыру» тақырыбында цифрлық «Жібек жолының» алдыңғы қатарлы технологияларын дамыту жөніндегі екінші форумы өтті [176].

Іс-шараны Қытайдың ШЫҰ бойынша тату көршілік, достық және ынтымақтастық комитеті, Тайюань қалалық халық үкіметі және «Жібек жолы» интернет индустриясын ілгерілету орталығы бірлесіп ұйымдастырды. Форум цифрлық инновациялар арқылы ықпалдасуды нығайтып, цифрлық трансформация үдерісіндегі Қытайдың институционалдық әлеуетін көрсетті. 2025 жылдың 17 маусымында Қарамай қаласында өткен «Қытай – ШЫҰ» цифрлық технологияларды дамыту жөніндегі форумы Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі цифрлық дипломатиясының, ұлттық стратегиялық мүдделерінің және институционалдық тәсілінің айқын көрінісі болды [177]. Бұл форум Қытайдың өңірлік цифрлық архитектураны дамытуға деген жүйелі көзқарасын, сондай-ақ оның цифрлық егемендік, тұрақты даму және көпжақты ынтымақтастық қағидаттарына бейілділігін дәлелдейді.

Сонымен қатар Қытай цифрлық саланы тек ішкі модернизация құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық беделін нығайту, аймақтық басқару үлгілерін ұсыну және цифрлық қағидаттарды алға тарту жолындағы стратегиялық ресурс ретінде қарастырады.

Қытайдың цифрлық дипломатиясының маңызды көріністерінің бірі – Орталық Азияда ірі деректер орталықтарын салу бастамасы. 2024 жылғы 24 шілдеде Өзбекстанның энергетика министрлігі мен қытайлық «Shanghai LinkWise Data Intelligence Co.» компаниясы Бухара және Сурхандария облыстарында қуаттылығы әрқайсысы 300 МВт болатын екі деректер орталығын салу жөнінде меморандумға қол қойды. Бұл жоба Қытайдың аймақтағы цифрлық инфрақұрылымды дамытуға, өңір елдерінің деректерді өңдеу мүмкіндіктерін арттыруға және цифрлық трансформацияны жеделдетуге бағытталған жүйелі стратегиясының айқын дәлелі болып табылады.

Өзбекстанда қолға алынған бұл бастама Қытайдың «Цифрлық Жібек жолы» шеңберінде ШЫҰ кеңістігінде цифрлық архитектураны қалыптастырудағы жетекші рөлін айғақтайды [178].

Бұл экономикалық қарым-қатынастардың серпінді дамуы ШЫҰ кеңістігіндегі қытайлық тәсілдің аймақтық деңгейде табысты жүзеге асып жатқанын айқын көрсетеді.

Бұл үдеріс, бір жағынан, елдер арасындағы тарихи байланыстармен, екінші жағынан, экономикалық құрылымдардың өзара толықтырушы сипатымен және стратегиялық бастамалар шеңберіндегі үйлестірілген әрекеттерін көрсетеді.

Осы тұрғыда өзара іс-қимыл ШЫҰ аясындағы қытайлық тәсілдің тәжірибелік іске асырылуын ғана емес, сонымен қатар аймақтық экономикалық ықпалдасудың тереңдеуі мен мәдени-өркениеттік үндестіктің жаңа формаларын да көрсетеді.

ШЫҰ аясындағы экономикалық ықпалдасудың маңызды тағы бір бағыттарының бірі – **ауыл шаруашылығы саласында көпжақты өзара әрекеттестікті дамыту** болып табылады. Қазіргі таңда жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнген сын-қатерлер және климаттың өзгеруі жағдайында ауыл шаруашылығын цифрландыру мен жаңғырту мәселелері мемлекетаралық ынтымақтастықтың өзегіне айналууда. Бұл тұрғыда Қытай өз бастамаларын тек екіжақты деңгейде ғана емес, сонымен қатар институционалдық алаң ретінде ШЫҰ шеңберінде де алға жылжытуда.

2022 жылғы 16 қыркүйекте Самарқандта қабылданған «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының «ақылды» ауыл шаруашылығы және агроинновациялар саласындағы өзара әрекеттесу концепциясы» ұйым кеңістігіндегі аграрлық секторды жаңғыртудың институционалдық негізін қалады. Бұл құжат ШЫҰ-ның әлеуметтік-экономикалық өлшеміндегі ынтымақтастықтың жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Самарқан декларациясында да азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, «жасыл даму» қағидаттарын ілгерілету және инновациялық технологияларды енгізу бағыттары ұйымның стратегиялық басымдықтарының қатарына қосылды. Осылайша, декларация мен тұжырымдама мазмұны бірін-бірі толықтырып, ШЫҰ шеңберінде ауыл шаруашылығы саласындағы интеграцияны жаңа деңгейге көтерді [179].

Қытай-Орталық Азия аграрлық саудасының серпінді дамуына қатысты статистикалық деректер бойынша, 2023 жылы ШЫҰ елдері арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда көлемі шамамен 2 млрд. АҚШ долларына жеткен. Әсіресе, Қазақстан-Қытай бағытындағы сауда айрықша қарқынмен дамуда. 2024 жылы агросауда көлемі 1,4 млрд. АҚШ долларына жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 10,5%-ға өсті. 2025 жылдың алғашқы тоқсанында екіжақты аграрлық сауда көлемі 430,5 млн АҚШ долларына жетіп, 45%-ға өсті. Осылайша, Қытай Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізудің ең ірі нарығына айналды [180].

Бүгінде Қытайға Қазақстан – түйе сүті мен бидай [181], Өзбекстан – шие [183], Тәжікстан – кептірілген жемістер [183], Қырғызстан – бал [184],

Түрікменстан – мақта өнімдерін жеткізуде [185]. Бұл бағыттағы логистикалық инфрақұрылым да дамуда. Қытай кеден органдары Орталық Азия елдері үшін сегіз «жасыл дәліз» ашып, ауыл шаруашылығы өнімдерін жылдам кедендік рәсімдеуге жағдай жасауда [186].

Қытай мен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығындағы өзара әрекеттесу өндірістік тізбектің барлық буындарын қамтитын бірлескен модельге негізделуде. Бұл ынтымақтастық Қытайдың жоғары технологиялық шешімдерін – интеллектуалды суару жүйелері мен ауыл шаруашылығындағы Заттар интернеті (IoT) технологияларын – экспорттау арқылы жүзеге асырылуда. Мұндай технологиялар ШЫҰ елдеріндегі дәнді дақылдардың орташа өнімділігін 22%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қытай мен Қырғызстан арасында құрылған трансшекаралық аграрлық демонстрациялық аймақ аясында Қытайдың жоғары сапалы 78 тұқым сорты енгізіліп, Қырғызстанның ауыл шаруашылығы экспортының қосылған құны 35%-ға өсті [187].

Аталған саладағы тағы бір маңызды бастама – суық тізбекті логистика инфрақұрылымын бірлесіп дамыту болып табылады. Бұл желі Орталық Азияның негізгі ауыл шаруашылық өңірлерін қамтып, балғын өнімдерді экспортқа шығару кезіндегі кедендік рәсімдеуді 6 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Осылайша, Қытайдың ғылыми-техникалық әлеуеті мен инфрақұрылымдық инвестициялары ауыл шаруашылығындағы шынайы трансформациялық өзгерістерге жол ашты.

2025 жылғы 30 шілдеде Қытайдың Куньмин қаласында өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы министрлерінің 10-шы кеңесі осы саладағы ынтымақтастықты жаңа институционалдық деңгейге көтеруге бағытталған маңызды шара болды. Аталған іс-шара барысында мүше-мемлекеттердің ауыл шаруашылығы министрлері аграрлық саясатты жетілдіру, ауылдық аумақтарды орнықты дамыту, кедейлікті азайту, сауда-экономикалық байланыстар мен ғылыми-технологиялық алмасу мәселелері бойынша пікір алмасып, бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл құжат өзара тиімді байланыстарды кеңейту, ғылыми-техникалық прогресті ортақ игілікке айналдыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты басымдықтар ретінде белгіленді [188].

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласында Қырғызстандағы демонстрациялық бақтар мен электрондық коммерция алаңдары өңірлік азық-түлік қауіпсіздігі мен цифрлық сауданы дамытуда маңызды рөл атқаруда.

Қырғызстанның Шу облысындағы Қара-Балта қаласында құрылған Қытай-Қырғызстан демонстрациялық алма бағы ШЫҰ-ның ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығының жарқын үлгісіне айналды. Мұнда Қытайдың Шэньси провинциясынан әкелінген 5500-ден астам алма көшеттері өсіп, мол өнім беруде. Мұндай жобалар саясат пен технологияны ұштастыра отырып, нақты нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді және жергілікті шаруаларға да, тұтынушыларға да пайда әкелуде [189].

Аграрлық саладағы ынтымақтастық тек саудамен шектелмей, ғылыми-техникалық өзара іс-қимылды да қамтиды. Қытай университеттері мен ғылыми-

зерттеу институттары аймақ елдерімен бірлесе отырып, заманауи агротехнологияларды енгізуге арналған демонстрациялық базалар құруда. Мәселен, Қытайдың Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылығы университеті (Northwest A&F University, Шэньси провинциясы) «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында Орталық Азия елдерінде аграрлық демонстрациялық парктер ашып, су үнемдеу технологиялары мен топырақ құнарлылығын арттыруға бағытталған жобаларды жүзеге асыруда [190].

Қазақстан мен Өзбекстанда құрылған мұндай парктер ғылыми зерттеу, білім беру және өндірістік тәжірибені ұштастыра отырып, аграрлық инновацияларды ілгерілетуге мүмкіндік беруде [191]. Өзбекстандағы тәжірибелер көрсеткендей, тамшылатып суару технологиясы мақта өндірісінде суды 18–42% үнемдеуге және өнімділікті едәуір арттыруға жағдай жасайды.

Бұл ШЫҰ кеңістігінде аграрлық ғылымның трансшекаралық сипатын көрсетіп қана қоймай, аймақ елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға қосқан үлесін де айқындайды.

Жалпы алғанда, Қытай-Орталық Азия аграрлық ынтымақтастығы аймақтың экономикалық әлеуетін күшейтіп қана қоймай, азық-түлік қауіпсіздігі, тұрақты даму және «жасыл» экономикаға көшу міндеттерін шешуге ықпал етуде. Бұл өз кезегінде ШЫҰ аясындағы экономикалық өзара әрекеттесу үдерісінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін және аграрлық саладағы серіктестіктің аймақтық ықпалдасуға стратегиялық үлес қосып отырғанын растайды.

Бұл қытайлық тәсілдің ерекшелігін – тәжірибеге негізделген прагматикалық ықпалдасу мен өзара тиімді нәтижеге ұмтылысын айқын көрсетеді.

Аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастық тақырыбын Қытай ШЫҰ-ның 2023–2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары аясында ілгерілетуде. Бұл жоспар ШЫҰ мүше-мемлекеттері арасындағы ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт ережелерін іске асыруға бағытталған. Қытай сауда, инвестиция, инфрақұрылым саласында, жеткізу тізбектерін қамтамасыз етуде, ғылыми инновациялар мен жасанды интеллектті дамытуда бірлескен жобаларды жүзеге асыруды ұсынады. Сондай-ақ, «Бір белдеу, бір жол» бастамасын ұлттық даму стратегияларымен ұштастыру, көпжақты және субөңірлік ынтымақтастықты кеңейту, жаңа «өсу нүктелерін» құру жұмыстары көзделген [192].

Бұл үрдісті 2025 жылды «ШЫҰ тұрақты даму жылы» деп жариялауымен және ШЫҰ-дағы Қытай төрағалығы аясында жоспарланған 100-ден астам іс-шарадан байқауға болады. Бұл іс-шаралар аймақтық сауданы кеңейту, цифрлық трансформация, азық-түлік және денсаулық қауіпсіздігі, инновация, индустрияландыру сияқты жаңа ынтымақтастық бағыттарын қамтиды.

Мұндай кешенді күн тәртіп Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ықпалдасуды нығайтудағы стратегиялық ұстанымын және көпжақты, ұзақ мерзімді серіктестікке ынтымақтығын айқын көрсетеді.

2025 жылғы 17–18 шілде аралығында Қытайдың Шаньдун провинциясы басшылығының бастамасымен Циндао қаласында ШЫҰ мен Қытай

арасындағы аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылау бойынша халықаралық ғылыми-практикалық іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шара аясында «ШЫҰ-Қытай аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі Циндао бастамасы» жарияланды [193]. Бұл құжат – ШЫҰ елдері арасындағы экономикалық ықпалдасуды тереңдетуге бағытталған, аймақтық ынтымақтастықтың стратегиялық бағыттарын айқындайды. Аталған бастама институционалдық міндеттеме емес, керісінше, әр елдің ерекшелігіне сай келетін ұсыныс және бағыт беру сипатында ұсынылды.

Мұндай бастама қытайлық тәсілдің икемді және контекстке бейімделгіш сипатын, сонымен қатар Шанхай рухының «өзара ақыл-кеңес» принципінің жүзеге асуырылуына көрсетеді.

Циндао қаласында орналасқан демонстрациялық аймақ Қытай мен ШЫҰ елдері арасындағы аймақтық сауда мен экономикалық жобаларды сынақтан өткізу алаңы ретінде қызмет атқарады. Ол әріптестіктің негізінде өзара сенім, мәдени байланыс және желілік қатынастар орнатуға мүмкіндік жасауда.

Бұл ШЫҰ-ның экономикалық әлеуетін жүзеге асыру жолында пилоттық аймақтар, шекаралық ынтымақтастық орталықтары, көлік-логистикалық хабтар, жәрмеңке-көрме алаңдары мен басқа да платформаларды пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

Бұл тәсіл қытайлық реляциялық модельдің нақты көрінісі болып табылады: экономикалық өзара әрекеттесу тек құрылымдық немесе нормативтік деңгейде ғана емес, сонымен қатар қатынас пен сенімге негізделген институционалдық алаңдар арқылы жүзеге асырылуда.

Осылайша Қытай өз экономикалық ықпалын және стратегиялық көзқарасын тиімді пайдалана отырып, ШЫҰ-ның алдында тұрған бірқатар сын-қатерлерді еңсеруге үлес қосуда. Негізгі бағыттар қатарында ықпалдасу үдерістерін күшейту, көпжақты қауіпсіздік стандарттарын қолдау, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ ұйымның жаһандық мәртебесін арттыру міндеттері бар. «Шанхай рухы» принциптерін ұстана отырып, Қытай аймақтағы тұрақтылыққа өз үлесін қосуда [194].

Қытай ШЫҰ-да ресурстар мен мүмкіндіктер тұрғысынан да, сондай-ақ сын-қатерлер мен тәуекелдер тұрғысынан да басты рөл атқарады. Қытайдың оң үлесі аймақтық экономикалық өсімді ынталандыру мен қауіпсіздікті нығайтуда айқын көрінеді. Алайда ұйым саяси және экономикалық сипаттағы тәуекелдерді басқаруға назар аударып, барлық мүше мемлекеттердің мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге ұмтылған жағдайда ғана аймақтық ынтымақтастықтың тұрақты дамуына қол жеткізе алады [195].

Кесте 9 – Қытайдың қатысуы контекстінде ШЫҰ-ға арналған SWOT-талдау

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)	Мүмкіндіктері (Opportunities)	Қауіп-қатерлер (Threats)
Қытайдың ауқымды	Мүше-	Қытайдың	ШЫҰ елдері, соның

қаржылық ресурстары ШЫҰ аясында әртүрлі жобалар мен бастамаларды қолдауға мүмкіндік береді.	мемлекеттердің ішкі саяси айырмашылықтары консенсусқа келуді қиындатып, шешім қабылдау үдерісін баяулатуы мүмкін.	қатысуымен ШЫҰ аймақтық экономикалық интеграция мен дамуды жеделдетіп, инвестициялар мен технологияларды тартуға мүмкіндік алады.	ішінде Қытай, басқа ірі державалардың қысымына ұшырауы мүмкін, бұл ынтымақтастықты күрделендіреді.
Инфрақұрылымдық жобаларды ілгерілету арқылы Қытай мүше-мемлекеттердің өзара байланысын нығайтып, өңірдің экономикалық өсуіне ықпал етеді.	ШЫҰ кейбір жағдайда Қытайдың сыртқы саясатының құралы ретінде қабылдануы ықтимал, бұл ұйымның Қытайдан тыс елдер үшін тартымдылығын төмендетуі мүмкін.	ШЫҰ климаттың өзгеруімен күрес, орнықты даму сияқты халықаралық бастамаларды алға жылжыту алаңына айнала алады.	Қытай мен басқа мүше-мемлекеттердің стратегиялық мақсаттарындағы айырмашылықтар ұйым ішіндегі қатынастарды шиеленістіріп, сыртқы саясатта келіспеушіліктер тудыруы ықтимал.
Қытайдың белсенді қатысуы ШЫҰ-ның халықаралық мәртебесін және оның жаһандық саясаттағы салмағын арттырады.	Қытайдың ықпалының басым болуы ұйым ішіндегі дамудың теңгерімсіздігіне алып келіп, кейбір елдердің мүдделері ескерілмей қалуы ықтимал.	Қауіпсіздік саласындағы бірлескен күш-жігер терроризм мен экстремизмге қарсы тиімді механизмдер қалыптастыруға жол ашады.	Мүше-мемлекеттер арасындағы шешілмеген территориялық даулар Қытайдың ықпалы арта түскен жағдайда тереңдеп, ұйым ішінде бөлінушілік қаупін арттыруы мүмкін.
«Бір белдеу, бір жол» бастамасын ескере отырып, ШЫҰ трансөңірлік байланыстарды дамыту әлеуетіне ие.			ШЫҰ -ның Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен тығыз байланыстырылуы «қарыздық тұзақ» туралы сын-ескертулерге жол ашып, Қытай мен ұйымның беделіне нұқсан келтіруі ықтимал.

Осыған сүйене отырып, Қытайдың қатысуы контекстіндегі ШЫҰ-ның күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін бағалауға арналған «SWOT-талдау» жасалынды.

Тұжырым

Қытай ШЫҰ кеңістігінде экономикалық ықпалдастықты біртіндеп қалыптастыруда, алдымен екіжақты инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар арқылы өзара сенім мен тиімді ынтымақтастықты нығайтып, сосын бұл қатынастарды институционалдандыруға тырысуда. Бұл икемді тәсіл қарым-қатынасқа, бейімделуге және тиімді ынтымақтастыққа негізделген жүйелік құрылым ретінде көрінеді.

ШЫҰ-ның көпжақты экономикалық әлеуеті толық іске аспағанына қарамастан, Қытайдың бастамалары үдерісті ілгерілетуде шешуші рөл атқаруда. Энергетикалық салада Қытай мен Орталық Азия арасындағы инфрақұрылымның біртіндеп бірігуі мұнай-газ құбырларының іске қосылуы арқылы нығайып, аймақтық энергетикалық әріптестікке серпін берді.

Сонымен бірге, цифрлық экономика саласындағы ынтымақтастық қытайлық тәсілдің жаңа бағытына айналды. Қытай цифрлық өзара әрекеттесуге арналған институционалдық алаңдар құру арқылы аймақтық синергияны күшейтуде. Аграрлық саладағы серіктестік те аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, «жасыл» экономикаға көшуге ықпал етуде.

Жалпы алғанда, қытайлық тәсіл негізінде нақты инфрақұрылымдық, энергетикалық, аграрлық және цифрлық жобалар іске асырылып жатыр. Алайда ол толық деңгейде институционалданбаған, сондықтан болашақта ұйымның экономикалық ықпалдасуы барлық мүше-мемлекеттердің теңгерімді мүдделерін ескергенде ғана өз әлеуетін толық аша алады.

Осылайша, Қытайдың бастамалары ШЫҰ аясында экономикалық ынтымақтастықты жаңа сапалық деңгейге көтеріп, ұйымның Еуразиядағы ықпалдасу мен даму орталығы ретіндегі әлеуетін айқындауда.

2.3 Гуманитарлық және мәдени байланыстар: «өркениеттер үйлесімділігі»

2000 жылдардан бастап Орталық Азия аймағы ірі державалардың геосаяси және идеологиялық мүдделерінің тоғысқан кеңістігіне айналды. Батыс елдері аймақта саяси-экономикалық бағытты күшейтіп қана қоймай, мәдени және ақпараттық ықпалын да кеңейтуге ерекше назар аударды. Атап айтқанда, «батыс мәдениетін» насихаттау және демократиялық құндылықтарды тарату бағытында белсенді іс-шаралар жүргізілді. Батыстық құндылықтардың экспансиясы аймақ елдерінің қоғамдық санасында жаңа бағдарлар қалыптастырып, олардың сыртқы мәдени ұстанымдарын өзгерте бастады.

Осындай жағдайда ҚХР мәдени ықпал тетіктерін белсенді қолдану қажеттілігін түсіне бастады. Әсіресе ол өзінің сыртқы саясатында қолданатын «жұмсақ күш» (soft power) құралдарын дамыту және аймақ елдерімен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты тереңдету бағытын дамытуға бет бұрды. Бұл үрдіс, әсіресе, ШЫҰ шеңберінде айрықша маңызға ие болды.

Сонымен қатар Қытай үшін аймақтағы өз бейнесін оң бағытта жетілдіру және оның мазмұнын жүйелі түрде толықтыру стратегиялық маңызға ие міндетке айналды. Бұл Қытайдың халықаралық имиджін нығайтуға, аймақ елдерімен өзара сенім мен мәдени үндестікті арттыруға және батыстық үстемдікке балама өркениеттік кеңістік құруға ықпал етеді.

Сондықтан ШЫҰ кеңістігінде Қытайдың гуманитарлық және мәдени ықпал тетіктерін, оның ішінде «қытайлық тәсілдің» мазмұны мен ерекшеліктерін зерттеу – қазіргі халықаралық қатынастар ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай зерттеу Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының Орталық Азиядағы бейімделу ерекшеліктерін ашып көрсетуге және ШЫҰ аясындағы гуманитарлық ынтымақтастықтың жаңа сапалық деңгейін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Дегенмен бұл тәсілдің мазмұны мен құрылымын түсіндіруде келесі мәселелерді шешуге назар аударуды қажет етеді.

Біріншіден, қытайлық гуманитарлық саясаттың негізгі мақсаттары мен құралдары қандай және олар ШЫҰ кеңістігінде қалай іске асырылуда?

Екіншіден, бұл бастамалардың қабылдану деңгейі мен тиімділігі қандай, олар аймақтық мәдени сәйкестікке қаншалықты үйлесімді?

Үшіншіден, ШЫҰ гуманитарлық бағыты мүше-мемлекеттердің ішкі әлеуметтік-мәдени процестері қалай жүруде?

Аталған мәселелерді шешу ШЫҰ гуманитарлық бағытының прагматикалық әрі идеологиялық өлшемдерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл Қытайдың мәдени дипломатиясының ШЫҰ аясында бейбіт ықпал ету мен көпвекторлы ынтымақтастыққа қосқан үлесін бағалауға да бағытталады.

ШЫҰ аясындағы гуманитарлық ынтымақтастықтың құрылымдық және мазмұндық негіздері

Гуманитарлық ынтымақтастық - мемлекеттер арасындағы қатынастарды нығайтудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Себебі әртүрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүрін өзара терең түсіну елдерге қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әсіресе, терроризм мен экстремизм сияқты өзекті мәселелерді шешу тек әскери немесе экономикалық құралдармен шектелмей, мәдени және рухани өзара түсіністікті де қажет етеді [196].

Гуманитарлық ынтымақтастықты мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды бәсеңдетуде және өзара сенімді нығайтуда тиімді құрал ретінде қолдану мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл салада ынтымақтастыққа тек кәсіби дипломаттар мен ресми өкілдері ғана емес, сонымен бірге үкіметтік емес акторлар да халықтық дипломатия тетіктері арқылы қатыса алатыны ерекше мәнге ие.

ШЫҰ жүйесіндегі гуманитарлық бағыттың екі қыры маңызды.

Біріншіден, серіктес елдер арасындағы мәдениетаралық сұхбат ұйымның тұтастығы мен тұрақтылығын нығайтады, ортақ құндылықтар мен «Шанхай рухын» қалыптастырады.

Екіншіден, өзіндік бірегейлік пен мәдени сәйкестікті ұғыну ортақ мәдени және идеологиялық кеңістік құруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде ұйымның сыртқы саясаттағы «жұмсақ күш» әлеуетін арттырады [197].

Зерттеудің теориялық негізін Дж. Най ұсынған «жұмсақ күш» тұжырымдамасы құрайды, ол мәдениет, құндылықтар мен идеялар арқылы ықпал ету қабілетін білдіреді және бұл «әскери немесе күш қолдану арқылы

бағындыруға» (hard power) қарама-қарсы ұғым ретінде түсіндіріледі [198]. Дж. Най АҚШ-тың жаһандық мәселелерді, мысалы терроризм, қоршаған ортаның бұзылуы және жаппай қырып-жоятын қарудың таралуын, өз бетінше шеше алмайтынын талдайды. Ол «қатты күш» (әскери және экономикалық қуат) және «жұмсақ күш» (басқаларды тарту және көндіру қабілеті) ұғымдарын енгізеді. Ней 21-ғасырда АҚШ-тың тиімді басшылық жасау үшін осы екі құралды да қолдануы қажет екенін көрсетеді.

ШЫҰ гуманитарлық ынтымақтастығы көпқырлы сипатқа ие және үш негізгі өлшемнен тұрады.

Біріншіден, ол әртүрлі өркениеттер, мемлекеттер, этностар мен діндер арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға ықпал етеді. Бұл өңірде үйлесімді тәртіп құру үшін шешуші мәнге ие. Тарихи тұрғыдан Орталық Азия мәдениеттер мен өркениеттер тоғысқан аймақ болғанымен, отаршылдық мұра, этникалық және діни қайшылықтар, сондай-ақ экстремизм мен терроризм ондаған жылдар бойы тұрақтылыққа қатер төндіріп келді. Осындай жағдайда ШЫҰ-ның гуманитарлық саясаты шиеленісті төмендетуге және сенім атмосферасын қалыптастыруға қызмет етті. Бұған мысал ретінде бұрынғы кеңес-қытай шекарасының 3000 км-ден астам бөлігін түпкілікті реттеу үдерісін атауға болады [199].

Екіншіден, гуманитарлық ынтымақтастық ШЫҰ аясындағы экономикалық және қауіпсіздік салаларындағы ықпалдастықты тереңдетудің әлеуметтік негізін құрайды. Қоғамдық қолдау мен өзара түсіністіксіз ұзақ мерзімді интеграциялық жобалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін емес. Осыған байланысты гуманитарлық байланыстарды нығайту ұйымның «жұмсақ күшін» арттырады, оның қызметін халыққа жақын әрі түсінікті етеді және ШЫҰ-ның интеграциялық алаң ретіндегі тартымдылығын жоғарылатады [200].

Үшіншіден, ШЫҰ-дағы гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызы өңірлік шеңберден асып, жаһандық сипатқа ие болып отыр. Халықаралық қайшылықтардың, этноконфессиялық қақтығыстардың және терроризм қатерінің күшею жағдайында ШЫҰ ынтымақтастықтың баламалы үлгісін көрсетуде. Бұл үлгі «Шанхай рухына», яғни өзара сенімге, теңдік, әралуан өркениетті және мәдениетті құрметтеуге, ортақ дамуға негізделген.

Бастапқыда ШЫҰ қауіпсіздік мәселелеріне басымдық берген құрылым ретінде құрылғанмен, аз уақыт ішінде ұйым мәдениет пен білім беру салаларындағы өзара әрекеттесуге баса назар аудара бастады. Осы мақсатта арнайы комиссиялар мен форумдар құрылды. Қазіргі таңда ШЫҰ өзін көпсалалы және көпқызметті ұйым ретінде сипаттайды. Дегенмен, өркениеттік және мәдени тұрғыдан алуан түрлі мемлекеттерді біріктіретін құрылым ретінде тиімді ынтымақтастық үшін ұйым ортақ сәйкестік пен құндылықтар жүйесін қалыптастыруы қажет. Мұндай бірегейлікті қалыптастыру тек консенсус пен диалогқа негізделген тығыз гуманитарлық өзара іс-қимыл арқылы ғана мүмкін. Сондықтан гуманитарлық ынтымақтастық бүгінде ШЫҰ қызметінің ең серпінді дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып отыр.

Гуманитарлық саладағы белсенді байланыстардың дамуы 2005 жылы мәдени ынтымақтастық жөніндегі сарапшылар тобы құрылғаннан кейін басталды. ШЫҰ Жарғысында гуманитарлық ынтымақтастық «ғылым мен техника, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және туризм салаларындағы өзара іс-қимылды кеңейту» (ШЫҰ Жарғысы, 3-бап) ретінде түсіндірілген. Мұндай ынтымақтастықтың мақсаты қатысушы мемлекеттердің ортақ әлеуметтік-мәдени және білім беру кеңістігін қалыптастыру, сондай-ақ ұйым аясындағы қауіпсіздікті нығайту және ықтимал қақтығыстардың алдын алу болып табылады.

2007 жылы қабылданған «Мәдени ынтымақтастық туралы келісім» ШЫҰ мемлекеттері арасындағы мәдени байланыстарды едәуір жандандырып, көпжақты мәдени бағдарламалардың жүзеге асуына жол ашты (Келісім, 2007). Гуманитарлық саладағы алғашқы қадамдар мәдениетаралық диалогты дамытуға бағытталды. ШЫҰ елдерінің мәдениетіне арналған арнайы фотоальбом шығарылды, кинофестиваль өткізілді және фестивальдер ұйымдастырудың бірыңғай ережелері қабылданды.

Сонымен қатар, білім беру саласындағы ынтымақтастық та айтарлықтай серпінмен дами бастады. Бұл бағыт академиялық алмасуларды кеңейтуге, сондай-ақ ШЫҰ елдерінің тілі, тарихы мен мәдениетін зерттеуді ынталандыруға бағытталды.

Соңғы жылдары Қытай ШЫҰ шеңберінде мәдени дипломатия құралдарын белсенді пайдаланып, гуманитарлық бағыттың дамуына ықпал етуде. Мұндай тәсіл аймақ елдері арасындағы өзара сенім мен түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ ұйым кеңістігінде бейбіт әрі үйлесімді қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік беруде.

Қытай зерттеушісі Пан Гуанның пікірінше «қазіргі ШЫҰ кеңістігіндегі Қытай, Ресей және Орталық Азия елдері арасындағы мәдени-өркениеттік үдерістерден кездейсоқ қалыптасқан құбылыс емес. Бұл үдерістер аймақ халықтарының өзара ықпалдасуының терең тарихи тәжірибесіне сүйенеді» [201]. Осы тарихи тәжірибенің қалыптасуын Пан Гуан ежелгі Ұлы жібек жолымен байланыстырады. Ол жібек жолының материалдық құндылықтарды алмасуда ғана емес, халықтар арасындағы тұрақты өркениеттік байланыстарды қалыптастыруда, мәдениеттер арасындағы сұхбатқа негіз қалауда үлкен рөл атқарғанын көрсетеді. Сонымен қатар ғалым «дәл осы үдерістердің аясында өзара сенім мен әралуан мәдени-өркениеттік құндылық принципінің тарихи негізде орныққанын, бүгінде оның әлеуеті «Шанхай рухының» философиялық және идеологиялық іргетасын құрайтынын» сипаттайды. Пан Гуан тарихи деректер мен фактілерге сүйене отырып, Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы мәдени байланыстарға Хан дәуірі кезінде ерекше қолайлы жағдай жасалғанын да растайды. Мысалы Қытай императоры У-ди өз елшілері арқылы елдің Орталық, Батыс Азия елдерімен, Үндістанмен, Орта және Таяу Шығыс елдерімен тікелей байланыстар орнатуына ықпал еткен. Дәл осы кезеңде Шығыс пен Батыс арасындағы құрлық жолы бойынша сауда саттықта Қытайдың жібек матасы басты тауарға айналды. Құрлық бағытының кең байтақ шөлдер арқылы созылуына қарамастан, бұл табиғи оазистер саяхатшылар үшін

аялдама қызметін атқарды. Осыған байланысты бұл жол тарихи дәстүрде «Оазистік жол» деп те аталды.

Орталық Азия Жібек жолы бойымен сауда саттық ғана емес, әр алуан өркениеттердің тоғысуы мен өзара ықпалдасуына жағдай жасаған мәдени алмасу алаңы болды. Дәл осы аймақ арқылы көне Мысыр, Парсы, Грек және Рим мәдениеттері, буддизм, индуизм, конфуцийшілдік, түркілік және моңғолдық дәстүрлер, ислам мен православие, сондай-ақ батыстық мәдениеттер өз ықпалын тигізді.

Қазіргі кезеңде ШЫҰ аясындағы «қытайлық тәсіл» осы тарихи үдерістерді қайта жандандыруға, жаңа типтегі гуманитарлық және мәдени байланыстарды нығайтуға ұмтылуда. ШЫҰ Хатшылығының 2018 жылғы есебіне сәйкес гуманитарлық бағыты бойынша ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттер жалпы ұйымның нормативтік актілерінің 6%-ын құрайтын 58 құжат қабылданған. Бұл құжаттар мәдениет, өнер, білім беру, ғылым, технология, денсаулық сақтау, туризм, спорт, төтенше жағдайларда көмек көрсету және басқа да әлеуметтік-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді. Аталған құжаттардың ішінде ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің 2006 жылғы білім беру, 2007 жылғы мәдениет, 2011 жылғы денсаулық сақтау, 2013 жылғы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдері айрықша маңызға ие. Бұл халықаралық шарттар мен басқа да құжаттар аясында мүше-мемлекеттер мәдениет мекемелері, білім беру, ғылыми және зерттеу орталықтары арасында тікелей байланыс орнатып, бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруда, кадр даярлау ісінде, сондай-ақ студенттермен, ғалымдармен және мамандармен алмасуда белсенді жұмыс жүргізіп келеді. 2007 жылғы 16 тамызда Бішкекте өткен Үкімет басшыларының кездесуінде Ресей мүше-мемлекеттер мен бақылаушы елдердің қолданыстағы жоғары оқу орындары негізінде университеттік желі құру бастамасын ұсынды. 2008 жылы білім министрлері кеңесінде ШЫҰ Университетін құру туралы шешім қабылданды. 2010 жылдан бастап университет желілік білім беру жобасы ретінде жұмысын бастады. Аталған университет аймақтану, экология, энергетика, ақпараттық және нанотехнологиялар бағыттары бойынша кадрларды даярлайды.

Университет құрамына Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және өзге елдердің жетекші жоғары оқу орындары кіреді. Мұнда көпдеңгейлі оқыту бағдарламалары жүзеге асырылады, білім беру сапасы мен зерттеу бағыттары өзара үйлестірілген.

2024 жылы өткен Білім министрлерінің сегізінші отырысында Университеттің жаңа даму бағыты бекітілді. Университеттің оқу бағдарламасына агрономия, журналистика, медицина және құқық салалары енгізілді. Бұл шешім ұйымның білім беру саясатын кеңейтіп, кадр даярлау аясын айтарлықтай ұлғайтады [202].

ШЫҰ Университетін құрудағы негізгі мақсат - ортақ білім беру кеңістігін қалыптастыру және академиялық ынтымақтастықты кеңейту, студенттермен және профессорлық-оқытушылық құраммен алмасу, сондай-ақ бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы терең интеграцияны қамтамасыз

ету болды (*ШЫҰ университеті концепциясы*). ШЫҰ Университетінің миссиясы – білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты қолдайтын және дамытатын біртұтас құрылым қалыптастыру (*Model' Universiteta SHOS*, 2021). Алғашқы кезеңде ШЫҰ Университетінің құрамына мүше мемлекеттерден 59 жоғары оқу орны болса, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш жеті бағыт бойынша 79 университет қатысатын болды.

Кесте 9 – ШЫҰ Университеті (USCO) жобасын іске асырудың негізгі кезеңдері

Кезең	Мерзімі	Кезеңнің мазмұны
Қысқа мерзімді	2008–2010 жж.	ШЫҰ Университеті (USCO) жобасын әзірлеу
Орта мерзімді	2010–2012 жж.	1. ШЫҰ Университеті құрылымын қалыптастыру 2. Жарғыны қабылдау 3. Әкімшілік және академиялық құрылымдарды ұйымдастыру
Ұзақ мерзімді	2012–2015 жж.	1. Бакалавриат–магистратура жүйесін енгізу 2. Ақпараттық қолдау мен қашықтықтан оқыту желісін құру 3. «ШЫҰ Университетінің ғылыми хабаршысы» журналын шығару 4. Бакалавр және магистрлік бағдарламаларды халықаралық аккредитациядан өткізу

Қазіргі таңда ШЫҰ Университеті (USCO) – Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан жоғары оқу орындарының желілік бірлестігі болып табылады. Университет аясында магистратура бағдарламалары энергетика, экология, ақпараттық технологиялар, аймақтану, нанотехнологиялар, педагогика және экономика сияқты басым бағыттар бойынша үйлестірілген.

2013–2017 жылдары Қытай университеттерімен серіктес университеттер арасындағы студент алмасуда Қытай университеттерінде ең танымал бағыт – **Аймақтық зерттеулер** болды.

2013 жылы Қытайға тек 16 студент барса, үш жылдан кейін бұл сан 57-ге жетті. Бұл Қытай мәдениеті мен тілін үйренуге деген қызығушылықты көрсетеді. Қытай студенттері де серіктес университеттерде осы бағытты таңдады, бұл олардың Ресей, Қазақстан және Тәжікстан мәдениеттерімен танысуға ынталы екенін көрсетті.

Кесте 10 – ШЫҰ Университеті серіктес университеттерінің Қытаймен студент алмасу динамикасы (2013–2017)

Білім саласы	Алмасу түрі	2013-2014	2014-2015	2015-2016	2016-2017
Аймақтық зерттеулер	Шетелге бару	16	38	56	57
Экология	Қытайға бару	2	10	22	50
	Шетелге бару	5	11	8	7
Энергетика	Қытайға бару	–	4	3	2
	Шетелге бару	5	12	14	6
Ақпараттық	Қытайға бару	4	10	4	5
	Шетелге бару	4	7	8	6

Білім саласы	Алмасу түрі	2013-2014	2014-2015	2015-2016	2016-2017
технология					
Нанотехнология	Қытайға бару	–	–	2	–
	Шетелге бару	–	3	3	2
Энергетика	Қытайға бару	–	5	6	–
	Шетелге бару	–	–	6	5
	Қытайға бару	–	–	3	5
Экономика	Шетелге бару	–	–	5	1
	Қытайға бару	–	–	12	6

Дереккөз: www.usco.edu.cn

Кестеден көрініп тұрғандай, Қытайға барған студенттердің саны ең көп өсімін Аймақтық зерттеулер саласында – 2013 жылы 2 студенттен 2016–2017 жылдары 50-ге дейін өсті. Бұл Қытай мәдениеті мен тіліне қызығушылықтың артқанын білдіреді. Басқа бағыттардағы студенттер саны салыстырмалы түрде аз, әсіресе тілдік кедергілер әсерінен ІТ және нанотехнология бағыттарында өсім шектеулі болған.

Сонымен қатар, 2024–2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бойынша «ШЫҰ білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағы және төсбелгі ережесі қабылданды. 2025 жылы Қытайда өтетін «Білім шекарасыз» атты XV Білім апталығы білім және мәдени байланыстардың жаңа кезеңіне жол ашты [203].

«Шанхай рухы» ұғымы мәдени және гуманитарлық қатынастардың дамуына маңызды рөл атқарды. Бұл қағидат қазіргі әлемдегі мәдениеттер мен өркениеттердің алуан түрлілігін, әрбір мемлекеттің тарихы мен мәдениетін құрметтеу және өркениетаралық диалог қағидасын қамтиды.

Өркениеттер арасындағы сұхбат пен ортақ білім беру кеңістігін қалыптастыру үшін тұрақты жұмыс істейтін тетіктері форумдар, декларациялар мен тұжырымдамалық құжаттарды қабылдау, тиісті министрліктер басшыларының тұрақты кездесулері болды. Тұрақты түрде білім министрлері мен мәдениет министрлерінің кездесулері өткізіледі.

2021 жылы ШЫҰ Бас хатшысы Владимир Норовтың Хэфэй қаласына сапары кезінде Қытай ғылым және технология университетімен әріптестік орнату мәселесі талқыланды [204]. Бұл сапар ғылыми зерттеулер мен академиялық алмасуларды тереңдетудің нақты қадамдары болды.

Қытай мәдени дипломатияны өзінің сыртқы саяси әсер ету тетіктерінің өзегіне айналдырды. Ол мәдени жобалар арқылы аймақ елдерінің өзара түсіністігін күшейтіп, өркениетаралық байланыстарды орнатуға мүмкіндік жасауда.

ШЫҰ аясында мәдениет министрлерінің кездесулерінде талқыланған мәселелердің мазмұны ұйымның гуманитарлық күн тәртібінің кеңдігін көрсетеді. 2002–2016 жылдар аралығында өткен отырыстардың тақырыптары мен жиілігі төмендегі кестеде сипатталған.

Кесте 11 – 2002–2016 жылдары ШЫҰ мәдениет министрлерінің отырыстарында қаралған мәселелер тақырыптары мен саны

Талқыланған мәселе	аны
Халықаралық фестивальдер мен Мәдениет күндерін ұйымдастыру	
Тарихи Жібек жолы бойындағы елдерді қоса алғанда, мемлекеттер арасындағы мәдени алмасулар	
Мұражайлар, кітапханалар және мәдени ескерткіштерді сақтау саласындағы ынтымақтастық	
Кинематография, телерадио хабар тарату, баспа ісі және заманауи технологиялар саласындағы әріптестік	
Мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің орындалуы	
Мәдениет саласындағы іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру	
Бақылаушы мемлекеттермен мәдени ынтымақтастық	
ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген ШЫҰ аймағының тарихи-мәдени мұрасын сақтау	
Мәдени құндылықтарды ұрлау мен заңсыз айналымының алдын алу	
Архитектуралық ескерткіштердің деректер базасы мен тізімін құру	
Мәдени мұраны қорғау және өнер туындыларын қалпына келтіру саласындағы мамандарды даярлау	
Көпжақты және екіжақты мәдени байланыстарды дамыту және мәдени әртүрлілікті сақтау	6

Дереккөз: ШЫҰ ресми сайты <http://rus.sectesco.org/structure/20190716/565332.html>

Зерттеушілер министрлер деңгейіндегі кездесулерде қаралған мәселелерді жоғарыдағыдай тақырыптық топтарға біріктіріп қарастырған. Әрбір отырыста ШЫҰ шеңберінде мәдени байланыстарды нығайту, өркениетаралық диалогты белсендіру және мәдени әртүрлілікті сақтау қажеттігі атап өтілді. Музей ісі, кітапхана жүйесі, кино, баспа және заманауи коммуникация салаларындағы ынтымақтастықтың бағыттары айқындалды.

Өркениетаралық диалогты жандандыру, мәдени алмасуларды кеңейту және «Шанхай рухы» қағидаттарын ілгерілету мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Олардың қатарында:

Қытай Халық Республикасындағы «Жібек жолы» халықаралық өнер фестивалі;

Қырғызстандағы «Art-Ordo» халықаралық театр фестивалі;

Ресей Федерациясындағы «Бердемлек–Достастық» этномәдени фестивалі;

Тәжікстандағы «Chodari Khayol» халықаралық қуыршақ театры фестивалі.

Аталған мәдени жобалар ШЫҰ елдері арасындағы гуманитарлық байланыстарды нығайтып, ұйымның «жұмсақ күш» құралын күшейтуге мүмкіндік берді.

2025 жылы Циндао, Дуньхуан және Бейжің қалаларында өткен мәдени фестивальдер мен көрмелер осы бағыттағы жүйелі жұмыстың дәлелі. Дуньхуанда ұйымдастырылған 8-ші халықаралық мәдени көрме – «Жібек жолы Экспо» мәдениеттердің диалогына арналған халықаралық алаң ретінде танылды.

Онда 97 ел мен халықаралық ұйымның өкілдері қатысып, «жұмсақ күш» дипломатиясының практикалық өлшемін көрсетті [206].

2025 жылы Бейжіңдегі «Мұражайлар ынтымақтастығы және өркениеттер шоғырындағы мәдени мұра» көрмесі ШЫҰ елдері арасындағы тарихи мұралар мен рухани сабақтастықты көрсетуге арналды. 220-дан астам артефакт ұсынылып, көрме Самарқанд саммитінде қол қойылған мәдени меморандумның жүзеге асуы болды. Бұл іс-шаралар халықтар арасындағы сенімді нығайтып, мәдени көпір қызметін атқарды.

Қытай зерттеушісі Чжао Хуашэннің пікірінше, Қытай қазіргі кезеңде өзінің сыртқы саяси қызметінде «халыққа бағытталған дипломатияны» (public diplomacy) күшейтуі қажет. Ол Қытайдың ресми ұстанымдары мен бастамалары аймақ халықтарына қарапайым және түсінікті тілде жеткізілуі тиіс екенін атап өтеді. Бұл тұрғыдан алғанда, Қытайдың сыртқы саясатындағы ақпараттық және мәдени ықпал құралдары тек мемлекетаралық деңгейде емес, қоғамдық сана мен мәдени қабылдау деңгейінде де белсенді болуы қажет.

Зерттеуші қоғамдық дипломатияның негізгі арналарын төмендегідей топтастырады:

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер;

Үкіметтік емес ұйымдар;

Ғылыми, мәдени және білім беру орталықтары;

Жастар мен шығармашылық қауымдастықтар.

Чжаоның пайымдауынша, бұл көпвекторлы байланыстар жүйесі Қытайдың гуманитарлық рөлін аймақ елдерінің қоғамдарында неғұрлым нақты әрі жағымды түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Қытайдың мәдени дипломатиясының әлсіз тұстарының бірі – оның мәдени өнімдерінің тартымдылық деңгейінің жеткіліксіздігі. Экономикалық қуаты артқанымен, Қытай әлі де мәдени ықпал мен «жұмсақ күш» әлеуеті тұрғысынан Батыс және кейбір азиялық бәсекелестерінен артта қалып келеді. Орталық Азия тұрғындары Қытайды экономикалық алып ретінде мойындағанымен, оның философиясы мен мәдени құндылықтарына деген қызығушылық шектеулі болып отыр. Бұл құбылыстың басты себебі – Қытай мәдениетінің қазіргі заманға бейімделген бейнесінің әлсіздігі және коммуникациялық стратегиялардың тиімді еместігі.

Чжао Хуашэн «Қытайдың мақсаты аймақ халықтарын өз мәдениетін қабылдауға мәжбүрлеу емес, керісінше, оны түсінуге және құрметтеуге үйрету болуы тиіс. Бұл ұзақ мерзімді, бірақ нәтижелі гуманитарлық бағыт. Оның пікірінше, мәдени алмасу ешқашан біржақты сипатта болмауы керек: Қытай мәдениетін насихаттау барысында аймақ елдерінің мәдени ерекшеліктеріне құрметпен қарау және олардың дәстүрлі құндылықтарын мойындау қажет» деп тұжырымдайды [207].

Мәдени әріптестік өзара түсіністік пен сенімге жол ашады. Егер Қытай өз мәдениетін тарату үдерісінде прагматикалық диалог пен тең әріптестік қағидаттарын сақтамаса, аймақтың зиялы қауымы арасында «мәдени экспансия» туралы күдіктер туындауы мүмкін. Сондықтан, мәдени диалогтың

екіжақты сипаты – Қытайдың гуманитарлық дипломатиясының табысының басты шарты болып саналады.

Чжао Хуашэн Қытайдың Орталық Азиядағы гуманитарлық стратегиясының үш негізгі ұстанымын бөліп көрсетеді:

Бейбіт дипломатия және араласпау қағидаты – аймақ елдерінің Қытайға деген сенімін нығайтады;

Қоғамдық және мәдени дипломатияны кеңейту – халық деңгейінде Қытайдың беделін арттырады;

Мәдени өзара құрмет пен диалог – өркениеттік түсіністік пен аймақтық тұрақтылықтың негізін қалайды.

Осылайша, Қытайдың Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді ықпалы тек экономикалық қуатымен ғана емес, сонымен қатар мәдени тартымдылығымен және гуманитарлық серіктестік қабілетімен айқындалады.

ШЫҰ тарихында дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастықты реттейтін алғашқы құжат 2019 жылы қабылданды (Бірлескен коммюнике, 2019).

Куньмин марафоны: ШЫҰ кеңістігіндегі мәдени және гуманитарлық дипломатияның көрінісі

Қытайдың бастамасымен 2016 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «**ШЫҰ Куньмин марафоны**» ұйымның мәдени-гуманитарлық күнтізбесіндегі ең маңызды жобалардың бірі ретінде қалыптасты [208]. Алғашқы марафон ШЫҰ-ның 15 жылдығына арналды және оған 23 елден 15 мыңнан астам адам қатысты. Бұл шара Қытайдың мәдени дипломатиясы мен бейбіт бастамаларының тиімді құралы ретінде аймақтық гуманитарлық өзара іс-қимылдың жаңа үлгісін ұсынды.

Куньмин марафонының географиясы мен қатысушылар саны жыл сайын артып отыр. 2018 жылы жарысқа 42 мыңнан астам спортшы қатысып, іс-шара төрт қашықтықта өтті – толық және жартылай марафон, «Денсаулық жүгірісі» және «Отбасылық жүгіру». Бұл оның тек спорттық емес, әлеуметтік және мәдени сипатқа ие болғанының айғағы.

ШЫҰ бұрынғы бас хатшысы Рашид Алимов «Куньми марафоны - «Шанхай рухының» принциптерінің (өзара сенім, теңдік, достық пен ортақ дамуға) нақты көрінісі» деп санайды [209].

Осы тұрғыдан алғанда, спорт арқылы мәдениет пен дипломатияны ұштастыру қытайлық тәсілдің маңызды гуманитарлық бағытының бірі болып табылады.

Куньмин марафоны және Қытайдың жұмсақ күш стратегиясы

Куньмин марафоны Қытайдың жұмсақ күш (soft power) тұжырымдамасын жүзеге асырудағы тиімді құралдардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл бастама арқылы Қытай ШЫҰ кеңістігінде ұйымға мүше елдер арасындағы мәдени және гуманитарлық диалогты нығайтуда [210].

2017 жылғы марафонның «Достығырақ! Жақынырақ! Бірігіңкіре!» ұраны ұйымның ұзақ мерзімді достық пен ынтымақтастық туралы 2007 жылғы келісімінің рухын бейнелейді. Бұл идея Қытайдың сыртқы саяси

философиясының негізін құрайтын «үйлесімді әлем құру» тұжырымдамасымен де үндес.

Қытай тарапы Куньмин марафонын спорттық жарыс шеңберінен шығарып, оны интеграция мен мәдени өзара түсіністікті ілгерілету алаңы ретінде қалыптастыруда. Бұл тәсіл Қытайдың «қатысу арқылы ықпал ету» (engagement diplomacy) моделінің көрінісі болып табылады, яғни мәдени және спорттық құралдар арқылы саяси сенім мен халықтық дипломатияны нығайту стратегиясын іске асырады [211].

Марафонның мәдени-гуманитарлық ықпалы

Куньмин марафонының мәдени және гуманитарлық ықпалы бірнеше бағытта байқалады:

Халықтар арасындағы достықты нығайту.

Марафонға қатысушылардың географиясы ШЫҰ елдерімен шектелмей, Еуропа, Африка және Азия мемлекеттерін қамтиды. Бұл Қытайдың бейбіт бастамаларының халықаралық мойындалуы мен мәдени тартымдылығының айғағы.

Әлеуметтік және инклюзивті сипат.

Шараға балалар, қарттар және ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың қатысуы марафонның әлеуметтік теңдік пен адамгершілік қағидаттарын ілгерілетуге бағытталғанын көрсетеді. Бұл – Қытайлық тәсілдің гуманистік мазмұнын бейнелейтін маңызды элемент.

Экологиялық өлшем. Куньмин қаласы – Қытайдың «мәңгі көктем мекені» ретінде белгілі. Марафон осы имиджді нығайта отырып, «табиғатпен үйлесім» идеясын дәріптейді. Бұл экологиялық сана мен «жасыл даму» тұжырымдамасын мәдени дипломатиямен ұштастырудың мысалы болып табылады.

Мәдени синергия. Марафон аясында көрмелер, музыкалық және аймақтық мәдени бағдарламалар өткізіледі. Осы арқылы спорт пен мәдениетті біріктіретін, аймақтық өзара әрекеттестік пен халықтар достығын күшейтетін мәдени-гуманитарлық платформа қалыптасты.

Осылайша Куньмин марафоны ШЫҰ шеңберіндегі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың жаңа форматын ұсынды. Ол Қытайдың «қытайлық тәсілін» – бейбіт, үйлесімді және көпжақты мәдени өзара түсіністікке негізделген гуманитарлық дипломатияны – іске асырудың жарқын үлгісіне айналды. Бұл бастама Қытайдың мәдени ықпалының кеңеюіне ғана емес, ШЫҰ кеңістігінде “Шанхай рухының” практикалық жүзеге асуына да серпін берді.

Сонымен қатар, ШЫҰ аясындағы гуманитарлық ынтымақтастық соңғы жылдары жаңа серпін алып, халықаралық деңгейде кеңінен танылуда. Ұйымның мәдени және өркениеттік диалогты дамытуға бағытталған бастамалары халықтар арасындағы өзара түсіністі тереңдетіп, аймақтық тұрақтылыққа ықпал етуде.

Осы үрдістің айқын мысалы ретінде 2025 жылғы 20–22 қыркүйек аралығында ҚХР Ганьсу провинциясындағы Дуньхуан қаласында өткен гуманитарлық алмасуларды нығайту тақырыбына арналған «Жібек жолы» атты

8-ші Халықаралық мәдени көрмені атауға болады. Іс-шараға 97 мемлекет пен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Ашылу салтанатына Қытай Бүкілқытай халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төраға орынбасары, Қытай әдебиет және өнер қайраткерлері федерациясының төрайымы Тие Нин қатысты. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысының орынбасары Сохайл Хан да көрмеге арнайы келіп, Беларусь пен Қырғызстанды қоса алғанда, қатысушы елдердің мәдениет өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді.

Экспо бағдарламасына көрмелер, шығармашылық таныстырылымдар және музыкалық қойылымдар енді. Делегаттар тарихи Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Дуньхуанның тарих пен мәдениет ескерткіштерін аралады. Қатысушылар мәдени ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын, халықтық дипломатия институттарының рөлін және мәдени коммуникацияны кеңейту қажеттігін ерекше атап өтті.

Олар бірауыздан мұндай іс-шаралар мемлекеттер арасындағы өзара түсіністі нығайтуға, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер мен серіктестер арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететінін мойындады. Алғашқы халықаралық мәдени жәрмеңке «Жібек жолы» 2016 жылы өткізілген болатын. Содан бері ол тұрақты дәстүрге айналып, өркениетаралық алмасудың беделді алаңына айналды.

Бұл тәжірибе ШЫҰ кеңістігінде гуманитарлық дипломатияның институционалдық және практикалық тұрғыдан нығайып келе жатқанын дәлелдейді. Ұйымның мәдени байланыстарды дамытуға бағытталған нақты қадамдары «Шанхай рухының» негізінде өрбіп, ШЫҰ-ның халықаралық беделін арттырып отыр.

Сонымен қатар 2025 жылғы 27 тамызда Бейжіңдегі Қытай Ұлттық музейінде ашылған «Өркениеттердің жарқыраған шоғырлары: ШЫҰ елдерінің ұлттық музейлерінің мәдени мұрасы» атты экспозиция ұйым кеңістігіндегі гуманитарлық дипломатияның тағы бір мысалы бола алады. Шарада 220-дан астам артефакт ұсынылып, ШЫҰ мемлекеттерінің тарихы мен рухани мұрасы паш етілді. ШЫҰ Бас хатшысының орынбасары Сухэйл Хан музейаралық өзара іс-қимыл халықтардың сенім мен достығын нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Дуньхуан мен Бейжің мысалдары мәдени мұраны сақтау мен таныстырудағы әртүрлі, бірақ өзара толықтыратын тәсілдерді көрсетеді. Егер Дуньхуан көрмесі Жібек жолы кеңістігіндегі көпжақты гуманитарлық алмасудың заманауи форматтарын бейнелесе, Бейжің экспозициясы бұл үрдісті институционалдық деңгейде бекітті, Самарқанд саммитінің (2022 ж.) шешімдерінің нақты іске асырылуын айқындады. Осылайша, аталған шаралар ШЫҰ-ның гуманитарлық дипломатиясында халықтар достығы мен өзара сенімін нығайтудың басты құралына айналуға.

2025 жылғы 22 тамызда Қытайдың Циндао қаласында «ШЫҰ елдерінің үздік кино және тележобалары апталығы» ашылды. Шараға Қытай медиакорпорациясы, Шаньдун провинциясы мен Циндао қаласының басшылығы атсалысты. Циндао қаласының ЮНЕСКО-ның «Кино қаласы» мәртебесіне ие болуы және 2024–2025 жылдары ШЫҰ-ның мәдени әрі туристік

астанасы ретінде танылуы оны мәдени диалогтың маңызды алаңына айналдырды.

Сонымен қатар, соңғы жылдары Чунцин қаласында өткен ШЫҰ кинофестивалі (48 фильм көрсетілді) мен Сианьдағы Екінші телевизиялық фестиваль (40-тан астам визуалды жоба ұсынылды) гуманитарлық ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын айқын дәлелдеді. Бұл кино мен теледидар тілдік және географиялық кедергілерді еңсеруге қабілетті, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға ықпал ететін әмбебап құрал болып табылады.

ШЫҰ кеңістігінде гуманитарлық өзара іс-қимылды тереңдетудің жаңа бағыты – **цифрлық және медиа-гуманитарлық дипломатия** болып отыр. Қазіргі таңда онлайн-курстарды, ортақ медиаплатформаларды және цифрлық мұрағаттарды қамтитын желілік гуманитарлық жобаларды қалыптастырудың маңызы артып келеді. Мұндай бастамалар білім мен мәдениетті цифрлық форматта таратуды қамтамасыз етіп, ұйымның интеграциялық әлеуетін арттырады.

Гуманитарлық байланыстарды кеңейту үшін спутниктік байланыс пен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану қажет. Бұл бағытта практикалық мысал ретінде Қазақстан мен Қытайдың Silk Way және CGTN телеарналарының бірлескен бағдарламасын атауға болады. Бағдарламада екі елдің экономика, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығы насихатталып, Астанада өткен 24-ші саммиттің қорытындылары мен Тяньцзинде өтетін алдағы саммиттің күн тәртібі талқыланды.

Бағдарламаның арнайы сюжеттерінің бірі *Silk Way Star* халықаралық жобасына арналды. Мұндай ақпараттық бастамалар халықтық дипломатия институттарын қолдап қана қоймай, ШЫҰ қызметін кең аудиторияға таныстырады, ұйымның «жұмсақ күшін» нығайтады және гуманитарлық ынтымақтастықты заманауи коммуникациялық арналар арқылы дамытады.

Жастар – ШЫҰ кеңістігіндегі гуманитарлық саясаттың стратегиялық субъектісі. 2024 жылы Циндао қаласында өткен «ШЫҰ жастар форумы – Болашақ дамудың жаңа драйверлері» жастардың инновациялық және кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға арналды. Форумға 10 мүше мемлекет пен екі бақылаушы елден 170-тен астам делегат қатысты.

Іс-шара нәтижесінде білім, мәдениет, спорт, кәсіпкерлік және жасыл даму салаларын қамтитын 18 жобаның тізімі жарияланды. Сонымен бірге, «Глобалдық Оңтүстік» жас көшбасшылары бағдарламасы іске қосылды.

Мұндай алаңдар жас ұрпақтың халықаралық көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, «шанхай рухы» құндылықтарын нығайтады.

Тұжырым

ШЫҰ мүше елдерінің гуманитарлық ынтымақтастығы – ұйым қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Қытайлық көзқарас бойынша, гуманитарлық ынтымақтастық тек білім мен мәдениет саласында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздік және ұлттар арасындағы сенімді нығайту мақсатында жүзеге асырылады. Бұл тәсіл «Шанхай рухы» принциптеріне сүйенеді, яғни мәдени

және өркениет әртүрлілігін құрметтеу, халықаралық диалогты дамыту және ынтымақтастыққа бағытталған практикалық іс-қимылдарға мән береді.

Мәдени алмасу мен білім беру ШЫҰ гуманитарлық ынтымақтастығының ең тұрақты және нәтижелі салалары болып табылады. Мысалы, халықаралық театр және өнер фестивальдары, мәдени форумдар, сондай-ақ ШЫҰ Желі университетінің (USCO) бағдарламалары елдер арасындағы академиялық интеграцияны және ғылыми ынтымақтастықты арттыруға бағытталған. Қытайлық тәжірибе көрсеткендей, білім беру мен мәдени жобаларды іске асырудағы табысқа қол жеткізу үшін тұрақты механизмдер, институционалды құрылымдар және тілдік қолдау маңызды.

Қытайлық тәсілде гуманитарлық ынтымақтастықтың әлеуметтік функциясына ерекше мән беріледі: ол тек мәдени диалогты қамтамасыз етумен шектелмей, азаматтық жауапкершілік пен халықтардың өзара түсіністігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі таңда ШЫҰ гуманитарлық салада маңызды бастамаларды жасап, тәжірибе жинақтап жатыр. Дегенмен, тілдік кедергілер, әртүрлі білім беру стандарттары, ақпараттық инфрақұрылымның әлсіздігі және үйлестірудің төмен деңгейі жобаларды толық іске асыруға кедергі келтіруде. Қытайлық тәсіл негізінде бұл мәселелерді шешудің тиімді жолы – ұзақ мерзімді жоспарлау, тұрақты институттарды құру, тілдік және академиялық дайындық бағдарламаларын дамыту, сондай-ақ ортақ құндылықтар мен жалпы мәдени аймақ қалыптастыру.

Қорытындылай келе, қытайлық тәсіл ШЫҰ гуманитарлық ынтымақтастығын стратегиялық ресурс ретінде қарастырады. Ол ұйымның ішкі бірлігін нығайтып, халықтар арасындағы сенімді арттыруға, сондай-ақ халықаралық аренада жұмсақ күшін көрсетуге мүмкіндік береді. Болашақта тілдік, академиялық, мәдени және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу арқылы ШЫҰ гуманитарлық бағыттағы миссиясын толық жүзеге асыра алады және бүкіл Еуразия кеңістігінде тұрақты интеграцияланған жүйе қалыптастыра алады.

3 АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ ӨЛШЕМДЕР: ШЫҰ БОЛАШАҒЫ

3.1 Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы аймақтық бірігудің Қазақстан үшін мүмкіндіктері мен тәуекелдері

Қазіргі халықаралық жағдай құбылмалы сипат алуда. Таяу Шығыстағы Израиль мен Иран арасындағы шиеленіс, Мәскеу мен Баку арасындағы қатынастардағы тұрақсыздық пен Украинадағы жағдайдың әлі де шешілмеуі ШЫҰ үшін жаңа сын-қатерлерді туындатуда. Бұған қоса, ұйым гибриді қауіптердің артуымен бетпе-бет келуде. Атап айтқанда, кибершабуылдар, діни экстремизм, терроризм, Ауғанстан мен Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістердің Орталық Азияға ықпалы етуі оның негізгі күн тәртібіне айналды. Осындай жағдайда ШЫҰ-ның қауіпсіздік саласының тімділігін арттыру қажеттілігі туындауда. Атап айтқанда, дағдарыс кезінде жедел әрекет ететін құқықтық тұрғыдан міндетті механизмдерді қалыптастыру, ӨТҚҚ рөлін күшейту, арнайы қызметтердің үйлестіруін жақсарту және БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдармен серіктестікті кеңейту сияқты міндеттерді шешу маңызды.

Зерттеу жұмысының басқа бөлімдерінде сипатталғандай, ШЫҰ аясындағы Қытай дипломатиясы - өзінің «күшпен емес» философиясы негізінде ұзақмерзімді бейбіт шешімдерге қол жеткізуге көзделетінімен ерекшеленеді. Аймақтағы әскери-саяси аспект жағынан әрекет етуші Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұжымымен салыстырғанда, ШЫҰ ақпарат алмасу, консенсус және сұқбат сияқты алдын алу шараларын жүзеге асырады. Бұл қауіпсіздік мәселелерін «қысымсыз» және «күштік әдістерді қолданбай» шешу мақсатында құрылған алаң ретінде жұмыс істейді.

Бүгінде Қытай геосаяси шиеленістерді төмендетуге және аймақтық ынтымақтастықты ынталандыруға ықпал ететін механизмдерді дамыту бойынша белсенді жұмыс атқаруда.

Осы тұрғыда ШЫҰ шеңберінде Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған «қытайлық-ортаазиялық рух» концепциясы аймақтық саясаттың идеологиялық негізі ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыда Қытайдың қандай нақты бастамалары аймақтың тұрақты дамуына және қауіпсіздікті күшейтуге айрықша ықпал етуде?

Өзара сенім, құрмет және өзара көмек принциптерін сипаттайтын «Қытайлық-ортаазиялық рух» концепциясы Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайту жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Біріншіден, бұл концепция «Ұзақ мерзімді достық пен ынтымақтастық келісімімен» бекітілген Орталық Азияның бес мемлекеттеріне терроризм мен есірткі трафигі сияқты трансшекаралық қауіптермен күресте өздерінің күштерін үйлестіруге мүмкіндік беруде. Бұған қоса Қытай есірткіге қарсы қауіпсіздікті нығайтуға және аймақтағы тұрақтылыққа ықпал ететін инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға бағытталған бастамаларды белсенді түрде ұсынуда.

ШЫҰ-дағы қауіпсіздік саласындағы Қытаймен ынтымақтастықтың Қазақстан үшін артықшылықтары қандай?

ШЫҰ аясындағы Қытаймен ынтымақтастық Қазақстанға қауіпсіздікті нығайту, әсіресе есірткі трафигімен және терроризммен күрес тұрғысынан ерекше мүмкіндіктер ұсынуда. Қытай бірлескен іс-жобалар мен инфрақұрылымдық, логистикалық жолдарды дамыту арқылы аталған мәселелерді шешуде белсенді қатысуда. Өз кезегінде Қазақстан өзінің тұрақтандырғыш және интегратор рөлін жалғастыруда, бұл Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайтуға барынша ықпалын тигізеді.

Осы тұрғыдан Қытайдың Қазақстандағы елшісі «қауіпсіздік саласында Қытай мен Қазақстан өздерінің негізгі мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша бір-бірін қолдайды, егемендігін, қауіпсіздігін және дамуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ ішкі істерге араласу мен қосарланған стандарттарға қарсы тұрады. Қытай Қазақстанның өзіндік даму жолы мен «Жаңа Қазақстан» стратегиясын берік қолдайды. Өз кезегінде, Қазақстан Тайвань, Синьцзян және Тибет мәселелерінде Қытайды қолдайды» деп мәлімдеді [212].

Екіншіден, бүгінде Қытай Қазақстанның Азия бағытындағы ең ірі сауда-экономикалық серіктесі ретінде қалыптасты. Оның үстіне Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынасқа «БББЖ» бастамасы жаңа серпін берді. Қазақстан бұл жобаға транзиттік мемлекет ретінде қатысып, Еуразиялық кеңістікте Қытай мен Еуропа арасындағы логистикалық көпірге айналып отыр [213].

Екі елдің сауда саттық үдерісі де қарқынды және тұрақты түрде дамуда. Екіжақты қарым-қатынастың 30 жылында екі ел арасындағы сауда айналымының көлемі 2023 жылғы көрсеткіш бойынша 41 млрд. АҚШ долларын құрады (100 есеге өскен).

2024 жылы Қытай Қазақстанның ірі шетелдік инвесторларының бірінші төрттігіне енді. Ол 2023 жылы Қазақстан экономикасына шамамен 2 млрд. АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестиция салды. Жалпы Қытайдың Қазақстан экономикасына салған инвестициясының көлемі 25 млрд. АҚШ долларынаан асады. Сонымен қатар Қазақстанда шамамен 4700 қазақстандық-қытайлық кәсіпорындар жұмыс істейді. Екі елдің қарым-қатынасының дамуына Астанада орналасқан халықаралық қаржы орталығы да өз үлесін тигізуде. Орталықта тіркелген 78 елдің 2800 компанияларының оннан бірі – қытайлық компаниялар болып табылады [214].

Көпсалалы стратегиялық әріптестіктің Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы бүгінде ең жоғары деңгейде. Бұл әсіресе экономика мен сауда салаларында және «БББЖ» аясында дамуда. Бүгінгі кезеңде ынтымақтастықты дамытудың бес бағыты бойынша бірлескен жұмысты жүргізу аса маңызды. Олардың қатарында: инвестиция, электрондық сауда, көлік хабын дамыту, мәдени-гуманитарлық саланы дамыту.

2019 жылға қарай «БББЖ» аясындағы инвестициялар көлемі 575 миллиард АҚШ долларына бағаланды. Мұндай ауқымды жоба жағдайында Қазақстан үшін Қытаймен әріптестікті тереңдету - стратегиялық және

экономикалық тұрғыдан нақты қадам болды. Бұл ынтымақтастық белгілі бір деңгейде экономикалық пайда әкелді.

2021–2022 жылдары Қытайға Қазақстаннан экспортталған 20 ірі тауардың ішінде негізінен өнеркәсіптік және тау-кен шикізаты, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдері болды.

Бұл Қазақстанның ірі энергия тасымалдаушы ел ретінде Қытайға энергия көздерінің экспортын жоғары қарқынмен арттырып отырғанын көрсетеді. Қытай ірі өндірістік мемлекет ретінде ішкі экономикасын жедел қалпына келтіріп жатыр, сондықтан оның энергия мен өндірістік шикізатқа деген сұранысы күрт өсті.

Кесте 12 – Қазақстанның Қытайға экспорты

Өнім түрі	2022	2021	Бір жылдық өсім
Шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері	4 099,7	1 859,6	120,5%
Мыс және мыс қорытпаларын өндіруге арналған шикізат	2 334,0	2 025,4	15,2%
Табиғи газ	1 210,5	1065,8	13,6%
Бейорганикалық химиялық заттар немесе органикалық қосылыстар	795,1	660,5	20,4%
Ферроқорытпалар	775,2	749,9	3,4%
Темір кені	455,4	501,3	-9,2%
Мырыш кендері	186,4	31,4	493,9%
Жануарлар немесе өсімдік майлары мен майларынан жасалған өнімдер	165,7	41,2	302,5%
Арпа	57,0	19,8	187,9%

(Дереккөз: <https://talap.org/media/newspap/news/files/2023chinabookkru.pdf>)

Қытайдан Қазақстанға экспортталатын 20 ірі тауардың қатарына қазандық жабдықтары, электромеханикалық жабдықтар және басқа да өнеркәсіптік тауарлар кіреді. Бұл қытайлық машиналарға, электромеханикалық өнімдеріне, өнеркәсіптік тауарлар мен жартылай фабрикаттарына, жеңіл өнеркәсіп, тоқыма бұйымдары, тұрмыстық тауарлар, құрылыс материалдары, ауыл шаруашылығы тыңайтқыштары және басқа да тауарларға деген сұраныстың артқанын көрсетеді.

Кесте 13 – Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-саттық (2024 жылғы деректер)

Көрсеткіш	2024 жыл (қаңтар-қазан)	Өсу қарқыны (%)
Сауда айналымы	\$33 млрд	+13%
Экспорт	\$68,5 млрд	+5,1%
Импорт	\$48,4 млрд	-3,3%
Негізгі салалар	Энергетика, ауыл шаруашылығы, автомобильдер, электроника	

Дегенмен, R. Yanyan, Z. Zhixin [215] бұл бастаманың кейбір кері әсерлерін де атап өткен. Мысалы, Қытайдың тікелей шетелдік

инвестициялардың жартысы Қазақстанның мұнай-газ саласына бағытталғаны атап көрсетеді. Бұл энергетикалық ресурстарға тәуелділікті ғана емес, инвестициялық жобалардағы ашықтықтың жетіспеуі, экономиканы әртараптандырудың баяу жүруі – елдің ұзақ мерзімді дамуына тигізетін қауіпті де жоққа шығармайды.

Бүгінде Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық стратегиялық әріптестік деңгейіне жетті. Екі көрші ел сондай-ақ ШЫҰ мен Жаңа Жібек жолы бастамасы сияқты ауқымды халықаралық жобаларда серіктес болып табылады. Аталмыш жобалар негізінен Қытай тарапынан жетекшілік етілетіні алға тартылады. Сонымен қатар, ШЫҰ қауіпсіздік мәселелерін шешуге бағытталса, Жаңа Жібек жолы бастамасы екіжақты қатынастардың экономикалық күн тәртібін көрсетеді. Қазақстанның рөлі мен орны маңызды, алайда қазақстандық қоғам Қытайдың елдегі белсенділігіне қатысты сақ көзқарас ұстанады. Ақырында, екі тетік құрлықтық қауіпсіз көпжақты ынтымақтастық аясында Қытайдың экономикалық және мәдени жетекшілігін айқындайды.

Қытайдың «БББЖ» арқылы жүзеге асырылатын геосаяси стратегиясы тек экономикалық даму құралы емес, сонымен қатар аймақтық байланыстар мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған геосаяси механизм екенін көрсетеді. арқылы Қытайдың ықпалының артуы, жаһандық және аймақтық деңгейдегі жетекшілік таласы, сондай-ақ басқа державалармен, әсіресе АҚШ-пен, гегемониялық бәсекелестік аспектілері талданады. Flint C., Zhu C. БББЖ-нің экономикалық және саяси мақсаттарының өзара тығыз байланысын атап, бастаманың көп деңгейлі саяси трансформацияға және жаһандық ынтымақтастық пен қақтығыстарға ықпал ететінін қорытындылайды [216].

Осылайша батыс зерттеушілері Қытайдың Қазақстан аумағындағы табиғи ресурстар мен нарықтарға қызығушылығын геосаяси тұрғысынан «Жаңа ұлы ойын» шеңберінде қарастырады. Дегенмен Қазақстан Қытаймен «БББЖ» жобаларын жүзеге асыру барысында келіссөздер күн тәртібін өз мүддесіне сай құруға қабілетті екенін көрсетеді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық тек логистикалық инфрақұрылымды дамыту ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік кооперацияның кең ауқымды бағыттарын қамтиды. Бұл серіктестік әсіресе 2014 жылы Қазақстанның бұрынғы президенті Н. Назарбаев ұсынған «Нұрлы жол» бағдарламасын Қытайдың ЖЖЭБ жобасымен үйлестіру арқылы нығайтылды. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, машина жасау, табиғи ресурстарды өңдеу салаларындағы бірлескен жобалар Қазақстан экономикасының құрылымдық өзгеруіне ерекше әсер етуде.

Осылайша Қазақстан үшін Қытаймен ынтымақтастық - өз даму стратегиясына сай икемді құрал ретінде қарастырылуда. Бұл бағыт болашақта да Қазақстанның жаһандық және аймақтық бастамаларда тұрақты әрі прагматикалық ойыншы ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақстан үшін халықаралық сауда әлемдік экономикамен ықпалдасудың негізгі құралы. Бұл тұрғыда Қытаймен сауда қатынастары ерекше мәнге ие. 2000–2021 жылдар аралығындағы деректерге сүйенсек, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда қарқынын тұрақты деңгейде дамуда. Атап айтқанда, 2000

жылдан бастап 2012 жылға дейін Қытайға бағытталған экспорт негізінен шикізат өнімдері есебінен күрт өскен. Алайда дәл осы 2012 жылы бұл өсім тоқтап, кейінгі жылдары айтарлықтай құлдырау байқалды. 2016 жылдан бастап экспорт қайта қалпына келгенімен, 2021 жылы бұл көрсеткіш \$4,31 млрд. АҚШ долларын құрады (бұл 2012 жылғы \$11,27 млрд-тан едәуір төмен).

Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара мүдделердің толықтырылуы туралы ортақ түсінік жалпы ынтымақтастықтың берік негізін қалыптастырды.

Қазақстанның көпбағытты саясатының негізінде нарықтық күштер де басты рөл атқарады. Мысалы, Қытайлық компаниялардың Қазақстандағы кеңеюі экономикалық қажеттіліктермен тығыз байланысты. Қытай экономикасының баяулауы мен ішкі артық қуаттылықтың артуы Қытай компанияларын халықаралық нарықтарға бағытталуға мәжбүр етті.

Біріншіден, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда негізінен табиғи ресурстарға бағытталған болатын, бірақ БББЖ бастамасы аясында аралас өнімдер, шикізат және тұтыну тауарларын да қамтыды. Қазақстанның бай мұнай мен газ қорлары Қытай үшін маңызды мүмкіндіктің бірі. Әрине, даму кезеңінің алғашқы кезеңдерінде Қазақстанның басқа сауда серіктестеріне, оның ішінде Қытайға ұсынатын тауарлары өте шектеулі болды, тек мұнай мен газдан басқа. Алайда, мұнай мен газға тәуелділік кейінірек азайған. Бұл Қытай тарапынан қаржыландырылған мұнай-газ жобаларының ұзақ мерзімді дамуы нәтижесінде орын алды.

Мұнай мен газ саудасының төмендеуі – Қытай тауарларының келуінен туындады. Бұл құбылыс белгілі бір дәрежеде отандық өндірушілер үшін бәсекелестік қаупін білдіреді. Бірақ бұл тауарлар қазақстандық кәсіпкерлерге өндірістік жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді, мысалы, өндіріс құнын төмендету, өнім сапасын жақсарту немесе нарыққа дайын өнімдер жасау. Бұл тұрғыдан оң өзгерістерді байқауға да болады. Мысалы, Қытайға аралас тауарлар экспорттауы барған сайын маңыздылығы артып келеді.

Екіншіден, Қытайлық компаниялардың Қазақстандағы негізгі орындарды иеленуі – бір жағынан кері әсерін берсе, екінші жағынан, олар жергілікті өндірістік жүйені жаңартты. Бұл кең ауқымды құрылымдық өзгерістерге әкелді. Мысалы Қытай-Еуропа темір жол жүк тасымалының (CERF) рөлі әсіресе Қазақстан аумағында коммерциялық белсенділікті жандандыруда маңызды болды. Бұл жоба 2011 жылы Қытайдың Чунцин және Чэнду қалаларынан Орталық Азия арқылы Еуропаға бағытталады. Бүгінде CERF қолайлы, қауіпсіз, жасыл және тұрақты халықаралық көлік қызметін ұсына отырып, бағыт бойындағы елді мекендер арасында сауда-экономикалық алмасуды және технологиялар трансферін ынталандыруда үлкен рөл атқаруда.

Қытайдың бірнеше қалалары Қазақстанмен тікелей байланыс орнатты. Мысалы, Чжэцзян провинциясындағы Үйвү қаласы, бұрын тауарларын Орталық Азия мен Еуропа елдеріне жеткізу үшін жер мен теңіз жолдарын пайдаланатын, қазір теміржол қатынасы сауданы айтарлықтай ұлғайтты.

2022 жылғы батыс санкцияларының салдары бірінші Қазақстан экономикасына ықпал етті. Бұл жағдай Қазақстанды баламалы транзиттік және экспорттық бағыттарды іздеп, дамытуға итермеледі. Мұндай бағыттардың бірі

– Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТХКМ) болды. Бұл бағытты дамыту туралы келісім 2013 жылы қол қойылған болатын. 2017 жылдан бастап Қытай-Қазақстан-Әзірбайжан-Грузия-Түркия бағыты бойынша контейнерлік пойыздар қатынай бастады [217].

2022 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» басшылығына және Үкіметке ТХКМ-ды жүзеге асыру бойынша жұмысты жандандыруды тапсырды. Ол бұл бағытты «біздің транзиттік және экспорттық әлеуетімізді толық жүзеге асыруға ықпал ететін басты буын» деп атады [218].

Осыдан кейін Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан және Түркия үкіметтері 2022–2027 жылдарға арналған «Орта дәлізді» дамыту бойынша Жол картасына қол қойды. Бұл құжат маршрутты жаңғырту мен жетілдірудің басым бағыттарын анықтауға арналды.

2023 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Ж.Тоқаев «Бахты» теміржол өткелінде жаңа порт пен Ақтауда контейнерлік хаб салу жоспарлары туралы мәлімдеді. Бұл жобалар Қара теңіз аймағындағы порт инфрақұрылымын ұлғайтып, кеңейтуге бағытталған. Сонымен қатар, Қытайдың Сиань қаласында және Грузияның Поти портында жаңа қазақстандық терминалдар салу жұмыстары да жүргізілуде.

Осылайша транзиттік әлеуетті нығайту және баламалы маршруттар санын арттыру мәселесі Қазақстанның көлік жүйесі үшін өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының қараша айындағы саммитінде: «Біздің еліміз көлік маршруттарын әртараптандыруға және логистиканы дамытуға мүдделі. Осы мақсатта Қазақстан билігі көлік саласына 20 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартуды жоспарлап отыр» деп мәлімдеме жасады.

2023 жылдың соңында Қазақстан Президентінің ҚХР-ға ресми сапары аясында «ТХКД» (Транскаспий халықаралық көлік дәлізін) дамыту туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды. Тараптар «БББЖ» бастамасын және «Нұрлы жол» жаңа экономикалық стратегиясын нығайтуға, көлік және инвестициялық байланыстарды ынталандыруға, сондай-ақ «Қытай–Еуропа» бағыты бойынша «ТХКД» аясында ынтымақтастықты дамытуға дайын екендерін білдірді.

2024 жылдың қаңтарында «ТХКД» қатысты халықаралық отырыс өтті. Жоспарлар, тарифтер мен бағытты одан әрі жандандыру мәселелерін талқылау барысында, 2024 жылға арналған «ТХКД» арқылы жүк тасымалдау жоспары шамамен 4 млн. тоннаны құрайтыны айтылды.

Баламалы маршруттарды іздеуден бөлек, үкімет саясаты Орталық Азия өңіріндегі көлік желілерін дамытуға да бағытталған. Жаңа геосаяси жағдайларда теңізге тікелей шыға алмайтын ел үшін көршілес мемлекеттердің инфрақұрылымына қолжетімділік аса маңызды. Осы себепті Қазақстан Орталық Азия елдері басшыларының Төртінші кеңес кездесуі барысында Өзбекстан ұсынған «Мазари-Шариф - Кабул – Пешавар» теміржолының құрылысына қатысуға ниетті екенін білдірді.

Қ.Тоқаев «Орталық Азияны сыртқы әлеммен байланыстыратын балама маршруттың пайда болуы – мемлекеттеріміздің басты мүддесі болып табылады. Сондықтан да көлік қатынастарын өзара дамыту мәселесін біз назардан тыс қалдырмауымыз тиіс» деп мәлімдеді.

Бұл ұстанымды Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моди де Самарқандағы ШЫҰ саммитінде қолдады. Ол пандемия мен Украинадағы дағдарыстың жаһандық жеткізу тізбектерінде көптеген кедергілер тудырғанын атап өтіп, «бұл үшін жақсы байланыс қажет, және біз бәріміз бір-бірімізге толық транзиттік құқықтар беруіміз қажет» деп мәлімдеді.

Қазақстан үшін Ляньюньган портын, Сиань қаласындағы құрғақ порт мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» біріккен экономикалық зонасын қолданудың маңызы ерекше.

Екі елдің көлік ынтымақтастығын кеңейтуде бүгінде «Достық – Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолының құрылысы жалғасуда. Қытай тарапы Қазақстандағы бірқатар стратегиялық жобалары, оның ішінде Жаңатас жел электр станциясы, Шымкент мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Сонымен қатар Қазақстан-Қытай мұнай-газ құбырлары тұрақты жұмыс істеуде, барлық ауыл шаруашылығы өнімдері бойынша жедел кедендік рәсімдеуді қамтамасыз ететін «жасыл дәліз» құрылған. Бұған қоса қуат көздері және көлік инфрақұрылымы салаларындағы ынтымақтастықтың әлеуеті ашылуда. Қазақстан арқылы «Батыс-Еуропа-Батыс-Қытай» көлік жолы және «Қытай-Еуропа» контейнерлік пойызы жүк тасымалын дамытуда.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу деңгейі мәдени-гуманитарлық байланыста да айқын көрінуде. Екі ел арасында мәдени орталықтардың мекемелері туралы келісімге қол қойылды. «Композитор» фильмі қазақстандық-қытайлық киноматергофтермен алғашқы фильм түсірілді. Мәдени-гуманитарлық саладағы жобалық іс-қимылдар нөлден басталып, бүгінде үлкен нәтижелерге қол жетті. Атап айтқанда, Қазақстанда қытай жоғары оқу орындарының филиалдары, Лу Бань шеберханасы, дәстүрлі қытай медицинасы орталықтары жұмыс істейді. Екі ел арасында визасыз режим екі ел халқының араласуына үлкен мүмкіндік туды. 2023 жылғы көрсеткіш бойынша өзара бару-келу саны шамамен 600 мыңды құраған, 2024 жылдың үш айында 200 мыңға жетті. Аймақаралық ынтымақтастыққа келетін болсақ, екі елдің қалалары арасында 26 жұп құрылған. Қытай мен Қазақстан халықаралық және аймақтық істер бойынша бір ұстанымды ұстайды, екі ел де жалпы, кешенді, біріккен және тұрақты қауіпсіздік концепциясын жүзеге асыруда.

Қалай болғанда да, қазіргі әлемде көлік байланыстарын дамыту экономикалық қана емес, саяси маңызға да ие. Қытай және оның «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы аясындағы әрекеттері Украинадағы соғыстың аясында Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықты орнатуда басты рөл атқаруда.

Қазіргі жаһандық геосаяси дағдарыс жағдайында Қытай мен Еуропа арасындағы сауданың негізгі бөлігі теңіз жолдары арқылы жүзеге асып жатқандықтан, Қытай билігі Еуропа елдеріне бағытталған құрлық маршруттарын дамытуға тырысуда. Бұл өз кезегінде аймақ пен әлемдегі

геосаяси ықпалын арттыруға жол ашады. Сонымен қатар, инвестициялық жобалар «БББЖ» аясынан тыс бастамалармен, соның ішінде Транскаспий дәлізімен және болашақтағы «Жібек жолының экономикалық белдеуі шеңберіндегі жобалармен байланыстырылатын болады.

Мұндай жобалардың болуы Орталық Азия елдері, әсіресе Қазақстан үшін сөзсіз экономикалық артықшылық болып табылады, өйткені олар жеткізу маршруттарын Транссібір магистралін айналып өту арқылы әртараптандыруға және көршілес елдермен, сондай-ақ Еуропа аймағымен сауда байланыстарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Дегенмен Қытай мен АҚШ арасындағы шиеленіс Қытай үшін басқа экономикалық серіктестерді табуды одан әрі маңызды етеді. Қытайға жақын орналасқан және табиғи ресурстары бай Қазақстан бұл тұрғыда Қытайға сауда және инвестицияларды тереңдетуге көп мүмкіндік береді.

Соңғы 30 жылдар аралығында, Орталық Азия елдері тәуелсіздік алған уақыттан бастап, Қытаймен сауда және инвестициялық ынтымақтастық ауқымы мен көлемін кеңейтіп, өзара әрекеттесу деңгейі тұрақты түрде артты, біртіндеп ынтымақтастық механизмі құрылып, өзара тәуелділік дәрежесі тереңдеді, ынтымақтастық барған сайын тығыз бола бастады, аймақтық жағдайларға сәйкес әртүрлі ынтымақтастық әдістері зерттелді және өзара сенім мен тиімді ынтымақтастық принциптеріне негізделген концепция қалыптасты, бұл халықаралық қатынастардың жаңа үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік беруде.

Біріншіден, Қытай «Жібек жолы экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ) бастамасын Орталық Азия елдерінің даму стратегияларымен үйлестіруді күшейтіп, экономикалық және сауда ынтымақтастығы үшін кешенді механизмдер құрды.

Екіншіден, Қытай мен Орталық Азияның бес елі инфрақұрылым құрылысына белсене ат салысып, көлік және темір жолдар, әуе және желілердің толық үйлесімділік жүйесін құрды. Қазіргі уақытта Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан автожолы, Қытай-Тәжікстан автожолы, Қытай-Орталық Азия газ құбыры, Қытай-Қазақстан мұнай құбыры және басқа жобалар іске қосылуда.

Үшіншіден, Қытай мен Орталық Азияның бес елі арасындағы сауда көлемі 1992 жылы дипломатиялық қатынастар орнаған кездегі 460 млн. АҚШ долларынан 2022 жылы 69,9 млрд. АҚШ долларына дейін өсті, яғни 130 есе артты. 2023 жылы Қытай мен Орталық Азияның бес елі арасындағы сауда көлемі 89,4 млрд. АҚШ долларына жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 27 пайызға артты (1 кесте). Оның ішінде Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда ұзақ уақыт бойы Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы экономикалық іс-әрекеттің негізгі басымдысы болды, орташа алғанда 48% құрайды, бұл басқа төрт елмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш болды.

Төртіншіден, Орталық Азияның бес еліне қытайлық тікелей инвестициялардың көлемі 14 млрд. АҚШ долларынан асты.

Қытайдың Орталық Азия елдерімен экономикалық және сауда ынтымақтастығы үш кезеңге бөлінеді:

Қытай мен Орталық Азияның бес елі арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнауы;

ШЫҰ құрылуы;
ЖЖЭБ бастамасы.

Тұжырым.

Бұл тарауда Қазақстанның Қытаймен сауда байланысына қатысты үш негізгі аргумент ұсынылды.

Біріншіден, 2013 жылға дейін Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда алғашқыда тек табиғи ресурстарға бағытталғанымен, соңғы жылдары шикізаттан және тұтыну тауарлары да екі жақты сауда айналымының құрылыман кеңінен енді. Екіжақты сауданың бұлай әртараптандырылуы Қазақстанның халықаралық экономикаға, соның ішінде Қытай нарығына шығуға және оның күрделі өндіріс тізбегіне қосылуына алғышарттар жасады. Осылайша Қазақстандағы өндіріс желілерінің күрделенуімен қатар, оның көпбағытты геосаяси стратегиясын нығайтуға да оң әсер етті.

Екіншіден, Қытайдың капиталын, технологиясы мен мамандарын тарту Қазақстанның индустриализациялау үдерісін жүзеге асыруға ықпал етті. Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастығының көлемі біртіндеп өсіп, ынтымақтастық ауқымы кеңейіп жатқанын көрсетті.

Үшіншіден, Қазақстан мен Қытай арасындағы саудада қытайлық тауарларға сұраныс салыстырмалы түрде жоғары. Дегенмен, Қытайдың ауқымды нарығына шыққан Қазақстан өз экспортының көлемін әлі де аттыруға толық мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, Қытай мен Еуропа елдері арасындағы құрлықтағы сауда мен коммерцияны дамытуда Қазақстанның транзиттік әлеуетін де барынша пайдалануға болады.

Осылайша Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық қатынастар географиялық артықшылықтарының арқасында бірін-бірі едәуір толықтырады. Қытай – өңдеуші өнеркәсібі, жоғары технологиялық салалары жақсы дамыған, әрі кең ауқымды тұтыну нарығы бар ел. Энергоресурстарға, пайдалы қазбаларға және ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс әрқашан жоғары. Ал Қазақстан – мұнай, газ және түрлі пайдалы қазбаларға бай, кең жайылымдары мен сапалы ауыл шаруашылығы өнімдері бар мемлекет. Бұл Қытай үшін және оның азық-түлкі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өз үлесін тигізеді.

3.2 Қытайдың стратегиялық рөлі және аймақтық ықпалын кеңейту бағыттары

Соңғы онжылдықтар ішінде Қытай Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) күн тәртібін қалыптастыруда шешуші рөл атқарып келеді. Бұл Бейжіңнің тек аймақтағы ықпалының артуын ғана емес, сонымен қатар көпжақты өзара іс-қимыл тетіктерін өзінің ұзақмерзімді мүдделеріне сай бағыттауға деген ұмтылысын да айқын көрсетеді. Қытайдың ШЫҰ аясындағы белсенділігі оның негізін қалаушы мемлекет ретіндегі мәртебесіне ғана емес, сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі сыртқы саяси позициясына қатысты ойластырылған стратегиясымен де түсіндіруге болады.

Дегенмен бірқатар зерттеушілер Қытайдың Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия кеңістігіндегі сыртқы саяси бағытын «азиялық аймақшылдық» (Asian regionalism) феномені ретінде сипаттайды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қытай Камбоджа, Солтүстік Корея, Лаос және Вьетнам сияқты мемлекеттермен байланыстарды тереңдету арқылы өз ықпалындағы аймағын қалыптастыруға тырысты [219]. Уақыт өте келе бұл аймақтық тәсіл Орталық Азия кеңістігінде де көрініс тауып, Қытайдың жаңа дипломатиялық және экономикалық ықпал ету аймағы кеңейді [220].

Соңғы жиырма жылдан астам кезеңде Қытай жүргізіп келе жатқан аймақтық стратегияның мазмұны екі негізгі бағытта көрініс тапты: біріншіден, шеткі аймақтармен өзара толықтырушы және өзара тәуелділік кеңістігін қалыптастыру, екіншіден, аймақ ішінде әралуан мәдениеттік-өркениеттік тұтас кеңістік құру. Бұл үдеріс Қытайдың халықаралық жүйеде өзін дербес орталық ретінде бекіту беделін де айқындай түсер еді.

Осыған байланысты бүгінде Қытай ШЫҰ және басқа да аймақтық институттар арқылы азиялық аймақшылдықтың институционалдық негіздерін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар жаһандық деңгейде өз рөлін жаңаша анықтауға ұмтылып отыр. «Қытайлық тәсіл» (Chinese approach) ұғымы дәл осы үдерістің мәнін ашып, Қытайдың халықаралық қатынастардағы өзіндік үлгісін аймақтық ықпал ету тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жиырма жылдан астам кезеңде жүргізген Азиядағы Қытайдың бұл аймақшылдық саясатының мазмұны - оның шеткі аймақтарын құруы мен аймақтағы өзінің нормалары мен құндылықтарын таратуы болды, ал бұл оның халықаралық қауымдастықта өз орны мен рөлін бекітуге мүмкіндік беруде.

Осыған байланысты бүгінде Қытай азиялық аймақшылдықтың институционалдық құрылымын қалыптастыра отырып, әлемдік алаңда өзінің орны мен рөлін белгілеуге тырысуда.

Алайда басқа ірі дамыған елдерге қарағанда, Қытай бұл жолда екі үлкен кедергілерге тап болды, оның бірі – АҚШ-пен шиеленіс, екіншісі - ядролық қару жарақ тарату саясаты. Қытай басшылары бұл екеуі де оған әлемдік ел ретінде қалыптасуға апаратын жол емес екенін түсінді. Себебі елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қытай үшін АҚШ-пен тікелей бақталастық және үлкен қақтығыстарға алып келетін ядролық қару тарату саясаты тиімді емес болды.

Сондықтан да Қытай әлемдік деңгейге халықаралық ұйымдар шеңберінде дамушы елдерді біріктіру арқылы шығуды жөн санады. Осы мақсатта Қытай халықаралық ұйымдарға 1980 жылдың аяғына қарай ене бастады. Бұл оның сыртқы саясатына қатысты тәсілінің ең маңызды компоненті болып табылады.

Осылайша ҚХР басшылығы халықаралық ұйымдарды Қытайдың дамуын қамтамасыз ететін және оны әлемдік ел мәртебесіне шығаратын маңызды құрал ретінде қарастырды.

Қытайдың ұйымдағы рөлі мен стратегиялық мүдделеріне қатысты көптеген батыс зерттеушілерінің еңбектеріне талдау жүргізілді.

Мысалы, Канаданың Макгилл университетінің зерттеушісі Марк Лантен (Marc Lanteigne) Қытай халықаралық ұйымдарды, атап айтқанда, ШЫҰ-ны өзін

әлемдік ел мәртебесіне шығаратын маңызды құрал ретінде қарастырады деп тұжырымдайды [221]. Американдық зерттеуші Керри Браун «Ху Цзиньтао дәуірімен салыстырғанда Си Цзиньпин билігі қытай ұлтын қайта жандандыру идеологиясын жүргізуге барынша күш салуда. Батыс тарапынан жүргізіліп жатқан қандай да бір кедергілерге қарамастан Қытай әлемдегі өзінің көшбасшы орны мен рөлін белгілеу үдерісін жалғастыруда. Дегенмен де Қытай Батысты қабылдай алғандай Батыс Қытайды қабылдай алады ма? Себебі Қытайдың аз ұлт өкілдеріне немесе басқа мәдениет пен өркениетке деген ішкі саясаты Батыстың оны қабылдауына әсер етуі мүмкін» деп тұжырымдайды [222].

Қытай осы құралды өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және экономикасын дамытуда белсенді қолдану қажет деп шешті. Қытайдың бұл стратегиясы оның халықаралық жүйедегі рөлін арттыруға үлкен мүмкіндік жасауда деп тұжырымдайды Марк Лантен.

ШЫҰ-дағы Қытай рөліне ерекше назар аударған зерттеуші ғалымдардың бірі Макао университетінің профессоры Вейцзинь Сунь [223]. Ол Қытайдың ШЫҰ шеңберінде Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының мәні мен мазмұнын ашты.

Қытайдың ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің саясат пен қауіпсіздік, экономика мен энергетика, мәдениет пен білім салаларындағы ынтымақтастықты нығайтудағы Қытай рөлін Лян Чжэньпэн [224] қарастырған.

Осылайша Қытай ШЫҰ шеңберінде өзінің аумақтық және ғаламдық ықпалын нығайтуға қолайлы негіз құрды. ШЫҰ шеңберінде өзара әрекеттесу үдерісінде Қытай үшін ең маңызды мәселе қауіпсіздік саласы болды. Себебі Кеңес одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия елдері арқылы Шыңжаңға лаңкестердің ену қаупі Қытайды барынша алаңдатты деп тұжырымдайды [225].

Аймақтағы дәстүрлі емес және дәстүрлі қауіпсіздік мәселелері мен оларды шешу де Қытайға ғаламдық қауіпсіздік саласында өз рөлін арттыру мүмкіндігін берді. Қытай бастамасы ШЫҰ-ның жиырма бес жылдық даму үдерісінде аймақтағы қауіпсіздік қауымдастығын құруға тікелей ықпал етуде. ШЫҰ мүше-мемлекеттері «шанхай рухы» негізінде егемендікті құрметтеу, ішкі саясатқа араласпау, дәстүрлі емес қауіп-қатерлерге қарсы өзара әрекет ету, өзара сенімді нығайту, қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу сияқты ортақ құндылықтарды жүзеге асыруда [226].

Қытайдың ШЫҰ арқылы Еуразия аумағында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ету әрекеті әртүрлі өркениеттер мен мәдениеттердің тоғысуына үлкен үлес қосуда. Осылайша Қытай ШЫҰ кеңістігін өзінің мәдени және саяси ықпалын тарату алаңы ретінде де қарастыруда.

Осы орайда Қытай өзінің қарқынды дамуының арқасында халықаралық және аймақтық ұйымдар арқылы қоғамдық денсаулық, климаттық өзгеру, қаржылық реформалар жасау салаларында «қытай даусы» мен «қытай шешімдерін» ұсынуда [227].

Осыған байланысты Қытай әртүрлі халықаралық ұйымдармен экономикалық, қауіпсіздік, саяси салаларда ынтымақтастық орнатты. Олардың қатарында экономика саласында Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің

ассоциациясы, Азия Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы ұйымы (АТЭЫҰ), Дүниежүзілік сауда ұйымы болса (ДСҰ), Шығыс пен Оңтүстік шығыс қауіпсіздігіне қатысты Аумақтық форум (ШОШҚАФ), Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы (ОШАМА) Корей түбегіндегі қауіпсіздік бойынша алтыжақты келіссөздер ұйымы.

Қытайдың бұл ұйымдарға қатысу себептерін төмендегідей сипаттауға болады.

Біріншіден, Қытайдың бұл ұйымдарға қатысуы оның аймақтық және ғаламдық деңгейдегі экономикалық және стратегиялық саясаты мен бағытын айқындайды. Мақалада Қытайдың Шығыс Азиядағы аймақтық ынтымақтастыққа қатысуындағы мотивациясы мен стратегиялық есептеулері зерттеледі. Қытайдың әрекеттері ең алдымен ішкі мүдделерін – экономикалық өсім мен саяси тұрақтылық үшін бейбіт перифериялық ортаны құруды қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, аймақтағы күштік бәсеке оның стратегиялық шешімдеріне әсер етеді. Қытай көбіне ресми міндеттемелерге емес, еріктілік пен консенсусқа негізделген бейресми тәсілді қолданады, бұл кейде аймақтық ұйымдардың нақты шешім қабылдауына шектеу қояды.

Екіншіден, Қытай қатысатын әрбір ұйымның өз тәртібі және өз өкілеттілігі және өз деңгейі бар.

Үшіншіден, Қытайдың әрбір ұйымда өз деңгейі және ықпалы бар.

90-шы жылдардан бастап «экономикалық жахандандудың» жанданған кезінде Қытай Индонезия, Оңтүстік Корея, Сингапур, Вьетнам және т.б. елдермен қарым-қатынасын да қайта жаңғырта бастады. Ресей, Үндістан, Орталық Азия елдерімен тығыз екіжақты қарым-қатынастар орнату туралы келісімдерге қол қойды. Қытайдың бұл әрекеттері оның 1979 жылға дейінгі оқшаулану саясатынан шығуға бел буғанын көрсетті. Бейжіңнің басты мақсаты қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикалық қуаттылықты арттыру болды.

Қытайдың бұл шешімі Дэн Сяопин ұсынған («таогуан янхуэй», қазақша баламасы «ұстамдылық таныту, сәтін күту») принципімен тығыз байланысты болды. Осы принцип негізінде ішкі экономикалық дамуды қамтамасыз етіп, ғаламдық деңгейге шығу «сәтін» «сабыр түбі - сары алтынмен» күтіп, бұған дейін «ұстамдылық танытса» бүгінде Қытай ұзақ мерзімді бейбіт халықаралық жағдайды құруға ықпалу етуге әрекет жасауда.

Бұдан кейін Қытайдың сол кездегі басшысы Цзян Цзэминьнің бастамасымен «сыртқа шығу» (going out) стратегиясы іске қосылды. Осы стратегияның нәтижесінде жиырма бірінші ғасырдың басында Қытай бүкіл Азияда үлкен жетістіктерге қол жеткізді, аймақ елдері Қытайды өздерінің экономикалық және саяси әріптесі ретінде қабылдады. Отандық ғалым қытайтанушы Н.А. Алдабек «осы уақытта Қытай орташа есеппен 52 үкіметаралық халықаралық ұйымдарға, ал 1163 үкіметтік емес ұйымдарға мүше болып кірді. Бұл Қытайдың экономикалық даму қарқыны мен оның экономикалық саясаты бүкіл Азияның ықпалдасу үрдістеріне ықпал етуін күтуге болады» деп тұжырымдады [228].

Қытайдың бұрынғы басшысы Ху Цзинтао алдында Қытайдың экономикалық қуаттылығын әрі қарай дамытып қана қоймай, оны ғаламдық

деңгейдегі мемлекетке айналдыру міндеті тұрды. Осы міндеттердің нәтижелі орындалуы Қытай экономикасын әлемдік жүйенің басты компонентіне айналдырудың басты алғышарты болды.

Дәл осы жылдары қауіпсіздік бойынша Қытай тарапы Ресей, Орталық Азия елдерімен де тығыз қарым-қатынасты орната бастады. Бұл Қытай үшін үлкен жетістік болып табылады. Себебі 21-ші ғасырдың басынан бастап Қытай экономикасының қарқынды дамуы мен сәйкесінше табиғи қорларға сұраныстың артуына байланысты Қытай үшін Орталық Азияның стратегиялық мәні орасан зор болды. ШЫҰ Қытайға қауіпсіздік, саяси, экономика және мәдени салаларда Орталық Азия елдерімен бұрын соңды болмаған тығыз байланысты орнатуға мүмкіндік берді, бұған қоса аймақта өзінің белсенді және конструктивті рөл атқаруына жағдай жасауға үлкен мүмкіндік туды. Көпжақты шеңбердегі ынтымақтастық Қытайға қандайда бір қайшылықты болдырмауға және өзінің ұлттық мүдделерін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Жахандану үрдісі жағдайында Қытай үкіметі алдында елдің нарықтық кезеңге өтуі барысында әлеуметтік-экономикалық салдарлардың алдын алу, Тайвань мәселесін шешу міндеттері де тұрды. Қытай тек бейбіт өмірді қалайтынын халықаралық қауымдастыққа сендіру оның басты және бірінші қадамы болды. Ху Цзинтао 2004 жылы қарашада Бразилияға іссапары кезінде Қытай бейбіт даму жолында және ол басқа мемлекеттермен қарым-қатынас орнатуға әрқашан дайын деді.

Осылайша Қытай бір жағынан халықаралық қауымдастықпен өзара сенімді нығайтса, екінші жағынан өзінің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін нық қадамдар жасай бастады.

ШЫҰ қалыптасуының теориялық негізін қалаған Қытай зерттеушісі Пан Гуан ШЫҰ-дағы Қытайдың жетекші рөлін келесі аспектілер арқылы негіздеді.

Біріншіден, Қытай ШЫҰ-ның теориялық қағидаттарын қалыптастырды. 2001 жылы Қытай төрағасы Цзян Цзэминь алғашқы рет «өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік, өзара ақыл-кеңес, әр елдің мәдениеті мен өркениетіне құрмет көрсету, ортақ өркендеу» сияқты принциптерден тұратын «Шанхай рухын» ұсынды. Сол кезеңнен бастап аталған «Шанхай рухы» ШЫҰ тұрақты дамуының басты принциптері болып қалыптасты.

Екіншіден, ШЫҰ құрылған күннен бастап Қытай оның қызметінің құрылымдық жүйесін қалыптастыруға белсенді түрде ат салысты. Әсіресе 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та орын алған террористік шабуылдан соң үш күннен кейін Қытай премьері Чжу Жунцзи Алматыда өткен ШЫҰ үкімет басшыларының кездесуінде ШЫҰ Жарғысының жобасы бойынша жұмысты тездету және ШЫҰ терроризмге қарсы тетігін әрекетке қосу қажеттілігін атап өтті [229].

2004 жылы қаңтарда Бейжіңде ШЫҰ Хатшылығы ашылды және оның бас хатшысы Чжан Дэгуанның басшылығымен жүргізілген іс-шаралар Қытайдың ШЫҰ арқылы ұйым жұмысын ретке келтіруде атқарған рөлін білдіреді.

2006 жылы Шанхайда өткен ШЫҰ саммитінде ұйымды жетілдіру бойынша нақты бастамалар ұсынылды. Саммит барысында ШЫҰ

Хатшылығының рөлін көпжақты жүйе ретінде арттыру туралы резолюция қабылданды.

ШЫҰ-ның басқа мүшелеріне қарағанда Қытай экономикасының қуаттылығына байланысты Қытай ұйымның ірі жобаларын қаржыландыруды өз мойнына алды. 2005 жылы Астана қаласында Ху Цзинтао «Қытай тарапынан барлық мүше-мемлекеттердің мүддесіне сай ШЫҰ ортақ ірі жобалары үшін қаржы бөлінетінін (900 млн. АҚШ доллары) және бұл қаражат ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің экономикалық дамуына және ШЫҰ экономикалық ынтымақтастығын тереңдетуге ықпалын тигізетін болады» деп атап өтті.

Мәдениет саласындағы ынтымақтастықты нығайтуда да Қытай негізгі рөл атқарды. Астанада өткен самитте Ху Цзинтао «ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттер мәдениет, білім, туризм, бұқаралық ақпараттық құралдар сияқты т.б. салаларда ынтымақтастықты дамыту мен тереңдету үшін тиімді шаралар қабылдау қажет» деді. Дәл осы мақсат үшін Қытай ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттер үшін әртүрлі салаларда 1500 жуық басқару және кәсіби мамандарды оқытуға үш жылға арналған арнайы қаржы бөлінетінін жеткізді. Осыған сәйкес 90-шы жылдардың ортасында біріккен «Шанхай бестігінен» басталған, сосын 2001 жылға қарай Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып қайта құрылған бұл үдерістің қозғалтқыш күштерінің бірі Қытай болды.

Қытай Қазақстанмен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен жалпы көлемі 3300 шақырымнан астам ортақ шекараға ие. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыс 2000 жылды қамтиды және соңғы 20 жылда астам уақыт кезеңінде Қытай үшін Орталық Азия стратегиялық маңызды аумақ болды. Осылайша ШЫҰ - Қытай үшін Орталық Азия елдерімен тығыз қарым-қатынас орнатудың тетігі болды.

Си Цзиньпиннің билікке келу кезеңі барысында Қытайдың ШЫҰ-ға қатысты орны мен рөлін зерттеуші ғалым Дэн Хаодың тұжырымдамаларын зерделеу нәтижесінде Қытайдың ұйымға қатысуына бірқатар факторлардың ықпалы анықталды [230].

Біріншіден, ШЫҰ – Қытай белсенді қатысып отырған алғашқы аумақтық ұйым. Қытай «ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің арасында ұзақмерзімді тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы Келісімнің» бастамашысы болғанын растайды. Ғалымның пікірінше, бұл келісім ШЫҰ бағдарламалық құжатпен қамтамасыз етіп ғана қойған жоқ, тіпті ғаламдық басқарудың институционалдық моделін қалыптастыруға үлесін қосты. Осылайша Қытай қауіпсіздіктің жаңа концепциясын белсенді алға жылжытуда және жүзеге асыруда, сонымен қатар ШЫҰ экстремизммен күрес бойынша Конвенцияның қабылдануына ықпал етуде, бұл ғаламдық қауіпсіздікті басқару үшін маңызды тұжырымдамалық ұсынымдарды және оның жүйесін құрудың бағалы тәжірибесін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, экономикалық қатынаста Қытай ШЫҰ елдерінің ірі инвесторы болып табылады (бүгінде инвестиция көлемі 85 млрд. АҚШ долларын құрайды). Қытайдың Шэньси провинциясының Янлин қаласында ауылшаруашылығы технологияларымен алмасу бойынша ШЫҰ оқу базасы құрылған. Шаньдун провинциясының Циндао қаласында «Қытай-ШЫҰ»,

«Технологияларды ауыстыру орталығы» сияқты экономикалық және сауда ынтымақтастық алаңдары құрылған.

Үшіншіден, Қытай бастамасымен «Қытай-ШЫҰ» татукөршілік, достық және ынтымақтастық комитеті, «ШЫҰ жастар лагері», ШЫҰ мәдени алмасу және адамдар арасындағы қатынастарды тұрақты тереңдетуге ықпал етуші және қолдаушы «ШЫҰ Ғылыми-техникалық әріптестік бағдарламасы» құрылған.

Пан Гуан мен Дэн Хао еңбектеріне талдау жасау барысында Қытайдың ШЫҰ-дағы жетекші рөлі оның стратегиялық мүдделерімен тығыз байланыстылығы айқындалды.

Біріншіден, ұйым Қытайға қатысушы елдермен сенімді қарым-қатынас орнатуға және шекаралық мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Бұл Қытай үшін өзінің шекаралық аудандарын сырттан төнетін кез келген қауіп-қатерлерден барынша қорғауды қамтамасыз етуімен байланысты. Осылайша Қытай қауіпсіздік тәсілін қолданды. Бұл тәсілдер Цзянь Цзэмин мен Ху Цзинтао дәуірінде қолданылды.

Екіншіден, ШЫҰ Қытайға қауіпсіздік, саяси, экономика және мәдени салаларда ұйымның барлық қатысушы және бақылаушы елдерімен бұрын соңды болмаған өзара әрекеттесу негізін салуға және тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік берді, инвестиция салу тәсілдерін қолданды.

Үшіншіден, Қытай ұйымға мүше-мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынасты реттейтін тәртіп ретінде «Шанхай рухын» ұйымның негізгі принциптерін тәжірибеге ендірді.

Дегенмен де осы тұрғыда батыс сарапшылары «ШЫҰ-да Қытай өзінің стратегиялық мүдделерін жүзеге асыруда» деп нақты тұжырымдайды. Атап айтқанда, АҚШ-тың Денвер университетінің профессоры Чжао Суйшэн (Zhao Suisheng) ШЫҰ шеңберінде қауіпсіздік пен экономика саласындағы Қытайдың аумақтық ынтымақтастығының нығаюы ең бірінші оның экономикалық дамуы мен саяси тұрақтылығы үшін қолайлы орта құруға қатысты стратегиялық мүдделерімен тығыз байланысты деп тұжырымдайды [231]. Сонымен қатар, аймақтағы күштік бәсеке оның стратегиялық шешімдеріне әсер етеді. Қытай көбіне ресми міндеттемелерге емес, еріктілік пен консенсусқа негізделген бейресми тәсілді қолданады, бұл кейде аймақтық ұйымдардың нақты шешім қабылдауына шектеу қояды.

Еуропа мен Қытай қарым-қатынасын зерттеуші Гизела Григер де (Gisela Grieger) осы пікірге қосыла отырып, ұйым құрылған уақыттан бастап Қытай өзінің қауіпсіздігі мен экономикалық мүдделерін жүзеге асыра бастады деп тұжырымдайды. Қауіпсіздік саласында ол ұйымды өзінің батыс шекарасында қандай да бір үкіметтік емес субъектілерден төнетін сыртқы қауіптерге қарсы әрекет үшін көпжақты алаң ретінде қолданды. Ал экономика саласында ұйымды Орталық Азия елдерімен сауда қарым-қатынас жасау және ірі ауқымды инвестициялар салу арқылы өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданды. Сонымен қатар ұйым Қытайға Орталық Азияда өзінің экономикалық және саяси ықпалын нығайтуға мүмкіндік болды. Осылайша Қытай ШЫҰ шеңберінде ынтымақтастық моделін құруға күш салды [232].

2013 жылы жарияланған Си Цзиньпиннің «БББЖ» бастамасы Қытайдың ШЫҰ аясындағы жетекшілік рөлінің жаңа кезеңін білдіреді. «ЖЖЭБ» жобасы аясында Қытай Орталық Азия елдерімен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды және несиелер беруді ұсына бастады. Қытайдың бұл инфрақұрылымдар салу мен несие беру тәсілдері оның сыртқы саясатының материалдық аспектілері болып табылады. Ал «Шанхай рухы» және де басқа да идеологиялық бастамалары Қытайдың ұйым аясында өз нормаларын тарату сипатына ие. Осылайша Қытай жетекші ел ретінде ШЫҰ қызметі жүйесін өз нормаларына орай өзгертуге ұмтылуда. Сондықтан Қытайдың өз нормаларын тарату әрекетін аумаққа ықпалын арттыруын білдіреді [233].

Қытайдың нормаларды таратуы мен нормативтік билікті орнатуға талпынуына қатысты зерттеулерге сүйене отырып [234], Қытай ұйым кеңістігінде өз мүддесіне орай нормативтік тәсілді қолдануы анықталды. Нормативтік тәсіл – бұл Қытай нормаларын басқа елдерге дәстүрлі дипломатияның, экономикалық дипломатияның, білім беру, үгіт-насихат пен мемлекеттік БАҚ-тың материалдық және идеологиялық әдістерін қолдану арқылы тарату болып табылады. Towns нормаларды тарату төрт үдеріс арқылы жүзеге асады деп болжайды: мәжбүрлеу, үгіттеу, білім беру және еліктеу [235]. Алайда Си Цзиньпин Қытайды ШЫҰ аясында басқа мүше елдердің әріптесі ретінде көрсетуге тырысатындықтан, ол өз нормаларын негізінен осы үдерістердің екіншісі, үшіншісі және төртіншісі – үгіттеу, білім беру және еліктету арқылы таратып жатыр. Сауда және инвестициялық байланыстардың жеткіліксіздігі көбінесе мәжбүрлеу құралдарын қолдануға мүмкіндік бермейді, сондықтан нормаларды ұзақ мерзім бойы тарату үшін жұмсақ әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Қытай өз нормаларын серіктес елдердің мойындауына қол жеткізу үшін ең алдымен білім беру мен үлгі көрсету әдістеріне сүйенеді. Таратылған нормаларды мойындату арқылы нормативтік билікке қол жеткізуге «жұмсақ күш» арқылы жету қиын, себебі ол мәдени немесе басқа да тартымдылық формаларына тікелей тәуелді емес [237]. Керісінше, бұл ұйымның басқа мүше елдерінің сол нормаларды пайдалы және тиімді деп танып, қабылдауына негізделеді [238]. Осылайша, нормалар «жұмсақ күші» арқылы емес, ұзақ мерзімді үдеріс арқылы таратылады [239].

Еуропалық Одақтан (ЕО) айырмашылығы, Қытайдың нормативтік тәсілі ережелерге емес, тәжірибеге негізделген нормаларды тарату арқылы жүзеге асады. ЕО демократия мен адам құқықтарын ашық түрде талап ретінде ұсынса, нақты шарттар арқылы мәжбүрлеу тәсілін қолданса, Қытай серіктес елдерден өзінің дәстүрлі нормаларын қабылдауды тікелей талап етпейді, бірақ оның орнына, бұл нормалар мүше елдердің билік топтарына үздіксіз таныстыру арқылы дискурстық (мәлімдемелер, баяндамалар) және дискурстық емес тәжірибе ретінде таратылады. Мұндай әсер ету ұзақ уақытқа созылады және осы уақыт ішінде басқа мүше елдер Қытай моделін бойына сіңіріп, үйреніп, оны қайталауға тиіс болады.

Сонымен қатар, Қытай жергілікті мүдделер мен дәстүрлерге құрметпен қарайтын серіктес ретінде өзін көрсетуге тырысады және ортақ нормаларды

келісуге белгілі бір кеңістік қалдырады. Белгілі бір деңгейде Қытай мен басқа мемлекеттер арасында өзара құрмет пен қатысуды білдіретін «қалыптасқан мойындау» процесі арқылы бірлескен нормалар пайда болады [240].

Бұл өзара мойындау үдерісіне мемлекеттер арасындағы пікірталастардан туындайтын нормативтік тәжірибелерді қабылдау жатады. Бұл пікірталастар БҰҰ аясындағы ұзақ мерзімді сұхбаттың нәтижесінде қалыптасқан. Нәтижесінде «Оңтүстік ынтымақтастығы», «өзара тиімділік» және «көпжақтылықты қолдау/қабылдау» сияқты ортақ ұғымдар пайда болды. Ал «ортақ тағдыр қауымдастығы», «халықаралық байланыстар» және «өзара ынтымақтастық» секілді ұғымдар Қытай тәжірибесінде пайда болды.

Қытайдың ұйымдағы нормативтік тәсілі үш өзара байланысты құрылым аясында жүзеге асады. Біріншіден, бұл - «әлемге шығу» (going global) стратегиясына негізделген «Бір белдеу, бір жол» бастамасы. Ол кең ауқымды құрылым ретінде нақты әрекеттерді біріктіреді.

Екіншіден, Қытай ШЫҰ сияқты аймақтық ынтымақтастық алаңында елдерді аймақтандыру арқылы ықпалын арттыруға тырысады.

Үшіншіден, Бейжің жекелеген елдермен экономикалық байланыстар арқылы екіжақты қарым-қатынасты нығайтуда.

Мәскеулік Карнеги орталығы жасаған зерттеулер мен тұжырымдамаларға сәйкес, біріншіден, Қытай Орталық Азия елдерімен екі жақты қарым-қатынастар шеңберінде өзара әрекеттесу үдерісін белсенді жүргізді, екіншіден, Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық мүддесін жоғары деңгейде «БЖББ» алға жылжыту арқылы ықпал етуде.

Осылайша ШЫҰ аясындағы Қытай рөлі мен орны оның ұйымға қосып жатқан үлестерімен айқындалады.

Зерттеу жұмысының жоғарыдағы тарауларында Қытайдың ұйым дамуына қосқан үлестері үш түрлі тәсілдер арқылы жүргізіліп жатқаны анықталды (инвестициялық, инфрақұрылымдық, нормативтік тәсілдер). Ал оның сыртқы саясатындағы ШЫҰ рөлі мен орны оның ұлттық стратегиялық мүдделері тұрғысынан айқындалды.

Ұйымның жетекші елі ретінде Қытай бүгінде жүйелік тәсіл негізінде әріптес елдермен экономикаларын бірігіп дамыту үрдісіне, біріккен ықпалдасу стратегиялары мен институционалдық құрылымына, олардың қызмет саласы мен ауқымына, ықпалдастық үдерісіне қатысушы елдер санына, ортақ әлеуметтік-мәдени нышандарына орай қалыптастыруға тырысуда.

Қытай ШЫҰ-ны аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қарастырады. Қытай қауіпсіздік тәсілі ұғымын кең мағынада қарастырылады: терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрес ШЫҰ-ның басты міндеттері болып табылады. Қытай бұл міндеттерді «ортақ қауіпсіздік» және «ортақ жауапкершілік» принциптері негізінде жүзеге асыруда.

Қытайдың экономикалық тәсілі инвестициялық, инфрақұрылымдық, еркін сауда мен қаржы қозғалысын қалыптастыруға бағытталған. Қытай өзінің «Бір белдеу, бір жол» бастамасы арқылы ШЫҰ шеңберінде инфрақұрылымды, сауданы және экономиканы дамытуды ілгерілетуде.

Сонымен қатар ШЫҰ-дағы Қытайдың рөлі ұйымның тұрақты және тиімді құрылымдарын нығайту арқылы көрініс табуда. Қытай мүше-елдер арасындағы шешім қабылдау тетіктерін жетілдіру және ынтымақтастықтың жаңа салаларын дамыту арқылы ұйымның бейімделгіштік қабілетін арттыруғы ықпал етуде.

Қытай ШЫҰ-ны көпжақты ынтымақтастықтың моделіне айналдыруға ұмтылады. Бұл ретте «ұжымдық шешімдер қабылдау», «тең құқықтылық» және «ортақ пайда» принциптері басты назарда болады.

ШЫҰ-дағы Қытайдың тәсілі ұйымды эмердженттік қасиеттері бар жүйе ретінде қалыптастыруға бағытталған. Бұл тәсілде Қытай ШЫҰ-ның тек қауіпсіздік саласындағы емес, сондай-ақ экономикалық және мәдени ынтымақтастық саласындағы жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне ықпал етуде.

Қытай ШЫҰ-ны біртұтас жүйе ретінде қарастырып, оның ішкі тетіктерін үйлестіруге және сыртқы ықпалдарға бейімделуге назар аударады.

Қытай халықаралық қатынастарда тәсілдерді қолдануда бірегей әдістер мен стратегиялық ұстанымдарды пайдаланатын мемлекет ретінде танымал. Оның сыртқы саяси тәсілдері ұлттық мүдделерін қорғауға, аймақтық және жаһандық ықпалын арттыруға бағытталған. Қытайдың халықаралық саясаттағы тәсілдерін келесі аспектілер бойынша сипаттауға болады:

Қытайдың экономикалық тәсілдері: инвестиция салу, инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру, жаңа сауда мен көлік жолдарын дамыту, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету (кұбырлар, порттар және логистикалық орталықтарды салу арқылы энергия ресурстарын жеткізу маршруттарын әртараптандыру), қаржылық және техникалық қолдау көрсету, нарықтарға қолжетімділікті кеңейту үшін өзара тиімді сауда келісімдерін жасау;

Қытай халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдерінде жұмсақ күшті пайдаланады, яғни қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешуді қолдайды. Әскери ынтымақтастық орнату тәсілі Қытай аймақтық қауіпсіздікті нығайту үшін бірлескен әскери жаттығулар мен келісімдерді жүзеге асырады.

Қытай ШЫҰ-дағы өз стратегиясын «Шанхай рухы» қағидаларына негіздей отырып жүзеге асырады: өзара сенім, теңдік, сұхбат және ортақ пайда. Сонымен бірге, Қытай өзінің экономикалық және дипломатиялық күшін пайдаланып, ұйымның көпжақты ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне жетуіне ықпал етуде.

Осылайша Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі рөлі оның ұйымды аймақтық қауіпсіздік пен тұрақты даму саласындағы маңызды халықаралық құрылымға айналдыру жөніндегі мақсатымен анықталады. Қытайдың әдіснамалық тәсілдері мен теориялық негіздері ШЫҰ-ның тиімділігі мен тұрақтылығын арттырып, ұйымды жаңа сапалық деңгейге шығаруға бағытталған. Өз кезегінде өзінің стратегиялық мүдделерін жүзеге асыруда. ШЫҰ шеңберінде Қытай өзінің нормативтік тәсілдерін қолдана отырып, стратегиялық мүдделерін көпқырлы және қарқынды түрде жүзеге асыру арқылы елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп ғана қоймай, ғаламдық және аумақтық деңгейде өз рөлі мен орнын нығайтуда.

ШЫҰ-дағы Қытайдың жетекші рөлі оның ұйымның даму үдерісіне белсенді қатысуы (ұйымның саясатын жүргізуге, заңнамалары мен шешімдерін

әзірлеуге ықпал ету), экономикалық және қаржылық ықпал етуі (ұйымның экономикалық жобаларды қаржыландыру, оның қаржылық тұрақтылығын ұстап тұру, ұйымның экономикалық саясатына ықпал ету), ұйым нормалары мен ережелерін әзірлеуі (әр түрлі салаларда ұйымның халықаралық қатынасын реттейтін құқықтық актілер мен ережелерді әзірлеуге қатысу), халықаралық ынтымақтастықты дамытуы, елдер арасындағы сенімді нығайтуы тұрғысынан айқындалды. Сонымен бірге ШЫҰ-дағы Қытай рөлі оның осы ұйымның құрылуына, ұйымның жұмысына белсенді қатысуы мен оның дамуына үлес қосуы деңгейімен де көрінді.

ШЫҰ - Қытай дипломатиясының басқа елдермен көпжақты түрде өзара әрекеттесуге жасаған алғашқы қадамы болды. Қытай басшылары Цзян Цзэминь, Ху Цзинтао, Си Цзиньпин әрқайсысы да Шанхай үдерісінің дамуына өз үлестерін қосып, оның әрбір кезеңдерінде аумақтық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуына қатысты стратегиялық бастамаларын ұсынды. Осы арқылы ШЫҰ шеңберінде Қытай саясатының мазмұны түрленіп, үнемі толықтырылуда.

Қытайдың заманауи стратегиялық мақсаты ретінде де, сонымен қатар Қытайдың ШЫҰ дамуының әртүрлі кезеңдерінде жетекші рөл атқаруы ретінде де ШЫҰ мәні неде?

Дәл бүгінде Қытай экономикалық ынтымақтастықты дамыту арқылы аумаққа барынша ықпал етуде, әлеуметтік даму, технологиялар, энергетика салаларында ынтымақтастық пен тығыз ықпалдасуды алға жылжытуда. Сонымен қатар көпжақты және екі жақты байланыстарды дамытуға ықпал ететін ережелері мен қағидаттарды алға жылжытты.

Біріншіден, Қытай шекаралас жақын көрші елдермен де, шекаралас емес Иран және Өзбекстанмен де сенімділік деңгейін арттырды. ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттермен ортақ шекара Қытайдың құрлықтағы барлық шекарасының шамамен төрттен үш бөлігін құрайды. Осындай байтақ кең шекаралас аумақта бейбітшілік пен қауіпсіздік орнаса, Қытай бұдан былай өзінің батысы мен солтүстігінде қандай да бір қауіп-қатерлерден қорғансыз қалмайтын болады, және бұл оның елдің шығысы мен оңтүстігіне аса назар аударуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, ШЫҰ Қытайдың терроризммен, экстремизммен, сепаратизммен және әртүрлі трансұлттық ұйымдасқан қылмыстармен, оның ішінде заңсыз есірткі және қару-жарақ айналымымен күресте тығыз ынтымақтастық орнатудың негізін қамтамасыз етті. Қытайдың дамуы мен тұрақтылығына теріс ықпалын тигізетін осындай дәстүрлі емес қауіп-қатерлерге бірге қарсы әрекет етуде ШЫҰ қатысушы-мемлекеттерінің және бақылаушы-елдердің қолдауына ие болды.

Үшіншіден, ШЫҰ дамытуға бағытталған экономикалық ынтымақтастық Қытайдың батыс аумақтарын дамыту бойынша бағдарламаласына тікелей ықпалын тигізді. Әсіресе Қытай үшін энергия тасымалдайтын құрлық жолдарын салуды ұсынды. Орталық Азиядан Сібірге дейінгі аумақ Қытай үшін энергиямен жабдықтаудың қайнар көзі болып табылады және Қытайдың дамуы мен энергетикалық қауіпсіздігі үшін стратегиялық мәні бар жалғыз балама, оның үстіне оған әскери-теңіз қорғанысын қажет етпейді. Оның үстіне жуық

арадағы келешекте мұнай тасымалдайтын кемелерді қорғайтын күшті әскери-теңіз флотын салуға Қытайдың мүмкіндігі де аз.

Төртіншіден, ұйымға мүше-мемлекеттер мен байқаушы елдері әлем елдерінің жартысын құрайды және оған Қытай, Үндістан және Ресей сияқты ірі елдер кіретінін ескерсек, ШЫҰ өзінің достығы мен ынтымақтастық шеңберінің кеңеюінің арқасында ғаламдық деңгейде ықпал етуге мүмкіншілік туды. Орталық Азиядан бастап Оңтүстік Азия мен Таяу Шығысқа дейін тұрақтылық пен даму зонасының құрылуы Қытайдың бейбіт дамуы үшін қолайлы халықаралық ортаны қалыптастыруда.

Бұл Қытайдың 1979 жылға дейін ұстанған өзінің сырттан оқшаулану тәсілін өзгертіп, сыртқы әлеммен тығыз байланыс орната бастағанын, оның ғаламдық мәртебеге шығуға ниетін білдірді. Бұл шынында да Марк Лантен тұжырымдағандай Қытай үшін өзінің қауіпсіздігін, экономикалық дамуын қамтамасыз етуде және шетелде өзінің беделін арттыруда халықаралық ұйымдардың маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан да Қытай бүгінде Азиядағы экономикасы қуатты, халқының саны көп, ең ірі ел ретінде аумақтық ықпалдасу үдерісін халықаралық ұйымдар арқылы жүргізуде. Бұл үдеріс өзінің жан жағындағы аумақтарда тұрақты халықаралық ортаны қалыптастыруға және аумақтағы өзекті мәселелерді шешуді қамтамасыз етуге тиімді ықпал етуде.

Халықаралық ұйымдарды қолдану тәсілі Қытайдың бейбіт дамуына да үлесін қосуда. Қытай Азиялық тынықмұхит экономикалық ынтымақтастығы ұйымының белді мүшесі, 2020 жылы Аймақтық жан-жақты экономикалық әріптестік (АЖЭӘ) негізін қалаушылардың бірі болғанымен де ол үшін ШЫҰ-ның мәні мен орны ерекше. Себебі Орталық Азия еуразиялық құрлықтың дәл ортасында орналасқан және оның табиғи қоры әсіресе Қытай үшін мәні зор.

Ұйым қызметінің алғашқы жылдарында көптеген зерттеушілер үшін, әсіресе батыс ғалымдары мен саясаткерлері үшін оның рөлі мен орны түсініксіз болды, сондықтан да ұйымды олар тек геосаяси қарсылас ретінде қарастырды.

Соған қарамастан жиырма жылдан астам уақыт аралығында ұйымның мүше-мемлекеттері өзара сенімді күшейтуде бірқатар нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінде ШЫҰ өзінің құрылымын, бағыттарын өзгертуге, толыққанды аумақтық ұйымға айналуға күш салуда. Алайда ұйым қауіпсіздік, экономика салаларында әлі де өзара ықпалдасу мен өзара әрекеттесудің жоғары деңгейіне қол жеткізе алған жоқ. Осыған байланысты еуразия кеңістігіндегі ұйымның даму заңдылығына және оның құрылымының өзгеруіне, келешегіне қатысты мәселені анықтау - зерттеушілер үшін әлі де маңызды мәселе болып табылады.

Ұйымдағы Қытай рөлі мен оның ұйымға қосқан үлесін кластерлік талдау арқылы да дәлелденді.

Кластерлік талдау үшін 2001 бастап 2019 дейінгі аралықта Қытай бұқаралық ақпараттық құралдарында жарық көрген ғылыми мақалалар іріктеліп, ондағы зерттеуге қажетті «кілт сөздер» мен тіркестерге бөлініп таңбаланды. Осылайша мәтіндік рейтинг жүргізілді.

Нәтижесінде, «ШЫҰ» сөзімен «Қытай» сөзі ең жоғары көрсеткішке ие болды. Бұл Қытайдың ұйымға қаншалықты мән беретінін дәлелдейді.

Ал екінші орында «экономика», ал үшінші орында «энергия», «стратегия» және «саяси» сөздері тұрды. Бұл ШЫҰ мен «БББЖ» бастамасы арасындағы өзара байланысты білдіреді. Мәтіндердегі келесі көрсеткіштер «Ресей» сөзі, бұл Қытай мен Ресейдің екіжақты қарым-қатынасқа үлкен мән беретінін білдіреді. Келесі орында «Мүше мемлекеттер» сөзі одан кейін тұрды, бұл ШЫҰ тек Қытай мен Ресейден ғана тұрмайтынын білдіреді. Бейжің ШЫҰ-дағы көшбасшылардың рөлі мен ұйымның құрылымына да аса назар аударатыны анықталды. Бұл «президент», «премьер-министр», «кездесу», «қатынас», «саммит» сөздері арқылы байқалады.

Қытай ШЫҰ-ны аймақтық мәселелерді талқылайтын маңызды алаң ретінде қарастырады, бұл «кездесу», «саммит», «қатынас», «тетіктер» және «жобалар» сияқты кілт сөздермен көрініс табады.

Стратегиялық және саяси мәселелер де маңызды, мұны «стратегия» және «саяси» сөздері көрсетеді. Сонымен бірге, «энергия» сөзі де Қытай үшін бұл тақырыптың маңызды екенін білдіреді. Сонымен «Қытай» сөзі бірінші орында, «аймақ» сөзі екінші орында, «экономика» үшінші орында тұрды. Одан кейінгі орындарда «ел», «мүше мемлекеттер» және «Ресей» сөздері орналасқан.

Бұл Қытайдың ШЫҰ-ны аймақты біріктіру құралы ретінде қарастыратынын білдіреді. Төменде кестеде ең жиі кездесетін кілт сөздердің әр мақалада бірге кездескен жағдайларының саны көрсетілген. Бұл зерттеу Қытайдың ШЫҰ-ға қатысты стратегиялық мүддесін айқындауға мүмкіндік берді.

Осылайша Excel бағдарламасының «scatter chart» функциясы арқылы жасалынған кластерлердің иерархиялық орналасуы Қытай үшін ШЫҰ-ның қандай бағыттары маңызды екендігі айқындалды.

Біріншіден, ең алдымен Қытай өзінің Орталық Азиядағы жоғары экономикалық өсімі арқылы мүше-мемлекеттер арасында жетекші ел ретіндегі орнын ерекше атап өткен. ШЫҰ алғашында қауіпсіздік мәселелерін шешуді алға тартқанына қарамастан, кластерлік талдау нәтижелері бойынша, Бейжің үшін экономикалық және энергетикалық ынтымақтастық басты назардағы салалар болып табылады. Сондай-ақ Бейжің үшін Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты дамыту әлдеқайда маңызды екендігі айқындалды.

Екіншіден, ШЫҰ аясындағы Қытай-Ресей қарым-қатынасы - бір жағынан ынтымақтастық, екінші жағынан бәсекелестік сипатындағы маңызды үдеріс болып табылады. Дегенмен Ресей мен Қытай ШЫҰ-ны әртүрлі қырынан дамытуды көздегенімен, олардың ынтымақтастығы ұйымның тұрақты дамуы мен аймақтық қауіпсіздік архитектурасын нығайтуға бағытталған [29]. Бұл Бейжіңнің Ресеймен стратегиялық ынтымақтастық орнатуға үлкен мән беретінін білдіреді.

Алайда, ШЫҰ аясында Қытай-Ресей қатынастары дамудың негізгі бағыты емес.

Кесте 15 – Кластерлік талдау нәтижесі

C1: Қытай және экономика	Қытай, экономика, мемлекет
C2: Мүше елдер	мүше-мемлекет, халықаралық, аймақ
C3: Қытай және Ресей	Ресей, стратегия, Қытай-Ресей
C4: Бір белдеу, бір жол	Қарым-қатынас, әлем, Орталық Азия, жоба, АҚШ, экономика мен сауда, үрдістер, Бір белдеу, бір жол
C5: Энергетикалық ынтымақтастық	Энергия, Саммит, Президент, Еуроазия, Саясаттар, премьер-министр, қаржы, Шыңжаң, көзқарастар, мұнай, табиғи газ
C6: Әскери Ынтымақтастық	қарым-қатынастар тетігі, байланыстар, партиялар, қорлар, негіздер, жаһандық, жан-жақты, кешенді, әскери, Үндістан, ресурстар, Путин, инфрақұрылым, артықшылықтар, екіжақты, біліктілік, қабілет, әскери күштер, қауымдастық, қоғам, әскер, желі, әлеует, ықпал, ынтымақтастық жоба
C7: Сыртқы байланыс	мәдениет, үкімет, Ху Цзиньтао, терроризм, Өзбекстан, дипломатикалық, құрылым, рухани, нарық, Азия, Пәкістан, қоршаған орта, билік, қала, банк, жағдай, технология, жүйе, жоспарлау, экономикалық белдеу, келісім, серіктес, ұсыныс, қаржылық дағдарыс, кеңес, мүмкіндік
C8: Орталық Азия Технологиялық ынтымақтастық	қоғам, орталық, кәсіпорын, Ауғанстан, техникалық, Қытай мен Қазақстан, Орталық Азия елдері, Еуропа
C9: Ішкі саясат	өкіл, ақпарат, өзара тиімділік, алқа, саясат, нәтиже, шаралар, кезеңдер, ашылу салтанаты, мәміле
C10: Аймақтық Ынтымақтастық қауіпсіздігі	Иран, ұстаным, компания, бір белдеу, бір жол, сепаратизм, негіз, темір жол, Жапония, өркениет, серіктестік, қорғаныс министрі, өкілдер, есірткі, трансұлттық, лауазымды тұлға, тас жол, шекаралық аймақ, мұнай мен газ, үлгі, Вэнь Цзябао, азиялық, Жібек жолы, ауқым, түрлі, өнеркәсіптік, мекеме, қор, қаржыландыру, коридор, Назарбаев, шикізат, елші, Қырғыз республикасы, дағдарыс, келісім
C11: Құқықтық ынтымақтастық	заң, жол қозғалысы, диалог, бөлім, экстремизм, платформа, ауылшаруашылығы, құқықтық, өнеркәсіп, құбыр желісі, жоспар, басым ел, келісім, бұқара ақпарат құралдары, ұсыну, ортақ пікір, Москва, Ляньюнган, Сыртқы істер министрі, тәжірибе, достық, тәртіп, стратегиялық серіктес, жаһандандыру, президенттік
C12: Геосаяси және мәдени ынтымақтастық	Орталық Азия, шекара қорғанысы, география, ұлттық, логистика, аймақтық ынтымақтастық, университет, инженерлік жоба, топ, әскери жаттығулар

Үшіншіден, «технологиялық ынтымақтастық» (8-кластер) бағыты әлі де жеткілікті деңгейде дамымаса да, келешекте оның басымдылығы жоғары болатынын білдіреді. Бұл Орталық Азиядағы технологиялық ынтымақтастық ШЫҰ-ның дамып келе жатқан жаңа бағыты екенін және болашақта маңызды тақырыпқа айналуы мүмкін екендігін білдіреді.

ШЫҰ-ның ішкі саясатына қатысты (9-кластер), ұйымның нақты құрылымы мен қағидаттары болғанымен, Бейжің қазіргі таңда ішкі құрылымды нығайту мен ұйымдастырушылық механизмді жетілдіруді басты назарда ұстап отырған жоқ. Ұйымның ресми қағидаттарына сәйкес, құрылған күнінен бастап басты мақсаттарының бірі - аймақта бейбітшілік, қауіпсіздік және

тұрақтылықты сақтау. Алайда, аймақтық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық Бейжің үшін маңызды мәселе болып қала бермек (10-кластер).

Сонымен бірге «құқық саласындағы ынтымақтастық» (11-кластер), «геосаяси және мәдени ынтымақтастық» (12-кластер) кластерлері де ішкі үйлесімділігі әлсіз және басқа кластерлермен байланысы аз болғандықтан, бұл бағыттар ШЫҰ шеңберінде Бейжің үшін қызығушылықты тудырады. 4-ші квадранттағы кластерлер жоғары деңгейде орталықтандырылған және төмен тығыздық деңгейіне ие. Бұл кластерлер негізгі орталық тақырыптарды және болашақтағы мүмкін тақырыптарды білдіреді, бірақ олар салыстырмалы түрде тәуелсіз және маңызды болып табылады.

Осы сипаттаманың арқасында тақырыптарды бөлшектеу жеңіл болып табылады. Мысалы, 2017 жылы Үндістан мен Пәкістан ресми түрде ШЫҰ мүшелері болды. Осыған сәйкес, «Үндістан» және «Пәкістан» кілт сөздері 4-ші квадрантта орналасқан.

Осы кластерлік талдау негізінде Бейжің ШЫҰ-да экономика мен әскери ынтымақтастықты дамудың негізгі бағыты ретінде қарастырады. Бұл басқа даму бағыттарымен және аспектілерімен тығыз байланысты болмаса да, олар Қытайдың ШЫҰ-ның болашақ дамуына деген үміттері болып табылады. Олай болмаған жағдайда, ШЫҰ халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтастыққа баса назар аударады. Бейжіңнің ШЫҰ арқылы сыртқы байланыстарға да көңіл бөлетіні көрінеді. Бұл ШЫҰ-ның болашақ дамуы үшін қажетті бағыттар болып табылады.

Тұжырым

Осылайша, Қытай ШЫҰ шеңберінде де, ұйымның ресурстық және институционалдық мүмкіндіктері тұрғысынан да, сондай-ақ жаңа сын-қатерлер мен тәуекелдерге жауап беру қабілеті тұрғысынан да негізгі қозғаушы күштердің бірі болып табылады. Қытайдың ұйымға қосқан оң үлесі, ең алдымен, экономикалық өсімді ынталандырудан, инфрақұрылымдық өзара байланыстылықты дамытудан және аймақтық қауіпсіздікті нығайтудан көрініс табады.

ШЫҰ-ның болашағы зор және әлеуеті жоғары болғанымен, ұйымның одан әрі эволюциясы белгілі бір деңгейде болжанбайтын сипатқа ие және ол мүше-мемлекеттердің икемділік таныту қабілетіне, ұзақмерзімді стратегиялық жоспарлау жүргізуіне және ұлттық мүдделер тепе-теңдігін сақтай алуына байланысты болады. Қытай ШЫҰ-ның институционалдық құрылымында орталық орын алады және оның даму бағытына ықпал етуді жалғастыратыны сөзсіз. Дегенмен, ұйымның тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету тек көпжақты күшті біріктіру және барлық мүше-мемлекеттердің бірлескен үйлесімді іс-қимылы арқылы ғана мүмкін болмақ.

3.3 Аймақтың даму келешегі және Қытайдың жаһандық геосаяси үдерістегі орны

Геосаяси шиеленістер, аймақтық қақтығыстардың күшеюі, мемлекеттер арасындағы бәсекелестік және басқа да дәстүрлі емес қауіп-қатерлер халықаралық қатынастар жүйесінің қызметінде дағдарыс тудырды. Осындай

жағдайда Қытай халықаралық жүйенің төрт басты мәселелесін айқындады: *басқару* тапшылығы, *сенім* тапшылығы, *бейбітшілік* тапшылығы және *даму* тапшылығы.

Аталған мәселелерді шешу үшін Қытай жаһандық деңгейде бірқатар стратегиялық бастамалар ұсынды. Бейжің «ортақ тағдыр қауымдастығын құру» тұжырымдамасын өзінің сыртқы саясатының басты мақсаттарының бірі ретінде айқындап, оны халықаралық дипломатияның негізгі идеологиялық өзегіне айналдыруға ұмтылуда.

Сонымен бірге Қытай «Бір белдеу – бір жол» бастамасын белсенді ілгерілетіп, халықаралық ынтымақтастық үшін қытайлық үлгідегі шешімдер мен прагматикалық тәжірибе ұсынуда.

Қытай басшылығының халықаралық қатынастарға қатысты бұл бастамалары Шанхай ынтымақтастық ұйымының болашақтағы стратегиялық дамуына да ықпал етіп, ұйымның қазіргі міндеттері ұзақмерзімді келешекке бағдарланған және оларды тиімді шешуге қолайлы жағдай қалыптастыруда.

«Адамзаттың біртұтас тағдырын құру» ШЫҰ дамуының келешегін сипаттайтын Қытайдың жоспары және ұйымның ғаламдық басқаруға қатысудағы мақсаты мен бағытын көрсетеді.

Атап айтқанда, 2018 жылы Циндао қаласында өткен ШЫҰ саммитінде Си Цзиньпин «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» тұжырымдамасын ШЫҰ шеңберінде жүзеге асыру идеясын ресми түрде ұсынып, ұйым дамуының теориялық бағытын анықтады [242]. 2019 жылы Бішкектегі саммитте ол ШЫҰ-ны өзара сенім мен ынтымақтастық, ортақ қауіпсіздік, өзара тиімділік және өркениеттер диалогы моделіне айналдыру қажет екенін атап өтті [243]. 2020 жылы Мәскеуде өткен саммитте Си Цзиньпин денсаулық, қауіпсіздік, даму, гуманитарлық байланыс бағыттарын ШЫҰ қызметінің жаңа төрт тірегі ретінде белгіледі [244]. 2021 жылы Душанбеде өткен жиында ол ШЫҰ дамуы ынтымақтастық, қауіпсіздік, өзара тиімділік, төзімділік, өзара үйрену және әділдік принциптеріне сүйенуі тиіс деді [245]. 2022 жылы Самарқан саммитінде Си Цзиньпин саяси өзара сенім, прагматикалық ынтымақтастық, тең қарым-қатынас, ашықтық пен инклюзивтілік, әділдік пен адалдық сияқты бес табанды принципті жария етті [246]. Бұған қоса Си Цзиньпин «ШЫҰ халықаралық және аумақтық істерде маңызды «конструктивті күш» ретінде халықаралық жағдайдың құбылмалы үрдісіне батылдықпен қарсы тұру, бірлік пен ынтымақтастықты үздіксіз нығайту, ШЫҰ шеңберінде «адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығын құруға» ықпал ету қажет» деп атап көрсетті.

Осылайша ҚХР басшысы жалпы адамзаттың құндылығын алға жылжыту және қауіпсіздік пен ғаламдық даму саласында ғаламдық бастамаларды белсенді жүзеге асыруға шақыруда. Бұл ғаламдық басқаруға ШЫҰ қатысуының бағыты мен жолын айқындайтыны көрсетеді.

Дегенмен ШЫҰ құрамының кеңею үдерісі ұйымның халықаралық беделін арттырғанымен, ШЫҰ-ның географиялық, демографиялық ауқымы және күн тәртібі күрделене түсті. Ұйымның ішкі мәселелері оның тұрақты дамуына әсерін тигізуде. Атап айтқанда:

- әлеуметтік және саяси келіспеушіліктер: элиталық қарама-қайшылықтар,

ұлтаралық шиеленістер, сыбайлас жемқорлық, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі және теңсіздік сияқты әлеуметтік факторлар тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін;

- халықаралық алаңдағы ықпал үшін бәсекелестік сияқты сыртқы факторлар ықпалы ШЫҰ-ның өңірдегі негізгі тұрақтандыру механизмдерін әлсіретуі мүмкін;

- Ауғанстандағы жағдай Орталық Азияда экстремизмнің таралу қаупін тудырады. Орталық Азияда радикализм мен терроризмнің күшеюі өңірлік қауіпсіздікке қауіп төндіреді. ШЫҰ қауіпсіздік механизмдеріне ШЫҰ-ның құралдарына, оның ішінде ӨТҚК, күрделі және әртүрлі қауіптерге бейімдеуді талап етеді. Бұл ШЫҰ-ның қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ұйым мүшелері арасындағы ынтымақтастықты тереңдету және өзгеріп жатқан геосаяси жағдайларда оның халықаралық маңыздылығын арттыру үшін іс-шараларды белсендіру қажеттілігін көрсетеді.

Бұл мәселелер ұйым ішінде біртұтас шешім қабылдау тетіктері мен ықпалдасу әлеуетін тежеді. Сондықтан да ШЫҰ өзінің ішкі бірлігін сақтап қалу үшін көпжақты формат аясында екіжақты дауларды «талқыламау» принципін ұстанады (мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау принципі). Бұл принцип мүшелдердің өзара қарсы блоктарға бөлінуінің алдын алу үшін маңызды, бірақ «консенсус» принципі негізіндегі шешім қабылдаудың тиімділігін төмендетеді.

Осыған байланысты Қытайдың аймақтану зерттеушілері ШЫҰ-ның аймақтық ұйым ретіндегі рөліне стратегиялық түзетулер енгізу қажеттілігін қарастыруда [247]. Ұйымның кеңеюі мен құрылымдық күрделенуі оған жаңа міндеттемелер жүктеп, аймақтық шеңберден жаһандық басқару кеңістігіне шығу мүмкіндігі де күн тәртібіне енгізілген.

Бүгінде әлемдік өзгерістер ШЫҰ-дан жаңа механизмдерін іске қосуды талап етуде. Бұл механизмдерді Қытай Орталық Азия елдерінің экономикасын қалпына келтіруге және дамытуға бағытталған экономикалық жобаларды жүзеге асыру, ШЫҰ аясында инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруды арттыру, экономикалық белсенділікті ынталандыру, өңірдің тұрақтылығын қолдау үшін энергетика және көлік салаларында өзара әрекеттестікті тереңдету арқылы жүзеге асыруда.

Біріншіден, ол ШЫҰ арқылы халықаралық қатынастардың жаңа ережелері мен тәртіптерін ендіру процесіне ықпал етуге бейімдеуде.

Екіншіден, Батыс тарапынан Қытай мен Ресейге қатысты санкциялық қысым мен стратегиялық оқшаулау саясатының жүргізілуі ШЫҰ кеңістігінде көпвекторлы ықпалдасуды күшейтуі мүмкін.

Үшіншіден, ғаламдық саясатта секьюритизация, идеологизация және конфронтациялық дискурс басымдығы сенім дағдарысын тереңдетіп келеді. Бұл үрдістер ШЫҰ елдері арасындағы өзара саяси сенім мен бейбіт келісім моделін сақтап қалу үшін жаңа тәсілдерді талап етеді.

Төртіншіден, ұйым алаңын әрбір мүше-мемлекеттің ұлттық стратегиялық бастамаларымен тоғыстыру нүктесі ретінде пайдалану маңызды. Мысалы, Ресейдің «Үлкен Еуразиялық серіктестік» идеясы, халықаралық көлік дәліздері, сондай-ақ Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы бір кеңістікте түйісіп,

бастамалар арасындағы үйлесімділік пен өзара толықтырушы синергия мәселесін күн тәртібінде тұр. Бұл жағдайда ШЫҰ-ның ішкі үйлестіруші институттық механизмді қалыптастыра алуы оның болашақ тиімділігінің басты факторы болмақ.

Болашақта Қытай ШЫҰ қызметін тек дәстүрлі аймақтық ынтымақтастық моделімен шектемей, «шанхай рухы» принциптерін жаңа кезең талаптарына бейімдеп, ынтымақтастықтың инновациялық парадигмасын қалыптастырмақ. Ұйымның тиімділігі тек мемлекеттер деңгейіндегі өзара әрекеттестікпен шектелмей, қалалық құрылымдар, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми және мәдени қауымдастықтар секілді көпдеңгейлі және көпсубъектілі қатысуды қамтуды қажет ететін болады. Бұл ШЫҰ кеңістігінде мемлекеттік басқару тәжірибесі, цифрлық трансформация және мәдени-интеллектуалдық алмасу арқылы жаңа интеграциялық мәдени код қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ШЫҰ-ның жаһандық экономикалық дамуға қосқан үлесі.

ШЫҰ Азия, Еуропа және Африканы қамтитын 27 мемлекетті біріктірген аймақтық ұйымға айналды. Бұл елдер Еуразия құрлығының 65%-дан астамын, әлем халқының шамамен жартысын және оның жалпы экономикасының төрттен бірін құрайды. Энергетикалық ресурстарға бай және кең нарыққа ие ШЫҰ - әлемдегі ең ірі, ең тығыз қоныстанған және ең перспективалы аймақтық ынтымақтастық ұйымы болып табылады.

Соңғы 24 жыл ішінде ШЫҰ-ның экономикалық ынтымақтастық механизмі тереңдеді, оның негізі нығая түсті, ал қамтитын салалары кеңейді. Мүше-мемлекеттер, бақылаушы елдер және диалог серіктестері сауда және инвестиция көлемдерін тұрақты түрде ұлғайтып, әлеуетті дамыту бойынша ынтымақтастықты кеңейтті, экономикалық құрылымдарды оңтайландырды және сапалы дамуға ықпал етті. Бұл тұрақты өсімге күшті серпін беріп, ұйымның жаһандық экономикалық дамуға қосқан үлесін арттырды.

Аймақтық өзара байланыс тәжірибесі

Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүше елдері, бақылаушы мемлекеттері және серіктес елдері ежелгі Ұлы Жібек жолы бойында Еуразияның орталық аймағында орналасуы оның маңызды көлік-логистикалық және стратегиялық мәнге ие екендігін көрсетеді. «БББЖ» бастамасы ШЫҰ-ның толықтырушы элементі ретінде аймақтағы ынтымақтастықты нығайтып, ұйымға мүше-мемлекеттердің ұлттық даму стратегияларымен және Еуразиялық экономикалық одақпен ықпалдасу үдерісін жандандырды.

Атап айтқанда, ұйым көпқырлы өзара байланыс желісін жетілдіріп, бірқатар маңызды жоғары сапалы инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда. Бұл ынтымақтастық бірқатар елдердің сыртқы сауда мәселелерін тиімді шешуге, аймақтық экономикалық ықпалдасуға және бүкіл еуразиялық құрлықта экономикалық және сауда алмасуды ыңғайлы әрі тиімді жүргізудің берік негізін қалауға мүмкіндік берді.

Өзара тиімді ынтымақтастық

Соңғы 24 жыл ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүше-мемлекеттері «Шанхай рухына» сүйене отырып, сауда көлемінің үздіксіз өсуіне және көптеген салаларда өзара ынтымақтастыққа қол жеткізді. Олар өздерінің

географиялық артықшылықтарын пайдаланып, өзара толықтыру мүмкіндіктерін тиімді қолданды және кеңестер жүргізу, бірлесіп дамыту, тәжірибе алмасу және өзара тиімді нәтижелер арқылы ынтымақтастықты жүзеге асырды.

Өзара байланыс үш өлшемді желіге айналды. 2025 жылдың маусымына қарай Қытай–Еуропа бағытындағы жүк пойыздары 110 000-нан астам рейс жасаған, оның ішінде 2024 жылы ШЫҰ өңірінен 19 000 пойыз өтіп, жылдық өсімі 10,7%-ға жетті. Қазақстан-Ляньюньган транзиттік дәлізінің жылдық жүк айналымы 15 миллион тоннадан асып, алғашқы іске қосылған уақыттағы көлемінен үш есе артты, ал Орталық Азиядан Қытайға жеткізу уақыты екі есе қысқарды. «Қытай–Қырғызстан–Өзбекстан» мультимодальды тасымалдары Парсы шығанағын Батыс Қытаймен байланыстырады, ал Транскаспий халықаралық көлік дәлізі бойынша жүк тасымалы көлемі тұрақты түрде өсуде. Өуе қатынасы бойынша мүшелік мемлекеттер арасында 130-дан астам тікелей рейс бар, соның ішінде Үрімші мен Сиань қалалары күнделікті бес Орталық Азия елдерінің бас қалаларына рейс ашылды [248].

Энергетикалық ынтымақтастықтың толық интеграциялануы

ШЫҰ елдері ірі энергия өндірушілерді, тұтынушыларды және транзиттік елдерді қамти отырып, энергияға сұраныс пен ұсыныстың өзара толықтыратын тізбегін қалыптастырды. Бұл тізбек энергияны барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау және өңдеуге дейінгі бүкіл жеткізу тізбегін қамтиды.

Дәстүрлі мұнай-газ секторында Қытай мен Қазақстан бірлесіп игеріп жатқан Кашаган кен орны жылына 18 миллион тонналық өнім беруге қабілетті. Қытай-Қазақстан мұнай құбыры тәулігіне 2 миллион баррель мұнай жеткізсе, Қытай-Ресей «Шығыс желісі» газ құбырының жылдық өткізу қабілеті 38 миллиард кубометр газды құрайды, болашақта оны 44 миллиард кубометрге дейін ұлғайту жоспарлануда.

Аталмыш саммитте Қытай ШЫҰ елдерімен энергетикалық ынтымақтастықты формальдандырылған, институционалдық өзара әрекеттестік аясында, нақты құрылымдар, белгіленген механизмдер және саяси басшылықпен нығайту мақсатында Энергетикалық ынтымақтастық платформасын құру ұсынысын білдірді.

Жасыл даму – сапалы және тиімді даму

Шанхай ынтымақтастық ұйымы жасыл даму саласындағы әлемдік тенденцияларды ұстанып, жасыл дамуға қатысты концепцияларды энергия, инфрақұрылым және ауыл шаруашылығы сияқты негізгі салаларға интеграциялап, жоғары сапалы дамудың жаңа брендін қалыптастырып отыр.

Қытайдың қолдауымен Қырғызстан су үнемдейтін суару технологияларын белсенді түрде енгізіп, жергілікті ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал етуде. Өзбекстандағы 1 ГВт қуаттылықтағы күн энергиясы жобасы және Жаңатастағы 100 МВт қуаттылықтағы Қазақстанның жел энергетикасы жобасы ШЫҰ елдері арасындағы жаңа энергетикалық ынтымақтастықтың үлгісі болды.

Тяньцзинь саммитінде Қытай келесі бес жыл ішінде басқа ШЫҰ елдерімен бірлесе отырып, күн энергиясы мен жел энергетикасы саласында жалпы қуаттылығы 10 миллион киловаттты қосымша жобаларды жүзеге

асыруды ұсынды. Бұл шара мүшелік мемлекеттердің тұрақты даму жолындағы ілгерілеуін одан әрі қолдайтын болады

Цифрлық технологиялар – болашақ көшбасшылары

Шанхай ынтымақтастық ұйымы «Цифрлық Жібек жолын» біріктіріп, цифрлық нарық әлеуеті мен мүшелік мемлекеттердің өзара толықтыратын артықшылықтарын пайдалана отырып, 2024 жылы онлайн сауда нарығының көлемі 3,2 триллион АҚШ долларынан асқан.

Мысырдағы индустриалды паркінде «Beidou» позициялау жүйесі және оның «Бір желі, бір бұлт, бір платформа» тәсілі компанияларға жоғары сапалы цифрлық қызметтер ұсынады. Қазақстандағы «Luban Workshop» (Лу Бань шеберханасы) орталығында цифрлық технологиялар саласындағы кадрлық әлеуетті дамыту курстары жасанды интеллект, үлкен деректер, блокчейн және бұлтты есептеулерді қамтитын кең ауқымды бағыттарды қамтиды. Өзбекстандағы Қытай-Өзбекстан бірлескен зертханасы жасанды интеллект пен биомедицина саласында көптеген технологиялық серпілістерге қол жеткізді.

Қытайдың Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан трансшекаралық оптикалық кабелін салуға қатысуы аймақтық желідегі кешігу уақытын 40%-ға азайтуға мүмкіндік беріп, цифрлық саладағы аймақтық ынтымақтастыққа берік негіз қалады. ШЫҰ-ның ғылыми-техникалық инновациялары тек жергілікті халыққа пайда әкеліп қана қоймай, сонымен бірге дәстүрлі салалардың дамуын да белсенді түрде ынталандыруда.

«ШЫҰ күші» мен жаһандық экономикалық және сауда тәртібіне қосқан үлесі

Си Цзиньпин Шанхай ынтымақтастық ұйымының алдағы уақытта одан әрі үлкен жетістіктерге және даму кезеңдеріне қол жеткізетініне назар аударды. Болашақта ШЫҰ Даму банкі сияқты механизмдерді жетілдіру арқылы экономикалық және қаржылық ынтымақтастықтың тереңдігі мен кеңдігі одан әрі арта бермек.

Бұл шаралар тек мүшелік мемлекеттер мен аймақтардың экономикалық дамуына жаңа мүмкіндіктер туғызумен шектелмей, тұрақсыз әлемдік экономикаға сенімділік әкеледі. Сонымен қатар, ШЫҰ күші әділетті, тең құқықты және жаһандық экономикалық және сауда тәртібін құруға өз үлесін қосып, жалпы жаһандық дамуға елеулі ықпал етеді.

«ШЫҰ әлеуетін» пайдалану жаһандық экономикалық дамуға жаңа серпін береді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы зор экономикалық даму әлеуетіне ие болып, болашақта жаһандық экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күшіне айналуы күтілуде.

Біріншіден, ШЫҰ шамамен әлем халқының жартысын қамтиды. Мүшелік мемлекеттер энергетикалық ресурстарға бай, кең нарықтарға ие, күшті ішкі қозғаушы күштерге ие және жан-жақты өзара байланысқа ие, сондықтан олардың жаһандық экономикалық өсуге қосқан үлесі тұрақты түрде арта береді. Сонымен қатар, ШЫҰ-ның есіктері ашық болып қала беріп, ұйымның ынтымақтастық және даму саласындағы жетістіктері одан әрі көп елдерді қатысуға тартады.

Екіншіден, ШЫҰ мемлекеттерінің өнеркәсіптік құрылымдары бір-бірін айтарлықтай толықтырады, экономикалық байланыстар үдей түседі, ал өнеркәсіптік кластерлердің әсері жеделдейді. Сондай-ақ, сауда және инвестиция рәсімдерін жеңілдету бойынша көптеген келісімдерге қол жеткізу арқасында сауда-экономикалық ынтымақтастық одан әрі тереңдейді, бұл дамудың қуатты серпінін көрсетеді.

Үшіншіден, қарқынды дамып келе жатқан салалар ШЫҰ үшін жаңа экономикалық өсім драйверлерін құрады. Тяньцзинь саммитінде Қытай энергетика, жасыл өнеркәсіп және цифрлық экономика саласындағы үш Қытай–ШЫҰ ынтымақтастық платформасын, сондай-ақ ғылыми-техникалық инновациялар, жоғары білім және кәсіби-техникалық білім беру саласындағы үш ынтымақтастық орталығын құруды ұсынды. Қытай жасанды интеллект қолдану саласындағы ынтымақтастық орталығын құру үшін барлық тараптармен жұмыс істеуге дайын, бұл ШЫҰ-ның экономикалық әлеуетін одан әрі ашуға мүмкіндік береді.

Осы механизмдерді құру арқылы мүшелік мемлекеттер энергияны трансформациялау, жасыл және төмен көміртекті даму, цифрлық экономика және жасанды интеллект сияқты салаларда терең ынтымақтастыққа қол жеткізеді, бұл өңірлік экономикаға жаңа серпін береді.

ШЫҰ моделі» – жаһандық экономикалық және қаржылық ынтымақтастықтағы жаңа парадигма

Қазіргі уақытта жаһандану қиындықтарға тап болып, экономикалық және қаржылық ынтымақтастықтың көптеген салаларының дамуы тұралап қалуда. ШЫҰ-ның экономикалық және қаржылық ынтымақтастықтағы ерекше моделі әлемге құнды сабақтар ұсынады.

Біріншіден, ол өзара толықтыратын ынтымақтастық үлгісін дамытады, ол үш тірекке негізделген: қауіпсіздік, адамаралық өзара іс-қимыл және экономика. 24 жыл бұрын құрылғаннан бері ШЫҰ аймақтық қауіпсіздікті экономикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін, ал адамаралық өзара іс-қимылды консенсусқа жету үшін тиімді пайдаланып, қауіпсіздік пен адамаралық өзара іс-қимылға негізделген экономикалық ынтымақтастық экожүйесін сәтті қалыптастырды.

Екіншіден, ол қаржылық ынтымақтастықтың инновациялық және прогрессивті парадигмасын дамытуға ықпал етеді. ШЫҰ прагматикалық, инновациялық және өзара тиімді «ШЫҰ моделі» қаржылық ынтымақтастықты жасап, аймақтық қаржылық ынтымақтастық пен ұлттық валюталарда есеп айырысудың тиімділігін қамтамасыз ететін ерекшеліктерге ие. Бұл модель әлемдік қаржы жүйесінің әртараптандырылған дамуына практикалық жол ашады.

Тяньцзинь саммитінде мүшелік мемлекеттер тарапынан құрылған ШЫҰ Даму банкі қаржылық ынтымақтастықты тереңдетудің маңызды белгісі болып табылады. Бұл банк мүшелік мемлекеттерге, сондай-ақ ғаламдық Оңтүстік елдеріне әртараптандырылған қаржылық мүмкіндіктер мен тәуекелдерден сенімді қорғауды ұсына отырып, әділ, тең құқықты және ұсынылған жаһандық қаржы жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді.

ШЫҰ тұжырымдамасы халықаралық экономикалық тәртіпке жаңа негіз қалады

Құрылған сәттен бері Шанхай ынтымақтастық ұйымы, дамушы елдер мен дамушы нарық елдерін біріктіре отырып, тұрақты түрде «Шанхай рухына» сүйене отырып, шынайы көпжақтылықты практикаға енгізіп, халықаралық әділеттілікті және құқықтық тәртіпті қорғап, ғаламдық Оңтүстің жалпы мүдделерін қорғайды. Ұйым әділ, ашық және инклюзивті халықаралық экономикалық тәртіптің қалыптасуына шешуші қолдау көрсетті.

Көпжақты сауда жүйесі мен жаһандық басқару жүйесі алдында маңызды сын-көтерлер туындаған жағдайда, Тяньцзинь саммитінде «Шанхай ынтымақтастық ұйымы мемлекеттер басшылары кеңесінің көпжақты сауда жүйесін қолдауға арналған мәлімдемесі» қабылданып, ШЫҰ-ның ережеге негізделген көпжақты сауда жүйесін, оның ядросын құрайтын Дүниежүзілік сауда ұйымын қолдауға деген ұстанымы мен ерік-жігері көрсетілді.

Си Цзиньпин «Жаһандық басқару жөніндегі бастаманы» алға тартты және ғаламдық ашықтық пен ынтымақтастықты ілгерілету, сондай-ақ халықаралық әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз ету үшін «ШЫҰ әрекеттерін» іске асыруда ұйымның жауапкершілігін көрсетуге шақырды.

Болашақта ШЫҰ ғаламдық басым бөлігін біріктіріп, көпжақты ынтымақтастық механизмдерін тұрақты түрде тереңдетіп, халықаралық экономикалық және сауда тәртібін белсенді түрде қорғап, халықаралық қаржылық институттарды реформалауға ықпал ете отырып, жаһандық экономикалық басқаруда инклюзивті және тиімді жүйені құрудағы негізгі күш пен тірекке айналады.

ШЫҰ-ның болашақ бағыты бойынша мынадай стратегиялық ұсыныстар өзекті болып табылады:

Біріншіден, ұйым жаһандық басқару архитектурасына белсенді қатысуды күшейтуі керек. «Кеңес – ортақ үлес – ортақ пайда» принципіне сүйене отырып, ШЫҰ БҰҰ-ның орталық рөлін қолдайтын баламалы дипломатиялық платформа ретінде әрекет ете алады. БҰҰ-ның 80 жылдығы ШЫҰ үшін халықаралық күн тәртібінде балама шешімдер пакетін ұсынатын субъект ретінде көрінудің қолайлы мүмкіндігі болып отыр.

Екіншіден, аймақтық институционалдық құрылыс пен нормашылдықты тереңдету қажет. Бұл бағытта ұйымның процедуралық кәсібилігін арттыру, ынтымақтастықтағы жасанды тосқауылдарды жою және аймақтық тұрақтылық пен даму мәселелеріне бағытталған атқарушылық механизмдерді қалыптастыру басымдыққа ие болуы тиіс.

Үшіншіден, кейбір салаларда икемді екіжақты форматтар басым құрал ретінде қарастырылып, көпжақты алаң екіжақты қатынастарды нығайтуға қызмет етуі тиіс. Әсіресе, Қытай-Ресей стратегиялық тандемі ШЫҰ-дағы көпжақты динамиканың негізгі тірегі ретінде қарастырылуы керек. Ұйымның беделін күшейту қытай-ресей өзара сенімін әлсіретпеуі тиіс, керісінше осы өзара әрекеттестікке синергетикалық ықпал жасауы қажет.

Төртіншіден, жергілікті деңгейдегі өзара байланыстар мен халықаралық дипломатияны тереңдету маңызды. Бұл үшін өнеркәсіптік кооперация парктері,

цифрлық деректерді өңдеу орталықтары, көлік-логистикалық дәліздер сияқты нақты инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуы тиіс. Мұндай қадам ШЫҰ кеңістігінде ортақ тану, жақындық және тұлғааралық сенім мәдениетін қалыптастырады.

Бесіншіден, ұйымның ортақ әрекеттері прагматикалық және адаптивті сипатта болуы тиіс. Геосаяси орта үнемі өзгеріп отыратындықтан, мини-форматты көпжақты тетіктер, субөңірлік жобалық альянстар немесе модульдік ынтымақтастық схемалары жылдам нәтижеге қол жеткізудің тиімді құралына айнала алады.

Қытай «Цифрлық Жібек жолы» бастамасын ілгерілету арқылы цифрлық инфрақұрылым және электрондық сауда саласындағы ынтымақтастықты дамытады.

Бұған қоса Қытай ШЫҰ-ны Азия үшін қауіпсіздіктің жаңа көзқарасын - жалпы, кешенді, бірлескен және тұрақты қауіпсіздік концепциясын жүзеге асырушы алаң ретінде қарастыруда. Мысалы, 2022 жылы ҚХР төрағасы Си Цзиньпин қауіпсіздік саласындағы жаһандық басқаруды ілгерілету үшін Ғаламдық қауіпсіздік бастамасын (ҒҚБ) ұсынды. ҒҚБ-ның негізгі принципі оның қауіпсіздік көзқарасына сәйкес келеді, бұл заманауи дәуірдің негізгі мәселесіне қытайлық шешімді ұсынады.

Қытайдың Ғаламдық қауіпсіздік бастамасы (ҒҚБ) аймақтық қауіпсіздікті «ортақ басқару» принципі арқылы қамтамасыз етуге арналған, бұл Қытайдың халықаралық тәртіпті қолдауға деген жауапкершілігін көрсетеді.

2023 жылдың ақпанында Қытай ҒҚБ бойынша бірқатар құжаттар жариялады, соның ішінде «Украина дағдарысын саяси жолмен шешуге Қытайдың ұстанымы», «Ауғанстан мәселесіне Қытайдың көзқарасы» және ҒҚБ тұжырымдамасы, онда негізгі алты принцип негізделген.

Қытай бастамалары ШЫҰ кеңістігінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге елеулі ықпал етеді. Сонымен бірге, Бейжің ұйымның халықаралық аренадағы рөлін күшейтуге және ШЫҰ-ның аймақтық әрі жаһандық басқаруда белсенді қатысуына мүдделі [249].

Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы жанындағы Шанхай ынтымақтастық ұйымын зерттеу орталығы директорының орынбасары Ян Цзиньнің бағалауынша, соңғы жылдары Қытай мен Орталық Азияның бес мемлекеті арасындағы қатынастар оң серпінмен дамып, келесі негізгі сипаттарға ие болды:

Біріншіден, мемлекет басшылары деңгейіндегі дипломатияның жетекшілігімен саяси өзара сенім үнемі тереңдеп келеді. Қытай Орталық Азияның бес елімен жан-жақты стратегиялық әріптестік орнатып, екіжақты келісімдер арқылы ортақ болашақ қауымдастығын құру концепциясын ілгерілетті.

Екіншіден, өзара тиімді тәжірибелік ынтымақтастық жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, экономикалық және сауда байланыстары қарқынды дамыды, инвестициялар мен сауда көлемі айтарлықтай артты.

Үшіншіден, қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл нығайып, аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық

анағұрлым үйлесімді және нақты сипат алды.

Төртіншіден, тараптар ынтымақтастық тетіктерін жаңғырту мен институционалдық механизмдерді жетілдіруге көбірек мән беруде. Атап айтқанда, «Қытай – Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары» кездесу тетігі, «Қытай – Орталық Азия» тетігінің хатшылығы және төтенше жағдайларды басқару саласындағы ынтымақтастық механизмдері іске қосылып, тұрақты форматқа ие бола бастады.

Жалпы алғанда, ШЫҰ-ның институционалдық тұрғыдан нығаюы және Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы өзара ықпалдастықтың тереңдеуі нәтижесінде Қытайдың аймақтағы ықпалы айтарлықтай артып, оған бірқатар стратегиялық маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Біріншіден, Қытаймен шектес аумақтардың қауіпсіздігі неғұрлым сенімді деңгейде қамтамасыз етіліп, ҚХР-дың батыс өңірлерінің тұрақты дамуына қолайлы жағдай жасалды. Бұл Қытайдың ішкі аумақтық теңгерімді даму стратегиясымен үйлеседі.

Екіншіден, Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі айтарлықтай күшейді. Орталық Азияның мол ресурстық базасына сүйене отырып, Қытай мұнай мен табиғи газды тұрақты түрде жеткізіп, энергия тасымалы бағыттарын әртараптандыруда.

Үшіншіден, Си Цзиньпин ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы ынтымақтастық жаңа серпін алды. Орталық Азия елдерімен серіктестік Қытайдың Таяу Шығыс және Еуропамен транзиттік байланысын нығайтты.

Төртіншіден, Қытай ұсынған «ортақ болашаққа бағытталған адамзат тағдырының қауымдастығы» тұжырымдамасы, жаңа үлгідегі мемлекетаралық қатынастар және баламалы халықаралық тәртіп моделі ШЫҰ тетіктері арқылы нақты көрініс тапты.

Бесіншіден, Қытайдың Еуразия кеңістігіндегі халықаралық ықпалы күшейіп, Пекин өзін жаһандық деңгейдегі жауапты актор ретінде бекітті.

Алтыншыдан, ШЫҰ-ның халықаралық қатынастар жүйесіндегі беделі мен мәртебесі күшейіп, оның институционалдық және саяси субъектілігі арта түсті.

Жетіншіден, Қытайдың халықаралық экономикалық кеңістігі кеңейіп, сыртқы экономикалық экспансия мен технологиялық өзара іс-қимылдың жаңа мүмкіндіктері ашылды.

Еуразия құрлығындағы интеграциялық үдерістерге қосымша серпін беріліп, осы кеңістікте Қытай негізгі жүйе құраушы орталықтардың біріне айналды.

Жалпы алғанда, Қытай «шанхай рухы» принциптеріне сүйене отырып, туындайтын мәселелерді белсенді, табанды әрі креативті түрде шешуге ұмтылады және өзінің рөлін тек ШЫҰ кеңістігінде ғана емес, халықаралық деңгейде де арттыруға қолайлы жағдай жасауда. Бұдан бөлек, Қытай өзінің экономикалық ықпалы мен стратегиялық көзқарасын тиімді пайдалана отырып, ШЫҰ алдында тұрған бірқатар проблемалар мен сын-қатерлерді еңсеруге ықпал ете алады. Бұл тұрғыда негізгі бағыттар – интеграциялық үдерістерді

күшейту, даму мен қауіпсіздікке қатысты жаһандық бастамаларды іске асыру, экономикалық ынтымақтастықты кеңейту болып табылады.

Кесте 15 – Аймақтық және ғаламдық қауіп-қатерлерге қарсы ҚХР бастамалары

Аймақ мәселелері мен қауіптері	Қытай тәсілі: бастамалары, принциптері мен әдістері
Аймақтағы негізгі мәселер: - елдердің экономикалық көрсеткіштері; - саяси режимдері; - мәдениеттері мен ұлттық мүдделерінің тұрғысынан бір бірінен ерекшеліктері. Бұл жағдай олардың ортақ бәтуаға келуіне және ықпалдастықтың тереңдеуіне қиындықтар тудыруда.	Бастамасы: «Адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығы» бастамасы («болашақты бірге құру»); Принципі: елдер арасында өзара құрмет пен тең қарым-қатынас; «өзара ынтымақтастық пен ортақ даму»; «инклюзивтік», «толеранттылық» және «өркениеттер арасында алмасу». Әдісі: екіжақты дипломатиялық қарым-қатынастар, стратегиялық әріптестік, ортақ мәлімдемелер
Терроризм, экстремизм және сепаратизм үлкен қауіптер тудыруда, бұл аумақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін үйлестірілген күштерді талап етеді.	Бастамасы: «Ғаламдық қауіпсіздік» бастамасы Принципі: «жалпы, бәрін қамтитын, ортақ және тұрақты қауіпсіздікті ұстану; «барлық елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу»; «Барлық елдердің қауіпсіздік мүдделерін ескеру»; «сұхбат пен ақыл-кеңес беру арқылы және басқа да бейбіт құралдар арқылы елдер арасындағы қақтығыстарды реттеу»; Әдістері: екіжақты бірлескен мәлімдемелер, көпжақты оқу-жаттығулар өткізу, қауіпсіздік сұрақтары бойынша ақпараттар алмасу
Экономикалық дамудың әртүрлі деңгейі және экономикалық саясаттардың сәйкессіздігі өзара экономикалық ықпалдасуға кедергі келтіруде	Бастамасы: «Ғаламдық даму» бастамасы; Принципі: «дамуды ең басты приоритет ретінде қарау»; «дамудың басты мақсаты ретінде жер бетіндегі барлық адамдардың мүддесін, әл-ауқатын, қауіпсіздігін қарастыру; адамзат пен табиғаттың үндестігін сақтауға тырысу; «ашық және тең ортаны құру арқылы ғылым мен технологияны дамыту үшін инновацияға сүйену»; «кедейшілікпен күресу, азық-түлік қауіпсіздігі, индустрияландыру, сандық экономика мен өзара байланыс» салаларында нақты нәтижелерге қол жеткізу. «өзара тиімді ынтымақтастық»; Әдістері: БЖББ бастамасы, бағдарламалар, жобалар, қаржыландыру қорларын құру, келісімдер, дамуды ынталандыру үшін несиелер беру; елдермен қатынастарды тереңдету үшін екіжақты тетіктерді қолдану.
Кейбір мемлекеттер арасындағы шекаралық даулар мен аумақтық қайшылықтар ұйым ішіндегі ішкі бірлік пен өзара сенімге қауіп төндіреді.	Ішкі істерге араласпау принципі: Қытай қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге шақырады, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципін ұстанады. Қытай шиеленістерді реттеуде өз рөлін ұсынуда және келіссөздер процесіне қатысуда, сондай-ақ аумақтық қарама-қайшылықтарды жұмсартуға көмектесетін экономикалық ықпалдасуға бағытталған бастамаларды ілгерілетуде
Сыртқы акторлар ШЫҰ-ны аймақтық ұйым ретінде ғана қабылдайды, бұл оның кең ауқымды ғаламдық үдерістерге әсер ету мүмкіндіктерін шектейді.	ШЫҰ-ның басқа халықаралық және аймақтық құрылымдармен, соның ішінде БҰҰ, АСЕАН-мен диалогты кеңейтуі, жаһандық және аймақтық басқаруда белсенді қатысуы.

ШЫҰ-ға мүше кейбір мемлекеттер сыртқы қысымдарға, соның ішінде экономикалық санкцияларға ұшырайды, бұл ұйым аясындағы ынтымақтастық пен өзара әрекеттестікті күрделендіруі мүмкін.	Теңдік және егемендікті құрметтеу қағидаты. Қытай ШЫҰ-ның әрбір мүше мемлекетінің егемендігін құрметтеудің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді және мемлекеттер арасындағы қатынастарда тең құқықтылық принципін ұстануды қолдайды. Сонымен бірге, Қытай санкцияларға ұшыраған мемлекеттерге екіжақты келісімдер аясында қолдау көрсетуді маңызды деп санайды..
--	--

Зерттеу Қытайдың көпжақты ынтымақтастыққа әсері, стратегиялық приоритеттері және экономикалық-саяси бастамаларының ықпалын көрсетеді. Мүше елдердің мүдделерінің әртүрлілігі мен сыртқы геосаяси қысым сияқты негізгі мәселелер қарастырылады, сонымен қатар Қытайдың ұйымдағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған стратегиялық шаралары талданады. Нәтижелер аймақтық ынтымақтастық динамикасын түсінуге және ШЫҰ-ның көпжақты қызметінің тиімділігін арттыруға арналған практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді .

Ұйымның болашағына қатысты болжамдар және Қытайдың рөлін талдау.

Әлемдік геосаяси өзгерістер мен Қытайдың ұйымдағы жетекші ел ретіндегі орны ескеріле отырып, ШЫҰ-ның даму болашағына қатысты сценарийлер ұсынылады. Қытайдың экономикалық бастамаларды қолдауды жалғастыруы мүше-мемлекеттер арасындағы экономикалық интеграцияны тереңдетуге ықпал етеді. Экономикалық дәліздер «Бір белдеу, бір жол» жобасымен сабақтасып, Қытайдың Еуразиядағы ықпалын арттыруы мүмкін.

Сценарий 1: Ықпалдасу және ынтымақтастықты тереңдету

Алғышарттар: Қытайдың тұрақты экономикалық өсімі, оның саяси тұрақтылығы, «Бір белдеу, бір жол» бастамасының сәтті жүзеге асырылуы.

Дамуы: Қытайдың ШЫҰ жобаларына белсенді инвестиция салуы, аймақтық қақтығыстарда делдалдық рөлін күшейтуі, ШЫҰ-ның халықаралық саясаттағы ықпалының артуы.

Нәтиже: ШЫҰ ықпалды әрі интеграцияланған блокқа айналып, жаһандық деңгейде өз орнын нығайтады.

Сценарий 2: Ішкі шиеленістер мен қарама-қайшылықтар

Алғышарттар: Қытайдағы экономикалық өсімнің баяулауы, мүше-елдер арасындағы аймақтық қақтығыстар, Батыспен қайшылықтарға байланысты Қытайдың оқшаулануы.

Дамуы: Қытайдың инвестициялық белсенділігінің төмендеуі, мүше-мемлекеттер арасындағы қайшылықтардың күшеюі, жобалардың тиімділігінің төмендеуі.

Нәтиже: ШЫҰ өз мақсаттарын жүзеге асыруда қиындықтарға тап болып, ұйымның жаһандық ықпалы төмендейді.

Сценарий 3: Бейімделу және икемділік

Алғышарттар: Әлемдік экономика мен саясаттағы тұрақсыздық, ұлттық мүдделердің күшеюі, Үндістан, Ресей және Батыспен бәсекелестіктің артуы.

Дамуы: Қытайдың икемді стратегия ұстануы, ШЫҰ құрылымының реформалануы, жаңа халықаралық серіктестер іздеу.

Нәтиже: ШЫҰ өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын, көпполярлы әлем тәртібінде маңызды рөл атқаратын ұйымға айналады.

Ең алдымен, барлық мемлекеттер ШЫҰ-ны көпжақты және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға арналған алаң ретінде қарастырады. Бұл оларға инвестицияларды тартуға, сауданы арттыруға және экономикаларының өсуін қолдауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, ШЫҰ елдері халқының әл-ауқатының артуына ықпал етіп, орта таптың қалыптасуына әкеледі, ал орта тап тұрақтылықты сақтауға мүдделі.

Орталық Азия елдерінің географиялық орналасуын ескерсек, олар әлемдік ірі нарықтарға ие Азия мен Еуропаның ортасын орналасқан. Ресеймен, Қытаймен ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықты дамыту олардың серіктестерінің көлік және порт инфрақұрылымына қол жеткізуге мүмкіндік береді және олардың экономикалық қауіпсіздігін нығайтады. Орталық Азия елдері сондай-ақ Еуропа мен Азияны қамтитын Еуразияның транзиттік жүк тасымалы ағындарына тартылуы мүмкін.

Сонымен қатар, сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастық ШЫҰ аясында баяу дамып келеді. ЕАЭО-мен байланыстыру идеясы тежелуде, ал ұйымға мүше елдер арасындағы өзара саудада айтарлықтай өсім байқалмайды. Қалыптасқан жағдай Қытайға сыртқы саудасын әртараптандыруға мүмкіндік бермейді, себебі АҚШ пен ЕО үлесі әлі де жоғары болып отыр. Ал Орталық Азия елдерінің экономикалары сыртқы нарықтарға шикізат жеткізуге тәуелді болып қала береді.

Қауіпсіздік саласы бойынша ынтымақтастық та біршама баяу дамуда. ШЫҰ трансшекаралық қылмыспен, атап айтқанда, есірткі саудасымен күресу және Орталық Азия елдері, Ресей мен Қытайдың дамуын тежейтін «тоқыраған» өңірлік мәселелерді шешу болашағымен елдерді тартады. Мұндай мәселелерді бірнеше мемлекеттің үйлестірілген іс-қимылдарымен шешу мүмкін. Бұл Латын Америкасы мен АҚШ-тың есірткі трафигімен күресудегі тәжірибесін көрсетеді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта ШЫҰ Ауғанстан мәселесіне назар аударуға бағытталған аздаған құрылымдардың бірі болып табылады және оны террористік қатер ретінде қарастырады. Алайда, зерттеліп отырған жұмыста ШЫҰ елдері іс-қимылдарының үйлестірілуінің және дағдарыс жағдайларына әрекет етудің бірыңғай механизмінің болмауы секілді проблемалық аспектілер ынтымақтастықтың баяулауына әсер ететіні атап өтіледі [250].

Осы себепті соңғы жылдары ШЫҰ-ның өңірлік бірігу тетігін қалыптастыру процесі өзгеріп, тұрақты экономикалық даму деңгейін арттыруға бағытталған халықаралық ынтымақтастық трансформациялануда.

Мүше мемлекеттер ШЫҰ Жарғысының қағидаттарына сәйкес халықаралық және өңірлік дамудың мәселелерін шешуге, сондай-ақ дәстүрлі және дәстүрлі емес қауіп-қатерлерге қарсы тұруға блоктық, идеологияландырылған және қақтығыстық тәсілдерді алып тастай отырып, ұстанымдарын сақтайды. Мүше мемлекеттердің пікірлерін ескере отырып, олар жаңа типтегі халықаралық қатынастарды өзара құрмет, әділеттілік, теңдік және ынтымақтастық рухында құру бойынша бастамаларды ілгерілетудің, сондай-ақ ортақ тағдыр қоғамдастығын қалыптастыру идеясының өзектілігін растайды.

Заманауи әлемдік үрдістерге қарамастан, олар ШЫҰ елдері арасындағы қолданыстағы келіспеушіліктерді ушықтырады, соңғы Самарқанд саммитінде ұйым мүшелері Жарғы қағидаттарына және өркендеу мен бейбітшілікті, тұрақты дамуды қамтамасыз етуге, көршілік, сенім және достық кеңістігін құруға бағытталған саясатқа бейілділігін көрсетті. Олар ШЫҰ-ның осы өңірдегі тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық дамуды нығайтудағы рөлін одан әрі арттыруды қолдайды.

ШЫҰ-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері ұйымға мүше-мемлекеттер арасындағы өзара сенім, достық және тату көршілік қатынастарды нығайту, саясат, сауда-экономика, энергетика, көлік, экология, ғылым мен техника, мәдениет және білім беру салаларында жан-жақты әрі тең ынтымақтастық орнату қажеттілігімен айқындалады. Ұйым сонымен қатар аймақтық бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы бірлескен іс-қимылдарға, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымын жоюға, сыртқы мемлекеттер мен халықаралық құрылымдармен байланыстарды кеңейтуге бағытталған.

Осы стратегиялық бағыттарды институционалдық деңгейде нығайту мақсатында ШЫҰ мемлекет басшылары 2025 жылы 1 қыркүйекте Тяньцзинь қаласында өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттері басшыларының саммиті аясында ұйымның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясын бекітті.

Бұл стратегияда өзара сенім мен тату көршілік принциптерін тереңдету, қауіпсіздікке қатысты сын-қатерлерге бірге қарсы тұру, сондай-ақ сауда, экономика, қаржы және инвестициялық өзара іс-әрекетті күшейтуге ерекше мән берілді. Сонымен қатар, ұйым шеңберінде салалық тетіктерді нақты іске қосуға бағытталған бірқатар құжаттар қабылданды. Олардың ішінде 2026–2030 жылдарға арналған экстремистік идеологияға қарсы іс-қимыл бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі энергетикалық ынтымақтастық стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі Жол картасы стратегиялық маңызға ие. Сонымен қатар Есірткіге қарсы әрекет ету орталығын және қауіпсіздікке төнетін жаңа сын-қатерлерді үйлестіріп басқаруға арналған әмбебап орталықты құру туралы мемлекеттер аралық келісімге қол қойылуы ұйымның даму жолын айқын көрсетуде.

Қауіпсіздік саласындағы тиімділікті арттыру үшін ШЫҰ шеңберінде институционалдық реформаларды жүзеге асыру маңызды, оның ішінде дағдарыстық жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін неғұрлым нақты және құқықтық тұрғыдан міндетті тетіктерді қалыптастыру қажет. Сондай-ақ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның (ӨТҚК) рөлін күшейту, арнайы қызметтердің өзара іс-қимылын жақсарту және БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдармен әріптестікті дамыту маңызды.

Осылайша, Қытай ресурстар мен мүмкіндіктер тұрғысынан да, сондай-ақ сын-қатерлер мен қауіптерді еңсеру контексінде де шешуші рөл атқарады. Қытайдың ұйымға қосқан оң үлесі экономикалық өсімді ынталандыру және қауіпсіздікті нығайту арқылы айқын көрінеді. ШЫҰ-ның болашағы үміт күттіреді, алайда ол бір мезгілде болжап болмас сипатқа ие болып, икемділікті, стратегиялық жоспарлауды және мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерін тең

дәрежеде ескеруді талап етеді. Ұйымда орталық орын алатын Қытай оның дамуына ықпал етуді жалғастырады. Дегенмен, ШЫҰ-ның аймақтық және халықаралық ынтымақтастықтың тиімді тетігі ретінде өз әлеуетін толық жүзеге асыруы тек көпжақты күш-жігер мен барлық қатысушы мемлекеттердің бірлескен жұмысы негізінде ғана мүмкін болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінде Қытай аймақтық ынтымақтастықты дамыту арқылы аумаққа барынша ықпал етуде, әлеуметтік даму, технологиялар, энергетика салаларында ынтымақтастық пен тығыз ықпалдасуды алға жылжытуда. Сонымен қатар көпжақты және екі жақты байланыстарды дамытуға ықпал ететін ережелері мен қағидаттарды алға жылжытуда.

Біріншіден, Қытай шекаралас жақын көрші елдермен де, шекаралас емес Иран және Өзбекстанмен де сенімділік деңгейін арттырды. ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттермен ортақ шекара Қытайдың құрлықтағы барлық шекарасының шамамен төрттен үш бөлігін құрайды. Осындай байтақ кең шекаралас аумақта бейбітшілік пен қауіпсіздік орнаса, Қытай бұдан былай өзінің батысы мен солтүстігінде қандай да бір қауіп-қатерлерден қорғансыз қалмайтын болады, және бұл оның елдің шығысы мен оңтүстігіне аса назар аударуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, ШЫҰ Қытайдың терроризммен, экстремизммен, сепаратизммен және әртүрлі трансұлттық ұйымдасқан қылмыстармен, оның ішінде заңсыз есірткі және қару-жарақ айналымымен күресте тығыз ынтымақтастық орнатудың негізін қамтамасыз етті. Қытайдың дамуы мен тұрақтылығына теріс ықпалын тигізетін осындай дәстүрлі емес қауіп-қатерлерге бірге қарсы әрекет етуде ШЫҰ қатысушы-мемлекеттерінің және бақылаушы-елдердің қолдауына ие болды.

Үшіншіден, ШЫҰ дамытуға бағытталған экономикалық ынтымақтастық Қытайдың батыс аумақтарын дамыту бойынша бағдарламаласына тікелей ықпалын тигізді. Әсіресе Қытай үшін энергия тасымалдайтын құрлық жолдарын салуды ұсынды. Орталық Азиядан Сібірге дейінгі аумақ Қытай үшін энергиямен жабдықтаудың қайнар көзі болып табылады және Қытайдың дамуы мен энергетикалық қауіпсіздігі үшін стратегиялық мәні бар жалғыз балама, оның үстіне оған әскери-теңіз қорғанысын қажет етпейді. Оның үстіне жуық арадағы келешекте мұнай тасымалдайтын кемелерді қорғайтын күшті әскери-теңіз флотын салуға Қытайдың мүмкіндігі де аз.

Төртіншіден, ұйымға мүше-мемлекеттер мен байқаушы елдері әлем елдерінің жартысын құрайды және оған Қытай, Үндістан және Ресей сияқты ірі елдер кіретінін ескерсек, ШЫҰ өзінің достығы мен ынтымақтастық шеңберінің кеңеюінің арқасында ғаламдық деңгейде ықпал етуге мүмкіншілік туды. Орталық Азиядан бастап Оңтүстік Азия мен Таяу Шығысқа дейін тұрақтылық пен даму зонасының құрылуы Қытайдың бейбіт дамуы үшін қолайлы халықаралық ортаны қалыптастыруда.

Бұл Қытайдың 1979 жылға дейін ұстанған өзінің сырттан оқшаулану тәсілін өзгертіп, сыртқы әлеммен тығыз байланыс орната бастағанын, оның ғаламдық мәртебеге шығуға ниетін білдірді. Бұл шынында да Марк Лантен тұжырымдағандай Қытай үшін өзінің қауіпсіздігін, экономикалық дамуын қамтамасыз етуде және шетелде өзінің беделін арттыруда халықаралық ұйымдардың маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан да Қытай бүгінде Азиядағы

экономикасы қуатты, халқының саны көп, ең ірі ел ретінде аумақтық ықпалдасу үдерісін халықаралық ұйымдар арқылы жүргізуде. Бұл үдеріс өзінің жан жағындағы аумақтарда тұрақты халықаралық ортаны қалыптастыруға және аумақтағы өзекті мәселелерді шешуді қамтамасыз етуге тиімді ықпал етуде.

Халықаралық ұйымдарды қолдану тәсілі Қытайдың бейбіт дамуына да үлесін қосуда. Қытай Азиялық тынықмұхит экономикалық ынтымақтастығы ұйымының белді мүшесі, 2020 жылы Аймақтық жан-жақты экономикалық әріптестік (АЖЭӘ) негізін қалаушылардың бірі болғанымен де ол үшін ШЫҰ-ның мәні мен орны ерекше. Себебі Орталық Азия еуразиялық құрлықтың дәл ортасында орналасқан және оның табиғи қоры әсіресе Қытай үшін мәні зор.

Ұйым қызметінің алғашқы жылдарында көптеген зерттеушілер үшін, әсіресе батыс ғалымдары мен саясаткерлері үшін оның рөлі мен орны түсініксіз болды, сондықтан да ұйымды олар тек геосаяси қарсылас ретінде қарастырды.

Соған қарамастан жиырма жылдан астам уақыт аралығында ұйымның мүше-мемлекеттері өзара сенімді күшейтуде бірқатар нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінде ШЫҰ өзінің құрылымын, бағыттарын өзгертуде, толыққанды аумақтық ұйымға айналуға күш салуда. Алайда ұйым қауіпсіздік, экономика салаларында әлі де өзара ықпалдасу мен өзара әрекеттесудің жоғары деңгейіне қол жеткізе алған жоқ. Осыған байланысты еуразия кеңістігіндегі ұйымның даму заңдылығына және оның құрылымының өзгеруіне, келешегіне қатысты мәселені анықтау - зерттеушілер үшін әлі де маңызды мәселе болып табылады.

Осылайша Қытайдың сыртқы саясатқа бағытталған принциптері негізінде құрылған тәсілі оны үлкен жетістікке алып келді. Себебі Қытай бастамасымен құрылған «Шанхай бестігінің» өзара сенімі мен қатысушы мемлекеттер басшыларының күш жігерлері бүгінде Еуразия аумағында үлкен халықаралық ұйымның құрылуына алып келді.

Қытайдың халықаралық қатынастарға көзқарасы реляциялық модельге негізделеді. Бұл модель өзара байланыс, өзара тәуелділік және динамикалық этика философиясына сүйене отырып, халықаралық тәртіпті түсіндірудің балама логикасын ұсынады. Акторлардың автономиясына және нормалардың универсалдылығына сүйенетін батыстық парадигмалардан айырмашылығы, қытайлық тәсіл халықаралық қатынастарды қарым-қатынастар желісі (гуаньси) арқылы қалыптастырады және қолдап отырады. Мұнда үдерістік әрекеттестікке, этикалық міндеттемеге, иерархияға құрмет көрсетуге және фанфа қағидатына (бейімделгіштікке, контекстке сезімталдыққа, ұзақмерзімді үйлесімділікке ұмтылуға) басымдық беріледі. Осылайша, қытайлық тәсіл халықаралық тәртіпті концептуализациялаудың балама жолын ғана емес, сыртқы саяси мінез-құлықтың өзгеше логикасын да айқындайды, онда қарым-қатынастар шарттардан, ал этика формалды құқықтан жоғары бағаланады.

ШЫҰ аясында Қытай қаржы мен мүмкіндіктер жағынан да, қауіп пен қатерлерді жеңу тұрғысынан да негізге рөл атқарады. Қытайдың ұйымға қосып жатқан үлесі экономикалық өсуді ынталандыру және қауіпсіздікті нығайтуда болып табылады. ШЫҰ-дан келешекте көп нәрсе күтуге болады, алайда нақты болжау мүмкін емес, сондықтан икемділікті, стратегиялық жоспарлауды және барлық қатысушылардың мүдделерін теңдей ескеруді талап етеді. Қытай

ұйымда жетекші рөл атқара отырып, оның дамуына әрі қарай ықпал ететін болады. Сонда да көпжақты күш салу ғана және ШЫҰ барлық қатысушыларының бірлескен жұмысы ғана аумақтық және халықаралық ынтымақтастықтың тиімді тетігі ретінде оның әлеуетін жүзеге асыруы ықтимал.

Ең алдымен, ұйымдағы барлық мемлекеттер оны көпжақты және өзара тиімді ынтымақтастық алаңы ретінде қабылдайды, бұл оларға инвестициялар тартуға, сауданы кеңейтуге және өздерінің экономикасын күшейтуге мүмкіндік береді. Әрине бұл ШЫҰ елдері халқының әл-ауқатының артуына оң әсерін береді, елдерде тұрақтылықты ұстап тұруға мүдделі топтар саны көбейеді.

Оның үстіне Орталық Азия елдерінің географиялық орналасуын да назарға алу керек. Олардың ірі әлемдік нарықтарға, яғни Азия мен Еуропаға, теңізге шығуға мүмкіндіктері жоқ. Алайда ШЫҰ шеңберінде Қытаймен ынтымақтастықты дамыту оларға көлік және порттық инфрақұрылымдарға жол ашады және олардың экономикалық қауіпсіздігін күшейтеді. Орталық Азия елдері Еуразияның транзиттік тауар ағынына тартыла алатын мүмкіндіктері пайда болады.

Сонымен қатар сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастық ұйым шеңберінде өте баяу жүргізілуде. ЕАЭО-мен тоғысу идеясы әлі де жүзеге асырылған жоқ, ұйым елдері арасында өзара сауда қарқынды дамуы байқалмайды. Осы қалыптасқан жағдай Қытайға өзінің сыртқы саудасын әртараптандыруға мүмкіндік бермеуде, яғни АҚШ пен ЕО үлесі жоғары деңгейде қалуда, ал Орталық Азия елдерінің экономикасы сыртқы шикізат нарығына тәуелділіктері жалғасуда. Сондықтан да ынтымақтастық қауіпсіздік саласында дамуда. ШЫҰ трансшекаралық қылмыстарға, әсіресе есірткі саудасына қарсы күрес және Орталық Азия, Ресей, Қытай елдерінің дамуын тежеп отырған «тоқыраған» аймақтық мәселелерді шешу бойынша перспективалар ұсынады. Мұндай мәселелерді шешу бірнеше мемлекеттің іс-қимылдарын үйлестіру арқылы мүмкін болатыны Латын Америкасы мен АҚШ-тың есірткі тасымалына қарсы күрес тәжірибесімен дәлелденген.

Қазіргі уақытта ШЫҰ әлем назарын Ауғанстан мәселесіне аударған аздаған құрылымдардың бірі болып табылады. Ұйым Ауғанстанды терроризм қаупінің көзі ретінде қарастырып, бұл мәселеге ерекше назар аударады.

Алайда, бұл зерттеуде ШЫҰ елдерінің іс-қимылдарын үйлестірудегі қиындықтар, дағдарыстық жағдайларға жауап беретін бірыңғай механизмнің жоқтығы сияқты проблемалық аспектілер көрсетілген. Бұл факторлар ұйым шеңберіндегі ынтымақтастықтың бәсеңдеуіне әсер етеді. Соңғы жылдары ШЫҰ-ның аймақтық үйлестіру механизмін қалыптастыру процесі өзгеріске ұшырап, тұрақты экономикалық дамуға бағытталған халықаралық ынтымақтастық трансформациялануда.

ШЫҰ Жарғысының қағидаттарына сәйкес, ұйымға мүше-мемлекеттер халықаралық және аймақтық даму мәселелерін шешуде блоктық, идеологиялық және конфронтациялық тәсілдерден бас тартады. Олар дәстүрлі және дәстүрлі емес қауіптер мен қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылда өзара құрмет, әділеттілік, теңдік және ынтымақтастық рухындағы халықаралық қатынастардың жаңа түрлерін қалыптастыру бастамаларын ілгерілету қажеттілігін жақтайды.

ШЫҰ-ға мүше елдер арасындағы қазіргі әлемдік үрдістерден туындаған қайшылықтарға қарамастан, соңғы ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің басшылары кездесуінде ұйым мүшелері Жарғы қағидаттарына және көршілік, сенім және достық кеңістігін құруға бағытталған саясатқа бейімділігін көрсетті. Олар ұйымның аумақтағы тұрақтылықты және әлеуметтік-экономикалық дамуды нығайтудағы рөлін арттыруға шақырды.

Зерттеу барысында ШЫҰ-ның қызметіне жан-жақты талдау жасалып, ұйым шеңберіндегі Қытайдың рөлі мен стратегиялық мүдделеріне ерекше назар аударылды. Қытайдың экономикалық саясаты мен аймақтық көшбасшылыққа ұмтылысы ұйымның ағымдағы жобалары мен бастамаларын қалай қалыптастыратыны бағаланды. Сондай-ақ, зерттеу ұйымның дамуының негізгі үрдістерін анықтады, олар Қытайдың геосаяси және экономикалық стратегиясымен тығыз байланысты.

ШЫҰ қазіргі кезде тап болып отырған ішкі келіспеушіліктер мен сыртқы сын-қатерлер айқындалды. Сонымен бірге, оларды еңсерудің ықтимал жолдары анықталды, онда қытайлық тәсілдер, атап айтқанда инвестициялық белсенділікті арттыру, инфрақұрылымды дамыту және халықаралық дипломатияны нығайту арқылы маңызды рөл атқаруы мүмкін. Сценарийлік талдау негізінде ШЫҰ-ның дамуының бірнеше ықтимал бағыттары ұсынылды. Экономикалық ықпалдасуды тереңдетуден бастап жаһандық өзгерістерге бейімделуге дейінгі әр сценарий ұйымның даму жолдарын көрсетеді. ШЫҰ-ның болашағын бір зерттеумен болжап білуге қиын және ұйым мүшелерінің мүдделерін теңгерімді есепке ала отырып, икемділік пен стратегиялық жоспарлауды талап етеді. Дегенмен, ШЫҰ-ның аймақтық және халықаралық ынтымақтастықтың тиімді механизмі ретіндегі әлеуетін іске асыруды тек көпжақты күш пен барлық мүше-елдердің бірлескен жұмысы қамтамасыз ете алады. Қытайлық тәсіл келесі принциптер арқылы жүзеге асырылып жатқаны айқындалды.

Егеменділікке құрмет және басқа елдің ішкі ісіне араласпау принципі Қытайдың ШЫҰ-дағы сыртқы саясатының негізі болып табылады, мемлекеттер арасындағы сенімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді және бір тараптың басым болуын болдырмайды, осылайша ұйым ішінде тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Көпжақты диалог және бәтуаластыққа негізделген шешім қабылдау: көпжақты тәсіл Қытайдың ШЫҰ-дағы маңызды процессуалдық тетігі болып табылады, бұл барлық қатысушылардың мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді. Қытай «ортақ келісім» форматын белсенді түрде ілгерілетіп, сыртқы саяси және экономикалық күн тәртібін үйлестірудің негізін қалыптастырады.

Экономикалық даму және ықпалдасу: Қытайдың ШЫҰ-дағы саясатының маңызды аспектісі өзара тиімді ынтымақтастық пен ықпалдасуға басымдылық беру болып табылады. ШЫҰ Қытай үшін «Бір белдеу – бір жол» сияқты аймақтық даму бастамаларын жүзеге асыру алаңы ретінде қарастырылады және инфрақұрылымдық, сауда және энергетикалық жобаларды ілгерілету үшін пайдаланылады.

Қауіпсіздік және тұрақтылық: Қытайдың ШЫҰ-дағы қауіпсіздік саясаты терроризм, экстремизм және трансұлттық қылмыс сияқты қауіптерге қарсы бірлескен тетіктерді құруға бағытталған. Бұл Қытайдың жүйелі және стратегиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған тәсілін көрсетеді. Қытайдың ШЫҰ-дағы әдістері дипломатия, үкіметаралық келісімдер, сараптамалық платформалар және бейресми үйлестіру тетіктерінің икемді үйлесімін қамтиды, бұл ұйымның институционалдық жүктемесін азайта отырып, ынтымақтастықтың тұрақты қарқынын қамтамасыз етеді.

Осылайша, Қытайдың ШЫҰ-ға қатысты тәсілі ұлттық ерекшеліктерге құрметпен қарауды, аймақтық тұрақтылықты, экономикалық өсуді және көпжақты өзара әрекеттестікті қамтамасыз етуге бағытталған сыртқы саяси теңдіктің моделін ұсынады. Бұл тәсіл ШЫҰ-ның институционалдық сәйкестігін және даму перспективаларын анықтайтын ұйымның процессуалдық негізін сипаттайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы сөйлеген сөзі. 2015. <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-kasym-zhomarta-tokaeva-na-obshchih-debatah-80-y-sessii-generalnoy-assamblei-oon-2481155>. (қаралған күні: 08.11.2025).
- 2 United Nations. United Nations Summit on Sustainable Development. – New York, 2015. <https://www.un.org/en/conferences/environment/newyork2015> (қаралған күні: 08.11.2025).
- 3 Досье о Шанхайской организации сотрудничества с 1996 года. Посольство КНР в Республике Таджикистан. https://tj.china-embassy.gov.cn/rus/zt/shhzzz/200603/t20060324_1432202.htm
- 4 Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы декларация. Шанхай қ., 2001 ж. <https://rus.sectesco.org/documents/?order=asc>
- 5 «Терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күрес туралы» Шанхай конвенциясы. 2001 ж. <https://rus.sectesco.org/documents/?order=asc>
- 6 Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен бағыттары туралы және сауда мен инвестиция саласында қолайлы жағдайлар жасау туралы Меморандум. 2001 ж. <https://rus.sectesco.org/documents/?order=asc>
- 7 Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше- мемлекеттер арасындағы ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім. 2007 ж. <https://rus.sectesco.org/documents/?order=asc&offset=40>
- 8 United Nations. Transforming Our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development. – New York: United Nations, 2015. – 41 p.
- 9 Xi Jinping. Report to the 19th National Congress of the Communist Party of China. Beijing. Xinhua, 2017. http://www.xinhuanet.com/english/special/2017-1/03/c_136725942.htm?utm_source
- 10 Xi Jinping attending «SCO+» Astana Summit and delivering important speech. Xinhua. 2024. <http://www.news.cn/world/20240704/38f9f1aa6e7c48e9856a848a79e10f27/c.html>. (қаралған күні: 08.11.2025).
- 11 Holistic national security. Wikipedia. https://en.wikipedia.org/wiki/Holistic_national_security (қаралған күні: 02.09.2025).
- 12 Қазақстан Президенті мен ҚХР төрағасы нені талқылайды – Қытай елшісімен сұхбат. 2024. inform.kz <https://kaz.inform.kz/news/kazakstan-prezident-men-khr-toragasi-nen-talkilaydi-kitay-elshsmen-suhbat-9a8f8f/>
- 13 牢记初心使命，构建上海合作组织命运共同体 (Басты міндет пен миссияны есте сақтай отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымы тағдырлас қауымдастығын

күрү) — 习近平主席在上海合作组织成员国元首理事会第二十三次会议上的重要讲话 // 新华网. – 2023.07.05. http://www.news.cn/politics/leaders/2023-07/05/c_1129732700.htm (қаралған күні: 14.09.2025).

14 Qin, Y. A Relational Theory of World Politics. *International Studies Review*. 2016. 18 (1), P. 33–47. <https://doi.org/10.1093/isr/viv031>

15 Kavalski E. Do as I do: The global politics of China's regionalization // *China and the Global Politics of Regionalization*. – Ashgate, 2009. – P. 1–16. https://acuresearchbank.acu.edu.au/item/8v2qw/do-as-i-do-the-global-politics-of-china-s-regionalization?utm_source (қаралған күні: 13.11.2025).

16 Cao Dejun. *A Relational Theory of International Politics in the Chinese Context: Concepts, Approaches and Challenges*. – Beijing: China Foreign Affairs University, 2021.

17 Wang Huiyun. Chinese IR Scholarship as a Relational Epistemology in the Study of China's Rise // *The Chinese Journal of International Politics*. – 2020. – Vol. 13, № 3. – P. 333–357.

18 Weiqing Song. *China's Approach to Central Asia: The Shanghai Cooperation Organisation*. London: Routledge, 2016. 182 p. <https://doi.org/10.4324/9781315770482>

19 Алимов Р.К. Шанхайская организация сотрудничества: глобальный профиль в международных отношениях. М.: Издательство «Весь мир», 2018. 156-157 стр..

20 Lukin A. Eurasia – From confrontation to partnership. *Journal of Eurasian Studies*, 2018. 9(2), P. 83–84. <https://doi.org/10.1016/J.EURAS.2018.07.005>

21 Лузянин С.Г. ШОС, Китайский проект «Шелкового пути» и «Евразийский экономический союз: варианты взаимодействия/сопряжения в Евразии <https://cyberleninka.ru/article/n/shos-kitayskiy-proekt-shelkovogo-puti-i-evraziyskiy-ekonomicheskii-soyuz-varianty-vzaimodeystviya-sopryazheniya-v-evrazii/viewer>

22 Лузянин С.Г. Клименко А.Ф. Сотрудничество России и Китая в ШОС по реализации концепции большого евразийского партнерства <https://cyberleninka.ru/article/n/sotrudnichestvo-rossii-i-kitaya-v-shos-po-realizatsii-kontseptsii-bolshogo-evraziyskogo-partnerstva>

23 Кулинцев Ю.В. Большое евразийское партнерство: проблемы сопряжения с международными интеграционными проектами (на примере ШОС и инициативы ЭППП): дис...канд. полит. наук: 23.00.04. – М., 2020. – 150 с.

24 MacHaffie J. The Shanghai Cooperation Organization and conflict de-escalation: Trust building and interstate rivalries. 2023. doi: 10.4324/9781003353119

25 Голобоков А.С. КНР и Шанхайская организация сотрудничества: опыт, проблемы и перспективы взаимодействия: дис...канд. полит. наук: 23.00.04. – Владивосток., 2012. – 160 с.

26 Евтюшин К.А. Современная внешнеполитическая стратегия КНР: , диссертация. 2016. Москва.

27 Фролова И.Ю. Китайский проект «Экономический пояс Шелкового пути: развитие, проблемы, перспективы // Проблемы национальной стратегии. 2016. №5 (38). С.48

28 Keohane Robert O. After Hegemony: Cooperation and Discord in the World Political Economy. – Princeton: Princeton University Press, 1984. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85200852565&origin=recordpage> (қаралған күні: 13.11.2025).

29 Acharya Amitav The Pacific Review, 1997. Vol. 10 No. 3 1997: 319-346 DOI: 10.1080/09512749708719226. <http://dx.doi.org/10.1080/09512749708719226>

30 Katzenstein Peter J. Regionalism in comparative perspective, Cooperation and Conflict. 1996. P. 123–59.

31 潘光. 稳步前进的上海合作组织 (Шанхай ынтымақтастық ұйымының тұрақты дамуы) / 潘光主编. – 北京: 时事出版社, 2014. – P. 1–7. – ISBN 978-7-80232-684-2.

32 Zhao, S. China's approaches toward regional cooperation in East Asia: Motivations and calculations. Journal of Contemporary China. – 2011. – Vol. 20, No. 68. – P. 53–67. – DOI: 10.1080/10670564.2011.520846

33 Цю Сяофэнь. Концептуальные подходы России и Китая в Центральной Азии: сходство и различия. Проблемы постсоветского пространства. – 2015. – № 4. – С. 74–83. https://www.postsovietarea.com/jour/article/view/57/58?utm_source

34 李自国. 上合组织扩员引发的几点思考 // 中国外交. - 2025. - 09 月 17 日. https://cn.chinadiplomacy.org.cn/2025-09/17/content_118082793.shtml (қаралған күні: 26.09.2025).

35 Хафизова К. Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV–XIX вв. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.

36 Кәрібжанов Ж., Мұқаметханұлы Н. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000–2010 жылдар). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 254 б.

37 Алдабек Н. Ә., Исакова З. У. Қытайдың халықаралық ұйымдардағы стратегиялық мақсаттары мен позициялары // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы. 2022. – №2 (101). – Б. 82–91. – ISSN 1563-0226, eISSN 2617-1864. DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.08>

38 Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству: монография. Алматы. КИСИ при Президента РК, 2010. – 336 с.

39 Дәуен Д.Б. Билеуші партия - ҚКП-ның КХР-ды модернизациялаудағы рөлі Қазақстан жағдайымен салыстырмалы талдау. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. – Алматы. 2014. – 115 б.

40 Омарова, М.А. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар (1992–2010) : монография. – Алматы. Қазақ университеті, 2011. – 340 б. – ISBN 978-601-247-247-9.

41 Биримкулова, Г. У. Еуропалық Одақ және Қытай Халық Республикасы: өзара әрекеттестік кезеңдері, басымдықтары және динамикасы. Диссертация. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Нұр-Сұлтан, 2022. – б.

42 Жекенов Д.К. Ху Цзиньтаоның сыртқы саясаты және ҚХР-дың әлемдік экономикалық ықпалы (2000-2012 жж.) / Диссертация. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. – Алматы, 2015. 130-140 б.

43 Бейсенбаев О.Т.. ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және "Белдеу мен жол" аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы. Диссертация. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. – Алматы, 2023.

44 Алдабек, Н., Сарсембеков, В. Взаимодействие государств-членов Шанхайской организации сотрудничества в сфере охраны окружающей среды : учеб. пособие / Н. Алдабек, В. Сарсембеков ; КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы : Қазақ университеті, 2014. – 140, [2] с. – ISBN 978-601-04-0495-7.

45 Кушкумбаев, С. К. Многостороннее взаимодействие в сфере безопасности Центральной Азии. автореф. дис. ... д-ра полит. наук: 23.00.02: защищена 08.09.07 / – Алматы, 2007.

46 Каукенов А. Политика Китая в рамках Шанхайской организации сотрудничества. Центральная Азия и Кавказ. 2007. № 3 (45). С. 62–76. <https://cyberleninka.ru/article/n/politika-kitaya-v-shanhayskoy-organizatsii-sotrudnichestva/viewer>

47 Сериккалиева, А. Е. «Инициатива Пояса и Пути» и новая конфигурация казахстанско-китайских отношений / Вестник Казахского национального университета имени аль-Фараби. Серия востоковедение. – 2023. – № 4 (107). – С. 24–34. – ISSN 1563-0226; eISSN 2617-1864. – DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.03>. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz> (қаралған күні: 26.09.2025).

48 艾达尔·阿姆列巴耶夫. 当代国际局势与上合组织的角色变化——哈萨克斯坦的视角 // 爱思想网 (Aisixiang). – 2022 年 9 月 15 日. <https://www.aisixiang.com/data/136544.html>

49 Waltz, K. Theory of International Politics. – Reading, Mass.: Addison-Wesley, 1979. – P. 251.

50 John J. Mearsheimer. The Tragedy of Great Power Politics. – New York: W. W. Norton & Company, 2001. – P. 576. – https://archive.org/details/tragedyofgreatpo00mear?utm_source (қаралған күні: 14.09.2025).

51 Marcus Fredholm. The Spirit of the Silk Road: The SCO and China's Relations with Central Asia. The Shanghai Cooperation Organization and Eurasian Geopolitics. – Singapore: Palgrave Macmillan, 2019. – P. 23–45. https://www.academia.edu/59857968/The_Shanghai_Cooperation_Organization_and

[Eurasian geopolitics new directions perspectives and challenges?utm_source](#)
(қаралған күні: 14.09.2025).

52 Keohane R. O. After Hegemony: Cooperation and Discord in the World Political Economy. – Princeton: Princeton University Press, 1984. – P. 290. – URL: https://archive.org/details/afterhegemonycoo00keoh?utm_source (қаралған күні: 14.09.2025).

53 Robert Owen Keohane. Power and Interdependence: World Politics in Transition. – Boston: Little, Brown. 1977. – P. 273. https://archive.org/details/powerinterdepend00robe?utm_source (қаралған күні: 13.11.2025).

54 Kai He. Institutional Balancing in the Asia Pacific: Economic Interdependence and China's Rise. – London: Routledge. 2009. – P. 224. https://researchprofiles.ku.dk/en/publications/institutional-balancing-in-the-asia-pacific-economic-interdepende?utm_source (қаралған күні: 13.11.2025).

55 Kai He. China's Institutional Rise in Global Governance: Institutional Balancing and the “New Type” of Multilateralism. – Singapore: RSIS. 2012.

